Және бұл тұрғыда психологиялық компонент аса мағызды. Жеке тәжірибе тұрғысынан әйелдердің азап шегуі туралы бұрынғы зерттеулерде жиі кездестіре аламыз (Schwartz et al., 2024; Keshavarzi et al., 2025). Зерттеуге сәйкес, қоғамда болып жатқан гендерлің теңсіздік психологиялық күйзелістердің негізгі себебі болып табылады. Әйелдердің жүріс-тұрысына қойылатын шектеулер, қаржылай бағыныштылық, қоғамдық кеңістіктердегі әйел затының дауысының болмауы – өзін-өзі тануға және адами әлеуетке ықпал етеді. Демек, уақыт өте келе, *«гендерлік артқа шегіну»* концепциясы қалыпты жағдай болып тұрақталу қауіпі өседі.

Егер біз осы мәселені басқа қырдан қарастырғымыз келсе, отандық ғылыми еңбектеге көз салғанымыз жөн. Әсіресе қазақ шығыстануының мұрасына ерекше көңіл бөлінуі керек. Сұлтан Акимбековтың «Ауғагстан тарихы» атты тұғырлы кітабі Қазақстанның ауғантану мектебінің негізі десек те болады (Акимбеков, 2015). Сондай-ақ, зерттеу нәтижері бұл тақырып қазақ қоғамында да қызу талқыланып жатқанын айқындады. Мысал ретінде Bureau.kz тектес құқық қорғау топтарының шара қолдануы ауған әйелдерінің мүшкіл жағадайы көпшіліктің назарынан тыс қалмайтынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері

Ауған әйелдері осы сәтте олардың әлеуметтік пен құқықтық жағдайларына ықпал ететін саяси және институционалдық процесстерден өтуде. Қазір орын алып отқан шектеулер мемлекеттегі нашар құқықтық құрылымдар мен азаматтық субъективтіліктің дамуының жеткіліксіздігін бейнелейді. Заңмен белгіленген стандарттардың орнына, идеология мен билік процестері, бұл сценарийде қоғам мен үкімет арасындағы өзара әреккетесуді басқарады (Амирбекова, 2025:286). Сол себепті дін саяси бақылау құралына айналып, әйелдерді бағындыру билікті сақтаудың бір жолы болып табылады. Ауған тарихында мұндай институционалдық әлсіздіктер бірнеше формаға ие болған. Бір кездері геосаяси қақсығыс алаңы болса, кейін жәй ғана әлсіз мемлекет, сосын радикалды ислам орталығы болып, ақыр соңында сырттан келген көмекпен өзін-өзі қайта құрып жатқан мемлекетке айналып отыр (Акимбеков, 2015:9). Мұндай үздіксіз трансформация жолағына 1978 ж. болған Сәуір революциясы түрткі болды. Әрине осындай үнемі орын алатын саяси төңкерістердің нәтижесінде, қандай да бір сауатты гендерлік саясат жайлы айту мүмкін емес.

1960-70 жж. әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға тырысқан реформалар қабылданған еді. Олардың қатарына ЖОО-да оқу, денсаулық сақтау мен академиялық салаларда бөгетсіз жұмысқа орналасу сияқты өзгерістер кірген болатын. Соған қарамастан, бұндай процесстердің нықтылығы әдеттегідей әлсіз және саяси ауысулар кесірінен құбылмалы болып отырды. 1996 жылы талибтердің билік басына келгены осындай осалдықтарды ашып, жұмыс жасауға, үйден *махрамсыз* (әйелге жауапты туыс ер адам) шығуға тыйым салынды. Халықаралық ұйымдар «Талибанның» алғашқы басқару мерзімінде әйел құқықытарның нөлдік деңгейге төмендеуі мен қыздарға арналған мектептердің жаппай жабылуы гендерлік теңгерімсіздікті одан сайын күшейткенін хабарлайды. Бұл түйіткіл елдің әлеуетіне нұқсан

келтіріп, ұзақ мерзімді экономикалық және саяси прогресске кедергі келтіргенінің салдарын қазіргі таңдан-ақ көре аламыз.

Шетелдік қауымдастықтар көмегінің арқасында 2001 ж. жаңа реформлардың нәтижесінде әйелдер шеттетілген салалардың барлығы қайта жаңғырды. Тіпті әлемдік аренаға шыға алған әйел мамандар да болды. Ең жарқын мысал ретінде Норвегияда елші болған Шукрия Баракзайды айта аламыз.

Өкінішке орай, бұндайға ұқсас жетістіктер берік институционалды негізге ие болмағандықтан саяси ахуал кезінде түбегейлі жойылып кетті. Елшінің айтуынша, ештеңе де кездейсоқ емес және барлық дағдарыстар талибтердің әйелді қоғамнан шеттету пиғылының жүйелі жоспары болып табылады (www.currentime.tv, 2023). Басты ой – ауған әйелдерінің тарихына көз жүгіртсек гендерлік теңдік дәрежесін жеке инновациялар емес, азаматтық институттардың күші анықтайды. Әйтпесе кез-келген жақсарулар қысқы мерзімді болумен шектелмей, керісінше артқа шегініп кету қауіпін тудырады.

Әйелдердің заңды мәртебесінің төмендеуіне байланысты қоғамдық өмірде аз репрезентациялпнғандықтан, экономикалық, яғни қаржылай ерлерге тауелділік ушықты. Жаңа гендерлік нормалар қоғамнын негізгі құрылымын өзгерте қыздар мен әйелдердің күнделікті өмірінің барлық салаларына таралды. Көптеген ғалымдардың «институционалдық деңгейде гендерлік регрессияның тамыр жаюы» деп атайтыны бұл үрдісті жақсы сипаттайды.

Және осы дағдарыста салдардың сабақтастық өте көп. Әйелдердің жұмыс істей алмауы олардың үйдегі әкесінің немесе күйеуінің табысына деген тауелділігін арттырады. Кейін жұмыссыз не білімсіз қалған әйелдер ерте тұрмыс құруға мәжбүр болып отыр. Күштеп некелесу кейстері де аз емес.

Халықаралық ұйымдардың соңғы есептеріне сәйкес, жалпы адам құқықтарының құлдырауы, елдегі әйелдердің маргиналдануымен бірге жүреді. Теледидарлық сауалнамаларда көрсетілгендей (Gender Alert: Four Years of Taliban rule..., 2025:4), қыздардың білім алуына тыйым салуды талқылайтын ұлттық деңгейдегі жаналықтардың пайызы 2024-ші жылы, үш ай ішінде 79%-дан 97%-ға дейін өсті. Бұл динамикада керсетілгендей, танылған ережелер қоғамда тез арада тұрақталып жатыр. Сол «тұрақталу» талиб үкіметі үшін аса тиімді, себебі бір жағынан қоғамды ретке келтірсе, екінші жағынан саяси жүйені берік ұстап қалады. Әлбетте қоғамдағы ахуалды жақсырақ түсіну үшін біз географиялық ерекшеліктерді ескеруіміз тиіс. Гендерлік езгерістер 2001 жылдан 2021 жылға дейінгі өте прогрессивті дәуірде де біркелкі қолданылмады. Шектеулер мен ұстанымдар негізінен дәстурлі құндылықтары берік ауылдық жерлерде сақталып қалған болатын. Соның өзінде, бұл айырмашылықтар 2021 ж. тамыз айында «Талибанның» билікке келуімен ұлттық қасиетті болды. Бұндай үрдісті тоқтату үшін жүйелі институционалдық реформалар мен шетелдік көмек қажет екені бәріне мәлім.

Дүниежузілік ұйымдар әйелдерге орта мектептен бастап білім алуға тыйым салынғандықтан, 2,2 миллионнан астам қыздар жалпы білімнен айырылып қалды. ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, егер қазіргі шектеулер сакталып қалса, бұл сан 2030 жылға карай 4 миллионға жетуі мүмкін. Бүкіл мемлекет бойынша қыздар жоғары мектептері мен университеттері бірден жабылды. Әйелдерге кызмет керсету саласында, үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істеуге тыйым салынды. Ауғанстан қазір әйелдерге орта мектепті бітіруге тыйым салатын бірнеше елдің қатарына кіріп, соңғы 20 жылда пайда болған қолайлы өзгерістерді кері кайтарды (www.unesco.org, 2024). Шектеулер тек статистикалық деңгейде ғана емес, қарапайым адамдардың өміріне, тіпті қоғамның тұтастай бөлігіне кері ықпал етеді. Егер де қыздар мектепке бара алмаса, олардын, жас кезінде тұрмыска шығу ықтималдылығы жоғарылап, кейін олардың мансаптық өсуіне ешқандай да мүмкіндік болмай кедейлік ұрпақтан-ұрпаққа беріле береді. Burridge N. есімді автордың мақаласында шектеулерге қарамастан жергілікті қыздар білім алуды, адамға су сияқты өмірдегі ең маңызды заттардың бірі ретінде бағалайтыны туралы айтылған болатын (Burridge, 2016:128-147). Сонымен қатар,

шектеулер білім берудің ұйымдастырылуы мен мазмұнына да әсер етті. Әйел жазушылардың шығармаларын университет курстарынан алып тастау талап етіліп, ғылыми орталарда олардың идеялары сирек талқылануда (informburo.kz, 2023). Осындай ахуал қазір цензураның жеке әрекеті ғана емес, білім беру ландшафтын қайта құруға бағытталған кең ауқымды идеология секілді. Жаңа гендерлік нормалар технологиялық тенсіздіктің нашарлауына да айтарлықтай үлес қосады. Әйелдер цифрлық инфрақұрылымның нашарлауы мен интернетке колжетімділіктің шектелуіне байланысты ақпараттық саладан одан сайын алшақтап кетті. Өз кезегінде бұл адамның жаһандық әлеммен байланыс жойдыра отырып білім алу, керек уақытта көмек сұрау бойынша мүмкіндіктерді болдырмайды (Nabizada, 2024:41-52). Әйелдердің психикалық денсаулығы да болып жатқан процестердің кесірінен зардап шегуде. «Women in Afghanistan: a call for action» мақаласына сәйкес, қоғамдық салаларда әйелдердің жүйелі түрде шеттетілуі *«институционалдық қирау»* болып табылады. Сауалнама ауған әйелдерінің 47%-ы (алдыны кезеңмен салыстырғанда екі есе кеп), 2021 ж. кейін депрессия, мазасыздық және ұзақ мерзімді стресс белгілерінен қиналғандарын анықтады (Shoib, 2022:342). Оқшаулану және психологиялық қысым әйелдердің экономикалық және әлеуметтік мүмкіндіктерді пайдалануына кедергі келтіруші қос фактор деп атап кетсек те болады.

Заңнан да бұл шектеулердің институционалдық табиғатын көре аламыз. 2024 ж. тамыз айында «Талибан» козгалысы 35 баптан тұратын жаңа қоғамдық реттеу актісін бекіткен болатын. Заңнама әйелдердің күнделікті өмірде қалай әрекет ету ережелері жазылған 13-баптан тұрады. Соған сәйкес әйелдерге қоғамдық орындарда сөйлеуге, ән айтуға немесе өзіне артық назар аудартуға тыйым салынған. Әйел дауысы тіпті үй сыртынан шықпауы керек. Сондықтан, Ауғанстандағы гендерлік теңсіздік білім берудің, ақпаратқа қол жетімділіктің, психологиялық қысым мен заңды шектеулердің өзара сабақтастығымен институционалдандырылған және қалыптасқан.

Әйелдер көпшілік алдында көрінбесе бұл олардың өздерін қалай қабылдайтынына және өз әлеуметтік міндеттеріне қалай қарайтынына ықпал етеді. Ауған журналисті Лиза Карими «Current Time» басылымымен әңгімесінде қазіргі жағдайды «дауысы жоқ қоғам» деп атайды. Ол көптеген әйелдер кун сайын «Мен кіммін?» немесе «Неге дауысым үшін жазалануым керек?» текстес сұрақтарды қоятынын айтады. Психолог Роха К. ахуалдың психикалық денсаулыққа деген әсеріне назар аударып, әйелдердің өзіндік бағалау, адами қатынас сияқты салаларында қиындықтар пайда болып оның өзіне қол жұмсау кейстеріне алып келуін ескертіп отыр. Ауылдық жерлердегі құқықтық білімнің төмен деңгейімен қатар әйелдердің ерлерге толық қанды бағыныштылығының қалыптасқан норма мәселені одан сайын ушықтырады (www.currenttime.tv, 2023). Психологиялық қысым да жүйелік сипатқа ие, яғни ол қоғамға еніп тек жеке тұлғаларға гана тән емес.

Биік өкшелі аяқ киімге тыйым салудың бір себебі ер адамдардың санасында «күнәлі» сезімді оятудан сақтандыру. Әйелдерге далалда қатты сөйлеуге, балкондар мен ашық терезелерде көпшілік алдына көрінбегені жөн деген ереже де бар. Мәлімет бойынша, ашық түсті киім кию де «әдепсіздіктің» белгісі ретінде қарастырылады және осындай ережелерді бұзу, көпшілік алдында қамшылау не түрмеге қамау сияқты қатал жазаларға әкелуі мүмкін (mk-kz.kz, 2021). Осылайша бақылау тек физикалық белсенділікті ғана емес, сонымен қатар өзін таныту көріністерін де қамтиды. Бірақ шектеулерге қарамастан әлі де берілмеген адамдар да бар. Азаматтық қоғам арасында әртүрлі әйелдер топтары мен белсенділері қарсылықтықты жалғастыруда. Құқық қорғаушы Хода Хамоштың айтуынша, бұл саясат әйелдерді қоғамның шетінде қалдыруға мажбурлеу әрекеті болып табылады және белсенділердің дауыстарын өшіру мүмкін емес екенін атап өтеді. Белсендінің болжауынша қысымға қарсы әрекет уақыт өткен сайын күшейе түсіп, бұл күресте тек әйелдермен ғана шектелмей ерлер де белсенді қатысады. Үлгі ретінде, Хасан Мостафа Аманиды айтсақ болады. Ол гендерлік шектеулерді ашық түрде сынға алады (www.currenttime.tv, 2023). Және

ғылыми зерттеуге сәйкес, бұл оқиғалардың күшті психологиялық негізі бар. Сарапшылар айтуынша, жас ауған әйелдерінің басынан кешіргендері сенімсізділіктін, мазасыздықтың, келешекке деген қорқыныш сезімінң болуымен ерекшеленеді. Әйел әлеуметтік рөлінің төмендеуі нәтижесінде психологиялық тұрақсыздықты кушейтті. Тағы біз қаржылық, шектеулер мен психологиялық әл-ауқат арасындағы себеп-салдық байланысты көре аламыз. Әйелдер табыс жоғалтқанда олардың санасындағы кайғы-қасірет денгейінің уш есеге кобейетіні анықталған болатын (Schwartz, 2024:1-7). Оның әсері физикалық денсаулық тұрғысынан да сезіледі.

2025 ж. қарай Ауғанстандағы гендерлік бастамалар қалай жүзеге асқананын нақты нәтижелер арқылы көруімізге болады. Гератта әйелдерге қоғамдық орындарға баруға да қатаң тыйым салынды. *«Ізгілікті насихаттау және жамандықтан тыю»* («بالمعروف الأمر والنهي عن المنكر») министірлігінің инспекторлары халықтың ережелерді бұзбауын үздіксіз бақылайды. Тіпті чадор, бурка сияқты киім үлгілерін сақтауын, базарлар мен қоғамдық көліктермен жүрмеуін де қадағалайды. Ауғанстандағы адам құқықтарының жағдайы туралы есепте егер әйелдер дукендерге, медициналық, орталықтарға немесе баска қызмет керсету жерлеріне махрамсыз барса, оларға ешқандай қызмет көрсетілмеуі керек екені нақты айтылған. Осы жағдайлар гендерлік нормалардың іс жүзінде қолданылуын көрсетеді. UNAMA 2025 есептері бұл тажірибелерді корытындылап, гендерлік шектеулердің занды шектеулерден асып түсіп, толығымен орналасқанын айқындап отыр (Human Rights Situation in Afghanistan…, 2025:2-4).

Қауіпсіздік мәселесі мен құрылымдық апаттар арасында тығыз байланыс бар. 2025 ж. GCPEA есебінде білім беру жуйесінің күйреуі мен мекемелеріне шабуылдардың жиеленуі және әйелдердің түрлі зорлық-зомбылыққа бейімделуге мәжбүрлігі туралы фактілер келтірілген. 2022 ж. 30-шы қыркуйегінде Кабулдағы Дашт-е-Барчи ауданындағы «Kaaj» орталығында болған жарылыс соның атақты көрінісі болып табылады. Құрбан болғандардың көпшілігі хазар қыздары болған. Орталықта 54 адам қаза тауып, 114 адам жарақат алды (Invisible Crimes, Lost Classrooms..., 2025:4). Бұндай оқиғалардан кейін, қыздар бойында пайда болатын қорқыныш сезімі үкіметке қарсы шығуға мүмкіндік бермейтіні артық сөзсіз түсінікті. Тіпті отбасылардың ішінде де гендерлік нормалар өз әсерін етеді. Тұрмыстық зорлықтың артуы мен әйелдердің экономикалық жане құқықтық тауелділігінің арасында корреляция бар. Dadras жүргізген зерттеуге сүйенсек, 15 пен 49 жас аралығындағы ауған әйелдерінің жартысы, жақын қарым-қатынастағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған (Dadras, 2023:2). Бұл әйелдер мен балалардың денсаулығына, өсуі мен дамуына әсер ететіндіктен, оны ұрпақтан-ұрпаққа тарайтын гендерлік маселе ретінде мойындағанымыз жөн.

Жаңашыл саяси жене құқықтық ұстанымдар халықаралық қауымдастықтың Ауғанстанның гендерлік саясатына деген реакциясын анықтады. Әлемдік қауымдастықты әйелдер қуқықтарының жүйелі түрде қысымға ұшырауы алаңдатқанымен, әр үкіметтердің жауаптары олардың сыртқы саясат мақсаттарына байланысты өзгеше. Батыс елдерінің бірқатары бұл маселеге қатаң моральдік пен заңнамалық талаптар қойып отыр. Францияның сыртқы істер министірлігі «Талибан» билікке келгеннен кейін енгізілген шектеулерге карсы шығып, әйел студенттердің білім алуына тыйым салуды «ақталмайды» деп сипаттады. Сонымен бірге Франция БҰҰ Қауіпсіздік Кенесінің 2593-шы резолюциясына сілтеме жасай отырып, әйелдер мен қыздарға қатысты саясат озгермейінше дипломатиялық қарым-қатынастарды қалыпқа келтіру мүмкін емес екенін мәлімдеді (www.diplomatie.gouv.fr, 2024).

Алайда, бірнеше ел жағдайға шынайы көзқараспен қарауда. Қазақстан «Талибан» тыйым салынған ұйымдар тізімінен алып тастауды жөн көрді. Бұл шешім халыкаралық құқыққа сәйке болғанына карамастан қоғамдағы пікірлер екіге бөлінді. Шенеуніктер бұл кадамның себебі ретінде коммерциялық, және дипломатиялық катынастарды орнату қажеттілігін атағанымен, сарапшылар мен құқық қорғаушылар мұны адамның бас

бостандығы мәселесіне қайшы деп санайды (forbes.kz, 2024). Қазақстанның сыртқы саясатында үлкен маселені кейбір дәлелдер керсетеді. Бір жағынан мемлекетіміз өзін адам құқықтары мен халықаралық құқықтың одақтасы ретінде керсетекен жағдайдын өзінде, аймақтық тұрақтылықты сақтау, шығыс елдерімен байланыс орнату мен прагматикалық мүдделерді қорғау үшін бұл көзқарастарды нақты саяси тандауларда қайта қарастыруды қажет етеді (El Gendy, 2024:69).

Осы тұрғыда азаматтық қоғамның қызметі де маңызды. Қазакстанның халықаралық адам құқықтары және заңдылық бюросы мен оның серіктес ұйымдары 2025 жылдың, 25-ші қарашасында Қазакстан укіметіне ауған әйелдерін депортацияламауға шақырып, өтініш білдірді. «Талибан» билігі кезінде әйелдер бастан кешіретін көптеген қысымдардың қатарында мәжбурлі неке мен өлім қаупі барын еске түсірген болатын. Өтініште босқындар мен азаптауға қатысты шарттар мен конвенцияларды сақтау қажеттілігі тағы да атап өтілді (bureau.kz, 2024). Ресей болса 2025 ж. шілдесінде үкіметтін ресми мойындауына алғашқы қол қойған ел болды. Алайда, әлі күнге дейін аз ғана елдер осы идеяға ілесті. Бұл жағдай халықаралық ережелер мен адам құқықтарына негізделген геосаяси және прагматикалық мақсаттар мен көзқарастардың қалай бірге өмір сүретінін бейнелеп отыр (www.reuters.com, 2025).

Қорытынды

Ауғанстандағы гендерлік саясат 2021 жылдан кейін жаңа кезеңге өтті. Зерттеу нәтижесінде оқшауланған оқиғалардың жиынтығы немесе өтпелі сән емес, саяси басқару жүйесі қазір әйелдер құқықтарын институционалдандырып, үнемі шектейтіні анықталды. Қоғамның әлеуметтік құрылымын қайта құруға бағытталған институционалдық процестер әйелдердің қоғамдық, экономикалық және мәдени салалардағы орнын жүйелі түрде шектеуге әкелетін қорытындыларды көрсетеді. Бұл гендерлік саясаттың реттеуші және мемлекетті әлеуметтік бақылау құралы ретінде қызмет етуіне әкелген болатын. Мақала нәтижелері әйелдердің құқықтық мәртебесін төмендету процесінде көптеген өзара байланысты механизмдер жұмыс істейтінін көрсетеді. Білім беру мекемелеріне түсушілердің аздығына байланысты әйелдердің әлеуметтік және кәсіби болашағы қатты қиындап, экономикалық тәуелділігі мен шешім қабылдаудағы автономиясы олардың жұмыс күшінен жүйелі түрде шеттетілуімен күшейеді. Бұл элементтер бірге жұмыс істеген кезде, олар ұлттың жоғары сапалы адами капиталды өндіру қабілетіне нұқсан келтіреді және оның ұзақ мерзімді экономикалық және әлеуметтік прогресін тежейді.

Гендерлік нормалардың психологиялық және әлеуметтік әсерін әйелдер күнделікті тәжірибелерінде терең сезінеді. Мазасыздық, сенімсіздік, болашаққа деген пессимизм және жалғыздықтың кең таралған эмоциялар екенін айқандадық. Экономикалық тәуелділік пен әлеуметтік оқшаулану ұзақ мерзімді психологиялық стрессті тудыра отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылық артып келгенімен бірге қарапайым әйлдер мен қыздардың өмірін қиындата түсуде. Кейіннен гендерлік дағдарыстың әсері әйелдердің өміріне ғана емес балалардың физикалық және психикалық денсаулығы мен әлеуметтік бейімделу қабілетіне де ықпал етуінің куәгері болдық. Елге деген қатынастардың жер шарындағы әр елде әртүрлі болуы да таңғажайып емес. Себебі кез-келген жағдайда халықтар өз мүддесін бірінші орынға қояды.

Ауған әйелдерінің жағдайына деген көзқарастың таза гуманитарлық немесе құқықтық мәселеден өзара байланысты институционалдық, әлеуметтік, экономикалық, психологиялық және құқықтық аспектілерді қамтитын көп қырлы құрылымдық апатқа ауысуы зерттеудің ғылыми жаңалығы болып табылады. Осы бағытты ұстану арқылы біз саяси жүйенің ішкі жұмысына көз сала аламыз, бұл өз кезегінде гендерлік теңсіздіктің сыртқы белгілерін анықтайды. Сонымен қатар талдау 2021 ж. кейін гендерлік регрессияның қалай жүйелі болғанын және әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді біріктіру арқылы қоғамның барлық

деңгейіне қалай таралғанын көрсетеді. Ауғанстандағы әйелдердің жалпы жағдайы елдің болашақ өсу траекториясын анықтайтын стратегиялық детерминант деңгейіне тез көтерілуде. Әйелдердің құқықтарын қалпына келтіруіне білім беру мекемелерін қайта құру, нарықтағы қатысуды арттыру, құқықтық институттарды нығайту мен мемлекеттік басқаруды реформалау қажет. Бұл мақсатқа жету үшін гуманитарлық қолдаумен бірге ұзақ мерзімді күш-жігер керек болады. Елдегі тұрақтылықты қайтару үшін бірнеше емес ондаған, тіпті жүздеген жылдар керегі мәлім. Алайда келешекте ахуал қандай траекториямен жүретіні әрине ешкімге мәлім емес.

Әдебиеттер:

Акимбеков, 2015 – *Акимбеков С.* История Афганистана. Алматы: Институт азиатских исследований, 2015. 848 с.

Амирбекова, 2025 – *Амирбекова С.К., Байдаров Е.У.* События «Арабской весны» в освещении исследователей ближневосточных стран (на основе книги Маджида Каяли «Великий раскол: тяжёлое положение политики, идеологии и власти в испытаниях «Арабской весны») // Казахстанское востоковедение. 2025. Т. 14. № 2. С. 283–293

Burridge**,** 2016 – *Burridge N., Payne A.M., Rahmani N.* 'Education is as important for me as water is to sustaining life': perspectives on the higher education of women in Afghanistan // *Gender and Education.* 2016. Vol. 28. No. 1. P. 128–147.

bureau.kz, 2024 – Обращение о защите жизни афганских женщин // *Bureau.kz.* [Электронды ресурс]. URL: https://bureau.kz/novosti/zayavleniya_i_obrasheniya/obrashhenie-o-zashhite-zhizni-afganskih-zhenshhin/ (қаралған күні: 19.12.2025).

Dadras, 2023 – *Dadras O., Hazratzai M., Dadras F.* Intimate Partner Violence and Children Under 5 Morbidities and Mortality in Afghanistan: Findings From a National Survey // *Journal of Interpersonal Violence.* 2023. Vol. 38. Issues 17–18. P. 10105–10126.

El Gendy, 2024 – *Mohamed El Shahat El Gendy.* The basis of activating relations between Kazakhstan and the world of the East // Kazakhstan Oriental Studies. 2024. Vol. 9. Issue 1. P. 69–75.

forbes.kz, 2024 – Казахстан исключил «Талибан» из списка запрещённых организаций // *Forbes.kz.* [Электронды ресурс]. URL: https://forbes.kz/articles/kazahstan_isklyuchit_taliban_iz_spiska_zapreschennyih_organizatsiy (қаралған күні: 18.12.2025).

Gender Alert…, 2025 – Gender Alert: Four years of Taliban rule: Afghan women resist as restrictions tighten. UN Women, 2025. 12 p. [Электронды ресурс]. URL: https://www.unwomen.org/en/digital-library/publications/2025/08/gender-alert-four-years-of-taliban-rule-afghan-women-resist-as-restrictions-tighten (қаралған күні: 12.12.2025).

Human Rights Situation…, 2025 – Human Rights Situation in Afghanistan: April–June 2025 Update. UNAMA, 2025. 11 p. [Электронды ресурс]. URL: https://unama.unmissions.org/sites/default/files/english_-_unama_hrs_update_on_human_rights_in_afghanistan_april-june_2025_final.pdf (қаралған күні: 12.12.2025).

Invisible Crimes…, 2025 – Invisible Crimes, Lost Classrooms: Addressing Under-Reporting and Impunity in Attacks on Girls' Education. GCPEA, 2025. 20 p. [Электронды ресурс]. URL: https://protectingeducation.org/publication/invisible-crimes-lost-classrooms/ (қаралған күні: 12.12.2025).

informburo.kz, 2023 – Афганистан запретил в университетах книги, написанные женщинами // *Informburo.kz.* [Электронды ресурс]. URL: https://informburo.kz/amp/novosti/afganistan-zapretil-v-universitetax-knigi-napisannye-zenshhinami (қаралған күні: 15.12.2025).

Keshavarzi, 2025 – *Keshavarzi S., Becker J.C., Ruhani A., Ebrahimi F.* Responses to the rapid reactionary social change: A social-psychological investigation of young Afghan women's experiences during the Second-Taliban era // *International Journal of Intercultural Relations*. 2025. Vol. 108. Article 102250.

mk-kz.kz, 2021 – Женщины Афганистана ещё пытаются бороться за свои права // *MK-KZ*. [Электронды ресурс]. URL: https://mk-kz.kz/amp/politics/2021/08/25/zhenshhiny-afganistana-eshhe-pytayutsya-borotsya-svoi-prava.html (қаралған күні: 15.12.2025).

Nabizada, 2024 – *Nabizada S., Quraishi T., Sadat R., Kirmani A., Hashemi Z., Haidari N., Faramarz N.* Transforming Afghanistan: Enhancing Technology Access to Overcome Gender Discrimination // *APLIKATIF: Journal of Research Trends in Social Sciences and Humanities*. 2024. Vol. 3. No. 1. P. 41–52.

Reuters, 2025 – Russia becomes first country to recognise Taliban government in Afghanistan // *Reuters*. 3 July 2025. [Электронды ресурс]. URL: https://www.reuters.com/world/asia-pacific/russia-becomes-first-country-recognise-taliban-government-afghanistan-2025-07-03/ (қаралған күні: 05.01.2026).

Shoib, 2022 – *Shoib S., Saeed F., Dazhamyar A.R., Armiya'u A.Y., Badawy M.M., Shah J.* Women in Afghanistan: a call for action // *The Lancet Psychiatry*. 2022. Vol. 9. Issue 5. P. 342–343.

Schwartz, 2024 – *Schwartz L., Hassanpoor Z., Lane H., Klapheke E.* Economic constraints and gendered rules: Understanding women's perspectives of how government-imposed restrictions impact women's mental health and social wellbeing across Afghanistan // *SSM – Mental Health*. 2024. Vol. 6. Article 100327.

www.currenttime.tv, 2023 – Как живут женщины Афганистана // *Настоящее Время*. [Электронды ресурс]. URL: https://www.currenttime.tv/amp/kak-zhivut-zhenshity-afganistana/33116290.html (қаралған күні: 14.12.2025).

www.diplomatie.gouv.fr, 2024 – Афганистан: заявление официального представителя Министерства Европы и иностранных дел Франции // *diplomatie.gouv.fr*. [Электронды ресурс]. URL: https://www.diplomatie.gouv.fr/ru/dossiers-pays/afghanistan/evenements/article/afganistan-zayavlenie-oficial-nogo-predstavitelya-ministerstva-evropy-i (қаралған күні: 20.12.2025).

www.unesco.org, 2024 – ЮНЕСКО предоставляет слово афганским девочкам и женщинам и призывает восстановить их права // *UNESCO*. [Электронды ресурс]. URL: https://www.unesco.org/ru/articles/yunesko-predostavlyaet-slovo-afganskim-devochkam-i-zhenschinam-i-prizyvaet-vosstanovit-ikh-prava (қаралған күні: 13.12.2025).

References:

Akimbekov, 2015 – *Akimbekov S.* Istoriya Afganistana. Almaty: Institut aziatskikh issledovaniy, 2015. 848 p. (in Rus)

Amirbekova, 2025 – *Amirbekova S.K., Baydarov E.U.* Sobytiya «Arabskoy vesny» v osveshchenii issledovateley blizhnevostochnykh stran (na osnove knigi Madzhida Kayali «Velikiy raskol: tyazheloye polozheniye politiki, ideologii i vlasti v ispytaniyakh "Arabskoy vesny"») // Kazakhstan Oriental Studies. 2025. Vol. 14. No. 2. P. 283–293. (in Rus)

Burridge, 2016 – *Burridge N., Payne A.M., Rahmani N.* 'Education is as important for me as water is to sustaining life': Perspectives on the higher education of women in Afghanistan // Gender and Education. 2016. Vol. 28. No. 1. P. 128–147.

bureau.kz, 2024 – Obrashcheniye o zashchite zhizni afganskikh zhenshchin // bureau.kz. [Electronic resource]. URL: https://bureau.kz/novosti/zayavleniya_i_obrasheniya/obrashhenie-o-zashhite-zhizni-afganskih-zhenshhin/ (Accessed: 19.12.2025). (in Rus)

Dadras, 2023 – *Dadras O., Hazratzai M., Dadras F.* Intimate partner violence and children under 5 morbidities and mortality in Afghanistan: Findings from a national survey // Journal of Interpersonal Violence. 2023. Vol. 38. Issues 17–18. P. 10105–10126.

El Gendy, 2024 – *El Gendy M.E.S.* The basis of activating relations between Kazakhstan and the world of the East // Kazakhstan Oriental Studies. 2024. Vol. 9. No. 1. P. 69–75.

forbes.kz, 2024 – Kazakhstan isklyuchil «Taliban» iz spiska zapreshchennykh organizatsiy // forbes.kz. [Electronic resource]. URL: https://forbes.kz/articles/kazahstan_isklyuchit_taliban_iz_spiska_zapreschennyih_organizatsiy (Accessed: 18.12.2025). (in Rus)

Gender Alert…, 2025 – Gender Alert: Four years of Taliban rule: Afghan women resist as restrictions tighten. UN Women. 2025. 12 p. [Electronic resource]. URL: https://www.unwomen.org/en/digital-library/publications/2025/08/gender-alert-four-years-of-taliban-rule-afghan-women-resist-as-restrictions-tighten (Accessed: 12.12.2025).

Human Rights Situation…, 2025 – Human Rights Situation in Afghanistan: April–June 2025 Update. UNAMA. 2025. 11 p. [Electronic resource]. URL: https://unama.unmissions.org/sites/default/files/english_-_unama_hrs_update_on_human_rights_in_afghanistan_april-june_2025_final.pdf (Accessed: 12.12.2025).

Invisible Crimes…, 2025 – Invisible Crimes, Lost Classrooms: Addressing Under-Reporting and Impunity in Attacks on Girls' Education. GCPEA. 2025. 20 p. [Electronic resource]. URL: https://protectingeducation.org/publication/invisible-crimes-lost-classrooms/ (Accessed: 12.12.2025).

informburo.kz, 2023 – Afganistan zapretil v universitetakh knigi, napisannyye zhenshchinami // informburo.kz. [Electronic resource]. URL: https://informburo.kz/amp/novosti/afganistan-zapretil-v-universitetax-knigi-napisannye-zenshhinami (Accessed: 15.12.2025). (in Rus)

Keshavarzi, 2025 – *Keshavarzi S., Becker J.C., Ruhani A., Ebrahimi F.* Responses to the rapid reactionary social change: A social-psychological investigation of young Afghan women's experiences during the Second-Taliban era // International Journal of Intercultural Relations. 2025. Vol. 108. Article 102250.

mk-kz.kz, 2021 – Zhenshchiny Afganistana eshche pytayutsya borot'sya za svoi prava // mk-kz.kz. [Electronic resource]. URL: https://mk-kz.kz/amp/politics/2021/08/25/zhenshhiny-afganistana-eshhe-pytayutsya-borotsya-svoi-prava.html (Accessed: 15.12.2025). (in Rus)

Nabizada, 2024 – *Nabizada S., Quraishi T., Sadat R., Kirmani A., Hashemi Z., Haidari N., Faramarz N.* Transforming Afghanistan: Enhancing technology access to overcome gender discrimination // APLIKATIF: Journal of Research Trends in Social Sciences and Humanities. 2024. Vol. 3. No. 1. P. 41–52.

Reuters, 2025 – Russia becomes first country to recognise Taliban government in Afghanistan // reuters.com. 3 July 2025. [Electronic resource]. URL: https://www.reuters.com/world/asia-pacific/russia-becomes-first-country-recognise-taliban-government-afghanistan-2025-07-03/ (Accessed: 05.01.2026).

Shoib, 2022 – *Shoib S., Saeed F., Dazhamyar A.R., Armiya'u A.Y., Badawy M.M., Shah J.* Women in Afghanistan: a call for action // The Lancet Psychiatry. 2022. Vol. 9. Issue 5. P. 342–343.

Schwartz, 2024 – *Schwartz L., Hassanpoor Z., Lane H., Klapheke E.* Economic constraints and gendered rules: Understanding women's perspectives of how government-imposed restrictions impact women's mental health and social wellbeing across Afghanistan // SSM – Mental Health. 2024. Vol. 6. Article 100327.

www.currenttime.tv, 2023 – Kak zhivut zhenshchiny Afganistana // www.currenttime.tv. [Electronic resource]. URL: https://www.currenttime.tv/amp/kak-zhivut-zhenshity-afganistana/33116290.html (Accessed: 14.12.2025). (in Rus)

www.diplomatie.gouv.fr, 2024 – Afganistan: zayavleniye ofitsial'nogo predstavitelya Ministerstva Evropy i inostrannykh del Frantsii // www.diplomatie.gouv.fr. [Electronic resource]. URL: https://www.diplomatie.gouv.fr/ru/dossiers-pays/afghanistan/evenements/article/afganistan-zayavlenie-oficial-nogo-predstavitelya-ministerstva-evropy-i (Accessed: 20.12.2025). (in Rus)

www.unesco.org, 2024 – YUNESKO predostavlyayet slovo afganskim devochkam i zhenshchinam i prizyvayet vosstanovit' ikh prava // www.unesco.org. [Electronic resource]. URL: https://www.unesco.org/ru/articles/yunesko-predostavlyaet-slovo-afganskim-devochkam-i-zhenschinam-i-prizyvaet-vosstanovit-ikh-prava (Accessed: 13.12.2025). (in Rus)

[1]Оразбек А.Н. [2*]ТулеубаеваС.А.
[1,2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
E-mail:anelya.orazbek.2003.ma@gmail.com, samaltu@mail.ru

ЖЕНЩИНЫ АФГАНИСТАНА НА СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ: ВЫЗОВЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация. Целью статьи является дать всесторонний анализ многогранных преобразований, затронувших положение женщин в Афганистане после возвращения талибов к власти в 2021 году, и последующих изменений. Случай афганских женщин, являющийся наиболее актуальным и уникальным примером среди стран Ближнего Востока, требует рассмотрения с совершенно новых, беспрецедентных ракурсов. Выявить изменения в гендерных институтах Афганистана, определить и проанализировать их влияние на общество и перспективы будущего развития, а также определить и проанализировать эффективность международной помощи. Научная значимость исследования заключается не только в рассмотрении вопроса о положении местных женщин как гендерной политики, но и в предоставлении всестороннего анализа взаимосвязанных областей права, психологии и социологии. Научная новизна статьи заключается в анализе режима талибов как механизма управления регрессом гендерных прав афганских женщин на институциональном уровне на современном этапе. Для этого в исследовании анализируются трудности и ограничения в повседневной жизни женщин, их роль в обществе, доступ к системам здравоохранения и образования, а также их место на рынке труда. В исследовании использованы историко-сравнительный анализ, контент-анализ отчетов международных организаций. Результаты работы показывают, что гендерное угнетение афганских женщин приводит к экономической зависимости, социальной изоляции и глубокой долгосрочной психологической травме. В заключение статья подчеркивает прямую связь между рассмотрением женских вопросов в Афганистане и перспективами развития государства. А также важную роль в этом играет помощь местного населения и неправительственных организаций.

Ключевые слова: права человека, Афганистан, женщины, социальные ограничения, гендерная политика, гуманитарный кризис, международная поддержка

[1] Orazbek A.N., [2*]Tuleubaeva S.A.
[1,2]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
E-mail:anelya.orazbek.2003.ma@gmail.com, samaltu@mail.ru

WOMEN OF AFGHANISTAN TODAY: CHALLENGES AND PROSPECTS

Abstract. With the restoration of the Taliban to power in 2021 and the ensuing developments, the condition of women in Afghanistan has undergone complex alterations, and this essay aims to provide a complete study of these changes. The topic has to be approached from completely different perspectives since the situation of Afghan women is the most pertinent and distinctive among Middle Eastern nations. This study aims to document gender institutional changes in Afghanistan, then examine how these shifts have affected Afghan society and the country's potential for future growth. In addition to determining and assessing the efficacy of foreign aid. The

research is important from a scholarly standpoint because it offers a thorough examination of the interrelated domains of sociology, psychology, and law, and because it takes into account the problem of local women as a gender policy. Examining the Taliban rule as a means of controlling the institutional regress of Afghan women's gender rights at the present time is the article's original contribution to science. In order to do this, the research examines the limitations and challenges faced by women in several aspects of their life, including their social roles, healthcare, education, and the workplace. Content analysis of reports from international organisations, as well as historical and comparative analytics, were used in the study. Economic reliance, social isolation, and profound, long-term psychological suffering are outcomes of gender discrimination, according to the study's findings. The paper concludes by stressing the significance of local and non-governmental organisations' (NGOs') support in addressing women's concerns in Afghanistan and how this relates to the state's growth possibilities.

Keywords: humanitarian crises, gender policy, women, societal limitations, Afghanistan, and human rights.

Авторлар туралы мәлімет:

Оразбек Анель Нұрланқызы – магистрант, халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Тулеубаева Самал Абаевна – филология ғылымдарының докторы, доцент, шығыстану кафедрасы профессорының м.а., халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Информация об авторах:

Оразбек Анель Нұрланқызы – магистрант, факультет международных отношений, кафедра востоковедения, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Тулеубаева Самал Абаевна – доктор филологических наук, доцент, и.о. профессора кафедры востоковедения, факультет международных отношений, кафедра востоковедения, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Information about authors:

Orazbek Anel Nurlankyzy – Master's student, Faculty of International Relations, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Tuleubayeva Samal Abaevna – Doctor of Philology, Associate Professor, Acting Professor of the Department of Oriental Studies, Faculty of International Relations, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Келіп түсті 10 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 20 мамыр 2026 жыл

ҒТАМР 03.61.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.36

[1]*Көптілеуова Д.Т. **[2]Жиекбаева А.Б.** **[3]Сейтметова Ж.Р.**
[1,2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Нұр-Мүбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан
*E-mail: [1]*dinavvest@gmail.com aigzhiek@gmail.com, jseitmetova@mail.ru*

ҚАЗІРГІ АРАБ ПРОЗАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ЖАДЫ МЕН ТАРИХИ ЖАРАҚАТТЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

(«Қафирдің тағдыры», «Бағдадтағы Франкенштейн», «Күн қақпасы» романдары негізінде)

Аңдатпа. қазіргі араб прозасындағы мәдени жады мен тарихи жарақаттың көркем репрезентациясын салыстырмалы тұрғыдан талдау болып табылады. Осы мақсатта Ахмед Саадауидің «Бағдадтағы Франкенштейн», Илияс Хуридің «Күн қақпасы» және Sahran әл-Қасимидің «Қафирдің тағдыры» романдары қарастырылды. Зерттеу соғыс, миграция және экологиялық тәжірибелердің көркем мәтіндегі символдық және нарративтік құрылымдар арқылы қалай репрезентацияланатынын анықтауға бағытталған. Зерттеудің өзектілігі қазіргі араб әдебиетінде тарихи жарақаттың тек тарихи оқиға ретінде емес, мәдени жадыны қалыптастыратын дискурсивтік процесс ретінде көрінуімен байланысты. Бұл құбылыс постколониялық кеңістіктегі тарихи тәжірибенің көркем мәтінде қайта кодталу және символдық қайта құрылу механизмдерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында салыстырмалы әдебиеттану әдісі, мәтіндік талдау және мәдени жады теориясы қолданылды. Негізгі дереккөздер ретінде қазіргі араб әдебиеттануындағы ғылыми еңбектер мен таңдалған романдар мәтіні пайдаланылды. Зерттеу нәтижелері қазіргі араб романында тарихи жарақаттың үш дискурсивтік моделі: Ахмед Саадауи романында соғыс жарақаты дене фрагментациясы, гротеск және көпдауысты нарратив арқылы; Илияс Хури шығармасында миграциялық жады ауызша әңгімелеу, фрагменттелген естелік және интертекстуалдық жүйе арқылы; Sahran әл-Қасими романында экологиялық жарақат табиғат семиотикасы, су символикасы және кеңістіктік антропоморфизация арқылы көрініс табады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – қазіргі араб прозасындағы тарихи жарақаттың дискурсивтік модельдерін соғыс, миграция және экология өлшемдері арқылы жүйелі салыстырмалы талдауында.

Кілт сөздер: қазіргі араб прозасы, мәдени жады, тарихи жарақат, постколониялық дискурс, интертекстуалдық, мәдени бірегейлік, фрагменттелген нарратив.

Кіріспе

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы Таяу Шығыс кеңістігіндегі соғыс, миграция, отарлық қақтығыстар және экологиялық дағдарыстар аймақ халықтарының тарихи санасы мен мәдени бірегейлігіне елеулі әсер етті. Бұл үдерістер тек әлеуметтік-саяси деңгейде ғана емес, сонымен қатар мәдени жады мен ұжымдық естеліктің көркем репрезентациясында да көрініс табады. Осы тұрғыдан мәдени жады (cultural memory) мен тарихи жарақат (historical trauma) қазіргі гуманитарлық ғылымдардағы өзекті зерттеу бағыттарының бірі болып қалыптасты.

Мәдени жады ұғымы Морис Хальбвакс еңбектерінде ұжымдық естеліктің әлеуметтік табиғаты арқылы негізделсе (Halbwachs, 1992), Ян Ассман оны ұзақмерзімді символдық жүйе ретінде сипаттайды (Assmann, 2011). Ал тарихи жарақат теориясында Кэти Карут пен Доминик ЛаКапра травмалық тәжірибенің үзік, фрагменттелген және жанама тілдік құрылымдар арқылы көрініс табатынын көрсетеді (Caruth, 1996; LaCapra, 2001). Араб

прозасы аясында Самира Агачи соғыс романдарындағы фрагменттелген сана мен зорлық эстетикасын, ал Уаил Хассан постколониялық мәтіндегі ұлттық бірегейлікті қайта құру функциясын атап өтеді (Aghacy, 2012; Hassan, 2017). Дегенмен қазіргі араб прозасындағы мәдени жады мен тарихи жарақаттың көркем репрезентациясын салыстырмалы түрде, әсіресе экологиялық, соғыстық және миграциялық дискурстар аясында қарастыратын зерттеулер жеткіліксіз. Бұған қоса, аталған шығармалардағы символдық кеңістік, фрагменттелген жады, нарративтік құрылым және жарақаттың көркемдік репрезентациясы шығыстанулық дискурстық талдау тұрғысынан жүйелі түрде зерттелмеген. Осы жағдай зерттеудің ғылыми өзектілігі мен қажеттілігін айқындайды. Зерттеу міндеттеріне қазіргі араб прозасындағы мәдени жады мен тарихи жарақат мәселелерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау; аталған романдарындағы тарихи жарақаттың көркем репрезентациясын талдау; соғыс, миграция және экологиялық тәжірибелердің мәдени жады құрылымындағы көрінісін анықтау; зерттелген шығармалардағы фрагменттелген нарратив, ауызша әңгімелеу, интертекстуалдық байланыс, дене символикасы және табиғат семиотикасының қызметін сипаттау; қазіргі араб прозасындағы тарихи жарақаттың соғыстық, миграциялық және экологиялық дискурсивтік модельдерін салыстырмалы түрде жүйелеу кіреді. Зерттеу нысаны – қазіргі араб әдебиетіндегі соғыс, миграция және экологиялық жарақат мәселелерін бейнелейтін көркем мәтіндердегі мәдени жадының көркем репрезентациясы. Зерттеу болжамы бойынша, қазіргі араб прозасында мәдени жады мен тарихи жарақат тек тарихи оқиғаны бейнелеу емес, сонымен қатар символдық кеңістік, фрагменттелген нарратив және көпқабатты интертекст арқылы ұжымдық бірегейлікті қайта құратын көркем модельдер жүйесі ретінде көрініс табады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде қазіргі араб прозасының көрнекті үш романы таңдалды: Ахмед Саадауидің «Бағдадтағы Франкенштейн», Илияс Хуридің «Күн қақпасы» және Sahран әл-Қасимидің «Қафирдің тағдыры». Аталған мәтіндер бірнеше негізгі критерий негізінде іріктелді. Біріншіден, шығармаларда мәдени жады мен тарихи жарақаттың өзекті дискурстары – соғыс, миграция және экологиялық дағдарыс – көркем түрде репрезентацияланған. Екіншіден, романдар әртүрлі геомәдени кеңістіктерді (Ирак, Палестина/Ливан және Оман) қамти отырып, аймақтық салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Үшіншіден, мәтіндердің нарративтік құрылымында фрагменттелген жады, көпдауыстылық және символдық кеңістік басым, бұл оларды дискурстық-мәдени талдау үшін репрезентативті дереккөз ретінде қарастыруға негіз береді.

Талдау бірліктері ретінде мәдени кодтар, символдық бейнелер және нарративтік құрылым элементтері алынды. Атап айтқанда, «су», «дене», «қала», «жол» сияқты символдық кеңістік маркерлері; «соғыс», «босқындық», «жоғалу», «жарақат» сияқты дискурстық лексика; сондай-ақ уақыттың фрагментациясы, интертекстуалдық байланыстар және көпдауысты баяндау формалары мәтіннен контекстік талдау арқылы іріктеліп, жүйеленді. Бұл бірліктер әр роман ішінде жеке қарастырылып, кейін салыстырмалы деңгейде талданды.

Зерттеу барысында салыстырмалы-әдеби, нарратологиялық, дискурстық, семиотикалық, шығыстанулық дискурстық талдау және салыстырмалы мәдени интерпретация әдістері қолданылды. Нарратологиялық талдау «Күн қақпасы» романындағы ауызша әңгімелеу, үзік естелік және уақыт құрылымының фрагменттелуін анықтауға бағытталды. Дискурстық талдау «Бағдадтағы Франкенштейн» мәтініндегі зорлық пен соғыс лексикасының (қан, дене, жарылыс) жиілігі мен семантикалық өрісін айқындауға негізделді. Семиотикалық талдау «Қафирдің тағдыры» романындағы су символикасының (жаңбыр, құдық, бұлақ) мәдени және экологиялық мағыналарын ашуға мүмкіндік берді. Шығыстанулық дискурстық талдау араб қоғамдарының тарихи-мәдени тәжірибесінің көркем

мәтіндегі репрезентациясын, мәдени кодтардың құрылуын және постколониялық контекстегі мағыналық трансформацияларды анықтауға бағытталды. Ал салыстырмалы мәдени интерпретация әдісі үш роман арасындағы мәдени жады мен тарихи жарақат модельдерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Аталған әдістер өзара тығыз байланыста қолданылады, нарратологиялық талдау мәтіннің құрылымдық деңгейін ашса, дискурстық талдау әлеуметтік-тарихи мағыналарды, семиотикалық талдау символдық кодтарды, ал шығыстанулық және салыстырмалы интерпретация олардың мәдени-тарихи контексттегі тұтастығын қамтамасыз етеді. Осылайша зерттеу мәдени жады мен тарихи жарақаттың көпқабатты репрезентациясын кешенді түрде талдауға мүмкіндік беретін интегративті әдіснамалық модельге негізделеді.

Талқылау

Қазіргі араб прозасындағы мәдени жады мен тарихи жарақат мәселесі тек тақырыптық деңгейде ғана емес, сонымен қатар көркем репрезентацияның құрылымдық принциптері арқылы да көрініс табады. Зерттеулер көрсеткендей, араб романы соғыс, миграция және экологиялық дағдарыс сияқты тарихи тәжірибелерді тек баяндап қана қоймай, оларды символдық, нарративтік және интертекстуалдық деңгейде қайта құрастырады (Aghacy, 2012:43; Hassan, 2017:104). Осы тұрғыдан әрбір мәтін жеке тарихи шындықты емес, ұжымдық жадының көркем модельін қалыптастырады.

«Бағдадтағы Франкенштейн»: соғыс жарақаты, постколониялық фрагментация және мәдени жадының дискурсивтік репрезентациясы

Ахмед Саадауидің «Бағдадтағы Франкенштейн» романы қазіргі араб әдебиеттануында кең зерттелген постсоғыстық мәтіндердің бірі. Зерттеулер негізінен шығарманың зорлық эстетикасы, қалалық кеңістік фрагментациясы және көпдауысты нарратив құрылымына бағытталған.

Рахиқ Әбу Зейна романның әлеуметтік-саяси контекстін қарастырып, оны Ирак қоғамындағы соғыс салдарының көркем репрезентациясы ретінде сипаттайды және постсоғыстық қоғамдық ыдыраудың құрылымдық деңгейде бейнеленетінін көрсетеді (Zeina, 2017:11). Мұхаммед Мұхаммед пен Миад Әли роман тіліндегі зорлық дискурсын талдап, соғыс тәжірибесінің тілдік-дискурсивтік құрылым ретінде ұйымдасатынын айқындайды (Muhammad & Ali, 2016). Ал Мұнам Мұштақ пен Кәрім әл-Хашими Бахтин теориясына сүйене отырып, романдағы көпдауыстылық постсоғыстық шындықтың көпқабатты табиғатын ашатынын көрсетеді (Mushtaq & Al-Hashemi, 2017). Сонымен қатар Абд әл-Қадир Файдух қазіргі араб романындағы зорлық кеңістігін зерттеп, соғыстың кеңістікті ұйымдастыратын негізгі құрылымдық фактор екенін атап өтеді (Faydouh, 2018:11). Аталған зерттеулер романның тілдік, кеңістік және нарративтік қырларын жеке-жеке талдағанымен, мәдени жады мен тарихи жарақатты соғыс–миграция–экология үштағаны негізінде тұтас дискурсивтік модель ретінде қарастыру жеткіліксіз деңгейде дамыған.

Саадауидің романы 2014 жылы International Prize for Arabic Fiction (IPAF) сыйлығын иеленуі арқылы қазіргі араб прозасындағы постсоғыстық эстетиканың институционалдық танылуын көрсетеді. Роман 2003 жылдан кейінгі Бағдад кеңістігін бейнелеп, соғыс жағдайындағы әлеуметтік ыдырау мен қалалық кеңістіктің фрагментациясын дискурсивтік деңгейде ашады.

Бағдад романда географиялық кеңістік емес, жараланған әлеуметтік организм ретінде бейнеленеді. Қала кеңістігі жарылыс орындары, қираған ғимараттар, мәйіттер мен қоқыс бейнелері арқылы ұжымдық травманың материалдық көрінісін береді. Кеңістік (المكان) тарихи жадының тасымалдаушысына айналады.

Романдағы орталық көркем символ – әртүрлі жарылыстардан қалған адам дене бөліктерінен құрастырылған «мақұлық». Бұл образ Франкенштейн мифінің постколониялық қайта интерпретациясы ретінде қарастырылады. Әбу Шәһаб оны отарлық зорлықтың

нәтижесі ретінде сипаттап, империалдық әрекеттің қоғам құрылымын ыдыратушы күш екенін атап өтеді: « إن الاحتلال الأمريكي للعراق، بوصفه ممارسة كولونيالية، قد أحدث جملة من التحولات... وقدرته على تقويض منظومة حضارية قائمة، أحالتها إلى مسخ» (Әбу Шәһаб, 2022:149). Демек, «құбыжық» тек дене фрагментациясы емес, ұлттық-мәдени сананың бөлшектенуінің символы. Романдағы нарративтік құрылым да осы фрагментация логикасын қайталайды: баяндау біртұтас сызықтық жүйеге бағынбай, әртүрлі куәгерлердің үзік дауыстары арқылы беріледі. Бұл тәсіл травмалық жадының дискурсивтік табиғатын көрсетеді. Кэти Каруттың пікірінше, травма сызықтық баяндауға бағынбайды, ол үзік әрі қайталанатын тәжірибе ретінде көрінеді (Caruth, 1996). Осылайша нарративтің өзі соғыс тәжірибесінің құрылымдық баламасына айналады.

Романда гротеск эстетикасы мен үрей дискурсы маңызды рөл атқарады. «Мақұлық» бастапқыда әділет орнатуға ұмтылғанымен, кейін өзі зорлықтың көзіне айналып, оның циклдік табиғатын ашады. Сонымен қатар «үрей» жеке психологиялық күй емес, әлеуметтік деңгейдегі тұрақты құбылыс ретінде көрінеді, ол «үрейдің жүректі толық билеп алуы» деп сипатталады (Йасин, Абд Насиф, 2021).

Зорлық күнделікті өмірдің қалыпты элементіне айналады: « استمرت خراطيم مياه الإطفاء في غسل المكان من الدماء والرماد» / «Өрт сөндіру шлангтары орыннан қан мен күлді жууды жалғастырып жатты» (Саадауи, 2013:28). Бұл үзінді трагедияның үздіксіз қайта жасырылып, қайта қайталанатынын көрсетеді.

Жарақаттың сенсорлық деңгейі де ерекше маңызды: « رائحةٌ لن تشمَّ مثلها في حياتك، وتبقى تذكرك بما حييت» / «Мұндай иісті өміріңде ешқашан сезбейсің, ол сені өмір бойы еске салып тұрады» (Саадауи, 2013:27). Бұл жерде иіс мәдени жадының материалдық формасы ретінде көрінеді. Сол сияқты дененің бөлшектенуі де әлеуметтік күйреудің метафорасы ретінде беріледі: «نهضت في اليوم التالي لأرى الكثير من أجزاء جسدي قد تساقطت على الأرض» / «Келесі күні оянғанда, денемнің көптеген бөліктері жерге түсіп қалғанын көрдім» (Саадауи, 2013:163).

Қорытындылай келе, роман соғыс жарақатын жай бейнелемей, оны дискурсивтік деңгейде ұйымдастырады. Травма фрагменттелген нарратив, дене символикасы, гротеск эстетикасы, қалалық кеңістік күйреуі және үрей дискурсы арқылы көрініс табады. Осылайша шығарма жарақатты жеке эмоция емес, әлеуметтік және мәдени құрылымды ұйымдастыратын негізгі принцип ретінде көрсетеді.

«Күн қақпасы» романындағы мәдени жады

Илияс Хуридің «Күн қақпасы» (باب الشمس) романы қазіргі араб әдебиеттануында палестиналық тарихи жады мен ауызша әңгімелеу дискурсын зерттеудің негізгі мәтіндерінің бірі ретінде қарастырылады. Зерттеушілер роман құрылымын сызықтық емес, фрагменттелген және куәгерлік баяндауға негізделген дискурсивтік модель ретінде сипаттайды.

Араб әдебиеттануында бұл роман көбіне палестиналық жадының «шәһада» (куәлік) және «хикая» (әңгіме) формалары арқылы берілуі ретінде талданады. Мұхаммед Буазза еңбектерінде әдеби мәтіндегі сәйкестік пен айырмашылық саясаты қарастырылып, Хури мәтіні ұжымдық жадының дискурсивтік құрылымы ретінде түсіндіріледі (Bouazza, 2014). Сонымен қатар роман кеңістігі (ауыл, лагерь, шекара) тек географиялық емес, мәдени жадының символдық репрезентациясы ретінде сипатталады.

Аиди әл-Мәкки Мұхаммед романның нарративтік табиғатын талдай отырып, оның дәстүрлі реалистік формаға бағынбайтынын және баяндаудың бірнеше көру нүктесі арқылы құрылатынын көрсетеді: « تحرير رؤية الراوي من مطلق المعرفة، وكيفية تمثيل وجهة النظر للمنظور الذي تُروى من خلاله الحكاية» / «Баяндаушы көзқарасын абсолютті білімнен босату және оқиғаның әртүрлі перспектива арқылы берілуі» (Aydi, 2025:97). Бұл тұжырым тарихи травманың біртұтас шындық емес, көпдауысты дискурс ретінде көрінетінін дәлелдейді.

Амал Ахмад Әбу Ханиш романның интертекстуалдық табиғатын аша отырып, оның «Мың бір түн», «Одиссея», Ғассан Канафани және Махмуд Даруиш мәтіндерімен байланысын көрсетеді. Оның пікірінше: « التناص في الرواية ليس مجرد إحالة أدبية، بل آلية لإعادة إنتاج الذاكرة

الثقافية وإعادة صياغة التجربة التاريخية» / «Интертекст – тек әдеби сілтеме емес, мәдени жадыны қайта өндіру механизмі» (Әбу Ханиш, 2005:196). Осылайша жады мәтіндер арасындағы желі ретінде көрінеді.

Роман поэтикасында өлім мен жады арасындағы дискурсивтік байланыс ерекше мәнге ие. Зерттеулерде өлім (الموت) тек биологиялық аяқталу емес, жадыны белсенді ететін механизм ретінде түсіндіріледі: «өлім жадыны босатады» (Khoury, 1998:248). Бұл тұрғыда жады (الذاكرة) статикалық құрылым емес, үнемі жаңарып отыратын процесс ретінде көрінеді. Сонымен қатар: «Өлім мағынасын жоғалтса, өмір де мағынасын жоғалтады және біз шығуы жоқ лабиринтке түсеміз» (Khoury, 1998:271) деген тұжырым роман құрылымын «лабиринттік жады моделі» ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Бұл модельде тарихи шындық сызықтық емес, үзік және көпбағытты естеліктер арқылы беріледі. Сонымен қатар жадының селективті табиғаты атап өтіледі: ол барлық оқиғаны емес, тек белгілі фрагменттерді ғана сақтайды. Бұл палестиналық ұжымдық тәжірибеде травмалық оқиғалардың көбіне үзінді әңгімелер арқылы өмір сүруін түсіндіреді.

Қорытындылай келе, «Күн қақпасы» романы тарихи жарақатты бейнелеп қана қоймай, жадыны ұйымдастыратын күрделі дискурсивтік жүйе ретінде көрінеді. Мұнда өлім, ұмытылу (النسيان) және еске алу (التذكر) өзара байланысып, тұтас мәдени-символдық құрылым құрайды.

Зahран әл-Қасими «Қафирдің тағдыры» романы: экологиялық жарақат және табиғат семиотикасы

Зahран әл-Қасимидің «تغريبة القافر» романы қазіргі араб әдебиеттануында омандық мәдени кеңістік, табиғи орта және халықтық жады мәселелерін зерттеудің маңызды нысандарының бірі ретінде қарастырылады. Зерттеушілер роман құрылымын жергілікті мифология, ауызша дәстүр және экологиялық тәжірибе тоғысқан көркем жүйе ретінде сипаттайды.

Араб мәдениеттанулық зерттеулерінде роман Оманның тарихи-мәдени болмысын бейнелейтін мәтін ретінде талданады. Бұл бағытта халықтық мәдениет, салт-дәстүр және кеңістік семантикасы негізгі нысанға айналады (Farouq Khourshid, 1992:47). Сонымен қатар омандық мәдени мұраға арналған еңбектерде (2009 ,قابوس بن سعيد; 2009 ,الحرف العمانية) табиғи орта мен қолөнер мәдениетінің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлі атап өтіледі. Осы тұрғыдан роман кеңістік пен табиғатты тек фон емес, мәдени жадының тасымалдаушысы ретінде бейнелейді.

Романның экологиялық және символдық қырлары Денис Куштың мәдениет теориясымен байланыстырылып, мәдениеттің кең әлеуметтік-символдық жүйе екені көрсетіледі (Kush, 2007). Табиғат элементтері (су, шөл, құдық) осы жүйенің ажырамас бөлігі ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар халықтық мәдениет пен мифологияға қатысты зерттеулер роман мәтініндегі символдық құрылымдардың фольклорлық трансформациясын айқындайды.

Роман қазіргі араб әдебиетіндегі экологиялық жарақаттың көркем репрезентациясын бейнелейтін дискурсивтік модель ретінде қарастырылады. Мұнда жарақат соғыс немесе миграциямен емес, экожүйелік тепе-теңдіктің бұзылуымен байланысты. Осы тұрғыдан мәтін мәдени жадыны табиғат семиотикасы арқылы қайта құрастырады.

Роман құрылымында су символы орталық семиотикалық элемент ретінде көрінеді. Су өмір, өлім, уақыт және жадының көпқабатты символы ретінде қызмет атқарады. Латифа әл-Хамади бұл құбылысты былай түсіндіреді: «Water appeared in the novel as a constructive component characterized by its semantic and cognitive richness» (Alhamady, 2024). Бұл су символының сюжеттік емес, когнитивтік механизм екенін көрсетеді.

Кейіпкер Салим әл-Қафир табиғатпен тығыз бірлікте беріледі, оның психологиялық күйі табиғи құбылыстармен қатар дамиды (Alhamady, 2024:127). Табиғат мұнда фон емес, кейіпкер санасының семиотикалық кеңістігіне айналады.

Романдағы маңызды көркем ерекшелік – табиғаттың антропоморфизациясы. Су, жаңбыр, құдық, бұлт сияқты элементтер белсенді әрекет етуші жүйе ретінде беріледі. Латифа әл-Хамади су туралы: «الماء هو العنصر الثابت في خضم التحولات التي عرفتها حياة القافر» (Alhamady, 2024:123) деп, оның тұрақтылық пен өзгеріс арасындағы медиаторлық қызметін көрсетеді.

Экологиялық жарақат мұнда тікелей зорлықтан емес, табиғи тепе-теңдіктің бұзылуынан туындайды. Бұл жағдайда травма (الصدمة البيئية) жеке оқиға емес, тұтас экожүйенің деградациясы ретінде көрінеді. Кеңістік (المكان) шөл, құдық және су арналары арқылы кейіпкердің психологиялық және мәдени құрылымымен ұштасады.

Тілдік деңгейде табиғат лексикасының қайталануы («الغيوم», «البئر», «السحاب», «لمطر) мәтіннің поэтикалық құрылымын қалыптастырып, экологиялық мәдени жадының моделін жасайды (الذاكرة البيئية). Сонымен қатар су кейде аналық бастау, кейде тылсым күш ретінде бейнеленіп, мифопоэтикалық деңгейге көтеріледі.

Қорытындылай келе, «Қафирдің тағдыры» романында экологиялық жарақат табиғат циклінің бұзылуы, адам–табиғат байланысының әлсіреуі және кеңістіктің символдық трансформациясы арқылы көрінеді. Мәдени жады бұл мәтінде табиғат семиотикасы арқылы құрылып, экожүйелік тәжірибені сақтайтын дискурсивтік жүйе ретінде қалыптасады.

Үш романға жүргізілген салыстырмалы талдау қазіргі араб прозасында тарихи жарақаттың біртұтас емес, көпвекторлы дискурсивтік модельдер арқылы көрініс табатынын көрсетеді. Ахмед Саадауидің «Бағдадтағы Франкенштейн» романы соғыс жағдайындағы постколониялық зорлықты дене фрагментациясы мен гротеск эстетикасы арқылы бейнелесе, Илияс Хуридің «Күн қақпасы» шығармасы палестиналық миграциялық тәжірибені ауызша нарратив, фрагменттелген естелік және интертекст арқылы қайта құрады. Ал Зahран әл-Қасимидің «Қафирдің тағдыры» романы экологиялық жарақатты табиғат семиотикасы мен су символикасы арқылы көркем модельге айналдырады.

Осылайша, тарихи жарақат жеке оқиға ретінде емес, әртүрлі мәдени кодтар арқылы қайта ұйымдастырылатын символдық процесс ретінде көрінеді. Бұл тұрғыдан араб романы травманы бейнелеп қана қоймай, оны қайта құрылымдайтын дискурсивтік механизм қызметін атқарады.

Жүргізілген талдау мәдени жадының көркем мәтіндегі үш негізгі деңгейін айқындайды:

1. Денелік деңгей (trauma of body) – Саадауи романында дене бөлшектенуі, зорлықтың материалдық іздері және сенсорлық тәжірибе (иіс, қан, жарақат) арқылы көрінеді. Мұнда дене тарихи күйреудің метафорасына айналады.

2. Нарративтік деңгей (fragmented storytelling) – Хури романында фрагменттелген баяндау, көпдауысты құрылым және интертекст арқылы қалыптасады. Бұл деңгейде жады оқиға емес, үздіксіз қайта айтылатын дискурсивтік процесс ретінде жұмыс істейді.

3. Экологиялық деңгей (nature as memory) – әл-Қасими романында табиғат элементтері (су, шөл, құдық, ауа) жадыны сақтаушы семиотикалық жүйе ретінде көрінеді. Табиғат мәдени және экзистенциалдық тәжірибенің тасымалдаушысына айналады.

Бұл деңгейлер бір-бірінен бөлек жүйелер емес, біртұтас мәдени жады моделінің әртүрлі көріністері болып табылады. Барлық романдарға ортақ белгі – тарихи шындықтың тікелей баяндалмауы; оның орнына оқиға фрагменттеліп, символдар мен дискурсивтік құрылымдар арқылы қайта кодталады.

Сәйкесінше, қазіргі араб прозасындағы негізгі үрдіс мынадай түрде түйінделеді: тарихи жарақат бейнеленбейді, ол қайта құрылымдалады. Көркем мәтін өткенді көрсететін айна емес, оны қайта ұйымдастыратын мәдени-символдық механизм ретінде қызмет етеді.

Осы модельдер уақыт пен кеңістік ұғымдарының трансформациясын да айқындайды: уақыт сызықтық емес, үзік әрі қайталанбалы сипат алады, ал кеңістік физикалық ортадан символдық-психологиялық құрылымға айналады. Нәтижесінде қазіргі араб романы тарихи тәжірибені сақтайтын пассивті архив емес, оны үздіксіз қайта өндіретін динамикалық мәдени жүйе ретінде танылады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу нәтижелері қазіргі араб прозасындағы тарихи жарақаттың көркем репрезентациясы нақты мәтіндік және дискурсивтік құрылымдар арқылы жүзеге асатынын көрсетті. Салыстырмалы талдау барысында тарихи жарақаттың соғыстық, миграциялық және экологиялық дискурсивтік модельдері анықталды. Әр роман тарихи тәжірибені қайта құрудың өзіндік көркем механизмдерін қалыптастырады.

Ахмед Саадауидің «فرانكشتاين في بغداد» романында тарихи жарақат соғыс кеңістігінің күйреуін бейнелейтін дене фрагментациясы, гротеск эстетикасы және көпдауысты нарратив арқылы репрезентацияланады. Мәтіндегі «الجسد» (дене), «الدم» (қан), «الانفجار» (жарылыс) секілді қайталанатын семантикалық бірліктер зорлық дискурсын қалыптастырып, ұжымдық травманың тілдік моделін жасайды. Илияс Хуридің «باب الشمس» романында мәдени жады ауызша әңгімелеу дәстүрі, фрагменттелген естелік құрылымы және интертекстуалдық байланыстар арқылы көрінеді. Кеңістік бейнелері (ауыл, жол, шекара, босқындар лагері) географиялық нысан ғана емес, палестиналық ұжымдық жадының символдық картасына айналады. Нарративтің үзік әрі циклдік сипаты тарихи тәжірибенің толық емес, фрагменттер арқылы сақталатынын көрсетеді. Sahran әл-Қасимидің «تغريبة القافر» романында экологиялық жарақат табиғат семиотикасы, су символикасы және кеңістіктің антропоморфизациясы арқылы беріледі. «الماء» (су) образы өмір мен өлімді, жады мен ұмытылуды, тұрақтылық пен өзгерісті байланыстыратын негізгі семиотикалық код қызметін атқарады. Табиғат элементтерінің қайталануы мәдени жадының экологиялық моделін қалыптастырады.

Осылайша, зерттеу нәтижесінде қазіргі араб прозасындағы тарихи жарақаттың үш негізгі дискурсивтік моделі айқындалды: соғыс жарақаты (фрагментация және гротеск), миграциялық жады (ауызша нарратив пен фрагменттелген естелік), экологиялық жарақат (табиғат семиотикасы мен су символикасы). Бұл модельдер тарихи оқиғаның әдеби мәтінде тікелей баяндалмай, символдық және дискурсивтік жүйелер арқылы қайта құрылатынын көрсетті.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу қазіргі араб прозасында тарихи жарақаттың біртұтас әмбебап модель ретінде емес, әртүрлі дискурсивтік құрылымдар арқылы көрініс табатын көпдеңгейлі құбылыс екенін көрсетті. Бұл құбылыс мәдени жадының көркем мәтіндегі негізгі ұйымдастырушы принципке айналғанын дәлелдейді.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде үш негізгі дискурсивтік модель айқындалды. Біріншісі – Ахмед Саадауи романындағы соғыс травмасының дене фрагментациясы, гротеск эстетикасы және фрагменттелген нарратив арқылы берілуі. Бұл модельде тарихи жарақат жеке оқиға емес, әлеуметтік шындықты ұйымдастыратын механизм ретінде көрінеді. Екіншісі – Илияс Хури романындағы миграциялық жадының ауызша әңгімелеу, фрагменттелген естелік және интертекстуалдық байланыстар арқылы құрылуы. Мұнда жады статикалық архив емес, үздіксіз қайта айтылатын және қайта ұйымдастырылатын дискурсивтік процесс ретінде танылады. Үшіншісі – Sahran әл-Қасими романындағы экологиялық жарақаттың табиғат семиотикасы, су символикасы және кеңістіктік антропоморфизация арқылы репрезентациялануы. Бұл модельде табиғат тек фон емес, мәдени жадыны сақтайтын символдық жүйе ретінде қызмет атқарады.

Осылайша, қазіргі араб романы тарихи тәжірибені бейнелейтін мәтін емес, оны қайта құрылымдайтын және мағыналық деңгейде қайта кодтайтын мәдени-дискурсивтік кеңістік ретінде қарастырылады. Тарихи жарақат бұл мәтіндерде оқиға емес, символдық жүйе арқылы қайта жасалатын динамикалық процесс ретінде көрініс табады.

Әдебиеттер:

Aghacy, 2007 – *Aghacy S.* Masculine Identity in the Fiction of the Arab East since 1967. Syracuse: Syracuse University Press. 225 p.

Alhamady, 2024 – *Alhamady L.* The symbol of water in the novel "Taghribat Al-Qafir" by Zahran Al Qasimi: A semiotic study. Adab al-Rafidain. 54 (96), 119–134. https://radab.mosuljournals.com (қаралған күні: 25.03.2026)

Al Jazeera, 2014 – Al Jazeera. فرانكشتاين في بغداد لسعداوي تفوز. https://www.aljazeera.net/culture/2014/4/29/فرانكشتاين-في-بغداد-لسعداوي-تفوز (қаралған күні: 25.03.2026)

Alketaba, 2026 – *Alketaba.* تغريبة القافر: أسطورة قرية عمانية صغيرة. https://alketaba.com/تغريبة-القافر-أسطورة-قرية-عمانية-صغي (қаралған күні: 25.03.2026)

Alqasmi, 2022 – *Alqasmi Z.* تغريبة القافر. دار رشم: السعودية. 230 ص

Assmann, 2011 – *Assmann J.* Cultural Memory and Early Civilization. Cambridge: Cambridge University Press. 225 p.

Aydi, 2025 – *Aydi, M. M.* التجريب وتحرر الكتابة في رواية "باب الشمس" لإلياس خوري. *مجلة الخطاب*, 20(1), 91–138. https://doi.org/10.37141/1451-020-001-003

Muhammad, Ali, 2016 – *Muhammad, M. R. A., Ali, M. T.* Al-Adab fi Muwajahat al-'Unf: Qira'a Tadawuliyya fi Riwayat "Frankenstein fi Baghdad". Lark Journal, 8(1), 173–199.

Bouazza, 2014 – *Bouazza M.* السرديات الثقافية: من سياسات الهوية إلى سياسات الاختلاف. Beirut/Algeria: منشورات ضفاف.

Caruth, 1996 – *Caruth C.* Unclaimed Experience: Trauma, Narrative, and History. Baltimore: Johns Hopkins University Press.

Damra, 1998 – *Damra Y.* باب الشمس (رواية) لإلياس خوري. *مجلة الدراسات الفلسطينية*, 9(36).

Kush, 2007 – *Dennis Kush*. The Concept of Culture in the Social Sciences, translated by Munir Al-Saedani, 1st Edition, Center for Arab Unity Studies, Beirut, 2007.

Faydouh, 2018 – *Faydouh A. Q.* فيدوح، عبد القادر –فيدوح، عبد القادر. *فضاء العنف في الرواية العربية الجديدة*. مجلة الآداب واللغات (أبوليوس)، المجلد 5، ص 9–19. 2018.

Folklore, 1992 – Folklore, Farouk Khourshid, 1st edition, Dar Al-Shorouk Beirut 1992

Genette, 2003 – *Genette G.* Narrative Discourse. Trans. Mohamed Mutaasim et al. Algiers: Ikhtilaf Publications.

Greimas, Courtés, 1979 – *Greimas A. J., Courtés, J.* Semiotics and Language Theory Dictionary. Paris: Hachette.

Halbwachs, 1992 – *Halbwachs M.* On Collective Memory. Chicago: University of Chicago Press.

Hassan, 2017 – *Hassan W. S.* Toward a theory of the Arabic novel. In The Oxford Handbook of Arab Novelistic Traditions. Oxford: Oxford University Press.. 776 p

Hout, 2024 – *Hout S. H.* War-time trauma in Lebanese fiction. https://springer.com (қаралған күні: 26.05.2026)

Ibni Masud, 2019 – *Ibni Masud W.* تشكل الهوية السردية في رواية باب الشمس لإلياس خوري.

Khoury, 2010 – *Khoury E.* خوري، إلياس. باب الشمس. Beirut: Dar Al-Adab. 528 ص

Khourshid, 1992 – *Khourshid F.* فاروق خورشيد، فاروق خورشيد– *الموروث الشعبي*. الطبعة الأولى. بيروت: دار الشروق، 1992.

La Capra, 2001 – *La Capra D.* Writing History, Writing Trauma. Baltimore: Johns Hopkins University Press.

Muhammad Ali, 2016 – *Muhammad Ali.* محمد، م. و علي، م. "خطاب العنف في رواية فرانكشتاين في بغداد: دراسة لغوية تحليلية". *مجلة الدراسات العربية*. https://asjp.cerist.dz/en/article/136304 (қаралған күні: 25.03.2026)

Mushtaq Al-Hashemi, 2017 – *Mushtaq Al-Hashemi* مشتاق، م. و الهاشمي، ك. "تعدد الأصوات السردية في رواية أحمد سعداوي فرانكشتاين في بغداد في ضوء نظرية باختين". *مجلة الدراسات الأدبية والثقافية*، 2017. https://journals.najah.edu/article/1740/ (қаралған күні: 25.03.2026)

Ricoeur, 2006 – *Ricoeur P.* Time and Narrative, Vol. 3: The Narrative Time. Beirut: Dar al-Kitab al-Jadid.

Saadawi, 2013 – *Saadawi A.* فرانكشتاين في بغداد. 352 ص

Abu Hanish, 2005 – *Abu Hanish A.* "التناص في رواية إلياس خوري "باب الشمس". Nablus: An-Najah National University.

Abu Shahab, 2022 – *Abu Shahab R.* "ما بعد الكولونيالية في رواية "فرانكشتاين في بغداد". مجلة الجامعة العربية الأمريكية للبحوث. 141-166 ص

Yasin, 2021 – *Yasin A. S.* أدب الرعب في رواية "فرانكشتاين في بغداد" لأحمد سعداوي. *مجلة اللغة العربية*.

Zeina, 2017 – *Zeina R.* زينة، رحيق عسان أبو زينة. *دراسة نقدية تحليلية لرواية "فرانكشتاين في بغداد" لأحمد سعداوي*. رسالة ماجستير، جامعة النجاح الوطنية، نابلس، فلسطين.

References:

Aghacy, 2007 – *Aghacy S.* Masculine Identity in the Fiction of the Arab East since 1967. Syracuse: Syracuse University Press. 225 p.

Alhamady, 2024 – *Alhamady L.* The symbol of water in the novel "Taghribat Al-Qafir" by Zahran Al Qasimi: A semiotic study. Adab al-Rafidain. 54 (96), 119–134. https://radab.mosuljournals.com (қаралған күні: 25.03.2026)

Al Jazeera, 2014 – Al Jazeera. فرانكشتاين في بغداد لسعداوي تفوز. https://www.aljazeera.net/culture/2014/4/29/فرانكشتاين-في-بغداد-لسعداوي-تفوز (қаралған күні: 25.03.2026) (in Arab)

Alketaba, 2026 – *Alketaba.* تغريبة القافر: أسطورة قرية عمانية صغيرة. https://alketaba.com/-تغريبة-القافر-أسطورة-قرية-عمانية-صغي (қаралған күні: 25.03.2026) (in Arab)

Alqasmi, 2022 – *Alqasmi Z.* تغريبة القافر. دار رشم: السعودية. 230 ص(in Arab)

Assmann, 2011 – *Assmann J.* Cultural Memory and Early Civilization. Cambridge: Cambridge University Press. 225 p.

Aydi, 2025 – *Aydi, M. M.* التجريب وتحرر الكتابة في رواية "باب الشمس" لإلياس خوري. *مجلة الخطاب*, 20(1), 91–138. https://doi.org/10.37141/1451-020-001-003 (in Arab)

Muhammad, Ali, 2016 – *Muhammad, M. R. A., Ali, M. T.* Al-Adab fi Muwajahat al-'Unf: Qira'a Tadawuliyya fi Riwayat "Frankenstein fi Baghdad". Lark Journal, 8(1), 173–199. (in Arab)

Bouazza, 2014 – *Bouazza M.* السرديات الثقافية: من سياسات الهوية إلى سياسات الاختلاف. Beirut/Algeria: منشورات ضفاف. (in Arab)

Caruth, 1996 – *Caruth C.* Unclaimed Experience: Trauma, Narrative, and History. Baltimore: Johns Hopkins University Press.

Damra, 1998 – *Damra Y.* باب الشمس (رواية) لإلياس خوري. *مجلة الدراسات الفلسطينية*, 9(36). (in Arab)

Kush, 2007 – *Dennis Kush*. The Concept of Culture in the Social Sciences, translated by Munir Al-Saedani, 1st Edition, Center for Arab Unity Studies, Beirut, 2007.

Faydouh, 2018 – *Faydouh A. Q.* فيدوح، عبد القادر –فيدوح، عبد القادر. *فضاء العنف في الرواية العربية الجديدة*. مجلة الآداب واللغات (أبوليوس)، المجلد 5، ص 9–19. 2018. (in Arab)

Folklore, 1992 – Folklore, Farouk Khourshid, 1st edition, Dar Al-Shorouk Beirut 1992

Genette, 2003 – *Genette G.* Narrative Discourse. Trans. Mohamed Mutaasim et al. Algiers: Ikhtilaf Publications.

Greimas, Courtés, 1979 – *Greimas A. J., Courtés, J.* Semiotics and Language Theory Dictionary. Paris: Hachette.

Halbwachs, 1992 – *Halbwachs M.* On Collective Memory. Chicago: University of Chicago Press.

Hassan, 2017 – *Hassan W. S.* Toward a theory of the Arabic novel. In The Oxford Handbook of Arab Novelistic Traditions. Oxford: Oxford University Press.. 776 p

Hout, 2024 – *Hout S. H.* War-time trauma in Lebanese fiction. https://springer.com (қаралған күні: 26.05.2026)

Ibni Masud, 2019 – *Ibni Masud W.* تشكل الهوية السردية في رواية باب الشمس لإلياس خوري. (in Arab)

Khoury, 2010 – *Khoury E.* خوري، إلياس. باب الشمس. Beirut: Dar Al-Adab. 528 ص (in Arab)

Khourshid, 1992 – *Khourshid F.* فاروق خورشيد، فاروق. *الموروث الشعبي*. الطبعة الأولى. بيروت: دار الشروق، 1992. (in Arab)

La Capra, 2001 – *La Capra D.* Writing History, Writing Trauma. Baltimore: Johns Hopkins University Press.

Muhammad Ali, 2016 – *Muhammad Ali.* محمد، م. و علي، م. "خطاب العنف في رواية فرانكشتاين في بغداد: دراسة لغوية تحليلية". *مجلة الدراسات العربية*. https://asjp.cerist.dz/en/article/136304 (қаралған күні: 25.03.2026) (in Arab)

Mushtaq Al-Hashemi, 2017 – *Mushtaq Al-Hashemi* مشتاق، م. و الهاشمي، ك. "تعدد الأصوات السردية في رواية أحمد سعداوي فرانكشتاين في بغداد في ضوء نظرية باختين". *مجلة الدراسات الأدبية والثقافية*، 2017. https://journals.najah.edu/article/1740/ (қаралған күні: 25.03.2026) (in Arab)

Ricoeur, 2006 – *Ricoeur P.* Time and Narrative, Vol. 3: The Narrative Time. Beirut: Dar al-Kitab al-Jadid.

Saadawi, 2013 – *Saadawi A.* فرانكشتاين في بغداد. 352 ص(in Arab)

Abu Hanish, 2005 – *Abu Hanish A.* "التناص في رواية إلياس خوري "باب الشمس". Nablus: An-Najah National University. (in Arab)

Abu Shahab, 2022 – *Abu Shahab R.* "ما بعد الكولونيالية في رواية "فرانكشتاين في بغداد". مجلة الجامعة العربية الأمريكية للبحوث. 141-166 ص(in Arab)

Yasin, 2021 – *Yasin A. S.* أدب الرعب في رواية "فرانكشتاين في بغداد" لأحمد سعداوي. *مجلة اللغة العربية*. (in Arab)

Zeina, 2017 – *Zeina R.* زينة، رحيق عسان أبو زينة. *دراسة نقدية تحليلية لرواية "فرانكشتاين في بغداد" لأحمد سعداوي*. رسالة ماجستير، جامعة النجاح الوطنية، نابلس، فلسطين. (in Arab)

[1]*Koptilyeuova D.T., [2] Zhiekbayeva A.B., Zh.R. Seitmetova[3] Zh.R.
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[3]Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1]dinavvest@gmail.com, [2]aigzhiek@gmail.com, [3]jseitmetova@mail.ru

REPRESENTATION OF CULTURAL MEMORY AND HISTORICAL TRAUMA IN CONTEMPORARY ARABIC FICTION

(Based on the novels «The Exile of the Water Diviner», «Frankenstein in Baghdad», «Bab al-Shams»)

Abstract. The aim of this article is to conduct a comparative analysis of the literary representation of cultural memory and historical trauma in contemporary Arabic fiction, based on Ahmed Saadawi's Frankenstein in Baghdad, Elias Khoury's Gate of the Sun, and Zahran Alqasimi's The Exile of the Water Diviner. The study seeks to identify how war, migration, and ecological models of trauma are represented in literary texts through fragmented narrative structures, symbolic space, intertextual relations, oral storytelling, and the semiotics of nature. The relevance of this study lies in the fact that traumatic experience in contemporary Arabic literature is not only treated as a historical event but also as a discursive process that constructs cultural memory. This approach enables a deeper understanding of how historical experience is reconstructed within postcolonial cultural space through literary discourse. The research employs methods of comparative literature, textual analysis, and the theory of cultural memory. The primary sources include the selected novels as well as scholarly works in contemporary Arabic and Western

literary criticism. The findings reveal that historical trauma in contemporary Arabic fiction is represented through three discursive models: in Ahmed Saadawi's novel, war trauma is expressed through bodily fragmentation, grotesque aesthetics, and polyphonic narration; in Elias Khoury's work, migratory memory is constructed through oral storytelling, fragmented recollections, and intertextual references; in Zahran Alqasimi's novel, ecological trauma is articulated through the semiotics of nature, water symbolism, and spatial anthropomorphism. The study's originality lies in its systematic comparative analysis of trauma representation models in contemporary Arabic fiction. In conclusion, the modern Arabic novel is viewed not merely as a literary text but as a cultural-discursive space that preserves and reconstructs historical experience and collective memory.

***Keywords**:* contemporary Arabic prose, cultural memory, historical trauma, postcolonial discourse, intertextuality, cultural identity, fragmented narrative.

[1]*Коптилеуова Д.Т., [2]Жиекбаева А.Б., [3]Сейтметова Ж.Р.
[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[3]Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», Алматы, Казахстан
E-mail: [1]dinavvest@gmail.com, [2]aigzhiek@gmail.com, [3]jseitmetova@mail.ru

РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ КУЛЬТУРНОЙ ПАМЯТИ И ИСТОРИЧЕСКОЙ ТРАВМЫ В СОВРЕМЕННОЙ АРАБСКОЙ ПРОЗЕ

(на материале романов «Судьба Кафира», «Франкенштейн в Багдаде», «Врата Солнца»)

Аннотация. Цель статьи заключается в сравнительном анализе художественной репрезентации культурной памяти и исторической травмы в современной арабской прозе на основе романов Ахмеда Саадави «Франкенштейн в Багдаде», Элиаса Хури «Врата солнца» и Захрана аль-Касими «Скитание водоискателя». Исследование направлено на выявление способов репрезентации военной, миграционной и экологической моделей травмы в художественном тексте через фрагментированное повествование, символическое пространство, интертекстуальные связи, устное повествование и семиотику природы. Актуальность исследования обусловлена тем, что в современной арабской литературе травматический опыт рассматривается не только как историческое событие, но и как дискурсивный процесс, формирующий культурную память. Данный подход позволяет глубже понять механизмы реконструкции исторического опыта в постколониальном культурном пространстве через художественный текст. В исследовании использованы методы сравнительного литературоведения, текстового анализа и теория культурной памяти. Источниками послужили тексты выбранных романов и научные исследования в области современной арабской и западной литературной критики. Результаты исследования показали, что в современной арабской прозе историческая травма репрезентируется через три дискурсивные модели: в романе Ахмеда Саадави военная травма выражается через фрагментацию тела, гротеск и многоголосую нарративную структуру; в произведении Элиаса Хури миграционная память формируется через устное повествование, фрагментированные воспоминания и интертекстуальные связи; в романе Захрана аль-Касими экологическая травма реализуется через семиотику природы, символику воды и пространственную антропоморфизацию. Научная новизна исследования заключается в системном сравнительном анализе моделей репрезентации исторической травмы в современной арабской прозе. В заключение, современный арабский роман рассматривается не только как художественный текст, но и как культурно-дискурсивное пространство, сохраняющее и реконструирующее исторический опыт и коллективную память.

Ключевые слова: современная арабская проза, культурная память, историческая травма, постколониальный дискурс, интертекстуальность, культурная идентичность, фрагментированный нарратив.

Авторлар туралы мәліметтер

Көптілеуова Д.Т. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Жиекбаева А.Б. – филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сейтметова Ж.Р. – филология ғылымдарының кандидаты, Нұр-Мүбарак Мысыр ислам мәдениеті университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Коптлеуова Д.Т. – кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. Аль-араби, Алматы, Казахстан.

Жиекбаева А.Б. – кандидат филологических наук, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Сейтметова Ж.Р. – кандидат филологических наук, Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Алматы, Казахстан.

Information about the authors:

Koptleuova D.T. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Zhiekbayeva A. B. – Candidate of Philological Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Seitmetova J.R. – Candidate of Philological Sciences, Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 18 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 10 мамыр 2026 жыл

ҒТАМР 03.61.91 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.48

***[1]Қыдырбекұлы Д.Б.** **[2]Байдаров Е.Ұ.**
[1] Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан
[2] ҚР ҒЖБМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан
E-mail: [1]doulatbek3@hotmail.com, [2] erkinbaydarov@gmail.com

АУҒАНСТАН: ХАЗАРА, ЧАРАЙМАҚ ЖӘНЕ МОҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада хазара және оған жақын чараймақ пен моғол халықтарының этнос ретінде қалыптасуы туралы айтылады. Зерттеудің жаңалығына хазара, чараймақ және моғолдардың көшпенді түркі халықтарымен ортақ шығу тегі талдау арқылы табылады. Зерттеудің міндеттеріне олар орта ғасырлық түркі тайпаларының ұрпақтары болып табылады. Олардың көптеген орта ғасырлық мемлекеттер құруына (Моңғол империясы, Құлағу мен Шағатай ұлыстары) қатысқаны, қазіргі замандағы ауған мемлекетіне кіруі, Орталық және Оңтүстік Азия аймақтарында маңызды рөлдерінің біреуін анықтау. Бұл зерттеудің мақсаты – қазіргі Ауғанстанның ұлан-ғайыр кеңістігіндегі әртүрлі көшпелі (түркі-моңғолдар) және отырықшы халықтардың (тәжіктер) қабаттарын анықтау. Сондай-ақ Шыңғысханның Үндістанға қарай Ұлы Жібек жолын басқаруындағы отырықшы түркі-моңғолдардың маңызды рөлі талқыланады. Көшпелі түркі-моңғол тайпаларының отырықшы тәжіктер мен көшпелі пұштындар арасында көптеген анклавтардың қалыптасуына қосқан үлесі, олардың ортағасырлық мемлекеттерге (Моңғол империясы, Шағатай Ұлысы, Темір империясы және Моғол империясы) қосылуы да қарастырылады. Түркі-моңғол тектес ауған көшпелілері осы кезеңдерде Батыс, Орталық және Оңтүстік Азия арасындағы байланыстырушы рөл атқара берді. Мақаланың мақсаты – ежелгі дәуірдегі, орта ғасырлардағы және жаңа замандағы ауған жеріндегі жаңа көшпелілердің қалыптасуын зерттеу. Мақалада негізінде тарихи фактілер мен географиялық факторлардың әсерін анықтауға мүмкіндік беретін мәтіндік және салыстырмалы талдау әдістері қолданылады. Мақалада келтірілген нәтижелер авторларға жаңа ауған көшпелілер мен жартылай көшпелілерінің тайпалық құрылымы мен тұрмысы ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Мақалада келтірілген материал авторларға моңғол нәсілдес ауған көшпелілері моңғол шапқыншылық кезінде де, қазіргі Ауғанстанның орталығына қоныстанғаннан кейін де дамыды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Хазара, чараймақ және моғолдардың әртүрлі даму кезеңдері олардың ерекшелігін сақтауда тұрақты тайпалық құрылымды болжайды.

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ «Қазақстан және Шығыс әлемінің өзгермелі контурлары: тарихи сын-қатерлер мен болашағы» (№ BR 31714763) атты іргелі ғылыми зерттеу шеңберінде даярланған.

Кілт сөздер: Ауған тарихы, Ауған мемлекеті, пұштын тайпалары, моңғол шапқыншылығы, түркі тайпалары, хазара тайпалары, чараймақ тайпалары, моғол тайпалары, Өрузгән, Хазаражат, Бамиян, Кәбұл.

Кіріспе

Ауғанстан көп-этникалық мемлекет. Бұл елде екі мемлекеттік тіл жарияланған – пұшты және дәри. Пұштындар 45–50% құрайды, ал тәжіктер 25%. Сонымен бірге хазаралар 8–10%, ал чараймақтар (чаһараймақтар) – 5% құрайды. Жалпы парсытілдес халқының саны 40–45%-ке дейін жетеді. Қалған 10–15% халықтар – өзбек, түрікмен, қырғыз, қазақ, пашайы, балуж, нұрыстандықтар, үнді және т.б.

Сонда моңғол нәсілдес хазара және оған жақын чараймақ халықтар ауған жерінде қашан және қалай пайда болған деген сұрақ туады. Тарих ғылымында олар моңғол

шапқыншылығымен келді деп айтылады. Бірақ моңғол нәсілі оған дейін және одан кейін пайда болған деген болжам бар болу керек. Ауғанстанның негізгі халықтары – пұштындар мен тәжіктер ежелгі сақ тайпалардың ұрпақтары дегеніне күман жоқ. Еуропа және кеңес тарих ғылымында ежелгі сақтар иран тілдес халық болған деп айтылса, қазіргі хазаралар мен моғолдар моңғолдың тікелей ұрапақтары деп делінеді.

Белгілі орыс академигі В. Бартольд хазараларға өзінің көзқарасын білдіреді: «Тілі иран, шыққан тегі бойынша моңғолдар хезарлар деп аталады, қазір бұл елдегі ең көп және күшті халық, негізгі тау жоталарының солтүстігінде де, оңтүстігінде де тұрады. Хезар есімі араб тіліндегі hazarajat көпше түрінде қолданылатын парсы hezara («мың») сөзінен шыққан. Парсылар бұл терминді моңғол әскерінің негізгі бөлімдерінің бірін белгілеу үшін қолданған және бұл терминді моңғолдардың өздері қабылдаған көрінеді» (Бартольд, 1971: 97). Бірақ хазаралардың шыққаны шын мәнінде моңғол ма?

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі кезеңде тәуелсіз Қазақстанның шығыстану ғылымы үшін Оңтүстік Азия халықтырының этникалық үдерістерді, дәстүрлі мәдениет пен аймақтың діни бірегейлігінің қалыптасуы мен трансформациясын зерттеу ерекше ғылыми, теориялық және қолданбалы маңызға ие. Бұл ең алдымен Еуразиялық құрлықтағы тарихи-өркениеттік өзара байланыстардың тереңдігімен, Орталық және Оңтүстік Азия арасындағы мәдени-рухани сабақтастықпен, қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі гуманитарлық интеграцияның артуымен айқындалады.

Бұл мақаланы жазу барысында хазара, чараймақ және моғол халықтарының қалыптасуына қатысты аспектілерді (этногенез, көші-қон, қоныстану және т.б.) тікелей немесе жанама түрде қарастыратын әртүрлі авторлардың негізгі басылымдары пайдаланылды. Материалды жинау және оны түсіндіру барысында, ең алдымен, нақты бір тарихи кезеңдегі белгілі бір этнологиялық процестер мен құбылыстарға әсер ететін аспектілерді (тілдік, географиялық, мәдени және т.б.) қарастыруды көздейтін *салыстырмалы талдау әдісі* қолданылды. Бұл жоғарыда айтылған аспектілерді ескере отырып, олардың дамуы мен ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Мұнда әртүрлі дереккөздерді (саяхатшылардың жазбалары, тарихи кітаптар, зерттеу монографиялар және т.б.) қарастыратын *мәтіндік талдау* да қолданылады.

Әдістеме тақырып бойынша зерттеу дәрежесімен байланысты. В. Бартольд өзінің еңбектерінде ауған тарихын Иран мен Орталық Азия аймақтарымен байланыстыратын (Бартольд, 1965, 1966, 1968, 1971). Бірақ хазаралар туралы ол «*хезар*а» деп (хазарлармен шатастырмау үшін) жол-жөнекей айтады, өйткені оларға тәжік пен түркілерге сияқты көп назар аудармаған.

Кеңестік тарих ғылымында Ауғанстан тарихымен тікелей И. Рейснер (Рейснер, 1954), Н. Халфин (Халфин, 1959), Ю. Ганковский (Gankovsky, 1982), В. Коргун (Коргун, 2004), т.б. шұғылданатын, бірақ хазара халқы жөнінде этнологиялық аспектілеріне аздап жанасатын. Мұнда тек В. Массон мен В. Ромодинның еңбектерінде хазаралар туралы көбірек айтылады (Массон, Ромодин, 1965).

Белгілі ресей этнограф В.Н. Кисляков хазаралардың рулық-тайпалық құрамын, материалдық мәдениетін және этногенезінің элементтерін жан-жақты зерттеген (Кисляков, 1973). Хазара халқын этнографиялық топ ретінде сипаттайтын қызықты очеркті өзбек тарихшысы Л. Темірханов жазған. Л. Темірханов «хазаралар моңғол мен тәжіктің араласу нәтижесінде қалыптасқан халық» деген (Темирханов, 1972: 14–15).

Ал батыс шығыстанушылардың еңбектерінде хазара халқы мәселелері үстірт қозғалған. Мысалы Ауғанстан хазаралар тарихын, мәдениетін, экономикасы мен саясатын зерттеу С.А. Мұсауидің монографиясында көрініс тапқан (Mousavi, 1997).

Қазақстанда шығыстанушылар ауған мәселелеріне жанама түрде ғана тоқталған. Мәселен, Ауғанстандағы пұштын тайпаларының шығу тегі туралы өз мақалаларын Дулатбек Қыдырбекұлы мен Еркін Байдаров арнады (Қыдырбекұлы, Байдаров, 2026). Мақалада келтірілген нәтижелер авторларға ауған көшпелілерінің тайпалық құрылымы мен тұрмысы ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Мақалада келтірілген материал авторларға ауған көшпелілерінің тайпалық өмір салтының барлық принциптерін пайдалануды көздейтін соғыс және сауда жүргізудің ғасырлар бойы қалыптасқан стратегиясы болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Ол принциптерде дипломатия және басқа саяси әдістерді қолдана отырып, сыртқы жауларға қарсы қорғаныс және шабуыл жасағаны айтылады.

Шынар Қанафьева «Оңтүстік Азияның дәстүрлі қоғамдарындағы тайпалық фактор (пұштын этносы мысалында)» атты мақаласында дәстүрлі қоғамдардағы тайпалық құрылымдардың әлеуметтік рөлі мен қызмет ету ерекшеліктері ғылыми тұрғыда талданды (Канафьева, 2024).

Сұлтанбек Әкімбеков ауған тарихының саяси аспектілеріне маңыз беріп хазаралар бойынша көп назар бөлмеген (Акимбеков, 2015). Ал Қастер Сарқытқан Ауғанстандағы «Қөштепа каналы» жобасын жүзеге асыру туралы жазған (Сарқытқан, 2025).

Талқылау

Моңғол нәсілдес халықтар үнді-иран кеңістігінде хазаралардан бір жарым мың жылдан астам бұрын пайда болған. Ол кездерде олар жергілікті парсы тілдес халқының ішіне араласып толық сіңетін. Осы аймаққа ежелгі заманда моңғол нәсіліне тән белгілерді алып жүрген сақтар болатын.

Иранда көптеген тас көздер ірі артефакт ретінде сақталған. Б.з.б. 520 жылдары Керманшаһ қаласында Дәру I (Дарий I) патшаның бұйрығымен ойылған Беһистун (Бисұтын) жазбасында сақтар туралы мәліметтер қалған. Қышаяршаһ (Ксеркс) патшаның Парса (Персеполь) немесе қазіргі Тахты Жәмшид қаласындағы сарай бедерінде сақтардың бейнесі салынған. Ол б.з.б. V ғасырда жасалған. «Но если внимательно присмотреться к изображениям саков-тиграхауда из дворца Ксеркса, то можно увидеть явные монголоидные признаки: плоское лицо, редкая, клином, борода, узкий разрез глаз» (Акишев, Кушаев, 1963: 18). Сол кезде сақтардың ішінде аздап, ішінара моңғол нәсілінің келбеттері пайда болғаны байқалуда.

Тахты Жәмшидтен алыс емес жерде орналасқан және ахемени заманында салынған Нақшы Рүстем бедерінде ежелгі парсы патшаларының қабірлері мен барельефтері бар. Жергілікті халық оны білмей ойдан шығарып дастан кейіпкердің атымен атаған, бірақ аңыздық Рүстемнің ол бедерге ешқандай қатысы жоқ. Дегенмен, ұлы ақын Әбілқасым Фирдаусидің «Шаһнама» дастанындағы кейіпкер Рүстем парсы халқының мақтанышы болып кетті. Ал шындығында ол систандық яғни сақ батыры болған, өйткені ахемени заманында көптеген сақтар парсы әскерінде жалданып қызмет еткен. Сондықтан Рүстем мен басқа систандық батырлардың прототипі сол Тахты Жәмшидте бейнеленген сақтар болу керек.

Ал одан кейін үнді-иран жерінен Кушан империясын құрған тохар мен юэчжи-ұлыйозылер, Бахтар мемлекетін ыдыратқан асси-үйсіндер, барлық бағытқа аттанған ғұндар, абдалы-ақғұндар және қарлұқ-халаждар өткен. Сақ және одан кейінгі түркі тайпалар ғасырлар бойы қабаттасып, қазіргі ауған жерінде қоныстанып жергілікті халықтың ішіне әбден сіңгенімен моңғол нәсілдес келбеттері жоқ болып кеткен. Бірақ XIII ғасырда ауған жеріне моңғол нәсілі тығыз болып қайта келді.

1207 жылы Шыңғысхан әскерін жинап жорықтарын бастады. 1215 жылы ол Жетісуды өзіне бағындырып одан ары 1219–1221 жылдары Орталық Азияны өз қолына алады. Мұнда ол Хорезм мемлекетінің патшасы Мұхаммед Хорезмшаһпен бәсекелесіп соғысады. 1221 жылы Хорезмшаһтың баласы Жалаладдин соғысты жалғастырады бірақ Шыңғысханнан

оңтүстікке қарай әскерімен бірге қаша кетеді. Әуелі Шыңғысхан баласы Төлеге Жалаладдинді қууға тапсырады. Одан кейін күшін жинап Шыңғысхан Инд өзеніне дейін жетіп хорезм әскерін жеңеді, бірақ Жалаладдин қашып құтылады да, Иран арқылы оңтүстік Кавказға кетіп сонда ажалын табады. Жалаладдинді қуған кезде Шыңғысханның әскері Ғазни, Паруан, Lahор, Пешауар, Мәлікпур қалаларын алады. 1224 жылы Жетісу, Ферғана, Бұхара, Қашғар, Бадахшан, Балх, Кәбұлстан аймақтары Шағатай ұлысының құрамына кіреді.

Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдан туған немересі Мүтүген 1221 жылы Бамиян қала-қамалын қоршаған кезде қаза тапқан. Һиндукүш пен Сүлеймен таулары үнді жеріне баратын жолдарды бақылап ұстауға Шыңғысхан үшін маңызды болған. Бірақ Шыңғысхан 1227 жылы өлген соң оның құрған империясы төртке бөлінеді. Ол Құбылай, Жошы, Шағатай, Құлағу ұлыстары.

1260–1261 жылдары Шағатайдың немересі Алға-хан (Алгу, Алгуй) Жошы мен Құлағудың ұрпақтарымен өзара соғысып Ұлысты қалпына келтіріп қазіргі ауған жерін өз қолына қайтарады. Ол Шағатай ұлысының бесінші ханы болды (1260–1265). Жалпы Шағатай әулеті оңтүстіктегі Құлағу (1256–1265) және шығыстағы Құбылай әулеттерімен соғысып жүрді.

Шыңғысханның шөпшегі Барақ-хан Шағатай ұлысының алтыншы билеушісі (1265–1271) болғанда Хорасан мен Систанға жорық жасаған. Барақ-ханның баласы Дуайын (Туанбек) 1282–1307 жылдары Шағатай ұлысының тоғызыншы билеушісі болып 1295 жылы Пәнжабқа шабуыл жасайды. Одан кейін ол Делһи сұлтандығына бір-неше рет басып кіретін. Сөйтіп 1303 жылы оның серігі, әскери қолбасшы ханзада Торғай, ал 1305 жылы Дуайынның баласы Кебек Үндістанға біраз жорық жасады.

Содан кейін Кебек 1318–1326 жылдары Ұлыстың он бесінші билеушісі болды. Ал оның алдында ұлыстың он төртінші билеушісі Есен-Бұқа (1310–1318) 1315 жылы Елхан мемлекетіне (Құлағу ұлысы) басып кіріп Ғиратқа дейін жетеді. Сонымен Дуайынның немересі Дәуітқожа ауған жерінде біржолата тұрақталып ие болды. 1326–1334 жылдары Шағатай ұлысын басқарған Тармашырын-хан Үндістанға бірнеше жорық жасап ауған жерін өз бақылауында ұстауға тырысты.

Сөйтіп Шыңғысхан үнді жеріне жорық жасағанда ауған елі арасында оның көптеген әскері қалды. Оның сарбаздары отбасы, әулеті, руы, тайпасымен бос жерлерге қоныстанған. Ауғанстан жерінде қалыптастанып жатқан хазара халқы Шағатай әулетінің Үнді (Делһи сұлтандығы) мен Иран (Елхан мемлекеті) көршілеріне қарсы қолдау көрсету және адам ресурстық базасы болып пайдаланды.

Ауған елі арасына орналасқан Шыңғысхан сарбаздарының саны мыңнан асқан соң оларды *хазара* деп атады. Шынында парсы тілінде *hазара* мың деген мағына береді. Бірақ *хазара* сөзінің шыққан нұсқасы басқа да болу ықтимал. Парсы тілінде Каспий Хазар теңізі деп аталады, өйткені оның солтүстік жағалауында 650–969 жылдары Хазар қағанаты болып гүлденген. Хазарлар түркі тілдес халық болған. Соған қарағанда Каспий теңізі сол түркі мемлекетіне толық тиесілі болған. Ал парсыларда теңіздің оңтүстік жағалауын қайтара алуға күші жеткілікті болмады. Сөйтіп парсылар мен оғыз түркілер Каспий теңізін әлігі күнге дейін Хазар теңізі деп атайды. «Сонымен отырықшы парсы тілдес халқы сол хазарлар мен Шыңғысханның қолында болған түркілерді тілін, нәсіл бейнесін және көшпелі тұрмыс қалпын салыстырып, олардан өзара ұқсастық тауып хазара деп атаған болу да мүмкін» (Қыдырбекұлы, 1997: 530).

Сонымен, еуропалық және бұрынғы кеңес тарихнамасында хазаралар моңғол халқынан шықты деп айтылады және қазіргі халха-моңғолға жақын дейді. Ал ол шынымен солай ма?

В. Бартольд былай айтады: «Таулы елді жаулап алу және қуатты Ғор бекіністерін басып алу моңғолдарға үлкен еңбек жұмсады; түпкілікті жаулап алғаннан кейін елде моңғол жасақтары қалды, бірте-бірте жеңілгендердің тілдерін қабылдады. Сірә, олар кейіннен осында қоныстанған басқа моңғол жасақтарымен қосылып, басшыларының атымен аталған;

бұлардың ішінде XIII ғасырда осы жерге келіп, алғашында Шағатай нояны Некөдердің жасағын құраған некөдерліктер тарихта ерекше аталып өтеді; Некөдер Персияны жаулап алған Құлағуға қызмет етті, бірақ кейін оны сатып кетті. XVI ғасырда Бабырдың тұсында Кабүлдің батысындағы тауларда тұратын хазарлар мен некөдерліктердің бір бөлігі моңғол тілінде сөйлеген» (Бартольд, 1971: 97–98).

Тарихи дереккөздерде Некөдер Шағатай әулетінен шыққан ноян делінеді. Ол әуелі Алтын Орда ханы Беркеге (1256–1266) қызмет еткен, ал одан кейін Құлағу-ханға ауысқан. Құлағу мен Беркенің арасында өзара соғыс басталғана Некөдер Берке-ханды қолдады. Ол Ғазниден Құлағуға қарсы соққы берді. Сөйтіп Некөдер Құлағуды жеңген соң әскерімен Ғират пен Кәбүлдің арасына орналасты. Оның мыңдаған әскері отбасы-аулымен оның атымен аталып Шағатай ұлысына кіреді. Олардың сөйлеген моңғол тілі Шыңғысхан заманындағы түркі тілі болатын.

Сол кеңес тарихнамасында Шыңғысханның жүз мың әскерінде таза моңғолдың (қазіргі халха-моңғолдардың ата-бабалары) саны төрт-ақ мың болатын деп делінген. Бұл фактіні ғалымдар жоққа шығара алмады. Ал онда қалған тоқсан алты мыңы кім болды? Әрине, түркілер. «Егер отыз мың татарды шығарып тастасақ, Шыңғыс, Батый қолындағы жарты миллион сарбаздың бәрі де қазіргі қазақ руларының адамы еді» (Қыдырбекұлы, 1997: 530). Сонда Шағатай мен Құлағу сарбаздарының басым көпшілігі түркі тайпалар болғанын білдіреді.

Ал қазіргі халха-моңғол халқы Шыңғысханның немересі Құбылайдан кейін пайда болды. Ол кезде Құбылайдың ұлысына (1271–1294) барлық Қытай (қазіргі Шыңжаннан басқа), Корея, Моңғолия және Шығыс Сібір кіретін. Оңтүстік Қытайдан Құбылай ары Үндіқытайға жорық жасады, ал Шығыс Қытай мен Кореядан Жапон аралдарына қарай шабуыл жасауға тырысты. Сонымен Құбылай өзінің әулетін Юань деп атағанда ұлысы Ұлы Юань мемлекеті (1271–1368/1370) делінді. Халха-моңғолдар тұңғыс-маньчжур халықтарына жақын болатын. Кейін XIV ғасырдың басында ежелгі сәнбилерден (шивей) тараған тайпалар солтүстік-шығыстан көшіп келіп түркі тайпалардан қалған бос жерлерге қоныстанады. Саны аз болып қалған түркі тайпалар солардың ішіне сіңіп кетті, бірақ келген тайпалар біржолата мал шаруашылыққа үйреніп түркілердің біраз мәдени тұрмыстық әдістерін алды (мысалы киізүй). Оған дейін олар көбінесе аңшылықпен айналасқан. Халха және оған жақын бурят пен қалмақ тілдерінде түркі сөздер анда-санда кездесіп тұрады. «Мы можем констатировать, что т.н. «древнемонгольский» язык, на котором будто бы говорил Чингисхан, есть язык предков казахов, XIII века, а современный монгольский язык имеет мало общего с языком монголов Чингисхана» (Закирьянов, 2013: 135). Осылайша, хазаралар қазіргі моңғолдардың ұрпақтары дегені орынсыз.

1979–1989 жылдары кеңес интервенциясы болғанда кеңес әскерінің ұлты қалмақ солдаттары хазараларды көріп және олардың кейбір сөздерін естіп өзіне жақындығын тапты деді. Бұл шынында солай ма? Қалмақтар немесе ойраттар (батыс моңғол) түбінде түркі болғаны анық. Оны ежелгі деректер дәлелдеп растайды. «Говоря об ойратах-дорбентах, все исследователи, названные Златкиным, не отметили, по-моему, главного в происхождении ойратов, а именно они, согласно «Сокровенному сказанию монголов», происходили от четырех сыновей старшего брата Табын-Мергена, Тува-Сокыра, и они оба были из рода кият, согласно Рашид-ад-Дину. Так вот, в «Сокровенном сказании» говорится о том, что от четырех сыновей Тува-Сокыра пошло так называемое, «четвероплемение» дорбенов. В союз ойратов-дорбенов, о котором идет речь, в разное время входили роды чорос, хошоут, торгоут, хойт, олед и т.д.» (Закирьянов, 2013: 144–145).

Тек кейінрек, Құбылайдан кейін олар моңғолдандыруға ұшыранған. Бірақ XVII ғасырдың басынан бастап ойраттар халха (шығыс моңғол) туыстарымен араздасып бір-біріне жау болды. Ойраттардың бір бөлігі Қазақ хандығы арқылы Еділ өзенінің оң жағына қоныстанып орыс мемлекетінің құрамына кірді. Олар халха мен қазақ халықтарының

арасында жүріп *қалмақ* деп аталып кеткен. Сөйтіп орыс мемлекетінің ішінде ойраттар Қалмақ хандығын құрды. XV–XVIII ғасырларда ойраттар қазақтармен мерзімді түрде көптеген соғыс жүргізген. Содан бері ойраттар (қалмақ болсын, жоңғар болсын) тарих пен әдеби мұраларда қазақтың ата жауы ретінде айтылып келеді, өйткені олар Шыңғысханның атын құрметтемей өзінің түбін ұмытқаннан болу керек.

Рашид ад–Дин Хамадани, Заһириддин Бабыр, Әбілғазы Баһадүр-хан, Қазыбек бек Тауасарұлы және т.б. атты орта ғасырлық тарихшылардың айтуы бойынша сол замандағы моңғолдар шынында түркі болған деп мәліметтерінде жазылған. Кеңес заманында олардың шығармаларында *моңғол* сөзі бойынша аударма біраз бұрмаланған. Сондағы моңғолдар қазіргі халха-моңғол деп көрсетілмекші болатын. «Никаких монголоязычных племен в современном понимании во времена Чингисхана в Монголии не было. Выполняя волю своего предка Кабул-хана, который еще в 1130 году создал первое объединение Хамаг Монгол («Все монголы»), Чингисхан на всенародном Курултае в 1206 году предложил объединенным им тюркским племенам называться именем «монгол». И это новое, собирательное название или новый политический термин всеми племенами было принято с пониманием, т.к. не ущемляло ничьих интересов. С этого момента (1206 г.) все многочисленное воинство Чингисхана стало гордо называть себя монголами, а свою Родину – Монголией. Тайчиуды – родное племя Чингисхана и соседние племена: меркиты, татары, кереиты, джелаиры, найманы, коныраты, онгуты, онгиты, кидане составляли один кочевой народ с общей культурой и общим языком – тюркским» (Оловинцев, 2013: 287).

Сондықтан хазараларда таза моңғол (моңғол-маньчжур) ықпалы өте аз, олар қазақтармен бірдей болу керек. Хазаралар қазақтармен бірге тұран нәсіліне жататыны айқын. Ішінара екуі де отырықшы халықтармен (тәжік пен сарт) араласқан. Хазара мен қазақтың жақындығына күман жоқ. Оған көптеген дәлел бар.

Хазара халқы негізінде өрузгәни, жәгури, полади, бесұд, дәйзәңгі, якулеңгі, дайгүнді, шайыхәли атты сегіз тайпаға бөлінеді. Бірақ олар шынында тайпа ма, не тайпалық одақ па? Тарихшы Айболат Құшқымбаевтің мәліметі бойынша хазаралардың ішінде көптеген тайпалар бар: алчин (алшын), бахрин (бақырын не барын), барлас, баймауыт, болағычи (бұлақшы), боржиғай (боржығын), чилжиуыт (шылжуыт), дай-беркә (дайберке), дай-чупан (дайшопан), дай-хитай (дайқытай), гүрлат, жағори, жалайыр, жәмшади (жәмшиди), жед, жырғай, керейіт, халауыт, кірігу, меркіт, мәске, науи, найман, некпай, никудери, оңғұт, қаландари, қарабағи, қарабатыр, қарлұқ, қарқын, қатаған, қазақ, қыпшақ, қырғыз, құлбарыс, шибаргі, тамәкі, танулы, татар, таймани хазара, телеу, толайхан хазара, тұмай, түрікмени, үйшін (үйсін), ұйғыр, ойрат, уоқы, йомыт. Сондықтан бұл тайпалар сол сегіз ірі тайпаның ішіне кіріп бөлек тайпалық одақ құрады.

Бірақ хазаралар өзінің нәсілі мен ру-тайпалық жүйесін сақтағанымен өз түркі тілінен біртіндеп айрылды. Оның себептері олар көшпенділіктен жартылай көшпелі салтына көшуі және дәри (ауған парсы) тілі басым болғаны. «Бамиян тұрғындары екі тілде сөйледі: парсы және пұшты (ауған). Алқаптың халқы негізінен хезара тайпасынан тұрады» (Бартольд, 1965: 65). Бірақ ислам дінін қабылдағанда олар Иранда сықылды шиит (шиға) тармағын таңдаған.

1326 жылы Шағатай ұлысында ислам ресми дін болып жарияланды. Оған дейін мұсылмандықты жеке түрінде Мүбарәк-шаһ (Қарақұлағудың ұлы) және Барақ-хан ұстанатын. Осы жылдан бастап Шағатай әулеті көбінесе ислам дінін қабылдады. Ислам дінін соңғы қабылдаған Шағатай ұлысының құрамынан 1347 жылы шыққан Моғолстан ханы Тоғылық-Темір болды. Сонымен Шағатай әулетімен бірге келген көшпелі тайпалар да ислам дінін толық қабылдады.

Шағатай (1183–1242) басынан бастап өзінің ұлысын құрғанда жергілікті ислам дініне қарсы тұрмаған. «Таким образом, можно сказать, что хотя сам Чагатай и не был приверженцем Ислама, или не покровительствовал ее распространению среди монголов, возможно даже и воспрепятствовал, все же процесс оседания на землю кочевников начался

ещё при нем, несмотря на то что сам он придерживался кочевого образа жизни, а административными делами в улусе занимались мусульмане, что говорит о том что все же в какой то мере учитывались взгляды местной элиты, что возможно в дальнейшем послужит точкой опоры для полной исламизации и оседания на землю при следующих правителях» (Давлатов, 2021: 934–935). Шағатай ұлысы ыдыраған соң оның орнында 1347 жылы пайда болған Моғолстанда халқының маңызды бөлігі мұсылман еді. Одан кейін исламды Моғолстанның бірінші ханы, Шағатайдың ұрпағы Тоғлық Темір 1353 жылы қабылдап хандықтың ресми діні қылды.

1501 жылы иран елін билеген Сәфәуи әулеті шиит бағытын мемлекеттік дін қылып жариялады. Сөйтіп XVI–XVII ғасырларда парсы халқы толық шиғалыққа көшті. Сәфәуилердің діни ықпалы хазара мен кейбір пұштын тайпаларына (тури және зазы (жажы), орәкзайы, бәңгаш тайпаларының бөлек руларына) да жетті. Жалпы, шииттік ислам VII ғасырдың екінші жартысында пайда болып дамыды. Қазіргі күні шииттер мұсылмандардың 10–15 пайызын құрайды. Негізінде ол Ирандағы парсы, әзірбайжан, қашқай, афшар, лұр, бахтияр, мазандыран, гилән халықтары; және Памир тәжіктері, Ирақ пен Йемен арабтары. Кейбір сүнни мемлекеттерде саясаттандыру себебінен шиит азшылығы кемсітуге ұшырады. Оның ішінде хазаралар да бар.

Хазаралардың тұрмысы айналасында мекендейтін тәжік халқына жақын. Бірақ өздерінің ұлттық киімінде (таулы ауған киіміне негізделген) орталық азия элементтері байқалады. Жалпы еркектер ауған еліндегі әдет бойынша киінеді. Тағамдары ауғанша болғанымен ет пен сүт өнімдерін көбірек пайданалады. Музыкалық салада күнделікті өмірде хазаралар ауған аспаптарын қолданады. Бірақ дутар, рубабпен бірге оларда өзінің шертпелі екі ішекті аспабы бар, ол *домбыра*. Дыбысы қазақтың домбырасымен бірдей. Домбыра хазаралардың мәдениетінде ерекшелігін көрсетеді және қазаққа жақындығын білдіреді. Сондықтан моңғолдың екі ішекті *топшур* аспабы хазараның домбырасына ұқсағаны мүлдем аз. Ал қалмақтар домбыраны қазақ пен ноғай халықтарынан алып қабылдағаны өте анық көрінеді. Сонымен қатар домбыра тәжік музыкалық мәдениетінде де кездеседі (*дүмбүра/дүмбірәк*).

Сегіз ғасыр бойы хазаралар ауған қоғамына әбден интеграцияланған. Тіл, мәдениет және тұрмыс бойынша айналасындағы халықтардан айырмашылығы өте аз. Ауған басшылығы кейде оларға нәсілшіл көзқараспен қарайтындай. «Наделяя пуштунские племена и таджикское население страны статусом «коренных» народов, пуштунский этнонационализм «выводил» из числа «автохтонных» другие крупные общности: узбеков, туркмен, белуджей и др. Хазарейцев стали считать потомками пришлых «монголов» и на этом основании перестали относить их к «истинным» жителям Афганистана» (Сеитов, 2021: 232).

Хазаралар өзін ауған елінің байырғы тұрғындары деп санайды. «Для подтверждения своего автохтонного происхождения хазарейцами активно используется буддийское прошлое региона: в числе своих предков хазарейцы признают население в прошлом локального центра буддизма провинции Бамиан в пределах Хазараджата (Verardi, 2012). Доказательством тому служат две статуи Будды VI в. н.э., уничтоженные движением Талибан в 2001 г. Уничтожение талибами этих статуй в Бамиане, по мнению многих хазарейцев, – акт уничтожения их исторической памяти (Husseini 2012)» (Сеитов, 2021: 231).

Бамиян уалаятындағы Будда мүсіні шынында VI ғасырда салынған. Ол Гандһара үнді мәдениетімен құрылған. Бірақ Будда мүсіні III ғасырда Кушан мемлекетіне байланысты пайда болған деген ой да бар. Ол кезде буддизмнің өркендеу заманы болғаны белгілі. Бұрын тарихи ғылым моңғол жаулаушыларының Бамиян өлкесіне қоныстауы символдық сипатқа ие деп есептеген. Бірақ олар будда дінін де, мұсылман дінін де ол уақытта қабылдамаған. Кейін буддизмді Қытайды билеген Құбылайдың ұрпақтары ғана қабылдаған. Ал халха мен ойраттар будда діннің ламаизм тармағын тек XVI ғасырда ғана қабылдады. Сонымен,

хазаралар халха моңғолға жақын дегені тағы да орынсыз деп дәлелденеді. Өкінішке орай, бұл Будда мүсінін 2001 жылы тәліптер қиратып тастаған, бірақ хазаралардың тарихи жадына бәрібір жатпайды. Бұл жерде исламға дейін буддизмді шығыс иран халықының бір бөлігі ғана ұстанған.

Ресейлік зерттеуші Э. Сеитов иран тарихшысы С.А. Мұсауидің мынандай пікірін келтіреді: «С.А. Мусави в своей монографии 1997 г. выдвинул оригинальную версию, предполагающую существование древней цивилизации Бамиана, которая и стала отправной точкой в этногенезе хазарейцев. С.А. Мусави отметил, что этот регион, имевший важное стратегическое значение, часто упоминается в различных письменных источниках. Существенное влияние на демографические процессы, согласно автору, сыграло переселение в Хазараджат буддийских монахов из Тибета, которые распространили свою религию среди местного населения. В X–XV вв. на хазарейцев оказали культурное влияние пришлые тюрко-монгольские племена (Mousavi 1997: 37–43)» (Сеитов, 2021: 231–232). Құлағу-хан буддизмге бейім болған деген мәлімет бар. Бірақ мұсылман аймақтарындағы түркі-моңғолдар ол кезде будда дініне толық кірмекші дегені қателікке апарады. Сібірдегі түркі тувалықтар буддизмді тек XVIII ғасырда ғана қабылдағаны белгілі.

В. Бартольд түркілер мен моңғолдардың (қазіргі күнгі) аражігін ажырататын, бірақ Шыңғысхан заманындағы моңғол әскері түркі болғанын көп айтпады. «Түріктердің Орталық Азиядағы ең жақын көршілері монғолдар мұсылман елдеріне салыстырмалы түрде аз болып келді, сондықтан бірте-бірте тілдерінен айырылды; XVI ғасырдың аяғында Ауғанстанның солтүстігіндегі хезаралар моңғол тілінде сөйледі, содан бері олар иран диалектісін қабылдады…» (Бартольд, 1966: 247). Егер сол заманда моңғолдардың саны тым аз болса олар өзінің тілінен XIII ғасырда түркілердің ортасында жүріп айрылған. Сондықтан олар XVI ғасырда моңғолша сөйлегені мүмкін емес. Ал бұл хазаралар парсыланған түркі дегенді білдіреді.

Кеңестік кезеңде В. Массон мен В.Ромодин берген мәтіндер екіұшты болып көрінсе, енді олар келтірген дереккөздерге сүйене отырып, хазарлардың түркі текті екенін анық көрсетеді: «Сами хазарейцы часто утверждают, что они «моголы» и происходят от монголов Чингисхана. Однако трудно судить, основаны ли такие утверждения на своих преданиях или отражают почерпнутые из исторической литературы традиции и представления начитанных таджиков и персов. Во всяком случае само название «моголы» укрепилось среди хазарейцев уже давно. Об этом можно судить по отмеченному в этнографической литературе факту: слово «могол» употребляется хазарейцами для обозначения человека, который умеет себя хорошо вести, а «не-могол» («намогол») имеет противоположный смысл. В материальной культуре северных хазарейцев, отличающихся во многом от основной часта этого-народа, наблюдается сходство с материальной культурой узбеков Каттагана. Собственные представления и предания северных хазарейцев подтверждают их близость к тюркам. В наши дни хазареец племени шейх али из Горбенда заявил в беседе с датским этнографом Клаусом Фердинандом, что его соплеменники – тюрки. Одно из подразделений хазарейцев («туркмены») также называют себя тюрками. С течением времени хазарейские племена, воспринимая язык коренного населения занятых ими земель или соседних территорий, полностью или почти полностью утратили монгольский и тюркский языки, на которых говорили их предки. Хазарейцы – единственный сейчас ираноязычный на род с ярко выраженными антропологическими монголоидными чертами» (Массон, Ромодин, 1964: 291).

Ал хазараларға жақын чараймақтар таймани, фейрузкуһи, жәмшид, теміри, хазара-кәлаи-нау (аймақ-хазара) тайпалардан құрылған. Хазаралардан айырмашылығы олар исламның сүнни тармағын ұстанады, бірақ дәри тілінде сөйлейді. Бұрынғы кеңес тарихнамасында хазаралардың тегі моңғол делінсе, чараймақтар таза түркілерден шықты деген-ді. «По своему происхождению чараймаки близки к хазарейцам; группа эта возникла в результате ассимиляции коренного таджикского населения пришлыми тюрко-монгольскими

племенами. Тюрко-монголы переняли у местного населения язык, но сохранили полукочевой образ жизни. О близости чараймаков и хазарейцев свидетельствует наличие у тех и других одинаковых племенных или территориальных названий. Среди хазараи-калайи-нау есть племя дайзанги, как и среди хазарейцев Хазараджата. В то же время небольшая группа хазарейцев, живущих по южным склонам хребта Кухи-Баб в верховьях Гильменда, носит название теймуров (тимури)» (Брук, 1981: 380–381). Ал шынында осы екі халық түркі тайпалардан тарайды, бірақ қазіргі атаулары көбінесе парысша.

В. Бартольд чараймақтардың хазараларға жақындығын табады: «Ауғанстанда «чар (чаһар) аймақ» («төрт аймақ») төрт көшпелі халыққа (жәмшидтер, хезаралар, фейрузкуһилер және тейменилер) қатысты» (Бартольд, 1968: 489). Чараймақтың ішіндегі *хазара* деген атаумен В. Бартольд аймақ-хазара тайпаны білдіруде.

XIX ғасырдағы орыс деректерінде чараймақтар түркі мен тәжіктің түсініксіз қоспасы ретінде сипатталған: «Точно также и живущие по соседству с Газарехом аймаки, сборище диких разбойничьих племен, составляют ветвь таджиков и также, как они, сунниты» (Энциклопедический словарь, 1890: 54). Шынында чараймақтардың хазаралардан айырмашылығы олардың көбінесе тәжік халқымен араласып кеткені. Дегенмен, чараймақтар жартылай көшпелі салтын ұстанады және олардың тұрғын үйлері (чаппари) киізүйге ұқсайды. Қысқы уақытты олар кәдімгі ағаш аралас балшықтан жасалған үйлерде өткізеді. Чараймақтар негізінде Ауғанстанның солтүстік-батыс аймақтарында мекендейді (Ғор, Ғират, Бадғис). «Таулардың солтүстік беткейлерін қазір көшпелі және жартылай көшпелі халықтар алып жатыр: байқағанымыздай иран текті жәмшидтер және XIII ғасырда осында келген ирандалған моңғолдар немесе хезаралар» (Бартольд, 1971: 71).

Жәмшидтер тәжіктермен едәуір араласқан, бірақ рулық бөліністерін сақтап қалған түріктердің ұрпақтары болуы керек. Бұл фейрузкуһилерге де қатысты, өйткені ол олардың өз атауларынан байқалады. Ал теміри мен аймақ-хазараға келетін болсақ, оларда түркі элементі басымырақ, өйткені ол да олардың атауларында байқалады. Сондықтан аймақ-хазарлар чараймақтарға сіңіп кеткен хазарлардың ұрпақтары. Темірилердің ішінде қыпшақ деген бөлімшесі бар. Сонымен, чараймақтар да хазаралар сияқты тайпалық одақтан құрылғаны анық.

XIX ғасырда орыс деректері мынандай мәлімет береді: «Население страны Газарех, живущее на западе от границ собственно Афганистана и состоящее приблизительно из 360 000 человек, составляют берлы, ветви монгольского племени узбеков времен Тамерлана, говорящие на старинном персидском языке и исповедующие, подобно персам, шиитскую веру» (Энциклопедический словарь, 1890: 54). Мұнда «моңғолдың өзбек тайпасы» дегені түркілерді білдіретіні анық. Берлілер чараймақтарға жақын болу керек, бірақ олардан біршама оқшауланған. Берлілер Ауғанстанның оңтүстік-батыс аймақтарында мекендейді.

Ресейлік тарихшы Р. Әбдуманапов қыпшақтар Ауғанстандағы түркі халықтарының (негізінен өзбектер) ғана емес, хазарлар мен чараймақтар арасында да болғанын айтады. «Продвижение собственно кипчаков, а также чагатайских и узбекских кипчаков в Афганистан приводит к включению кипчакского этнического компонента в состав народов этой страны – чахар-аймаков, аймак-и дигар и хазарейцев» (Абдуманапов, 2025: 164). Ол өз кезегінде өзбек тарихшысы, зерттеушісі Р. Рашидовқа сілтеме жасайды, өйткені ол Р. Әбдуманаповтың өзі сияқты чараймақтар арасында түркі қабатының үстемдігін көрсетеді (Абдуманапов, 2025: 164).

Сонымен Р. Әбдуманапов мынандай қорытындыға келеді: «есть основания полагать, что кипчакские племена вместе с другими тюркскими и монгольскими племенами, а также различными местными этническими образованиями стали основой формирующихся в этот период чахар-аймаков, аймак-и дигар и хазарейцев. Кочевой образ жизни этих народов, использование специальных шатров и юрт, данные лингвистики, а также физической антропологии говорят о том, что именно тюрко-монгольские племена стали их основой»

(Абдуманапов, 2025: 169) Қыпшақтар Ауғанстанға үш-төрт толқынмен келген: моңғол дәуіріне дейін (қарлұқтармен бірге), Шыңғысхан тұсында (қазіргі хазаралардың бөлігі), Темірдің жорықтарында (чараймақтар), өзбек тайпаларының қоныстануы кезінде (Бәліх аймағында).

Ауғанстанда хазара мен чараймақтармен бірге ортақ тегі бар моғолдар да тұрады. Сонымен моғол деген қандай халық? Неге олар хазара мен чараймақтардан бөлек тұрады? Бабыр Кәбұлстан жөнінде былай жазады: «В Кабульской области живут различные племена. В долинах и равнинах живут аймаки, тюрки и арабы; в городе и некоторых деревнях живут сарты, в других деревнях и областях обитают [племена] Пашаи, Параджи, Таджики, Бирки и Афгани. В горах Газни живут племена Хазара и Никудери; среди хазарейцев и никудерийцев некоторые говорят на монгольском языке (Бабур-наме, 1992: 145–146). *Сонда моғол тілі деген қандай тіл*?

В. Бартольд *моғол* мен *моңғол* сөздерінің арасындағы айырмашылықты түсінуге тырысады: «Бір қызығы, Темір патшалығының көшпелілері *Шағатай* атауын сақтап қалды, дегенмен шығыс аймақтарда Шағатайдың ұрпақтары саналатын хандар әлдеқайда маңызды болды. Бұл аймақтардың көшпелілері моғолдар, ал олардың елі Моғолстан деп аталды. Моңғол мәтіндерінде ылғи *моңғол* деп жазылса да, Орта Азиядағы моңғолдардың кең тараған атауы әуел бастан-ақ *-ң* әрпісіз осылай айтылады. Батысқа қоныс аударған, әлі күнге дейін тілін сақтап қалған моңғолдар (бұл тайпа Ауғанстанда тұрады) өздерін моғол деп атайды. Өздерін ортаазиялық көшпелі дәстүрдің таза өкілдері деп санаған моғолдар шағатайлықтардың аралас текті халқын менсінбей, метистер (қараунастар) деп атаған; екінші жағынан шағатайлықтар Орта Азия моңғол мемлекеттілігінің дәстүрлерінің өкілдері ретінде моғолдарды қарақшылар (*жете*) деп атаған. Еуропалық ғалымдар кейде ежелгі геттерге қатысты деп түсіндіруге тырысатын бұл атау, біз көріп отырғанымыздай, XV ғасырда түрік Орталық Азиядағы *қазақ* сөзімен бірдей мағынада – өздері тиесілі мемлекеттен бөлініп, онымен соғысып жатқан көшпелілер отрядтарын білдіру үшін қолданылған» (Бартольд, 1968: 169-170). Мұнда В. Бартольд Мұхаммед Хайдар Дулатидің мәліметіне тіреледі. Сонда *моғол* да, *қазақ* та ол кезде этноним ретіне қолданбаған.

Сонымен тарихи шатасу *моңғол* сөзі парсыша *моғол* болғандықтан пайда болды. Тарих ғылымында моғолдар хазара халқынан айырмашылығы моңғол тілін сақтап, қараунас немесе қарауындар деп аталған некөдерлерден (Шағатайдың немересі Некөдердің атымен аталған) тараған деп есептелетін. Ресейлік зерттеуші Н. Жуковская оны былай растайды: «В Афганистане также проживают моголы. О них много противоречивой и запутанной информации. В частности о моголах говорят, то они до сегодняшних дней сохранили монгольский язык. В то же время есть сведения, что у них доминируют европеоидные черты» (Жуковская, 1999: 348).

Марко Полоның айтуы бойынша қараунастар Парсы еді шекарасы бойымен көшіп журген. Олар Шағатайдың немересі ноян Некөдердің төңірегіне топтасқан. Сонымен қараунастар XIII ғасырдың екінші жартысында пайда болып қалыптасқан. Ол уақытта Шағатай мен Құлағу өзара соғысатың. Сонда Некөдер туралы былай айтылған: «Он был одним из военачальников монгольской армии, направленной в 1249 г. в сторону Индии и Систана. В начале западного похода Хулагу, в 1256 г., Никудер вместе с Кут-букой возглавлял левое крыло его армии» (Арапов, 2004: с. 61).

Қараунастар чараймақтарға ұқсас болып тұр, өйткені олар жергілікті парсы халқымен араласқан. «После ухода Никудера вместе с семьёй и ближайшими соратниками в области Кермана и Юго-Восточного Хорасана возникает самостоятельное военно-кочевое объединение караунасов, известное как Никудерийская орда. На протяжении двух веков караунасы были исключительно дееспособной военно-политической силой Чагатайского улуса. Занимая стратегические области в окрестностях Гиндукуша, они контролировали основные трассы между Индией, Средней Азией и Ираном. Это обстоятельство включало их

в важнейшие политические события XIII–XV вв.» (Арапов, 2004: 67). Сонымен қараунастар Шағатай ұлысында маңызды орынға ие болған.

Кейінгі ауған моғолдары туралы былый делінген: «Мұрғабтың жоғарғы ағысында да өзін моңғол деп атайтын, бірақ парсы тілінде сөйлейтін тайпа өмір сүреді; көршілерінің арасында бұл тайпаның өкілдері, Феррьенің айтуы бойынша, сежерахи деген атпен белгілі (арабша *sehara, sahra* (дала, шөл) сөзінің көпше түрі)» (Бартольд, 1971: 98). Бұл қараунастар болса керек.

Ресейлік зерттеуші В. Кисляков Ауғанстанның моғолдарын моңғолдармен байланыстырады: «Проблема происхождения моголов и вопрос о времени появления их в Гуре еще окончательно не решены. Возможно, что в их этногенезе принимала участие так называемая Никудерийская орда, которая появилась в Гуре между концом XIV и началом XVI в. Во всяком случае не вызывает сомнения, что в образовании могольской народности принимали участие какие-то монгольские племена» (Кисляков, 1973: 137). Моғолдардың қазіргі күнгі негізігі мекені Ауғанстанның Ғор уәлаяты.

Сонымен бірге ол моғолдардың ішіндегі түркі тайпаларды айта кетеді: «В нескольких районах Афганистана моголы составляют значительную часть местного населения. В Гуре большинство их живёт в полностью могольских селениях, расположенных в основном к югу от административного центра Гура – Тайвары. Западную часть Гура населяют моголы племенного подразделения бургути, а восточную – представители другой племенной группы моголов – аргуни» (Кисляков, 1973: 137–139).

Моғолдар хазара мен чараймақтар сияқты басқа ауған аймақтарында да мекендейді. «Моголы живут также в Гератской провинции. Это наиболее крупная группа моголов Афганистана. Могольские деревни в Герате в отличие от поселений Гура разбросаны и по периферии оазиса. Моголы живут также в районе Меймене и на территории бывшей Каттаганской провинции» (Кисляков, 1973: 137–139). Сонда қазіргі ауған моғолдардың ортағасырлық Моғолстанға қатысы бар ма деген сұрақ туындайды.


Мәуереннаһрдың көшпелі мен отырықшы тұрғындары шағатай халқы деп аталды. Шағатай ұлысының ірі тайпалары дулат, жалайыр, қаушын және барлас болатын. Кейінрек олар Моғолстанның негізгі халқын құрды. Одан кейін *шағатай* деп Әмір Темірдің өлімінен соң Мәуереннаһрдың түркітілдес халқы мен элитасын атаған. Кейін қөшпелі өзбектердің келуімен мұндағы жергілікті халық (бұрынғы қарлұқтармен бірге қосқанда) шағатай деп те атала берді. Жоғарыда шағатайлар қараунас деп айтылған. Сондықтан Шағатай ұлысының ішінде (Орталық Азия мен Ауғанстанда) шағатайлар немесе қараунастар мекендегені белгілі.

Егер шағатайлар түркі-тәжік аралас және жартылай көшпелі халық болса, моғолдар таза түркі болатын. Қазақстандық тарихшы және шығыстанушы В. Юдин Моғолстан және моғолдар жөнінде нақты айтады: «Сохранились и образцы речи моголов, и имеются другие свидетельства об их языковой принадлежности. Все они говорят за то, что могулы были тюркоязычны» (Юдин, 2001: 105). Ал моңғол тілінде сөйлеген моғол деген сонда кім болады?

В. Кисляков моғолдардың таза моңғол текті екеніне сенімді: «В ряде мест до настоящего времени сохранился и особый язык, называемый могольским. Он относится к так называемым «окраинным диалектам» монгольского языка. Более, чем другие монгольские диалекты, могольский язык сохранил ряд архаических черт, характерных для среднемонгольской эпохи, и напоминает монгольский язык XIII–XIV вв. В могольском языке частично сохранились древние монгольские гласные, а в области морфологии незаметно никакого чужого влияния. Его словарный состав испытал очень большое влияние со стороны языков окружающего населения (особенно различных иранских языков, в том числе и таджикского). Очень заметно чужое влияние в синтаксисе. По своему вероисповеданию современные моголы – мусульмане-сунниты» (Кисляков, 1973: 139).

Ресейлік ғалым А. Тюрин моңғол тілінде сөйлеген ауған моғолдарының пайда болғанын басқа фактілермен байланыстырады. Ол хазараларға XVII–XVIII ғасырларда Ауғанстанға келген кейінгі моңғолдарды (қалмақ немесе ойраттар) қосады: «По результатам нашего исследования можно сделать следующие выводы: 1. По естественнонаучным данным (этнография, этническая антропология, популяционная генетика), однозначно установлено: в этногенезе хазарейцев приняли участие и монголы; 2. По данным популяционной генетики, при опоре на письменные свидетельства хазарейцы являются потомками одного рода ойратов и ближайшими генетическими родственниками волжских калмыков. Они пришли на территорию Афганистана не ранее XVII в.; 3. По письменным свидетельствам, на территорию Афганистана (в Бадахшан) в 1759 г. пришли калмаки Джунгарского ханства (3 тыс. семей); 4. Потомки калмаков, получив этноним «хазара», расселились на территории Афганистана (Бадахшан, афганский Туркестан, Хазараджат) и северного Пакистана» (Тюрин, 2024: 47). Бір қарағанда, оның мәлімдемелері хазаралардың моңғол және түркі тектері арасында шатасушылық тудырады. Хазаралардың кейбір ата-бабалары шынында да қалмақтармен бір тайпалардан болған. Бірақ бұл тайпалар тек XIV ғасырда ғана моңғолданған және сөйтіп нәтижесінде түркі-моңғолдар моңғол-манчжурға айналған.

А. Тюрин сонымен хазаралардың арасындағы моңғолтілдес моғолдарды анық атап көрсетеді: «В начале XX в. газаринцы (одна из форм этнонима хазарейцы) Гиндукуша «чистые монголы, сохранившие монгольский язык и характер от окружающих влияний и не смешавшиеся с другими народностями» (Гамильтон, 1908: 112). Аймаки сунниты. Проживают в западной части Гиндукуша. Немногочисленная популяция моголов рассеянна по Афганистану островками. В середине XX в. их могольский язык еще сохранился в нескольких деревнях в долине Герируда вблизи Герата (Дебец, 1967: 88). В других регионах моголы имеют воспоминание о том, что их предки два-три поколения тому назад говорили по-могольски. По контексту понятно, что речь идёт о монгольском языке» (Тюрин, 2024: 39–40). Ал бұл моғолдар Жоңғар хандығынан Цин империясының, Қазақ пен Бұхара хандықтарының қысымымен қашқан ойраттардың ұрпақтары, өйткені хазаралар мен чараймақтар XIV–XV ғасырларда тілінен айырылған.



1–сурет. Хазаражат – қазіргі Ауғанстан аумағының орталық бөлігінде орналасқан тарихи таулы өңір / https://www.geocurrents.info/blog/2012/02/10/hazara

Ал шынында *моғол* мен *моңғол* сөздерінің арасында зор айырмашылық бар. Рашид ад-Диннің *Жәми ат-Тауарих* (XIV ғасырдың басында жазылған) атты белгілі жазбасында *моғол* деп аталған халық түркі тайпаларының біреуін немесе бөлек халықты сипаттауы ғой! Мұнда моғолды *моңғол* деп дұрыс аудармай жіберген. XV ғасырдағы Моғолстан хандары ойрат-

қалмақтармен соғысқаны рас, бірақ халха-моңғолдан алыс тұратын. Шыңғысханның айналасында жиналған түркілерді моңғол деп аталғаны *мың қол* (мыңдаған әскер) деген мағынаны білдіреді. Сондықтан ортағасырлық моғолдардың қазіргі халха-моңғол халқына ешқандай қатысы жоқ.

Ал сонымен неге парсылар қазіргі моңғолдарды моғол дейді? Мұнда нақты жауап жоқ. Бірақ бір нәрсе анық: *моңғол* атауы еуропалық ғылымда пайда болғаннан бері парсы тілінде де осыған ұқсас түсініксіздік пайда болды. Моғолдар алдыңғы қатарда тұрған тайпаның атымен аталса керек, ал одан кейін бұл моғолдар Шағатай ұлысына кірген. Шығыстанушы В. Юдин мұны былай дәлелдейді: «Первый том «Джами ат-таварих» Рашид ад-Дина, в котором описываются тюрко-монгольские племена, посвящен в целом описанию именно тюркских племен, что многократно акцентируется. Также многократно подчеркивается, что те племена во владениях Монгольской империи, которые суть монголы и являются господствующим этническим элементом, в действительности все или почти все являются тюрками» (Юдин, 2001: 107). И «они (население) лишь в целях повышения своего социально-политического статуса назывались монголами» (Оловинцев, 2013: 280–281).

Қазіргі парсы тілінде Моңғолияны *Моғолистан* деп атайтыны елді әлі де шатастырады. Тарихта Моғолстан мемлекеті негізінде Жетісу, Ферғана, Қашғария аймақтарынан құралған. Моғолдар тән түркі болғанына күман жоқ. Ал Моғолстанның негізгі халқы дулаттар мен жалайырлар (кейінгі қазақтың Ұлы жүз тайпалары) болатын. Кейін олар XVI ғасырда Үндістанға жорық жасаған Бабырдың әскерінде басты тірек болды. Сондықтан, моңғол тілі дегені түркі тілі болғанын анық көрсетеді. Қазіргі моңғол тілдері (халха, бурят, қалмақ) XIV–XVI ғасырларда ғана қалыптасқан. Ал Шыңғысхан заманындағы моңғол тілінің қазіргі халха тіліне ешқандай қатысы жоқ екеніне қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге моғолдардың да халха халқына тікелей қатысы жоқ.

Зерттеу нәтижелері

Егер бір тарихшылар хазараларды Құлағу ұлысымен байланыстырса, басқалары олардың Шағатай ұлысына қатысы бар дейді. Бірақ олар Шағатайдың немересі Некөдер басшылығында болғаны сенімдірек. Түрлі тарихи жағдайларға байланысты Шағатай әскері ақырында әртүрлі халықтарға бөлініп кетеді. «По-видимому, к хазарейцам в разное время, начиная с XIII в., присоединялись различные монгольские, тюркские и другие группы племен, называвшихся по именам своих предводителей, в частности в XIII в. никудери, составлявшие от ряды чагатайского царевича Никудера. Никудер возглавлял крупную группировку монголов, которая откололась от улуса Хулагуидов и обосновалась в областях Кермана и юго-восточного Хорасана, совершая оттуда опустошительные набеги на соседние области Хорасана, Систана, Фарса, а также на Северную Индию. В истории эта группировка известна под названием Никудерской орды. Некоторые подробности о никудерийцах Кермана сообщает Марко Поло, который побывал у них в плену. О южной части Кермана, где находился г. Джируфт, в котором жил путешественник (называемый им Камади, по названию предместья, в котором останавливались иностранные купцы и путники), Марко Поло рассказывает следующее: «Городов, крепостей тут много. Города обнесены земляными валами, высокими, толстыми, в защиту от караунов, что бродяжничают по здешним местам и грабят всех. Зовут их так, потому что матери у них индианки, а отцы татары. Когда они задумают напасть на страну и разграбить ее... бывает их тут да десяти тысяч, иногда больше, иной раз меньше. А как заберут равнину, что задумали разграбить, ничему там не спастись, ни людям, ни скотине; нет той вещи, который они не забрали бы. Полонив народ, стариков убивают, а молодых уводят с собой и продают в рабство. Царь их называется Ногодар» (Массон, Ромодин, 1964: 90). Сонымен, Некөдер Ауғанстандағы дәри тілінде ғана сөйлейтін хазара, чараймақ және моғолдың арғы атасы болғаны анық.

Сондықтан қарнауыс-моғолдарды кейінгі моғолдардан – XVII–XVIII ғасырларда Жоңғариядан келген ойраттардың ұрпақтарынан, ажырата білу керек. Олар қазақ пен өзбек хандарынан жеңіліп ары ауған жеріне қашқан және сонда ислам дінін қабылдаған. Кейбір деректерде моғолдар өздерінің шығу тегін моңғолдың некөдер тайпасынан алады деп айтады және некөдери тілінде сөйлеген дейді. Ал некөдери тілі Моңғолияда жойылып кеткен моңғол тілінің ескі түрі деп тарихи ғылымда айтылады. Ауғанстанда ол Некөдер ноянның атымен аталғаны айқын.

Бірақ бұл жойылған моңғол тілі не түркі не ескі ойрат тілі (моңғол-маньчжурланғанға дейінгі кезі). Бұған үш дәлел бар. *Біріншіден*, қарнауыстардың сөйлеген моғол тілі шағатай тіліне жақын түркі тілінің бір диалектісі болатын. *Екіншіден*, Алтайдың шығысында, сондай-ақ Алтайдың өзінде қалған түркілерге қалмақ атауы берілді. Алайда кейінірек қалмақ термині моңғолданған түркілерге (ойраттарға) қатысты қолдана басталды, ал моңғолданбаған түркілер ақ қалмақ (бүгінгі Алтай халқы) деп аталды. *Үшіншіден*, моғолдардың соңғыға дейін сөйлеген тілі кейінгі қалмақ тілі болу керек.

В. Массон мен В. Ромодин хазара халқы негізінде түркі болғанына күмандамайды: «Монгольские власти еще неоднократно переселяли монгольские и тюркские племена на территорию современного Афганистана. Это обусловило значительные изменения в этническом составе жителей ряда районов, особенно центральной части страны. Здесь сложилась монголоидная по антропологическим признакам народность хазара (или хазарейцы), говорящая ныне на персидско-таджикских диалектах. Народность эта монгольского или, точнее, тюрко-монгольского происхождения» (Массон, Ромодин, 1964: 289).

Жалпы хазара, чараймақ және моғолдар парсы халықтарының ішінде моңғол нәсілімен ерекшеленеді. Олармен бірге моңғол нәсіліне XV ғасырда Бәліхке көшіп тұрақталған көшпелі шейбанилік өзбектер; түрікмендер (Ауғанстанның бір бөлігіне айналған ата-баба түрікмен жерлері); XIX–XX ғасырларда ауып келген қазақтар; таулы аймақтарға орналасқан қырғыздар; Шығыс Түркістаннан паналап келген ұйғырлар жатады.

Шағатай билеушілері жергілікті ауған халықтарына да біраз ықпал еткен. «Некоторые тюрко-монгольские термины были восприняты и утвердились в языке пушту для обозначения весьма существенных в жизни афганцев учреждений. К таким терминам относятся «*джирга*» и «улус». Сходство слова «джирга» с монгольским термином «джаргу» давно уже обратило на себя внимание исследователей» (Массон, Ромодин, 1964: 292). Сонымен бірге ауған патшалары мен кейбір пұштын тайпалық басшылары өзіне *хан* атағын алып жариялайтын. Тек Дүррани заманы мен XX ғасырда ғана ауған патшалары билікті орталықтандырумен байланысты ханды *шаһ* атағына ауыстырған.

Сондықтан XIII–XIV ғасырларда ноян Некөдердің айналасында болған әскерінің бәрі түркі еді. «Жәми ат-Тауарих», «Тарихи Рашиди», «Моңғолдардың құпия аңызы» атты тарихи дереккөздердің түпнұсқасында *моңғол* атауы түркілерге қатысты. Сол кезден бастап Русь пен Еуропада оларды көп ғасырлар бойы *татар* деп атаған. Тек XIX ғасырда ғана еуропалық ғылым *моңғол* сөзін халха, бурят және қалмақ халықтарына жатқызған.

Қорытынды

Оңтүстік Азия үшін Ауғанстанның моңғол нәсілдес халқы (негізінен хазаралар) ерекше мозаика жасайды. Парсы тілді моңғол нәсілдес халқы көбінесе хазара, чараймақ және моғолдармен бірдей.

Абстрактілі түрде айтқанда, моңғол шапқыншылығынан көп заман бұрын пайда болған моңғол нәсілдес халықтарды да хазаралар деп санауға болады. Мысалы, аңыздық және мифтік систандық Рүстем батырды бірінші хазара деуге болады. Сол сияқты Тәжікстанның Ходжент аймағында тұратын моңғол нәсілдес тәжіктерді де шартты түрде хазаралар деп атауға болады. Олар ерте (қарлұқ) және кейінгі (өзбек) түркілермен тарихи байланыс

нәтижесінде қалыптасқан. Моңғол нәсілінің ерекшеліктері әлсіз білдірген ғылзайы пұштындарына (қарлұқ-халаждардың ұрпағы) да қатысты. Хазара, чараймақ және моғолдарды қазақтарға генетикалық жақындығына байланысты ретінде қалжыңдап парсы тілді қазақтар деп атайды.

Осылайша, хазарлар этникалық моңғолдардың ұрпақтары деген тұжырымды дереккөздерден келтірілген түрлі тарихи деректер жоққа шығарады. Кеңестік ғалымдар хазараларға жақын туысқан чараймақтар тек түркі текті, моңғол элементтері жоқ деп мәлімдеген. Сондай-ақ моғолдар моңғол тілінде өмірінің соңына дейін сөйледі деп айтылды. Бірақ шын мәнінде олардың барлығы бір түркі текті еді.

Шыңғыс хан әскерінің тоқсан бес пайызы түркілер және бес пайызы ғана моңғолдар (ол кезде әлі де тұңғыс-манчжурлар) болғанын кеңестік тарих ғылымы жоққа шығарған жоқ. XIII ғасырда *моңғол* сөзі этноним ретінде болған жоқ. Сөйтіп, сол кезеңде түркі-моңғолдар мен моңғол-манчжурлар (протохалха) болған, олар саяси тайпалық одақ болып біріккен. Солай бола тұрса да, тұңғыс-маньчжурларды үстем түркі халықтары сіңісіп кетуі мүмкін еді. Сірә, дәл солай болған. Сондықтан, XIII ғасырда моңғол (моңғол-маньчжур немесе протохалха) тілі үстем болғаны мүлдем мүмкін емес.

Шағатай ұлысы ыдырағаннан кейін жаңадан пайда болған хазара тайпалары көрші пұштын тайпалары сияқты өз тәуелсіздігін сақтап қалды. Чараймақ тайпалары айналадағы тәжік халқының отырықшы қоғамына көбірек кірікті. Мұндай жағдайда хазара, чараймақ және моғолдар дәри тілінде сөйлеп кеткен соң өздерінің шежіресін ұмытқан.

Хазарлар әртүрлі тарихи кезеңдерде Ауғанстандағы бірқатар мемлекеттердің құрамында болды. В. Бартольд мұнда Ақсақ Темірдің кезін айта кетеді: «Темір және оның әулетіне хазараларға қарсы жорықтар жасауға тура келді» (Бартольд, 1971: 98). Хазаралар Бабырға да қарулы қарсылық көрсеткен. Ахмед-шаһ Дүррани мемлекетінің құрамына кіргенде хазаралар әкімшілік және салық қысым көрді.

В. Бартольд әрі қарай былай айтып келеді: «XIX ғасырдың ортасында, Ферьенің саяхаты кезінде, хазаралар іс жүзінде тәуелсіз болды және тек өздерінің көсемдеріне немесе сардарларға бағынды, дегенмен ауған билеушілерінің оларды бағындыру әрекеттері болды, әсіресе Яр-Мұхаммед Ғирати» (Бартольд, 1971: 98). Бірақ ауған патшалары Британ империясына тәуелді болған соң хазаралардың тәуелсіз өмір сүруі бітеді.

XIX–XX ғасырларда хазаралар ауған мемлекетінің қысым мен езгісіне қатты ұшыраған. Ауған әмірі Әбдірахман-хан Хазаражатқа пұштын тайпалық жасақтарын жіберіп хазараларды ауған мемлекетіне бағындырады. Хазараларға жасалған қысымның түрлі себептер болды. Ресми себебі олардың шиғи мұсылман болуы. Ал бейресми себептер – нәсілшілдік болуы мүмкін және Шыңғысхан жасаған қырғын үшін кек. Исламда құлдыққа тыйым салынған, ал шиғилер күпір ретінде мұсылман болып саналмаған соң хазаралар құл болып пайдаланған. Оларды тіпті шынжырға да салған (Щедров, 1983: 8). Сонымен бірге хазаралар орталық билікке бағынбағаны да есепке алынған. Хазаралар тек Аманолла-ханның билігі кезінде 1920-шы жылдарда ғана құлдықтан босатылды.

Өткен ғасырларда атақты хазара мен чараймақтардың есімдері не беймәлім, не аз белгілі болатын. Олардың ішіндегі қайраткерлер XX–XXI ғасырларда анық пайда болған. Солардың бірі 1901–1919 жылдары ауған әмірі Аманолла-ханның кабинетіндегі хатшы Файыз Мұхаммед Кәтіб еді. Ол жазушы, шежіреші және каллиграфшы ретінде танымал болған. Ал 1980-ші жылдары Ауғанстан премьер-министрі (одан кейін Бірінші вице-президент) Сұлтан Әли Кештманд (Бәбірәк Кармәл мен Нәжіболланың серіктесі), Ауған халқының ислам бірлігі партиясының басшысы Хажы Мұхаммед Мұхақық 2001–2002 жылдары Уақытша өкіметтің вице-президенті болғанын айтуға болады.

Хамид Кәрзайдің президеттігінде Мұхаммед Кәрім Халили вице-президент және Сәруар Даныш Дайкүнди уалаятының әкімі болған. Саясаткерлікпен олар жазушы ретінде де танымал. Хазара әйелдерінің ішінен Бамиян уалаятының әкімі Хабиба Сараби шыққан, ал

сонымен бірге жазушы Фатима Рүшди мен хұқық қорғаушы Сима Самарды мысалға келтіруге болады.

Қазіргі күні Ауғанстаннан тыс жерде жүрген белгілі хазараларды да айтуға болады. Жалпы, шетелде хазаралар Иран, Пәкістан және батыс елдерінде тұрады. Солардың біреуі финляндиялық футболшы Мұштақ Яқуби. Ал екіншісі ақын және саясаткер Әбділ Халық Хазара. Ол Пәкістанда тұрады және Хазара демократиялық партиясын басқарады. Пәкістандағы хазаралар діни фанаттардан қорлық көруде. Ал Ауғанстанда тәліптер екі мәрте билікке келгенде хазаралардың ішінде әйгілі қайраткерлер кездеспеді. Тек Ирандағы хазаралар салыстырмалы түрде қауіпсіз өмір сүруде.

Ә.Х. Хазараны оның аттасымен шатастырмау керек. Басқа бір Әбділ Халық Хазара 1933 жылы ауған патшасы Мұхаммед Надір-шаһқа қастандық әрекетін жасап оны өлтірген және сол үшін өлім жазасына кесілген. Сонымен ауған тарихында осындай белгілі хазаралар болды. Ал чараймақтан шыққан мемлекеттік және әскери қайраткер Әбділ Қадыр Дәгеруал ғана еді. Ол 1980-ші жылдары Ауғанстан қорғаныс министрі және одан кейін дипломат болған.

Қазіргі уақытта хазаралар Ауғанстанның Өрузгән, Дайгүнди, Бамиян уәлаяттарында және ішінара Ғорда тұрады, барлығы тарихи Хазаражат аймағында орналасқан. Сондай-ақ Кәбүлде маңызды хазара қауымдары бар. Чараймақ пен моғолдар негізінде Бадғис, Ғират, Ғор уәлаяттарында мекендерін орналастырған.

Хазаралар, чараймақтар және моғолдар бір-бірімен тарихи тығыз байланысты. Олардың барлығы да бастапқыда түркі болған. Исламды қабылдаумен бірге парсылану процесі де жүрді. Бірақ олар ортақ ұлыстан шыққанына қарамастан, бір-бірінен бөлек. «Ал парсыға сіңген көшпелі шағын түркі тайпалары өздерін чаһраймақ (чараймақ) деп атайды, яғни төрт аймақтан, шартараптан деген сөз. Олар да бүгінде түркі тілін ұмытып, бірте-бірте парсыларға сіңіп барады» (Қыдырбекұлы, 1997: 533).

XXI ғасырда хазара, чараймақ және моғолдар басым көпшілік пұштын мен тәжік халқылардың арасында өз салт-дәстүрлерін ұстануда. Өзге мемлекеттерде тұратын хазаралар іскерлік өмірде табысты болуда. Хазаралар исламның шиғи тармағын ұстанғаннан Ауғанстанның жалпы әлеуметтік, қоғамдық және мәдени саласында дискриминациялық қысымға жиі ұшырайды. Ал сүнни чараймақ пен моғолдар ондай азапты азырақ кешеді. Жалпы хазара, чараймақ және моғолдар Ауғанстандағы басқа халықтармен бірге бірегейлігі орта ғасырлар мен қазіргі дәуір арасындағы қарама-қайшылықта жатқаны анық.

Әдебиеттер:

Абдуманапов, 2025 – *Абдуманапов Р.А.* Кипчакский этнический компонент в составе народов Афганистана // Вестник Новосибирского Государственного Университета. Серия: История, филология. 2025. Т. 24. № 5. С. 159–176.

Акишев, Кушаев, 1963 – *Акишев К.А., Кушаев Г.А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата, 1963. 315 с.

Акимбеков, 2015 – *Акимбеков С.М*. История Афганистана. Астана-Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2015. 848 с.

Арапов, 2004 – *Арапов А.В.* Караунасы-никудерийцы и их роль в Чагатайской истории // Общественные науки Узбекистана. 2004. №2-3. С. 61–67.

Бабур, 1992 – *Бабур З.М*. Бабур-наме. Перевод М. Салье. Ташкент, 1992. 534 с.

Бабыр, 1990 – *Бабыр Заһир ад-дин Мұхаммед*. Бабырнама. Алматы, 1990. 328 б.

Бартольд, 1965 – *Бартольд В.В*. Работы по исторической географии. Сочинения. М., 1965. Т. 3. 712 с.

Бартольд, 1966 – *Бартольд В.В.* Работы по истории ислама и Арабского халифата. Сочинения. М., 1966. Т. 6. 784 с.

Бартольд, 1968 – *Бартольд В.В*. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Сочинения. М., 1968. Т. 5. 758 с.

Бартольд, 1971 – *Бартольд В.В.* Работы по исторической географии и истории Ирана. Сочинения. М., 1971. Т. 7. 664 с.

Брук, 1981 – *Брук С.И.* Население мира. Этнодемографический справочник. М., 1981. 880 с.

Гамильтон, 1908 – *Гамильтон А.* Афганистан / Пер. с англ. СПб., 1908.

Губар, 1959 – *Губар М.Г.М*. Ахмад-шах – основатель Афганского государства. М., 1959. 386 с.

Давлатов, 2021 – *Давлатов Дж.К*. Исламизация Чагатайского улуса как важный фактор укрепления государственности в кочевой степи // Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. 2021. Vol. 1, Issue 9. PP. 931-938.

Жуковская, 1999 – *Жуковская Н.Л.* Моголы // Народы и религии мира: Энциклопедия / Ред. В. А. Тишков. М., 1999. 928 с.

Закирьянов, 2013 – *Закирьянов К.* Тюркская сага Чингисхана & KZ фактор: документальное исследование. Алматы, 2013. 240 с.

История Афганистана, 1982 – История Афганистана. М., 1982. 368 с.

Канафьева, 2024 – *Канафьева Ш.Е.* Оңтүстік Азияның дәстүрлі қоғамдарындағы тайпалық фактор (пуштун этносы мысалында) // Хабаршы. Шығыстану сериясы. 2024. №1 (108). 73–83 бб.

Кисляков, 1973 – *Кисляков В.Н*. Хазарейцы, аймаки, моголы. К вопросу об их происхождении и расселении // Советская этнография. 1973. №4. С. 130–139.

Коргун, 2004 – *Коргун В.Г.* История Афганистана. XX век. ИВ РАН, Крафт+, 2004. 529 с.

Қыдырбекұлы, 1997 – *Қыдырбекұлы Д*. Көшпелілер кім болған еді? // Қазақ тарихынан. Алматы, 1997. 520–535 бб.

Қыдырбекұлы, Байдаров – *Қыдырбекұлы Д.Б., Байдаров Е.Ұ.* Ауғанстан: пұштын халқының этногенезі // Қазақстан шығыстануы. 2026. Том 17, №1. 28–44 бб. / DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2026.1.28

Массон, Ромодин, 1965 – *Массон В.М., Ромодин В.А*. История Афганистана. М., 1965. Т. 1. 464 с.

Дулати, 2015 – *Дулати Мұхаммед Хайдар*. Тарих-и Рашиди. Хақ жолындағы тарихы. Алматы, 2015. 768 б.

Оловинцев, 2013 – *Оловинцев А.Г*. Тюрки или монголы? Эпоха Чингисхана. Алматы, 2013. 308 с.

Рейснер, 1954 – *Рейснер И.М.* Развитие феодализма и образование государства у афганцев. М.: АН СССР, 1954. 417 с.

Сеитов, 2021 – *Сеитов Э.М.* Воспроизведение исторического опыта самоорганизации в инокультурной среде на примере деятельности хазарейской студенческой ассоциации «Катиб» в Москве // Вестник антропологии. 2021. №4. С. 230–250.

Сарқытқан, Қабылғазы, Тоқан, 2025 – *Сарқытқан Қ., Қабылғазы Қ., Тоқан Р*. Орталық Азиядағы су қауіпсіздігі: экологиялық сын-қатерлер және Қош тепа каналы // Қазақстан шығыстануы. 2025. Том 13. №1. 379–394 бб. / https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.379

Темирханов, 1972 – *Темирханов Л.* Хазарейцы. Очерки новой истории. М., 1972. 140 с.

Тюрин, 2024 – *Тюрин А.М.* Элементы этногенеза хазарейцев по данным популяционной генетики // Кочевая цивилизация: исторические исследования. 2024. №1. С. 37–49

Халфин, 1959 – *Халфин Н.А.* Провал британской агрессии в Афганистане (XIX в. – начало XX в.). М.: Издательство социально-экономической литературы, 1959. 210 с.

Щедров, 1983 – *Щедров И.* Золотая долина Бамиана // Вокруг света. 1983. №2. С. 6–11.

Энциклопедический словарь, 1890 – Энциклопедический словарь. СПб., 1890.Т. 1. 480 с.

Юдин, 2001 – *Юдин В.П.* Могулы / *Юдин В.П.* Центральная Азия в XIV – XVIII веках глазами востоковеда. Алматы: Издательство «Дайк-Пресс», 2001. С. 96–136.

Gankovsky, 1982 – *Gankovsky Yu.V.,* et al. A History of Afghanistan. Moscow: Progress Publisher's, 1982. 382 p.

Mousavi, 1998 – Mousavi S.A. The *Hazaras of Afghanistan*: An *Historical, Cultural, - Economic and Political Study*. *Surrey*: Curzon, *1998*. 265 p.

Verardi, 2012 – *Verardi G*. Buddhism in North-Western India and Eastern Afghanistan, Sixth to Ninth Century AD // Zinbun. 2011. № 43. Kyoto: Institute for Research in Humanities Kyoto University, 2012. PP. 147–183 / DOI: 10.14989/155685

References:

Abdumanapov, 2025 – *Abdumanapov R.A.* Kipchakskiy etnicheskiy komponent v sostave narodov Afganistana [The Quipchaque Ethnic Component as Part of the Peoples of Afghanistan] // Vestnik Novosibirskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya: Istoriya, filologiya [Vestnik NSU: Series: History, Philology]. 2025. Vol. 24. №5. P. 159–176. (in Rus)

Akishev, Kushaayev, 1963 – *Akishev K.A, Kushayev G.A.* Drevnyaya kultura sakov I usunei doliny reki Ili [Ancient Culture of Saka and Wusuns of Ili River Valley]. Alma-Ata, 1963. 315 s. (in Rus)

Akimbekov, 2015 – *Akimbekov S.M*. Istorija Afganistana [History of Afghanistan]. Astana-Almaty: IMJeP pri Fonde Pervogo Prezidenta, 2015. 848 p. (in Rus).

Arapov, 2004 – *Arapov A.V*. Karaunasy-nikuderiytsy i ikh rol v Chagataiskoi istorii [Karanaus-Nikuderians and Their Role in Chghatay History] // Obschestvennye nauki Uzbekistana» [Public Sciences of Uzbekistan]. 2004. № 2–3. P. 61–67. (in Rus).

Bartold, 1965 – *Bartold V.V.* Raboty po istoricheskoy geografii. Sochineniya [The Works on Historical Geography]. M., 1965. V. 3. 712 p. (in Rus)

Bartold, 1966 – *Bartold V.V.* Raboty po istorii islama i Arabskogo khalifata. Sochineniya [The Works on History of Islam and Arab Caliphate]. M., 1966. V. 6. 784 p. (in Rus)

Bartold, 1968 – *Bartold V.V.* Raboty po istorii I filologii tyurkskikh i mongoskikh narodov. Sochineniya [The Works on History and Philology of Turkic and Mongolian People's]. M., 1968. V. 5. 758 p. (in Rus)

Bartold, 1971 – *Bartold V.V.* Raboty po istoricheskoy geografii i istorii Irana. Sochineniya [The Works on Historical Geography and History Iran]. M., 1971. V. 7. 664 p. (in Rus)

Babur, 1992 – *Babur Z.M*. Babur-name [Babur-Nameh]. Perevod M. Salye. Tashkent, 1992. 534 p. (in Rus)

Babyr, 1990 – *Babyr Zahir ad-Din Muhammed*. Babyr nama [Babur-Nameh]. Almaty, 1990. 328 p. (in Kaz)

Bruk, 1981 – *Bruk S.I.* Naselenie mira. Etnodemograficheskiy spravochnik. [World Population. Ethno demographic Dictionary]. M., 1981. 880 p. (in Rus)

Davlatov, 2021 – *Davlatov J.K.* Islamizatsiya Chagataiskogo ulusa kak vazhnyi faktor ukrepleniya gosudarstvennosti v kochevoi stepi [Islamization of Chaghatay Ulus as Important Factor in Statehood Strengthening in Nomadic Steppe] // Oriental Renaissance: Innovative, educational, natural and social sciences. 2021. V. 1, №9. P. 931–938. (in Rus)

Dulati, 2015 – *Dulati Muhammed Haidar*. Tarikh-i Rashidi [Tarikh-i Rashidi]. Almaty, 2015. p. 768. (in Kaz).

Entciklopedicheskiy slovar, 1890 – Entciklopedicheskiy slovar [Encyclopedic Dictionary]. Sankt-Peterburg, 1890. V.1. 480 p. (in Rus)

Gamil'ton, 1908 – *Gamil'ton A*. Afganistan / Per. s angl. SPb., 1908. (in Rus)

Gubar, 1959 – *Gubar M.G.M*. Gubar. Akhmad-shakh – osnovatel Afganskogo gosudarstva [Ahmad Shah as Founder of Afghan State]. M., 1959. 386 p. (in Rus)

Halfin, 1959 – *Halfin N.A.* Proval britanskoj agressii v Afganistane (XIX v. – nachalo XX v.) [The failure of British aggression in Afghanistan (19th century – early 20th century)]. M.: Izdatel'stvo social'no-jekonomicheskoj literatury, 1959. 210 p. (in Rus)

Istoriya Afganistana, 1982 – Istoriya Afganistana [The History of Afghanistan]. – Moskva, 1982. 368 p. (in Rus)

Judin, 2001 – *Judin V.P.* Moguly / *Judin V.P*. Central'naja Azija v XIV – XVIII vekah glazami vostokoveda [Central Asia in the 14th – 18th centuries through the eyes of an orientalist]. Almaty: Izdatel'stvo «Dajk-Press», 2001. P. 96–136. (in Rus)

Kanaf'eva, 2024 – *Kanaf'eva Sh.E*. Ontustik Azijanyn dasturli qogamdaryndagy tajpalyq faktor (pushtun jetnosy mysalynda) [The Tribal Factor in Traditional Societies in South Asia (on the example of the Pashtun ethnic group)] // Habarshy. Shyғystanu serijasy [Journal of Oriental Studies]. 2024. № 1 (108). P. 73–83. (in Kaz)

Kislyuakov, 1973 – *Kislyuakov V.N.* Khazareitsy, aimaki, mogoly. K voprosu ob ikh proiskhozhdenii i rasselenii [Hazara, Aymaqs, Moghols: Question of Their Origin and Resettlement] // Sovetskaya etnografiya [Soviet Ethnography]. 1973. №4. P.130–139. (in Rus)

Korgun, 2004 – *Korgun V.G.* Istorija Afganistana. XX vek [History of Afghanistan. XX century]. IV RAN, Kraft+, 2004. 529 p. (in Rus)

Qydyrbekuly, 1997 – *Qydyrbekuly D.* Koshpeliler kim bolgan edi? [Who were the nomads?] // Қazaқ tarihynan [From Kazakh history]. Almaty, 1997. P. 520–535. (in Kaz).

Qydyrbekuly, Bajdarov – *Qydyrbekұly D.B., Bajdarov E.Y.* Auganstan: pushtyn halqynyn jetnogenezi [Afghanistan: Ethnogenesis of the Pashtu People] // Qazaqstan shygystanuy [Kazakhstan Oriental studies]. 2025. Vol. 17 No. 1. 28–44 б. / DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2026.1.28 (in Kaz).

Masson, Romodin, 1965 – *Masson V.M., Romodin V.A*. Istoriya Afganistana [The History of Afghanistan]. M., 1965, V.1. 464 p. (in Rus)

Olovintsev, 2013 – *Olovintsev A.G.* Tyurki ili mongoly? Epokha Chingiskhana [Turks or Mongols? Genghis-Khan's Epoch]. Almaty, 2013. 308 p. (in Rus)

Qydyrbekuly, 1997 – *Qydyrbekuly D.* Koshpeliler kim bolghan edi? [Who were the Nomads?] // Qazaq tarikhynan [From Kazakh History]. Almaty, 1997. P. 520–535. (in Rus)

Sarkytқan, Qabylgazy, Toqan – *Sarkytқan Q., Qabylgazy Q., Toqan R*. Ortalyq Azijadaғy su қauipsizdigi: jekologijalyq syn-qaterler zhane Qosh tepa kanaly [Water Security in Central Asia: Environmental Challenges and the Qosh tepa Canal] // Қazaқstan shygystanuy [[Kazakhstan Oriental studies]. 2025. Tom 13, №1. 379–394 bb. / DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.1.379 (in Kaz)

Schedrov, 1983 – Schedrov I. Zolotaya dolina Bamiyana [The Gold Valley of Bamiyan] // Vokrug sveta [Around the World]. 1983. № 2. P. 6–11. (in Rus)

Seyitov, 2021 – *Seyitov E.M.* Vosproizvedenie istoricheskogo opyta samoorganizatsii v inokulturnoi srede na primere deyatelnosti khazareiskoi studencheskoi assotsiatsii «Katib» v Moskve [Reproduction of Historical Experience of Self-Organiation in Foreign Cultural Environment on the Sample of Hazara Student Association *Katib*'s Activity in Moscow] // Vestnik antropologii [Herald of Anthropology]. 2021. № 4. P. 230–250. (in Rus)

Temirkhanov, 1972 – *Temirkhanov L.* Khazareitsy. Ocherki novoi istorii [Hazara. Essay of Modern History]. M., 1972. 140 p. (in Rus)

Tyurin, 2024 – Tyurin A.M. Elementy etnogeneza khazareitsev po dannym populyatsionniy genetiki [The Elements of Hazara Ethnogenesis by Popuational Genetics] // Kochevaya civilizatsiya: istoricheskie issledovaniya [Nomadic Civilization: Historic Research]. 2024. №1. P. 37–49. (in Rus)

Zhukovskaya, 1999 – *Zhukovskaya N.L.* Mogoly [Moghuls] // Narody I religii mira: Entsiklopediya / Red. V.A. Tishkov [Peoples and Religions of World: Encyclopedia / Ed. V.A. Tishkov]. M., 1999. 928 p. (in Rus)

Zakiryanov, 2013 – *Zakiryanov K.* Tyurkskaya saga Chingiskhana & KZ faktor: dokumentalnoe issledovanie [The Turkic Saga of Genghis-Khan and KZ Factor: Documentary Research]. Almaty, 2013. 240 p. (in Rus)

Gankovsky, 1982 – *Gankovsky Yu.V.*, et al. A History of Afghanistan. Moscow: Progress Publisher's, 1982. 382 p.

Mousavi, 1998 – Mousavi S.A. The Hazaras of Afghanistan: An Historical, Cultural Economic and Political Study. Surrey: Curzon, 1998. 265 p.

Verardi, 2012 – *Verardi G.* Buddhism in North-Western India and Eastern Afghanistan, Sixth to Ninth Century AD // Zinbun. 2011. № 43. Kyoto: Institute for Research in Humanities Kyoto University, 2012. P. 147–183 / DOI: 10.14989/155685

[1] Кыдырбекулы Д.Б., [2] Байдаров Е.У.

[1] Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

[2] Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан,

E-mail: [1]doulatbek3@hotmail.com, [2] erkinbaydarov@gmail.com

АФГАНИСТАН: ХАЗАРЕЙЦЫ, ЧАРАЙМАКИ И МОГОЛЫ

Сонымен қатар, бұл тәсіл Мемлекет басшысы К.-Ж. К. Тоқаев ұсынған Алтын Орда мұрасын ұлттық бірегейліктің маңызды өркениеттік бағдары ретінде жүйелі зерттеу және дәріптеу жөніндегі тұжырымдамалық ұстанымдармен тікелей үндеседі. Осы доктрина аясында дала урбанизациясын бағалаудағы әдіснамалық тәсілдерді қайта қарастыру айрықша маңызға ие болуда. Осыған байланысты отандық және шетелдік тарихнамасын кешенді түрде зерттеу қажеттілігі туындайды. Бұл өз кезегінде қалыптасқан стереотиптерді еңсеруге, жинақталған археологиялық және жазба деректерді жүйелеуге, сонымен қатар Алтын Орда қаласы тұрғындарының тұрмысын, әлеуметтік байланыстарын және ішкі дүниесін реконструкциялауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында түрік, қазақ, ресей (совет), сонымен қатар Батыс елдері ғалымдарының (тарихшылар, филологтар, қоғамтанушылар және т.б.) Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей немесе жанама қатысы бар еңбектері пайдаланылды. Тарихнаманың кең географиялық және хронологиялық ауқымы тарих, археология, этнология және тарихи географияның қиылысында пәнаралық тәсілдерді біріктіруге қабілетті кешенді әдіснамалық базаны қалыптастыруды талап етті. Зерттеу барысында бірнеше әдістер қолданылды. Ең алдымен, *факторлық талдау әдісі*. Осы әдіс арқылы мақаланың аясында авторларға әсер еткен әртүрлі саяси, идеологиялық және т.б. факторларды анықтауға болады. Бұл саяси контекстің дала урбанизмінің рөлін бағалауға қалай ықпал еткенін, яғни көшпелілердегі қалалық мәдениетті толық жоққа шығарудан бастап, Алтын Орданы аса ірі өркениеттік құбылыс ретінде мойындауға дейінгі көзқарастар эволюциясын айқындауға мүмкіндік берді. Екіншіден, зерттеудің ажырамас бөлігі ретінде *нақты-тарихи әдісті* атап өткен дұрыс. Бұл әрбір кезең мен территорияның жағдайларын зерттеуді көздейтін ғылыми әдіс тарихи оқиғалардың нақты мән-жайын айқындауға мүмкіндік береді. Осы әдісті қолдану Сарай-Бату, Сарай-Берке, Сарайшық, Жайық секілді Алтын Орда қалаларының даму динамикасындағы эволюциясын қадағалауға және Еділ бойы, Оңтүстік пен Батыс Қазақстан аумақтарындағы қала халқының күнделікті тұрмысындағы жергілікті ерекшеліктерді саралауға мүмкіндік берді. Сонымен бірге осы зерттеудің аясында *салыстырмалы-тарихи әдістің* орны ерекше. Бұл әдіспен белгілі бір өңірдегі сан алуан құбылыстардың арасындағы байланыстар анықталады. Мақала контекстінде бұл әдіс жазба деректерді (ең алдымен араб, парсы және батысеуропалық деректерді) көпжылдық археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыруға мүмкіндік берді. Бұл Жайық пен Сарайшық қалашықтарындағы тұрғын үйлердің жоспарлануы, жылыту жүйелері (жылыту пештері, кандар), сумен қамтамасыз ету жүйелері, шығыс моншаларының (хамамдардың) және кірпіш күйдіретін пештердің болуы туралы мәліметтерді верификациялауға, сонымен қатар оларды Хорезм мен Еділ бойының қала құрылысы дәстүрлерімен сабақтастыруға көмектесті.

Талқылау

Алтын Орда мемлекетінің тарихы көптеген қазақ (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012; Калменов, 2013; Сдыков, 2011; және т.б.), түрік (Bostancı, 2021a; Bostancı, 2021b; Bostancı, 2024a; Bostancı, 2024b; Kemaloğlu, 2026; және т.б.), ресей (Васильев, 2011; Волков, 2016; Егоров, 2010; Недашковский, 2010; және т.б.), совет (Бартольд, 1993; Греков, Якубовский, 1950; Федоров-Давыдов, 1966; және т.б.) ғалымдарының, сонымен бірге Батыс елдері зерттеушілерінің (Шпулер, 2016; Баллод, 1923; және т.б.) еңбектерінде көрініс тапты. Бұл ретте ең алдымен тарихшылар мен археологтар Алтын Орда мемлекетінің саяси, мәдени және әлеуметтік-экономикалық дамуына, соның

ішінде сол үрдістегі қалалардың да орнына арналған мәселелерге ерекше көніл бөлген. Әрине, Алтын Орданың тарихы мен мәдениетін зерттегенде авторлар тарихнамалық аспектілерге де назар аударғандығын айта кету жөн. Алайда тарихнамалық шолу жасау барысында зерттеушілер негізінен қалалардың планиграфиясы, орналасқан жерінің ландшафты және т.б. туралы жазды. Ал қала тұрғындарының күнделікті өмірі мәселесі тарихнамалық тұрғыдан әлі де толыққанды зерттелмеген. Мұны зерттеушілердің өздері ғылыми еңбектерінде қойған мақсаттарымен түсіндіруге болады.

Зерттеу нәтижелері

Түркия. Ең алдымен қарастырылып отырған тақырыпты зерттеуге түрік тарихшылары үлес қосты. Жалпы қалалық өмірдің кейбір аспектілері түрік зерттеушісі Фатих Бостанжының «Алтын Орда мемлекетінде отырықшы өмірдің алғашқы іздері» («Altın Orda Devleti'nde Yerleşik Hayatın İlk İzleri: Saray Şehri») (Bostancı, 2021a: 230) деп аталатын мақаласында көрініс табады. Ең алдымен өзінің мақаласында автор «қала», «шаһар» сияқты ұғымдарға талдау жасайды. Ғалымның айтуынша, парсы тілінде «қала» термині басқару, сауда әрі кәсіп жүйелері шоғырланған белгілі бір тәртіп бойынша ұйымдастырылған аумақты білдіреді. XI ғасырға жататын деректерге сүйенетін болсақ, түркі тілдерінде қаланы атау үшін «şar» және «balık» сөздері қолданылған (Bostancı, 2021a: 230). Бұл ретте Фатих Бостанжы тарих ғылымында Сарай қаласына байланысты бір түсінбеушілікке бар екендігіне назар аударады. Өйткені әртүрлі тарихи деректерде бұл қаланың Сара-Бату деп аталғандығы туралы мәлімет бар. Сонымен бірге жазбаша деректерде Сарай-Берке және Сарай-и Жедид сияқты атаулар да кездесе береді. Автор жазғандай, «бұл жайт Сарай қаласына қатысты даулы көзқарастарғдың пайда болуына себеп болды» (Bostancı, 2021a: 231). Атап айтқанда, бір топ зерттеушілердің ұстанымдары бойынша, Сарай-Бату және Сарай-Берке – бір қаланың атауы, ал Сарай-и Жедид – Өзбек ханның тұсында салынған жаңа қала. Тарихшылардың басқа бір тобының пікірінше, Сарай-Берке және Сарай-и Жедид – бір қаланың атаулары. Фатих Бостанжының айтуы бойынша, әуелде бұл қала Сарай-Бату деп аталған. Кейін уақыт өте келе, Сарай-Бату Сарай-Берке деп атала бастады. Өйткені Сарай-Бату шын мәнінде қалаға дәл сол Берке ханның кезінде айналған (Bostancı, 2021a: 231). Фатих Бостанжы келтірген деректерге қарағанда, Сарай қаласы екінші қыпшақ жорығынан [2] кейін Еділ өзенінің сол жағында салынған. Жувейнидің[3] айтуынша, Бату хан өзі ұнатқан жерде салды. Мемлекеттік басқару жүйесін оңайлату үшін Қарақорымға ұқсас бола алатын Сарай қаласын салуға бұйрық беріп оны астана деп жариялады. Аз уақыт ішінде Сарай Шығыс Еуропа мен Батыс Сібірдің, сондай-ақ Каспий маңы мен Арал маңының ұланғайыр аймақтарында маңызды әкімшілік және сауда орталығына айналды (Bostancı, 2021a: 231).

Деректану саласына айтарлықтай өз үлесін қосқан түрік зерттеушісі Өзалп Гөкбілгіннің «1313–1357 жылдар арасындағы Алтын Орда мемлекеті» («1313–1357 Yılları Arasında Altın Ordu Devleti») атты кітабы ортағасырлық тарих бойынша түрік тарихнамасында өте маңызды орын алады және Алтын Орда мемлекеті туралы кейбір тарихи-географиялық анықтамалардың мәліметтерін, сонымен қатар археологиялық тұрғыдан зерттеулерді айқындайды. Еңбектегі көрсетілген мәліметтер бойынша Алтын Орда архитектурасының толық типологиясы әлі де құрылған жоқ. Көптеген үлгілерге сәйкес болжамдар мен жалпылама тұжырымдардың негізі қаланды. Бұл бағалау жоспар мен материалдарға сүйене отырып жасалды, бірақ ою-өрнек техникалары сияқты ерекше факторлар егжей-тегжейлі

[2] «Екінші қыпшақ жорығы» ұғымы Шыңғысханның немересі Бату ханның 1236 жылы қыпшақтарға қарсы бастаған жорығын білдіреді. Әскери қимылдардың нәтижесінде қыпшақтар жеңіліп саяси тәуелсіздігінен айырылды

[3] Ата Мәлик Жувейни (1226–1283) – Елхан мемлекетінің атақты қайраткері әрі тарихшысы. Азадвар (Âzâdvâr) кентінде туған. Атақты мемлекеттік қайраткер, Аббасидтер мемлекетінің уәзірі Фазлу бин Ребидің (яғни «Реби ұлы Фазл») (755/756–822/823 или 823/824) (Bilgin, 1993: 140–141; Özaydın, 1995: 274–275) ұрпағы

зерттелмеді. Сонымен қатар, бұл еңбекте Алтын Орда қалаларының экономикалық және әскери-саяси географиясы, оның әкімшілік-саяси құрылымы қарастырылған (Gökbilgin, 1972: 31-40).

Келесі түрік зерттеушісі Мелек Өзетгин «Алтын Ордада хат алмасудың дәстүрлері» («Altın Orda Hanlığı'nın Resmî Yazışma Geleneği») атты мақаласында Алтын Орданың мәдениетін түсіндіре отырып, сауда жолдары жөнінде былай жазылған: «Егер сауда жолдары туралы айтатын болсақ, оның ресми жолдар құрылысы жолға қойылмаса, табиғи жағдайларға байланысты елді бақылау қиынға соғады. Егер өзендерге көпірлер салынбаса, онда саяхат пен пошта қызметтері жүзеге асырылмай қалады. Сондықтан жолдарда ауқымды құрылыс жүргізілу қажет. Ірі өзендер үшін жеке қайықтар, ал өзен жағалаулары жұмысына жол қызметкерлері тартылады. Қызметкерлердің «kemeçi» (қайықшы), «kuperçi» (көпір салушы) сияқты ерекше атаулары болған. Жолдар бойы тұрғындардың тұруына және демалуына арналған орындар, жылқыларға арналған жем, су және т.б. заттар сұранысқа ие болды. Оларды қамтамасыз ету үшін саяхатшылар мен саудагерлерге мемлекеттік органдармен бірге жұмыс істеу ұсынылды. Бұл қызмет «glufe» (немесе «алапа») деп, ал жолаушылар түсетін орындар «Kunak Keşen» деп аталды. Негізгі жолдарда жеке қонақ үйлер салынды, ал пошта аттары әрдайым саяхатшылар үшін дайын болды. Бұл жолдар негізінен (Еуропадан Қиыр Шығысқа дейін) итальяндық саудагерлер үшін маңызды болды және бұл саудагерлер үшін арнайы жеңілдік болған еді. Бірақ саяхатшыларды қорғау үшін бір немесе екі татар тілін білетін аудармашымен саяхаттау керек. Қажетті нан, ет және тұздалған балықты белгілі бір жерден таба алады, бірақ жоғарыда айтылғандай, алдымен аудармашыны табу керек. Саяхатшыларға қарулы күзет қажет емес, кез-келген жағдайда қонақүйлер Танадан Қытайға дейінгі барлық жолды өте жақсы қорғайды» (Özyetgin, Kemaloğlu, 2017: 20).

Қазақстан. XIII ғасырда Еуразия территориясының далалық аймағында пайда болған Алтын Орда мемлекеті көптеген елдердің тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ бұл географиялық кеңістікті мекендеген халықтардың тарихи тағдырына тікелей әсер етті. Сондықтан да қазіргі уақытта Қазақстанның тарих, археология, этнология және т.б. ғылымдарында Алтын Орда кезеңіндегі қалаларға ерекше көңіл бөлінеді. Мысал ретінде 2015 жылы жарық көрген «Сарайшық – бабалар мұрасы...» (Сарайшық…, 2015) мақалалар мен материалдар жинағын келтіруге болады. Бұл жинақта Сарайшық қаласына арналған археологиялық және жазбаша мәліметтер келтіріледі.

Осы тақырыптың кейбір аспектілері қазақ зерттеушісі М.Н. Сдыковтың «Батыс Қазақстанның Алтын Орда кезеңіндегі қалалары» («Золотоордынские города Западного Казахстана») мақаласында Батыс Қазақстанда орта ғасыр кезеңінде пайда болған қалалардың тарихы жөнінде мәліметтер келтіреді (Сдыков, 2011). Автордың айтуынша, осы территориядағы қалаларға қатысты алғашқы жазба деректері моңғол дәуіріне, атап айтқанда, оғыз және қыпшақ конфедерациялары болған дейінгі кезеңге жатады. Таяу Шығыс елдері географтары мен саяхатшыларының шығармаларына сілтеме жасай отырып, автор X ғасырда қазіргі Орал қаласының орнында қалалық елді мекеннің орналасқандығына назар аударады. Сонымен бірге Жайық өзенінің бойында қалалардың болғандығы орта ғасыр кезеңіне жататын деректерде ғана емес, кейінгі, яғни жаңа замандағы авторлардың туындыларында да кездесетіндігін атап өтті (Сдыков, 2011: 182–183). Жайық қалашығында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, М.Н. Сдыков Жайық өзенінің бойындағы қалалардың үй салу дәстүрлеріне Хорезм және Сырдария бойындағы қалалардың құрылыс мәдениетінің әсер еткендігіне ерекше көңіл бөледі. Яғни ғалымның айтуы бойынша, Жайық қалашығындағы үй-жай жоспарлары Үргеніш, Отырар, Түркістан сияқты қалалардың үй-жай жоспарларына сай келеді. Осы ретте зерттеуші үй-жайлардың ерекшеліктерін (үй-жайлар түрлері, жылыту жүйесі, үй салуға пайдаланылған кірпіштер түрлері, үй салудың әдіс-тәсілдері, қалалық қорымның орналасқан жері және т.б.)

сипаттайды (Сдыков, 2011: 184). Жалпы алғанда, қала тұрғындары мен көшпелілердің арасында тығыз байланыстардың болғандығын атап өтіп, М.Н. Сдыков келесі қорытынды жасайды: «Дамыған көшпелі өркениет Дала мен қалалық мәдениеттің арасында тұрақты байланыстардың бар екендігін көздейді. Сондықтан да көшпелі мал шаруашылығы... қалалардың болғандығын жоққа шығармайды, керісінше олардың қолөнер мен сауда, қыстақтар және стратегиялық тұрғыдан маңызды территорияларда орналасқан паналар ретіндегі орталықтардың болғандығын көздейді» (Сдыков, 2011: 181).

«Қала» тақырыбының М.Н. Сдыковтың белгілі археологтар және тарихшылармен (К.М. Байпаков, И.В. Ерофеева, В.А. Иночкин, С:С. Кривобокова) бірлесіп жазған «Көне және қазіргі Орал. Тарихына жасалған шолу» («Уральск древний и современный. Очерки истории») (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012) атты еңбегінде де көрініс тапқан. Авторлардың айтуынша, Орал қаласының төңірегіндегі көп жылдар бойы жүргізілген ғылыми археологиялық зерттеулердің нәтижесінде осы елді мекеннен оңтүстікке қарай 12 шақырымдық жерде «Жайық» қалашығы ашылды. Бұл қалашықтағы үй-жайлардың қалдықтарын зерттегенде археологтар тұрғындардың күнделікті өмірінің кейбір қырларын ашатын заттарды тауып алды. Атап айтқанда, кірпіштен салынған үй-жайлар бірнеше бөлмеден (соның ішінде шаруашылық бөлме) тұрған. Үй-жайдың ішінде мұржасы бар пеш салынған (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012: 98–101). Күнделікті өмірінде тұрғындар қыш заттарды кеңінен пайдаланған. Тұрғын-үйлерден басқа, бұл қалашықтың ортасында археологтар «хамам» (шығыстық монша) функциясын атқарған құрылыстың қалдықтарын да тіркеді (Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012: 102).

Ғалым, зерттеуші М.Д. Калменовтың 2013 жылы жарық көрген «Жайық қалашығында табылған кірпіш күйдіру пеші» («Кирпичеобжигательная печь с городища Жайык») (Калменов, 2013) деп аталатын мақаласында 2012 жылғы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған кірпіш күйдіретін пештің қалдықтары жөнінде мәліметтер келтіреді. Пештің конструкциясы мен оның жұмыс істеу функциясын зерттеу барысында автор келесі қорытынды шығарды: «Конструкциялары ұқсас пештер Алтын Орданың территориясында да пайдаланылған. Атап айтқанда, XIII ғасырдың соңы – XIV ғасырдың бас кезеңінде пайдаланылған кірпіш күйдерітін пеш көне Сарайшықтан табылған» (Калменов, 2013: 210).

ССРО. Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өмірі мәселесі бірқатар кеңестік зерттеушілердің еңбектерінде ғылыми тұрғыдан қарастырылып, өз көрінісін тапқан. Мысал ретінде белгілі ғалым В.В. Бартольдтің «Түркілер. Орта Азиядағы түрік халықтарының тарихына арналған он екі дәріс» («Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии») атты іргелі еңбегінде баяндалады. Бұл еңбекте автор түркі халықтарының (көне түріктер, қырғыздар, қарлұқтар және т.б.) саяси тарихын талдай отырып, Алтын Орда дәуірінде пайда болған қалалардың тарихы мен экономикалық маңызына тоқталады. В.В. Бартольд келесідей жазады: «XIV ғасырда моңғол дәуірінде Еділ өзенінің орта ағысында салынған Қазан сияқты қалаларда түркілер ғана тұрған. Еділ өзенінің төменгі ағысында жаңа қалалар Бату хан тұсында-ақ салына бастады...» (Бартольд, 1998: 128–129). Рубрукке сілтеме жасап, В.В. Бартольд Укек, Сарай, Суммеркент сияқты қалаларға қатысты қысқаша мәлімет берді. Осы тұрғыдан ғалым Жаңа Сарай және Ескі Сарай бір қала ма, әлде екі бөлек қала ма деген мәселе жөнінде өз пікірін білдіреді. Зерттеушінің пайымдауынша, «...есімдері бірдей екі қаланың болғандығы мүмкін емес сияқты. Қаланың аумағы кеңейтілгенде жаңадан салынған үйлер «жаңа» қала деп аталған болар» (Бартольд, 1998: 130). В.В. Бартольдтің бұл еңбегінде Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өмірі жөнінде жанама ғана айтылған. Автордың айтуынша, «...монеталардың сыртқы көрінісіне, жазулардың сипатына, әріптердің сыртқы пішініне, ою-өрнекке қарағанда, әрбір қаланың өз дәстүрлері болған...» (Бартольд, 1998: 130). Бұдан әрі Алтын Орданың этникалық

құрамын атап өтіп, ғалым келесі мәселеге назар аударды: «...Алтын Ордада моңғол элементінің онша елеулі маңызы болған жоқ. Сондықтан да түркі тілінің үстемдігі, әсіресе Алтын Орда мен Моңғолияның арасындағы байланыстар үзілгеннен кейін, жылдам орнаса керек...» (Бартольд, 1998: 131). Ал қала тұрғындарының этникалық құрамы мен олардың күнделікті тілін қандай болғандығын айтатын болсақ, автордың пікірінше, «осы және тағы басқа бір қала немесе аймақ тұрғындарының басым көпшілігі қай ұлтқа жатқандығын, сонымен қатар ислам мен түрік тілінің жеңісімен аяқталған мәдени эволюция қалай өткендігін анықтау үшін ұзақ мерзімді зерттеулер керек болатын шығар...» (Бартольд, 1998: 131).

А.Ю. Якубовскийдің 1932 жылы жарық көрген «Шығыстағы феодализм. Алтын Орданың астанасы – Сарай-Берке» («Феодализм на Востоке. Столица Золотой Орды – Сарай-Берке») деп аталатын еңбегі Сарай-Берке қаласының саяси және сауда-экономикалық тарихына, сондай-ақ шаруашылық өміріне арналған (Якубовский, 1932). Зерттеушінің айтуынша, Сарай-Берке «XIII және XIV ғасырларда Шығыстағы ең белгілі қолөнер әрі сауда орталықтарының бірі болған» (Якубовский, 1932: 3). Жалпы тұрғындардың саны 200 мыңға жеткен. Автордың айтуы бойынша, қала тұрғындары қыштан ыдыс жасау сияқты сан алуан кәсіппен айналысқан. Мысалы, А.Ю. Якубовскийдің пікірі бойынша, Сарай-Беркеде тұрғындар металл өңдеген. Сондықтан да осында металл өңдеумен айналысқан төмендегідей шеберханалар болды. Атап айтқанда, ұстаханалар; пышақ және құралыптас қару жасайтын орындар; егіншілікте қолданыларын құралдар (орақ және т.б.) өндіретін орындар; қола мен мыстан ыдыс жасайтын орындар. Зерттеушінің пайымдауынша, Сарай-Беркеде терімен, ағаш өңдеумен, зергерлік ісімен де айналысатын шеберлер болған (Якубовский, 1932: 20). Бұл ретте А.Ю. Якубовский қала тұрғындары мен Сарай-Беркенің төңірегінде тұрған көшпелі рулардың арасында тығыз шаруашылық және сауда-экономикалық байланыстардың болғандығына ерекше назар аударады (Якубовский, 1932: 20).

Қала тақырыбын А.Ю. Якубовский кейінгі жылдары да жалғастырды. Атап айтқанда, 1950 жылы Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовскийдің «Алтын Орда және оның құлдырауы» («Золотая Орда и ее падение») атты кітабында (Греков, Якубовский, 1950) зерттеу тақырыбына «Алтын Орданың қалалық өмірі» («Городская жизнь Золотой Орды») деген жетінші тарауы арналған. Авторлардың өздері атап өткендей, «Алтын Ордада қалалық өмір өте жақсы дамыған» (Греков, Якубовский, 1950: 141). Бұл ретте Қырымдағы Кафа, Судак, Керіш, Азау теңізінің жағалауындағы Азақ (Азов), Хорезмдегі Үргеніш және т.б. қалалар Алтын Орда мемлекетіне дейінгі кезеңде пайда болса, Қырым (Ескі Қырым), Еділ өзені аймағындағы Сарай-Бату және Сарай-Берке, Солтүстік Кавказдағы Маджар сияқты қалалар жаңадан салынған (Греков, Якубовский, 1950: 141). Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский Сарай қаласын сипаттау үшін арабтілді деректердегі мәліметтерді келтіреді: «Сарай қаласы – көп адам тұратын, әдемі базарлары мен кең көшелері бар өте кең аумақта орналасқан ең әдемі қалалардың [бірі]... [Сарайда] ...он үш мешіт бар... солардың біреуі шафиитердікі. Содан бірге тағы [басқа] көп мешіттер бар. Осында сан алуан халықтардың өкілдері өмір сүреді. Атап айтқанда, моңғолдар – бұл елдің билейтін оның [нағыз] тұрғындары; олардың кейбіреулері – мұсылман; мұсылман болып табылатын астар, христиандарға жататын қыпшақтар, черкестер, орыстар және византиялықтар. Әрбір халық өз жағында тұрады. Базарлары да сонда орналасқан...» (Греков, Якубовский, 1950: 143). Авторлардың айтуы бойынша, әртүрлі кәсіппен айналысқан. Осы мәселеге байланысты, зерттеушілер Б.Д. Греков пен А.Ю. Якубовский келесі мәселеге назар аударады: «Сарай-Берке тұрғындарының басым көпшілігі кәсіпшілер болмаса да, олар сан жағынан ең маңызды топ болған... Сарай-Берке қаласының кәсіпшілері көптеген критерийлер бойынша Батыс Еуропа қалаларының орта ғасыр кезеңіндегі [кәсіби] цехтарға ұқсайтын ерекше кәсіби ұйымдардың құрамында болған» (Греков, Якубовский, 1950: 151).

Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орда хандарының қол астындағы Шығыс Еуропа көшпелілері. Археологиялық ескерткіштер» («Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники») (Федоров-Давыдов, 1966) деген монографиясында Алтын Орда дүниежүзілік феномен ретінде талданады. Жалпы алғанда, осы еңбекте Алтын Орданың ішкі өмірі, яғни әдет-ғұрыптары (мысалы, жерлеу рәсімі), шаруашылығы, әскери ісі (қарудың түрлері) және тұрғындардың этникалық құрамы, сондай-ақ қоғамдық құрылысы нақты көрсетілген. Бұл ретте зерттеуші қала мәселесіне де арнайы тоқталады. Атап айтқанда, соған «Көшпелі дала және қалалар» («Кочевая степь и города») деп аталатын тарау арналған. Бұл тарауда Г.А. Федоров-Давыдов, әртүрлі археологиялық және жазбаша деректерге сүйене отырып, қала тұрғындары мен көшпелілердің арасында тығыз экономикалық, этникалық және т.б. байланыстардың болғандығына назар аударады. Осы ретте көшпелілердің бір бөлігі қала тұрғындарының ортасына сіңіп кетті. Сондықтан да археологиялық қазба жұмыстарының барысында көшпелілердің қыштан жасалған ыдыс қалдықтары табыла береді (Федоров-Давыдов, 1966: 203–204). Сонымен бірге, автор атап өткендей, «Алтын Ордадағы қала тұрғындарының елеулі бөлігін бұрын көшпелі болған қыпшақтар [«половцы»] құрағандығын жазбаша деректер, соның ішінде Алтын Орда қалаларында қыпшақ тілінде жазылған әдебиет туындылары растайды» (Федоров-Давыдов, 1966: 205–206).

Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орданың қоғамдық құрылысы» («Общественный строй Золотой Орды») (Федоров-Давыдов, 1973) деген монографиясында қала мәселесіне «XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Алтын Орда қаласы және Дәшті Қыпшақ» («Золотоордынский город и Дешт-и Кыпчак в первой половине XIV в.») арналағн. Автор Алтын Орданың территориясында жаңа қалалардың пайда болғандығына әсер еткен саяси және экономикалық факторларды талдайды. Оның айтуынша, XIII ғасырдың соңында Жошы ұлысы іс жүзінде тәуелсіз мемлекетке айналды. Жаңа мемлекеттің құрылуы қалалардың өсуі мен дамуы тікелей әсер етті. Осы тұрғыдан келесі мәселеге назар аудару қажет: «XIII ғасырда Төменгі Еділ аймағы Жошы ұлысы ханның «домені», яғни тікелей өзі басқарған және оған бағынатын ру-тайпалар көшіп жүрген территория болды. Алтын Ордадағы қала салуы дәл осы жерден басталды. Бұл ретте қалалар көбінесе қысқы көшу орындарында, яғни осы «доменнің» бұрын қалалар болмаған оңтүстік жағында салына бастады» (Федоров-Давыдов, 1973: 78). Өзінің еңбегінде Г.А. Федоров-Давыдов Сарай қаласының «қатардағы» жағында («рядовая часть города») қара халықтың күнделікті өмірі жөнінде мәліметтер келтіреді. Бұл ретте автор әлеуметтік аспектіге ерекше аударады. Зерттеушінің пікірінше, қарапайым халықтың өкілдері көбінесе жер үйлерде тұрған: «Біздің ойымызша, Жаңа Сарайда жер үйлердің болғандығы сол үй иелерінің төмен әлеуметтік статусын, құқықтық тең еместігін, әсіресе еге осындай жер үйлер кірпіштен салынған жер үсті үйлердің жанына орналасса, көрсетеді» (Федоров-Давыдов, 1973: 78). Яғни Сарай қаласы тұрғындарының әлеуметтік жағдайы бірдей болмаған. Бай адамдар әдемі кірпіш үйлерде, ал жағдайлары мүшкіл адмдар жер үйлерде тұруға мәжбр болды.

Кейінгі жылдары көшпелі ортадағы қала мәселесіне байланысты зерттеулер Г.А. Федоров-Давыдовтың «Алтын Орданың Еділ аймағындағы қалалары. Қыш бұйымдары. Сауда. Тұрмыс» («Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт») (Федоров-Давыдов, 2001) атты еңбегінде көрініс тапты. Алтын Орда кезеңіне жататын қалашықтарда табылған қыш бұйымдарды (құмыралар, қақпақтар, қазандар және т.б.) зерттеудің нәтижесінде ғалым қала мен дала тұрғындарының арасында тығыз байланыстардың болғандығына тағы да ерекше назар аударады: «Олар (көшпелілер. – *авт.*) қалаға барып өздеріне қажетті заттарды сатып алса керек» (Федоров-Давыдов, 2001: 221). Қала тұрғындары алтын және күміс монеталарын теріден немесе жібектен жасалған қапшыққа салып, ал артық ақшаларын олар жерде шұңқыр қазып сонда сақтаған (Федоров-Давыдов, 2001: 222). Қала тұрғындарының күнделікті өмірі мен тұрмысы монографияның «Алтын

ордадағы қала тұрғындарының соғыс және бейбіт уақытындағы тұрмысының кейбір ерекшеліктері» («Некоторые черты военного и мирного быта жителей золотоордынских городов») (Федоров-Давыдов, 2001: 225–234) деген тарауында баяндалады. Автор үй-жайларды жылыту, сумен жабдықтау жүйесі, моншалар, киім-кешек, тағамдар және т.б. мәселелерге көңіл бөледі: «Үйдің жоспарламасы мен тұрғын ауданы тұрғындардың әлеуметтік жағдайын нақты көрсетеді... [мысалы] қарапайым үйлерде су құбыры болмаған. Селитренное қалашығындағы... бай үйде [қонақтарды] қабылдауға арналған үлкен залды сумен жабдықтайтын су арнасы («канал») табылған...» (Федоров-Давыдов, 2001: 227–228).

Ресей. В.Л. Егоровтың «XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орданың тарихи географиясы» («Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв.») (Егоров, 2010) атты монографиясында Алтын Орданың орта ғасыр кезеңіндегі тарихының байланысты тарихи-географиялық мәселелер қарастырылады. Сан алуан жазбаша және археологиялық деректерге сүйене отырып тарихшы Алтын Орданың шекарасы, әкімшілк басқару жүйесі, аумағы және т.б. жөнінде материал келтіреді. Сонымен бірге еңбекте Алтын Орданың жүзден астам қаласына қатысты мәліметтер талданылады. Атап айтқанда, автор батыстағы Прут өзеңінен шығыстағы Батыс Сібірге дейін созылған территориядағы, соның ішінде Солтүстік Кавказ, Еділ маңы, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан сияқты аймақтардағы, орта ғасыр кезеңіне жататын қалалардың қалдықтары жөнінде нақты материал келтіреді (Егоров, 2010). Бұл ретте автордың пайымдауынша, «Еділ өзеңінің бар жағалауына қалалар, кенттер және ауылдар салынған деп айтуға болады. Ахтуба өзеңінің сол жағындағы территорияда (оның бастауынан Сарай ал-Джедидке дейін және бұдан әрі) шағын қалалар, кенттер және айналасында егістік алқаптары бар ақсүйектер үйлерінен тұратын үздіксіз отырықшы елді мекендер желісі пайда болды...» (Егоров, 2010: 77).

Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өміріне байланысты мәліметтер Л.Ф. Недашковскийдің «Алтын Орданың Төменгі Еділ аймағындағы қалалары мен олардың төңірегі» («Золотоордынские города Нижнего Поволжья и их округа») (Недашковский, 2010) деген еңбегінде де қарастырылады. Бұл ретте автор қалаларда көп этностар мен діндердің өкілдері тұрғандығына назар аударады: «Алтын Орда хандарының бастамасымен құрылған қалаларда сан алуан этностардың өкілдері өмір сүрген. Қала тұрғындарының негізгі бөлігін отырықшы өмір салтына өткен қыпшақтар болса керек. Жұрттың елеулі компоненті хорезмдіктер, булгарлар және көне орыстар болған. Қалаларда моңғолдар, фин және т.б. халықтарының өкілдері тұрған» (Недашковский, 2010: 4).

Д.В. Васильевтің «Гильом Рубруктың Еділ өзені сағасынан өткен жолы және ол барып келген елді мекендер туралы» («О пути Гильома Рубрука через дельту Волги и о населенных пунктах, которые он посетил») атты мақаласында Алтын орданың Сарай, Саксин және Суммеркент сияқты қалалардың орналасқан жерін анықтауға арналады. Археологиялық деректерге сүйене отырып, Д.В. Васильев XIII ғасырда пайда болған Сарай қазіргі Астрахан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 40 шақырымдық жердегі Красноярское қалашығында, ал Саксин мен Суммеркент туралы айтатын болсақ, автордың пікірінше, бұлар Еділ сағасындағы Самосдельское қалашығында немесе Мошаик қалашығында орналасқан (Васильев, 2011: 65–66). Қала тұрғындарының күнделікті өмірі жөнінде мақалада жанама мәліметтер ғана келтірілген. Атап айтқанда, жұрт үй-жай салғанда күйдірілген кірпіштерді пайдаланған, балық аулаумен айналысқан. Калаларда, мысалы Суммеркентте, көп ұлт пен дін өкілдері тұрған (Васильев, 2011: 65–66).

А.В. Пачкаловтың «Алтын Орда өркениеті» («Золотордынская цивилизация») (Пачкалов, 2011) атты мақаласы орта ғасыр кезеңінде Сарай қаласының қай жерде орналасқандығы мәселесіне арналған. Оның айтуынша, қазіргі уақытта ғылымда аталған мәселе жөнінде зерттеушілер үш топқа жатады: а) Алтын Ордада екі Сарай болған. Ескі Сарай Селитренное қалашығында, ал Жаңа Сарай (Сарай ал-Джедид) Царевское қалашығында орналасқан (осы гипотеза XIX ғасырда пайда болды); б) Алтын Ордада қазіргі

Селитренное қалашығында орналасқан бір-ақ Сарай болды; в) Алтын Ордада екі Сарай болған: біреуі Красноярское қалашығында, Жаңа Сарай (немесе Сарай ал-Джедид, Сарай) Селитренное қалашығында орналасқан (Пачкалов, 2011: 41). Жалпы алғанда, мақалада Сарай және Алтын Орда тарихына қатысты сан алуан қызықты мәліметтер келтіріледі. Бірақ қала тұрғындарының күнделікті өмірі туралы айтатын болсақ, осы мәселеге байланысты жанама ақпарат берілген. Мысалы, А.В. Пачкаловтың баяндауынша, Сарайдағы ақша айналымында күміс және мыс монеталар қолданылды (Пачкалов, 2011: 42).

Э.Г. Сайфетдинованың «Орта ғасыр кезеңіне жататын араб шығармаларындағы Алтын Орданың қалалары» («Города Золотой Орды на страницах средневековых арабских сочинений») (Сайфетдинова, 2014) атты мақаласында араб тілінде жазылған шығармалардағы Алтын Орданың қалалары жөнінде мәліметтер келтіріледі. Әртүрлі деректерді зерттеу барысында автор арабтілді туындылардағы қалалар байланысты ақпараттардың ерекшеліктеріне назар аударады Атап айтқанда, зерттеушінің пайымдауынша, «... орта ғасыр кезеңіне жататын арабтілді шығармалардағы мәліметтер жүйесіз және сондағы орта ғасыр кезеңіне жататын қалалар жөнінде ақпарат толық емес. Келтірілген мәліметтердің көбінесе Алтын Орда империясының отырықшы территорияларға, «ескі қалаларға» қатысы бар; қала салу мәселесі жөніндегі мәліметтер негізінен Алтын Орданың астанасы болып табылатын Сарай қаласымен байланысты. «Жаңа» қалаларға жеке-жеке үйлер болып орналасу принципі тән. Бұл ретте қала қоршалмаған, ягни қаланың фортификациясы болмаған. Арабтілді авторлардың пікірінше, Алтын Орда қаласының маңызды ерекшелігі оның әкімшілік, сауда-кәсіпшілк және мәдени әрі діни орталығы функциясын атқаруында» (Сайфетдинова, 2014: 161–162).

Батыс елдері. Ғылыми еңбектері Шығыс елдерінің, соның ішінде Алтын орданың, сондай-ақ Таяу және Орта Шығыстың да, тарихы мен мәдениетіне арналған белгілі батыстық шығыстанушылардың бірі болып табылатын неміс зерттеуші-ғалымы Бертольд Шпулердің (1911–1990) өзінің ғылыми шығармаларында елдердің саяси тарихынан басқа, қала тұрғындарының күнделікті өмір мәселесіне де көп беретіндігін айта кетуіміз керек. Атап айтқанда, «Алтын Орда. Ресейдегі моңғолдар. 1223–1502 жж.» («Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг.») (Шпулер, 2016) деген іргелі еңбегінде автор Алтын Орданың саяси дамуы, мемлекеттік басқару, әскери іс, сыртқы экономикалық байланыстары сияқты сан алуан мәселелерге көңіл бөледі. Сонымен бірге Бертольд Шпулер «қолданбалы» мәселелерге де ерекше назар аударады. Осы тұста қала тұрғындарының күнделікті өмірі, соның ішінде үй салу, тамақтану, киім-кешек кию және т.б. жөнінде нақты айтқанда, Ескі Сарай мен Жаңа Сарай, Маджар, Укек сияқты қалаларда әртүрлі құрылыстар туралы айта отырып, зерттеуші үй салғанда жұрттың өртелген кірпіш пайдаланғандығын, үйлер көбінесе үш бөлмеден тұрып көшпелілердің киіз үйлеріндей оңтүстік жаққа қаратылған, үйді жылыту үшін пеш салған. Ағаш тапшылығынан отын ретінде құрғақ көң пайдалынылды (Шпулер, 2016: 423–425). Қала тұрғындарының тағам жүйесін сипаттай отырып, Бертольд Шпулер олардың өмірінде мал шаруашылығы өнімдері (соның ішінде қымыз, сиыр және ешкі сүті, қатық, ірімшік, жылқы, сиыр және қой еті) елеулі рөл ойнағандығын атап өтті. Сонымен бірге балық пен құс етін тұтынған. Бірақ күнделікті тамақтануда құс еті аса маңызды болған жоқ (Шпулер, 2016: 431–440). Жалпы алғанда, Бертольд Шпулердің жұмысы – Алтын Ордадағы қала тұрғындарының күнделікті өміріне арналған ең елеулі еңбектердің бірі. Автор келтірген нақты материал қала тұрғындарының көшпелі ортамен тығыз байланыста болғандығын көрсетеді.

Латыш археологы әрі өнертанушысы Франсис Балодис (Ф.В. Баллод) өзінің «Ескі және Жаңа Сарай. Алтын Орданың астаналары. 1922 жылы жаздыгүні жасалған археологиялық жұмыстардың нәтижелері» («Старый и Новый Сарай, столицы Золотой Орды. Результаты археологических работ летом 1922 года») (Баллод, 1923) атты жұмысында Алтын Орда қалалық елді мекендеріне қатысты сан алуан жазбаша мәліметтер мен археологиялық деректерге сүйене отырып, Сарай қаласы әуелде Бату хан Мажар жорығынан оралған соң,

яғни 1242–1254 жылдар аралығында қазіргі Астрахан қаласынан 110 шақырымдық жерде салынған деген байламға келді (Баллод, 1923: 6, 12). Кейінірек, яғни 1320–1332 жылдар аралығында Жаңа Сарай салынған. Ал осы қаланың ішкі күнделікті өмірін айтатын болсақ, келесі мән-жайларға назар аударуымыз керек. Франциc Балодис келтірген мәліметтер бойынша, XIII ғасырдың екінші жартысында осы қалада митрополит Кирилл бөлек орыс епархиясын ашты. Яғни түркілерді айтпағанда, Сарайда басқа ұлттардың өкілдері де (мысалы, орыстар) тұрған (Баллод, 1923: 5, 20). Сонымен бірге Сарай «ғылым мен мейірімділік ордасына айналды; және аз уақыт ішінде осында көптеген ғұламалар мен атақты тұлғалар, сондай-ақ тілшілер және өнершілер жиналды...», ал Берке «өнерге қамқорлық жасап, астанада әдемі ғимараттар салған» (Баллод, 1923: 6). XIV ғасырда өмір сүрген Ибн-Баттутаның материалдарына сүйене отырып, Франциc Балодис сол кезеңдегі Сарай қаласын «әдемі базарлары әрі кең көшелері бар ең әдемі қалалардың бірі» деп сипаттайды (Баллод, 1923: 10). Сол кезде осы қалада 13 мешіт, базарлар, моншалар және «қайырымдылық мекемелері» («заведения благочестия») орналасқан (Баллод, 1923: 10).

Қорытынды

Осы жұмыстың нәтижесінде келесі тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, қазіргі Түркия, Қазақстан, Ресей сияқты елдердегі, сонымен қатар Батыс мемлекеттеріндегі ғылымда Алтын Орданың тарихы мен мәдениетінің әртүрлі аспектілеріне арналған көптеген еңбектер жарық көрді. Сол зерттеулерде Алтын Орданың әкімшілік басқару жүйесі, осы мемлекеттегі сыртқы және ішкі сауда, сауда жолдары, ақша айналымы және т.б. мәселелер көрініс тапты. Соның ішінде Алтын Орданың қалалары жөнінде материал келтіріледі. Яғни еңбектердің тақырыптық бағдарлылығы жөнінде айтқанда, археологтардың еңбектері көбінесе Алтын Орда қалаларының планиграфиясы, тарихы, орналасқан орнының ерекшеліктері сынды мәселелерге арналған. Себебі бүгінге дейін кейбір қалалардың нақты қай аймақта орналасқандығы туралы әртүрлі пікірлер бар.

Екіншіден, тарихшылар мен археологтардың ғылыми еңбектеріне сүйенетін болсақ, Алтын Орда мемлекетінде қала салу мәселесіне көп мән берілген деген қорытынды жасауға болады. Яғни бұл мемлекет – дамыған қалалық өркениеттің үлгісі. Бұл қалалардағы үйлерді сумен жабдықтау және жылыту жүйесінің сол кезең үшін жоғары деңгейде болғандығында, жұрттың әлеуметтік-экономикалық жағдайында, ақша айналымы мен сауда байланыстарының дамығандығында нақты көрініс тапты.

Үшіншіден, тарихнамада Алтын Орда мемлекетіндегі қала тұрғындары мен көшпелілердің арасында тығыз сауда-экономикалық және этникалық байланыстардың болғандығына ерекше назар аударылады. Яғни отырықшы және көшпелі халықтардың арасында нақты, өтуге болмайтын шекара болмады. Сондықтан да, зерттеушілердің ғылыми жұмыстары атап көрсеткендей, қалаларда әртүрлі халықтар мен діндердің өкілдері өмір сүрсе де, көптеген жағдайда қала тұрғындарының көпшілігін қыпшақтар сынды көшпелі халықтардың өкілдері құраған.

Әдебиеттер:

Байпаков, Ерофеева, Иночкин, Кривобокова, Сдыков, 2012 – *Байпаков К.М., Ерофеева И.В., Иночкин В.А., Кривобокова С.С., Сдыков М.Н.* Уральск древний и современный. Очерки истории. Уральск, 2012. 384 с.

Баллод, 1923 – *Баллод Ф.* Старый и Новый Сарай, столицы Золотой Орды. Результаты археологических работ летом 1922 года. Казань, 1923. 63 с.

Бартольд, 1993 – *Бартольд В.В*. Тюрки. Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. Алматы: Жалын, 1993. 192 с.

Васильев, 2011 – *Васильев Д.В.* О пути Гильома Рубрука через дельту Волги и о населенных пунктах, которые он посетил // Золотоордынское наследие. Мат. Второй Междунар. научн. конф. «Политическая и социально-экономическая история Золотой Орды», посвященной памяти М.А. Усманова. Казань, 29–30 марта 2011 г. Вып. 2. Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш.Марджани АН Р, 2011. С. 64–72.

Волков, 2016 – *Волков И.В.* Два города в Нижнем Поволжье на карте мира 1457 года // Поволжская археология. 2016. № 2 (16). С. 182–192.

Греков, Якубовский, 1950 – *Греков Б.Д., Якубовский А.Ю.* Золотая Орда и ее падение. Москва; Ленинград: АН СССР, 1950. 479 с.

Егоров, 2010 – *Егоров В.Л.* Историческая география Золотой Орды в XIII–XIV вв. Москва: КРАСАНД, 2010. 248 с.

Калменов, 2013 – *Калменов М.Д.* Кирпичеобжигательная печь с городища Жайык // Поволжская археология. 2013. № 4 (6). С. 205–213.

Недашковский, 2010 – *Недашковский Л.Ф.* Золотоордынские города Нижнего Поволжья и их округа. Москва: Восточн. лит-ра, 2010. 364 с.

Пачкалов, 2011 – *Пачкалов А.В.* Золотордынская цивилизация. Сборник статей. Вып. 4. Казань: Фолиант, Инст. ист. Им. Ш. Марджани АН РТ, 2011. С. 40–46.

Сайфетдинова, 2014 – *Сайфетдинова Э.Г.* Города Золотой Орды на страницах средневековых арабских сочинений // Археология евразийских степей. 2014. № 2. С. 158–163.

Сарайшық…, 2015 – Сарайшық – бабалар мұрасы. Сарайшық қалашығы туралы дереккөздер / Ғыл. ред. Ж.К. Жұмабаева. Атырау: Ағатай, 2015. 224 б.

Сдыков, 2011 – *Сдыков М.Н.* Золотоордынские города Западного Казахстана // Золотоордынское наследие. Мат. Второй Междунар. научн. конф. «Политическая и социально-экономическая история Золотой Орды», посвященной памяти М.А. Усманова. Казань, 29–30 марта 2011 г. Вып. 2. Казань: ООО «Фолиант», Институт истории им. Ш.Марджани АН Р, 2011. С. 181–186.

Федоров-Давыдов, 1966 – *Федоров-Давыдов Г.А.* Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. Археологические памятники. Москва: Изд. Москов. ун-та, 1966. 275 с.

Федоров-Давыдов, 1973 – *Федоров-Давыдов Г.А.* Общественный строй Золотой Орды. Москва: Изд. Москов. ун-та, 1973. 180 с.

Федоров-Давыдов, 2001 – *Федоров-Давыдов Г.А.* Золотоордынские города Поволжья. Керамика. Торговля. Быт. Москва: Изд. Москов. ун-та, 2001. 256 с.

Шпулер, 2016 – *Шпулер Б.* Золотая Орда. Монголы в России. 1223–1502 гг. / Пер. с нем. яз. и комм. М.С. Гатина. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2016. 500 с.

Якубовский, 1932 – *Якубовский А.Ю.* Феодализм на Востоке. Столица Золотой Орды – Сарай-Берке. Ленинград: ГАИМК, 1932. 52 с.

Bilgin, 1993 – *Bilgin Orhan.* Cüveynî, Atâ Melik // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1993. Cilt. 8. Sf. 140–141.

Bostancı, 2021a – *Bostancı Fatih.* Altın Orda Devleti'nde Yerleşik Hayatın İlk İzleri: Saray Şehri // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2021. Cilt. 3. Sayı. 6. Sf. 229–240.

Bostancı, 2021b – *Bostancı Fatih.* Berke Han Dönemi Altın Orda Devleti (1256–1266) (Siyaset-Kültür-Din). Efe Akademi Yayınları, 2021. 263 s.

Bostancı, 2024a – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti'nde Eşya ve Gıda Fiyatları // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2024. Kasım. Özel sayı. Sf. 163–178.

Bostancı, 2024b – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti'nde Ordu Pazarı // Harp Tarihi Dergisi. 2024. Sayı. 10. Aralık. Sf. 37–56.

Bostancı, 2026 – *Bostancı Fatih*. Timurlu Devleti'nde Tamga Vergisi ve Uygulanışı // Turcology Research. 2026. Sayı. 85. Sf. 181–192.

Gökbilgin, 1972 – *Gökbilgin Özalp*. 1313–1357 Yılları Arasında Altın Ordu Devleti. Erzurum, 1972. 52 s.

Kemaloğlu, 2026 – *Kemaloğlu İlyas.* Altın Orda Devleti. (1242–1502). Türk-İslam Devleti // Türk Dünyası Ansiklopedisi. https://turkdunyasiansiklopedisi.gov.tr/detay/7327/Alt%C4%B1n-Orda-Devleti-

Özaydın, 1995 – *Özaydın Abdülkerim.* Fazl b. Rebî // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1995. Cilt. 12. Sf. 274–275.

Özyetgin, Kemaloğlu, 2017 – *Özyetgin Ayşe Melek, Kemaloğlu İlyas*. Altın Orda hanlığına ait resmi yazışmalar. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2017. 171 s.

Yalvar, 2018 – *Yalvar Cihan.* Deşt-i Kıpçak'ta Moğol Hakimiyeti ve Kuman-Kıpçaklar // Yeditepe Üniversitesi Tarih Bölümü Araştırma Dergisi. 2018. Cilt. 2. Sayı. 1. Ocak. Sf. 3–29.

References:

Ballod, 1923 – *Ballod F.* Stary i Novy Saray, stolitsy Zolotoy Ordy. Rezultaty arkheologicheskikh rabot letom 1922 goda [Old and New Saray, capitals of the Golden Horde. Results of archaeological work in the summer of 1922]. Kazan, 1923. 63 p. (in Rus)

Bartold, 1993 – *Bartold V.V.* Tyurki. Dvenadtsat lektsy po istorii turetskikh narodov Sredney Azii [The Turks. Twelve Lectures on the History of the Turkish Peoples of Central Asia]. Almaty: Zhalyn, 1993. 192 p. (in Rus)

Baypakov, Yerofeyeva, Inochkin, Krivobokova, Sdykov, 2012 – *Baypakov K.M., Yerofeyeva I.V., Inochkin V.A., Krivobokova S.S., Sdykov M.N.* Uralsk drevny i sovremenny. Ocherki istorii [Uralsk: Ancient and Modern. Historical Essays]. Uralsk, 2012. 384 p. (in Rus)

Bilgin, 1993 – *Bilgin Orhan.* Cüveynî, Atâ Melik [Cüveynî, Atâ Melik] // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1993. Cilt. 8. Pp. 140–141. (in Tur)

Bostancı, 2021a – *Bostancı Fatih.* Altın Orda Devleti'nde Yerleşik Hayatın İlk İzleri: Saray Şehri [The First Traces of Sedentary Life in the Golden Horde: Saray City] // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2021. Cilt. 3. Sayı. 6. Pp. 229–240. (in Tur)

Bostancı, 2021b – *Bostancı Fatih.* Berke Han Dönemi Altın Orda Devleti (1256–1266) (Siyaset-Kültür-Din) [The Golden Horde State during the Reign of Berke Khan (1256–1266) (Politics-Culture-Religion)]. Efe Akademi Yayınları, 2021. 263 p. (in Tur)

Bostancı, 2024a – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti'nde Eşya ve Gıda Fiyatları [Prices of Goods and Food in the Timurid Empire] // Genel Türk Tarihi Araştırmaları Dergisi. 2024. Kasım. Özel sayı. Pp. 163–178. (in Tur)

Bostancı, 2024b – *Bostancı Fatih.* Timurlu Devleti'nde Ordu Pazarı [Orda Market in the Timurid State] // Harp Tarihi Dergisi. 2024. Sayı. 10. Aralık. Pp. 37–56. (in Tur)

Bostancı, 2026 – *Bostancı Fatih*. Timurlu Devleti'nde Tamga Vergisi ve Uygulanışı [The Tamga Tax and its Implementation in the Timurid State] // Turcology Research. 2026. Sayı. 85. Pp. 181–192. (in Tur)

Egorov, 2010 – *Yegorov V.L.* Istoricheskaya geografiya Zolotoy Ordy v XIII–XIV vv. [Historical geography of the Golden Horde in the 13th–14th centuries]. Moskva: KRASAND, 2010. 248 p. (in Rus)

Fedorov-Davydov, 1966 – *Fedorov-Davydov G.A.* Kochevniki Vostochnoy evropy pod vlastyu zolotoordynskikh khanov. Arkheologicheskiye pamyatniki [Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde khans. Archaeological monuments]. Moskva: Izd. Moskov. un-ta, 1966. 275 p. (in Rus)

Fedorov-Davydov, 1973 – *Fedorov-Davydov G.A.* Obshchestvenny stroy Zolotoy Ordy [Social system of the Golden Horde]. Moskva: Izd. Moskov. un-ta, 1973. 180 p. (in Rus)

Fedorov-Davydov, 2001 – *Fedorov-Davydov G.A.* Zolotoordynskiye goroda Povolzhya [Golden Horde cities of the Volga region]. Moskva: Izd. Moskov. un-ta, 2001. 256 p. (in Rus)

Gökbilgin, 1972 – *Gökbilgin Özalp*. 1313–1357 Yılları Arasında Altın Ordu Devleti [The Golden Horde State between 1313 and 1357]. Erzurum, 1972. 52 s. (in Tur)

Grekov, Yakubovsky, 1950 – *Grekov B.D., Yakubovsky A.Yu.* Zolotaya orda i eye padeniye [The Golden Horde and the Fall]. Moskva; Leningrad: AN SSSR, 1950. 479 p (in Rus)

Kalmenov, 2013 – *Kalmenov M.D.* Kirpicheobzhigatelnaya pech s gorodishcha Zhayyk [Brick burning stove with gorodishcha Zhayyk] // Povolzhskaya arkheologiya. 2013. № 4 (6). Pp. 205–213. (in Rus)

Kemaloğlu, 2026 – *Kemaloğlu İlyas.* Altın Orda Devleti. (1242–1502). Türk-İslam Devleti [Golden Horde State (1242–1502). Turkic-Islamic State.] // Türk Dünyası Ansiklopedisi. https://turkdunyasiansiklopedisi.gov.tr/detay/7327/Alt%C4%B1n-Orda-Devleti- (in Tur)

Nedashkovsky, 2010 – *Nedashkovsky L.F.* Zolotoordynskiye goroda Nizhnego Povolzhya i ikh okruga [Golden Horde cities of the Lower Volga region and their surroundings]. Moskva: Vostochn. lit-ra, 2010. 364 p. (in Rus)

Özaydın, 1995 – *Özaydın Abdülkerim.* Fazl b. Rebî [Fazl b. Rebî] // Türkiye Diyanet Vakfı. İslam Ansiklopedisi. İstanbul, 1995. Cilt. 12. Pp. 274–275. (in Tur)

Özyetgin, Kemaloğlu, 2017 – *Özyetgin Ayşe Melek, Kemaloğlu İlyas*. Altın Orda hanlığına ait resmi yazışmalar [Official correspondence of the Golden Horde Khanate]. Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2017. 171 s. (in Tur)

Pachkalov, 2011 – *Pachkalov A.V.* Zolotordynskaya tsivilizatsiya [Golden Horde civilization]. Sbornik statey. Vyp. 4. Kazan: Foliant, Inst. ist. Im. Sh. Mardzhani AN RT, 2011. Pp. 40–46. (in Rus)

Sarayshyq…, 2015 – Sarayshyq – babalar murasy. Sarayshyq qalashygy turaly derekkozder [Sarayshyk is the heritage of our ancestors. Sources about the town of Sarayshyk] / Gyl. red. Zh.K. Zhumabayeva. Atyrau: Ағatay, 2015. 224 p. (in Kaz/Rus)

Sayfetdinova, 2014 – *Sayfetdinova E.G.* Goroda Zolotoy Ordy na stranitsakh srednevekovykh arabskikh sochineny [Cities of the Golden Horde in the pages of medieval Arabic writings] // Arkheologiya evrazyskikh stepey. 2014. № 2. P. 158–163. (in Rus)

Sdykov, 2011 – *Sdykov M.N.* Zolotoordynskiye goroda Zapadnogo Kazakhstana [Golden Horde cities of Western Kazakhstan] // Zolotoordynskoye naslediye. Mat. Vtoroy Mezhdunar. nauchn. konf. «Politicheskaya i sotsialno-ekonomicheskaya istoriya Zolotoy Ordy», posvyashchennoy pamyati M.A. Usmanova. Kazan, 29–30 marta 2011 g. Vyp. 2. Kazan: OOO «Foliant», Institut istorii im. Sh.Mardzhani AN R, 2011. Pp. 181–186. (in Rus)

Spuler, 2016 – *Spuler B.* Zolotaya Orda. Mongoly v Rossii. 1223–1502 gg. [Golden Horde. Mongols in Russia. 1223–1502.] / Per. s nem. yaz. i komm. M.S. Gatina. Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani AN RT, 2016. 500 p. (in Rus)

Vasilyev, 2011 – *Vasilyev D.V.* O puti Gilyoma Rubruka cherez deltu Volgi i o naselennykh punktakh, kotorye on posetil [About the path of Gilyom Rubruk through the Volga delta and the populated areas he visited] // Zolotoordynskoye naslediye. Mat. Vtoroy Mezhdunar. nauchn. konf. «Politicheskaya i sotsialno-ekonomicheskaya istoriya Zolotoy Ordy», posvyashchennoy pamyati M.A. Usmanova. Kazan, 29–30 marta 2011 g. Vyp. 2. Kazan: OOO «Foliant», Institut istorii im. Sh.Mardzhani AN R, 2011. Pp. 64–72. (in Rus)

Volkov, 2016 – *Volkov I.V.* Dva goroda v Nizhnem Povolzhye na karte mira 1457 goda [Two cities in the Lower Volga region on a world map from 1457] // Povolzhskaya arkheologiya. 2016. № 2 (16). Pp. 182–192. (in Rus)

Yakubovsky, 1932 – *Yakubovsky A.Yu.* Feodalizm na Vostoke. Stolitsa Zolotoy Ordy – Saray-Berke [Feudalism in the East. The Golden Horde's capital – Saray-Berke]. Leningrad: GAIMK, 1932. 52 p. (in Rus)

Yalvar, 2018 – *Yalvar Cihan.* Deşt-i Kıpçak'ta Moğol Hakimiyeti ve Kuman-Kıpçaklar [Mongol Rule in Desht-i Kipchak and the Cuman-Kipchaks] // Yeditepe Üniversitesi Tarih Bölümü Araştırma Dergisi. 2018. Cilt. 2. Sayı. 1. Ocak. Pp. 3–29. (in Tur)

[1] **Морякова М.Т.,** [2] **Шотанова Г.А.**
[1, 2] Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова
Алматы, Казахстан
E-mail: [1] malika-94kz@mail.ru [2] sh.galiya08@gmail.com

ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ ЗОЛОТООРДЫНСКИХ ГОРОДОВ И ПОСЕЛЕНИЙ (XIII–XV ВВ.) В ТУРЕЦКОЙ, КАЗАХСТАНСКОЙ И ЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ

Аннотация. Введение. В настоящее время при изучении истории и культуры разных стран особое внимание уделяется внутренней, то есть повседневной жизни жителей городов. Хотя известные и выдающиеся личности играют важную роль в истории и культуре некоторых стран и народов, а во многих случаях и всего мира, изучение той или иной эпохи возможно путем анализа жизни, обычаев, социальных норм и мировоззрения обычных людей. В свою очередь, это дает возможность более глубоко понять смысл политических событий и социо-культурных взаимоотношений, имевших место в определенный период времени. Цель и задачи исследования. Цель статьи – изучить историографию, прямо или косвенно посвященную вопросу повседневной жизни городского населения городов Золотой Орды. Для достижения поставленной цели необходимо выполнить следующие задачи: выявить особенности изучения повседневной жизни городского населения Золотой Орды в современной казахской и мировой науке; изучить социально-экономическое положение городов обозначенного периода; проанализировать связи между городским и кочевым населением Золотой Орды. Результаты. Вопрос повседневной жизни является неотъемлемой частью историографии истории и культуры Золотой Орды. Выводы. В ходе изучения данной темы сделаны выводы о том, что повседневная жизнь городского населения стала отдельным направлением историко-археологических исследований в историографии, что Золотая Орда была государством со значительно развитой городской культурой и что в период средневековья города Золотой Орды были тесно связаны с кочевой средой.

Благодарность. Данная статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта грантового финансирования «История оседлых поселений Западного Казахстана в золотоордынский период: реконструкция материальной культуры повседневности» (ИРН AP23489009).

Ключевые слова: золотоордынские поселения, урбанистика, историография, Жайык, Сарайшык, Сарай-Бату, Сарай-Берке, Сарай-и Джедид, повседневная жизнь.

[1] **Moryakova M.T.,** [2] **Shotanova G.A.**
[1, 2] Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
Almaty, Kazakhstan)
E-mail: [1] malika-94kz@mail.ru [2] sh.galiya08@gmail.com

EVERYDAY LIFE OF THE GOLDEN HORDE CITIES AND SETTLEMENTS (13th–15th CENTURIES) IN TURKISH, KAZAKH AND EUROPEAN HISTORIOGRAPHY

Abstract. Introduction. Nowadays, when studying the history and culture of different countries, special attention is paid to the internal, or everyday, lives of city dwellers. While famous and prominent figures play a significant role in the history and culture of some countries and peoples, and in many cases the entire world, studying a given era is possible through analyzing the lives, customs, social norms, and worldviews of ordinary people. This, in turn, provides an

opportunity to more deeply understand the meaning of political events and social movements that took place during a given period. Purpose and objectives of the study. The purpose of the article is to study the historiography directly or indirectly devoted to the issue of everyday life of the urban population of the Golden Horde cities. To achieve this goal, it is necessary to complete the following tasks, namely, to identify the features of the study of the everyday life of the urban population of the Golden Horde in modern Kazakh and world science; to study the socio-economic situation of the cities of the indicated period; to analyze the connections between the urban and nomadic population of the Golden Orda. Results. The issue of everyday life is an integral part of the historiography of the history and culture of the Golden Horde. Conclusions. In the course of studying this topic, conclusions were drawn that the everyday life of the urban population became a separate area of historical and archaeological research in historiography, that the Golden Horde was a state with a significantly developed urban culture and that during the Middle Ages, the cities of the Golden Horde were closely connected with the nomadic environment.

Acknowledgements. This article was prepared within the framework of the grant-funded research project «History of sedentary settlements in Western Kazakhstan during the Golden Horde period: reconstruction of material culture of everyday life» (IRN AP23489009).

Keywords: Golden Horde settlements, urban studies, historiography, Zhaiyk, Saraishyk, Sarai-Batu, Sarai-Berke, Sarai-i Djedid, everyday life.

Авторлар туралы мәлімет:

Морякова Малика Темирхановна – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, аға ғылыми қызметкер, PhD

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Информация об авторах:

Морякова Малика Темирхановна – старший научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, PhD

Шотанова Галия Айтжановна – ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор

Information about authors:

Moryakova M.T. – Senior Researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology

Shotanova G.A. – Leading researcher of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

Келіп түсті 18 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 2 мамыр 2026 жыл

ҒТАМР 16.21.27 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.151

[1]Шадкам З. [2]Тұяқбаев Ө.
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
[2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ҚР Ұлттық кітапханасы. Алматы, Қазақстан
E-mail: zubaida.68@gmail.com, omirabuali@gmail.com

ШЫҒЫС ДЕРЕКТЕРІНДЕГІ КАСПИЙ ТЕҢІЗІ АТАУЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАСЫ

Аңдатпа. Каспий теңізі – әлемдегі ең ірі тұйық су айдыны. Географиялық тұрғыдан көл болып саналса да, көлемі мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты шығыстық жазба мұра беттерінде теңіз ретінде суреттеледі. Ол ежелгі Тетис мұхитының қалдығы деп саналады. Ырысы мол Каспий маңында көне дәуірлерден бері түрлі тайпалар мен халықтар қоныстанып, маңызды тарихи оқиғалар орын алған, соның нәтижесінде көптеген аңыздар мен мифологиялық сюжеттер қалыптасқан. Каспий теңізі туралы ең көне мәліметтер ежелгі парсы тілінде (пехлеви тілінде) сақталған «Авеста» мәтіндерінде кездеседі. Бұл мақалада шығыс деректері, әсіресе парсы тіліндегі жазба мұралар негізінде Каспий теңізінің атаулары мен оның маңында өмір сүрген тайпалар туралы тарихи мәліметтер қарастырылады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – ежелгі және қазіргі парсы тілдеріндегі деректерде кездесетін Каспий теңізіне қатысты атаулар мен мәліметтерді қазақ тіліне аударып, ғылыми тұрғыдан талдау және ғылыми айналымға енгізу болып табылады. Зерттеудің негізгі міндеті – Қазақстанның маңызды географиялық нысандарының бірі саналатын Каспий көліне қатысты топонимдерді шығыс деректері, әсіресе парсы жазба ескерткіштері негізінде зерделеу. Мақалада негізгі дереккөздер ретінде «Авеста» мәтіндері, пехлеви әдебиеті және ирандық зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды. Зерттеуде шығыс деректеріндегі мәліметтерді аудару, салыстырмалы түрде талдау және сипаттау әдістері арқылы Каспий теңізінің әртүрлі атауларын, оған қатысты жазба деректерде сақталған аңыздар мен мифологиялық сюжеттер танлданады, сондай-ақ зерттеушілер үшін жаңа ғылыми бағыттар ұсынылады. Мақаланы дайындау барысында шығыс тілдеріндегі тарихи деректер мен ғылыми зерттеулерді жинақтау, сұрыптау, аудару және талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде араб және парсы деректерінде Каспий теңізінің отыздан астам атауы болғаны, сондай-ақ оның тарихи-географиялық қана емес, діни-мифологиялық тұрғыдан да ерекше маңызға ие болғаны анықталды.

Алғыс. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан «Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық және лингвистикалық көрінісі» атты ғылыми жоба аясында дайындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR24993043)

Кілт сөздер: шығыс деректері, Каспий теңізі, Хазар теңізі, Қазвин теңізі, Авеста, Бундахишн мифтері, Фарахкерт, тарихи география, топонимика

Кіріспе

Ономастиканың құрамдас бөлігі ретінде географиялық нысандардың атауларын, олардың шығу тегін, мағынасын, мазмұнын, қолдану ерекшеліктерін, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ғылым саласы – топонимика. Топонимика – тарихи-мәдени ақпаратты сақтауға және таратуға мүмкіндік беретін маңызды ғылыми бағыттардың бірі. Топонимикалық зерттеулер белгілі бір этностың әлемді тану ерекшеліктерін, оның тарихи даму динамикасын қалпына келтіруге көмектеседі. Географиялық атаулар (топонимдер) – кез

келген өркениеттің мәдени мұрасының ажырамас бөлігі және олардың қалыптасу үдерісі халықтың тарихи және тілдік санасының көрінісі ретінде қарастырылады. Географиялық атаулардың өзгеру үрдісін талдау өткен дәуірлердің тарихи, әлеуметтік және мәдени ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, Қазақстанның географиялық атаулары арасында Каспий теңізінің атауларының зерттелуі маңызды (Шадкам, Амантай, 2025: 183-184).

Каспий теңізі Азия мен Европа құрлығы арасында орналасқандығы үшін де үлкен маңызға ие екені рас. Тарихтың әр кезеңінде маңайындағы көрші елдердің назарында болып келді. Ол бір жақтан шығыстағы шөл даланың көшпенді қауымдарының шабуылдарына кедергі болса, бір жақтан да Азиядан Европаға немесе Европадан Азияға келетін саяхатшылар осы теңіздің не оңтүстік, не солтүстік жолдарын қолдануға мәжбүр еді. Каспий теңізі аймағы мен төңірегінде мұнай мен газ құбырларының, әлемде бірегей уылдырық сорты мен балықтары және басқа да теңіз өнімдерінің, батыс және оңтүстік жағалауында құнарлы егіндер мен егістік аймақтарының болуы бұл теңізді қазіргі таңда да экономикалық, географиялық және геополитикалық маңызы бар елді мекенге айналдырып отыр.

Біздің дәуірімізге дейінгі V ғ. бастап оның көптеген атаулары болды және жазба деректерде әртүрлі сипаттамалармен көрсетілген. Атаулардың әр түрлілігі және көптігі осы теңіздің айналасындағы өмір сүрген тайпалар мен салынған қалаларға да байланысты. Бұл тайпалар мен қалалардың бір-бірінен алыста болуы, жеткілікті қарым-қатынаста болмауы нәтижесінде әр қайсысы бұл теңізге өзінше атау бергені байқалады.

Еуропалық, араб және ирандық саяхатшылар, тарихшылар мен географтардың қалдырып кеткен тарихи дереккөздерінде және кітаптарында өз тілдерінде де ерекше атаулар қолданған. Зерттеушілер ықыл заманнан бері бүгінге дейін Каспий теңізінің әр түрлі тілдерде 80-нен аса атауы болғанын, бір ғана парсы тілінде 30-дан астам атауы кездесетінін айтады (Воронов, 2010: 87; Ajam, 2005).

Мысалы: Геродот, Страбон, Птолемей, Аристотель сияқты грек тарихшылары өз еңбектерінде және жазбаларында осы теңізді Гиркан, Каспий, Аркания және Тапир деген атаулармен атаған болса; Якут Хамави, Хамза, Ибн Хауқал, Истахри Фарси, Масуди, Хамдаллах Мустафи, Ибн Фадлан, Шамс ад-Дин Димашки, Әбу әл-Фида, Ибн әл-Факих Омар ибн Руст және Әбу Зәйд Балхи сияқты мұсылман географтары мен тарихшылары оны: Хазар теңіз, Табаристан, Казвин теңізі, Джурджан (Горган), Абескун, Ақфуда дария немесе Дара Акфуда (Сасанидтер дәуірінде), Хорасан, Джили, Бахр әл-Аджам, Джабал және Баб әл-Абваб десе, кейбір араб географтары оны Парсы теңізі деп атаса, бірқатар парсы тілді деректерде Хазар теңізі деген атау аталады. Әл-Хорезми, Қожа Насир Туси және Хамдолла Қазвини сияқты ирандық географтар да бұл теңізге Дайлам, Бахре Аджам, Джилан (Гилан), Астарабад, Ширван, Мазандаран, Моған, Бадкубеh, Қажы Тархан деген. Авестада оны Гол, Голан, Ваурокаш, Фарахкерт, Тилсан, Камруд және Зере Ожестан деп көрсеткен. Борис Дорн (1805–1881), Жак Жан Мари де Морган (1857–1924), Уильям Джексон (William Jackson) және т.б. зерттеушілер де Заратушт пен бұрынғы Пахлеви заманында Ховалинск, Астрахань, Сарай, Сари, Зараие және Рокаша атауларының қолданылғанын айтады.

Парсы деректерінде 30 аса атау көрсетілгенімен, қазіргі таңда тек Хазар теңізі және Каспий теңізі атауының кеңінен таралғанын көреміз. Каспий сөзі араб тілінің дыбыстық ерекшелігіне қарай трансформацияға ұшырап Қазвин деп де айтылады. Дегенмен, осы екі атау (Хазар және Каспий) ең кең таралған атау. Иран мен Ресей үкіметтері соңғы 250 жылда екі жақты және халықаралық келісімдерде осы екі атауды үнемі қолданып келді (Ajam, 1381).

Каспий – иран текті ежелгі бір тайпа атауы болса, Хазар да VII-ғасырларда каспий өңіріне қоныс аударып империя құрған түркі тектес тайпаның атауы (Dehkhoda). Осы екі атаудың сонғы жылдары қолданыс аясына қатысты халықаралық аренада ой пікірлер, көзқарастар қалыптасып жатқан сияқты. Бұл тақырып, әрине, геосаяси, тарих, тарихи география саласы мамандарының қызығушылығын тудырады деп ойлаймыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Каспий теңізі атауларына арналған бұл зерттеуде ортағасырлық шығыс жазба деректері мен шығыс тілдерінде жазылған ғылыми еңбектердің беретін мол әрі тың мәліметтеріне ерекше назар аударылды. Осыған байланысты әл-Истахри, әл-Идриси, Ибн Хауқал, Фазлуллах Рашид ад-Дин Хамадани секілді ортағасырлық араб және парсы тарихшылары мен географтарының еңбектері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Сонымен қатар, аталған деректер негізінде жүргізілген шетелдік зерттеушілердің, әсіресе ирандық ғалымдар А. Баримани (Barimani, 1957), М. Бахар (Bahar, 2008), Х. Наджари мен З.Махджуб (Najjari, Mahjub, 2016), Х.Зуджаджи (Zujaji, 2008) және М.Аджамның (Ajam, 2003, 2005) ғылыми еңбектері жинақталып, жүйеленіп, кешенді түрде талданды.

Зерттеу барысында әртүрлі тарихи кезеңдерге тиесілі деректер, ғылыми еңбектер мен тарихи мәліметтер негізінде Каспий теңізі атауларының аймақтық және хронологиялық ерекшеліктері қарастырылды. Атап айтқанда, теңіз атауларының уақыт өте келе өзгеру үдерістері, олардың трансформациясына ықпал еткен тарихи, саяси, этникалық және мәдени факторлар анықталып, ғылыми тұрғыдан сипатталды. Каспий теңізіне қатысты атаулар олардың қолданылу кезеңдері мен географиялық таралу ерекшеліктеріне қарай жіктеліп, әрқайсысына тарихи-лингвистикалық талдау жасалды.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, тарихи-географиялық және статистикалық жүйелеу әдістері құрады. Сонымен қатар, мақалада ирандық зерттеушілердің топонимиялық ізденістер барысында географиялық атауларды жинақтау, олардың бастапқы нұсқаларын қалпына келтіру, тарихи атаулардың өзгеру заңдылықтарын анықтау және қазіргі ақпараттық кеңістікте қолданылатын атаулармен арақатынасын айқындау бағытында ұсынған ғылыми тәсілдері де пайдаланылды. Әсіресе, Иранда тарихи атауларды қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен қолданылатын Хазар теңізі және Каспий теңізі атауларымен алмастыру мәселелеріне қатысты көзқарастары назарға алынды.

Топонимдер мен белгілі бір халықтың аңыздары, наным-сенімдері және мифологиялық түсініктері арасында өзара байланыс болатындығы жөніндегі ғылыми қағидаға сүйене отырып, зерттеуде б.з.д. дәуірлерден жеткен орта парсы (пехлеви) тіліндегі «Авеста» және «Бундахишн» сияқты діни мәтіндердегі мәліметтер де пайдаланылды. Аталған дереккөздерде кездесетін Каспий теңізіне қатысты аңыздық сипаттағы мәліметтер мен жер-су атаулары тарихи-мәдени тұрғыдан талданды. Сонымен қатар, бұл атауларға құрылымдық, семантикалық және фонетикалық талдау әдістері қолданылып, олардың шығу тегі мен мағыналық ерекшеліктері айқындалды.

Талқылау

Ежелгі парсы (пехлеви) тіліндегі 2500 жылдық жазба деректерде Каспий теңізі туралы мәтіндерге кездесеміз. Бұл теңізді билеген ең көне империялардың бірі Перстер болған. Дарий/Дариюс және оның мұрагерлері екі ғасыр бойы осы теңіздің жағалауының басым бөлігін билеген. Геродот Каспий тайпасын Иранның маңызды тайпаларының бірі деп санап, Иранның солтүстік теңізін Каспий деп те атаған.

Араб тарихшылары Каспий теңізін Казвин теңізі, Парсы теңізі, Каспий, Абескун, Горган, Жилани, Аджам теңізі, Табаристан деген атаулармен де атаған. Каспий теңізінің жағасында өмір сүрген ежелгі тайпалардың бірі Каспий тайпасы мен Типур тайпасы (Табар). Одан кейін VII ғасырда Хазарлар Каспий теңізінің солтүстік-батыс аймағын билеген тайпа (моңғол шапқыншылығынан олар тұтастығын мүлде жоғалтып, шектеулі халқы тарқап, Шығыс Еуропаға қоныс аударды). Осы кезеңнен кейін төрт ғасыр бойы XVI- ғасыр басында Хазар теңізінің солтүстік батыс жағалауын орыстар билеп алғанға дейін солтүстік пен Еділ өзенінің жағалауында татарлар билік жүргізді (Ajam, 2005).

Мақаламызда жоғарыда көрсетілген көп атауларының ішінен тарихи деректерде көп қолданылған төрт атауды қарастырамыз: Гиркан, Каспий, Хазар және Табаристан немесе Мазандаран.

Гиркан/Горган теңізі. Каспий теңізінің ең көне атауларының бірі – «Гиркан теңізі». Гиркания аймағы Каспий теңізінің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан, Парсы империясының құрамындағы маңызды тарихи-географиялық өңір болған. Оның солтүстігі Каспий теңізімен, ал оңтүстік және батыс бөліктері Эльбурс (Әлборз) тауларымен шектескен. Кейхусро кезеңінде (б.з.д. шамамен 530 ж.) бұл өңірдің теңізге тікелей іргелес орналасуына байланысты су айдыны «Гиркан теңізі» деп аталған.

«Гиркан» атауы кей деректерде «қасқырлар елі» мағынасын білдіретін көне ирандық Виркана (Virkana) сөзінен шыққан деп түсіндіріледі. Осы негізде қазіргі Горган қаласының атауы қалыптасқан. Сондықтан жергілікті халық бұл теңізді «Горган теңізі» деп атаған болса, араб географтары оны араб тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес «Джурджан» деп қолданған. Грек авторлары «Виркан» формасының орнына «Гиркан» нұсқасын пайдаланған. Антикалық грек және рим деректерінде бұл атау «Hyrcanium mare» (Гирканиум теңізі) түрінде кездеседі. Ежелгі авторлар қатарында Гесиод та бұл теңізді Гиркан теңізі ретінде сипаттаған. Македондық Александр (Ескендір Зұлқарнайын) дәуірінде де кейбір македондық және эллиндік деректерде бұл су айдыны «Аркания теңізі» атауымен аталған. Грек тіліндегі Hyrcania атауы кейінгі ирандық тілдік ортада фонетикалық өзгерістерге ұшырап, қазіргі «Горган» формасына айналған.

Аңыздық деректерде Парфия патшасы Миладтың ұлы Горгин өз атымен аталған Горган қаласын салдырғаны айтылады. Кейбір мифологиялық түсіндірмелерде Фарахкерт теңізі осы Гиркан (Горган) теңізімен сәйкестендіріліп қарастырылады (Najjari, Mahjub, 2016: 205).

Каспий (Каспиян) теңізі. «Каспий» атауы алғаш рет Геродоттың еңбектерінде кездеседі. Геродот б.з.д. V ғасырда Каспий теңізін сипаттау барысында бұл атауды қолданған. «Каспий/Каспиян» сөзінің түбірі ретінде «Қас» элементі алынады. Бұл негізге сәйкес, «-пи» жұрнағы қосылғанда «Каспий», ал «-си» жұрнағы қосылғанда «Касси» формалары қалыптасады. Аталған Касси және Каспий тайпалары б.з.д. IV–V мыңжылдықтарда Каспий теңізінің оңтүстік-батыс аймағында өмір сүрген, арийлерге дейінгі иран (парсы) текті көне қауымдардың бірі ретінде қарастырылады.

Бұл тарихи-географиялық кеңістік шығысында Каспий (Хазар) теңізімен, батысында Ибериямен, солтүстігінде Дарбандпен, ал оңтүстігінде Арас және Кура (Кир/Курош) өзендерімен шектескен.

Каспий тайпалары арқылы егіншілік мәдениеті Каспий өңірінен бастап Сейхун мен Жейхун, сондай-ақ Тигр мен Евфрат алаптарына дейін тарағаны айтылады. Иран аумағындағы археологиялық деректер бұл тайпалардың ұзақ уақыт бойы кең аумақта өмір сүргенін көрсетеді, сондықтан кейбір өңірлер «Кас» атауымен де аталған деген пікір бар.

Зерттеушілердің бір бөлігі Каспий және Касси ұғымдарын тек этникалық атау ғана емес, сонымен қатар Иран аумағын мекендеген үндіеуропалық және семиттік емес тайпалардың жиынтық атауы ретінде де қарастырады. Каспийлер ірі тайпалық бірлестік болғанымен, олардың негізгі бөлігі біртіндеп Иранның оңтүстік-батысына қоныс аударған. Кейін басқа тайпалардың келуімен олардың этникалық дербестігі әлсіреп, тарихи сахнадан біртіндеп жойылған, нәтижесінде Рим дәуіріндегі деректерде олар туралы мәліметтер сирек кездеседі, тек географиялық атауларда ғана сақталған.

Б.з.д. II ғасырда Каспийлер Кавказ аймағындағы мидиялықтармен және албандармен араласып, сол этникалық ортаға сіңісіп кеткені айтылады. Страбон өз еңбектерінде христиан дәуіріне жақын кезеңде Каспийлер туралы нақты мәліметтердің азайғанын, алайда олардың ежелгі іздерінің Кавказ өңірінде сақталғанын атап өтеді. Кейінгі кезеңдерде Гиркан теңізі осы халықтың атымен «Каспий теңізі» деп аталып кеткені көрсетіледі. Уақыт өте келе

Каспий тайпалары басқа иран халықтарымен ассимиляцияға ұшырағанымен, олардың атауы тарихи-географиялық деректерде сақталып қалған (Ajam, 2003).

Хазар теңізі. Хазар теңізі мен хазарлар туралы парсы және араб географтары мен тарихшыларының еңбектерінде кеңінен айтылады. Хазарлар біздің дәуіріміздің VII–VIII ғасырларында Орта Азияның шөлді аймақтарынан оңтүстік Еділ (Волга) ойпатына қоныс аударып, осы өңірге орныққан көшпелі халық болған. Олардың алғашқы астанасы «Балангер» қаласы саналады. 720 жылы астананы Солтүстік Кавказдағы «Самандар» қаласына, ал 750 жылы Еділ өзені бойындағы «Еділ» қаласына (кей деректерде Қажы Тархан, қазіргі Астрахан) көшірген. Бұл қала шамамен екі ғасыр бойы хазар мемлекетінің астанасы әрі маңызды сауда орталығы қызметін атқарды. Хазарлар мал шаруашылығымен және егіншілікпен қатар, халықаралық саудаға да белсенді араласқан. Сол себепті олар Еуропа мен Азияны байланыстырушы делдал рөлін атқарып, еуропалық авторлар тарапынан «Қара теңіз бен Каспий теңізінің венециялықтары» деп аталған.

Хазарлардың маңызды қалаларының қатарына Дарбанд (Баб әл-Абваб), Бартас және Сарир да жатады (Ajam, 2005).

Иақут әл-Хамауи Хазар теңізі туралы: «Хазар теңізі – Табаристан, Джоржан, Абескун теңізі. Ол өте кең теңіз, әлемдегі ешбір теңізге ұқсамайды және басқа теңіздермен қосылмайды. Бұл теңізді Хорасан және Джили теңізі деп те атайды», – деп жазады (Barimani, 1957: 9).

Тарихи деректер бойынша, хазарлар V ғасырдың ортасында ғұндардың ықпалында болған, кейін 550–630 жылдары Түркі қағанатының құрамына енген. VII ғасырдың ортасында Түркі қағанатының әлсіреуіне байланысты хазарлар тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет құрды. Олардың саяси басқару жүйесі түркі дәстүріне жақын болды, мемлекет басшысы «қаған» деп аталған.

Хазар мемлекеті құрылғаннан кейін көрші аймақтарға жорықтар жасап, үлкен аумақтарға ықпалын жүргізді. Олардың иелігіне Солтүстік Кавказ, қазіргі Ресейдің оңтүстігі, Украинаның шығысы, Қырым түбегі, Батыс Қазақстан және Солтүстік Өзбекстан аймақтары кірген. Сасанилер дәуірінде Иран билеушісі Анушырван (Хосров I) хазарлардың шабуылдарын тоқтату үшін әскери жорық ұйымдастырып, 556 жылы оларды жеңіп, Дарбанд қорғаныс жүйесін салдырған. Соған қарамастан, хазарлар кейін де бірнеше рет Кавказ бен Иран аумақтарына жорықтар жасаған (Ajam, 2005).

VII–VIII ғасырларда арабтар мен хазарлар арасында ұзаққа созылған соғыстар орын алып, бұл қақтығыстар «араб–хазар соғыстары» деген атаумен белгілі болды (Barimani, 1957: 4). Соғыс барысында хазарлар біраз уақыт әлсіреп, кейбір қалаларын, соның ішінде Балангерді тастап, астанасын Еділ қаласына көшіруге мәжбүр болған. Дегенмен бұл қала да кейінгі жорықтар кезінде араб әскерлерінің қолына өткен.

Хазар мемлекеті өзінің шарықтау кезеңінде отызға жуық халық пен тайпаға ықпал еткен ірі саяси құрылымға айналды. Оның аумағы Кавказдан Арал теңізіне дейін, Еділ бойынан Киев пен Қырымға дейін созылды. Хазарлар билігіне бұлғарлар, оғыздар, мажарлар (венгрлер), славяндар және басқа да тайпалар кіргені айтылады. Осы кезеңде хазарлардың әсері нәтижесінде Каспий теңізі бірқатар деректерде «Хазар теңізі» деп атала бастады. Бұл атау парсы тілінде «Дария-и Хазар», араб тілінде «Бахр әл-Хазар», ал түркі және әзербайжан тілдерінде «Хазар теңізі» түрінде сақталған.

Хазар мемлекетінің әлсіреуі X ғасырдың ортасынан бастап күшейіп, 1354–1358 жылдардағы қақтығыстар нәтижесінде олардың саяси қуаты біртіндеп жойылды. Осы кезеңнен кейін хазарлар тарихи-саяси сахнадан жоғалып, тек этноним және географиялық атау ретінде ғана сақталды (Ajam, 2005).

Ислам дәуіріндегі араб географтары бұл теңізді кейде «Каспий», кейде «Казвин теңізі» деп те атаған. Истахри еңбектерінде Каспий маңы аймақтары жеке тарауларға бөлініп сипатталады: Каспий теңізінің оңтүстік жағалауы; Армения, Аран және Әзірбайжан

аймақтары; сондай-ақ Хазар теңізі. Кейбір деректерде Насыр Хосроу, Ибн Хаукал және Ибн Баттута да бұл теңізді «Бахр әл-Хазар» деп атағаны көрсетіледі (Ajam, 2005).

Табаристан немесе Мазандаран теңізі. Иранда каспий теңізі үшін қолданылатын басқа бір атау – «Мазандаран» атауы. Бірінші рет бұлд атау парсы шайыры Хаким Зуджаджидің «Хумаюн наме» енбегінде «Мазандаран теңізі» деген сөз тіркесін қолданған (Zujaji, 2008: 1218), одан кейін тарихшы Хафиз Абрудің «Зубдат ал-тауāрīх» кітабында қолданылған (Abru, 1995: 948). Бұл авторлардың алдында бұл атау қолданылмаған.

Каспий теңізі үшін қолданылатын атаулардың бірі «Табаристан теңізі», Ибн Хауқал: «Хазар теңізі шығыстан Дайлам, Табаристан және Горганның бір бөлігіне дейін, батыстан иран, Сарир және Хазар маңы елдерінің шекараларымен, солтүстіктен Ғозан (Оғыздар) шөліне дейін, оңтүстіктен Джил (Гил) және Дайламға дейін шектелген» деп анықтама береді (Ibn Hawqal, 1987: 129-130).

Тарихи деректерде кездесетін атаулардың тағы бірі – Тапуристан немесе Табаристан теңізі. Исламға дейін Тапуристан деп айтылатын бұл сөздің түбірі иранның оңтүстігінде өмір сүрген «Тапур» тайпасымен байланысты. Тапур сөзі Исламнан кейін «Табари» болып өзгеріске ұшыраған. *Тапуристан* не *Табаристан* Тапур (تپور) мен Тапури тайпаларының мекені дегенді білдіреді; тапур/تپور (зат есім) + стан/ستان (жұрнақ). Кейбір географтар Табаристан (تبرستان) атауын жергілікті халықтың қаруы болған «табар/балта» сөзінен шыққан атау десе, ағзы зерттеушілер соңғы кезеңдерде Мазандаран деп айтылып жүрген атаудан бұрын каспий теңізі үшін Табаристан (طبرستان) атауы қолданыста болғанын айтады. Ṭabar/табар (طبر) жергілікті халықтың тілінде тау мағынасында, сондықтан Табаристан таулы жер дегенді білдіреді» – деп түсіндіреді (Marquart, 1373: 245).

Мазандаран сөзінің этимологиясы туралы да әр түрлі пікір, аңыз айтылады. Мысалы, Табаристан аумағында ескіден үлкен жар тас болған. Оны «Маз» (ماز) деп атаған. Осы жар тас пен теңіз арасындағы жерге «Андарунмаз немесе Мазандаран» яғни Маздың ішіндегі жер деп атаған. Парсы тілінде *андаран/андарун(*اندران|اندرون*)* бір нәрсенің іші, ішінде деген мағынада. Снымен Мазандаран Маз жар тасы мен теңіз арасындағы аймақ атауы болған.

Каспий теңізіне Мазандаран мен Табарестан атауын қолдану қашан және қалай пайда болғандығы туралы әр түрлі пікірлер бар. Кейбір тарихшылар Шахнама мәтінінде Мазандаран сөзінің болуына байланысты оны Табаристан атауынан ескі деп санайды. Иран деректерінде Табаристан мен Мазандаран атаулары бір-бірінен ескі емес, бұл атаулар қамтитын географиялық аймақтарына қарай пайда болған, Табаристан, Мазандаранды қамтитын үлкен аймақтың атауы. Яғни Мазандаран оның бір бөлігі, районы. Сондықтан оларды көптеген деректерде қатар көре аламыз. Кейбір деректерде Табаристан биік таулы аймақтарға, ал Мазандаран төмен жазық далаға үшін қолданылған. Дегенмен де Иранда уақыт өте Табаристан атауының орнын Мазандаран атауы баса бастайды. Мазандаран атауымен көрсетілген ең көне дерек – Мұхаммед Реза Карачедағи тарапынан 210 жыл бұрын (1214/1835) дайындалған картасы. Онда Каспийдің осы атауы кездеседі (Ajam, 2003, 1383).

Қазвин теңізі. Каспий теңізі үшін қолданылатын атаулар арасында «Қазвин теңізі немесе Бахр-е Қазвин» атауы да кездеседі. Бүгінде барлық араб бұқаралық ақпарат құралдары Бахре Казвин атауын қолданып келеді. Бұл Каспий теңізінің араб тіліне сәйкестірілген түрі. Тегеранның батыс жағында Қазвин қаласы орналасқан. Казвин қаласы да өз атын Каспий теңізінен алды ма, оны нақты айту қиын. Десе де, кейбір мамандар Қазвин атауы мен Каспий атауының арасында байланыс бар деп есептейді және олар Каспийян (کاسپیان) сөзінің түбірі Кеспиен (کاسپین) екенін, «Кашвин/کشوین» мен «Қазвин» сөздерін «Кеспиен» сөзінің трансформациясы деп санау керек дейді. Әрине бұл көзқарастарды дәлелдейтін нақты дерек болмаса да, этимологиялық тұрғыдан дәлелдеуге болады.

Кейбір зерттеушілер Иран үстіртіне солтүстік жағалаудан шығудың негізгі жолы тарихи кезеңдерде тек Қазвин арқылы өткенін алға тартып, Каспий теңізінің

батыс/еуропалық атауы – «Каспийен» (Caspian) Қазвин атауымен байланысты болуы мүмкін деген пікірді ұсынады. Дегенмен, Каспий теңізінің жағалауын Каспий тайпаларының ежелгі мекені ретінде қарастырып, олардың кейін Иранның ішкі және орталық аймақтарына қоныс аударғанын ескерсек, керісінше Қазвин қаласының атауы Каспий этнонимінен туындаған болуы ықтимал деген тұжырым да айтылады (Ajam, 2005).

Қазіргі кезеңде бұл теңіз әртүрлі тілдер мен тарихи-мәдени дәстүрлерде әрқалай аталады. Еуропалық тілдерде ол «Каспий теңізі» (Caspian Sea) деп қолданылса, араб географиялық дәстүрінде «Бахр әл-Хазар» және кейбір деректерде «Бахр Қазвин» атаулары кездеседі. Түрік және әзербайжан тілдерінде «Хазар теңізі» атауы кең таралған. Ал Иранда бұл су айдыны «Дария-е Мазандаран», «Дария-е Хазар» және «Дария-е Шомал» сияқты бірнеше тарихи-географиялық атаулармен аталып келеді.

Авестада Каспий теңізі. Қазіргі таңда бес мемлекеттің жағалауын шайып жатқан Каспий теңізі стратегиялық әрі геосаяси тұрғыдан аса маңызды аймақ болып саналады. Ол әлемдегі ең көне су алаптарының бірі, ежелгі Тетис мұхитының қалдығы ретінде қарастырылады және көлемі жағынан әлемдегі ең үлкен тұйық су айдыны болғандықтан «теңіз» деп аталып кеткен. Осы географиялық ерекшеліктерімен қатар, Каспий теңізі адамзат тарихында түрлі тайпалардың қоныстанған, мәдениеттер тоғысқан аймағы ретінде де белгілі. Әсіресе, ежелгі ирандықтардың діни мәтіндерінде кездесетін аңыз-әпсаналарда бұл теңіз ерекше орын алады.

Авеста мәтіндерінің космогониялық бөлігінде, яғни әлем мен табиғаттың жаратылысы және құдайлар шежіресі баяндалатын тұстарда Каспий теңізіне қатысты деректер ұшырасады. Онда тіршіліктің негізгі бастауы су екені айтылады. Мұндай түсінік мұсылмандық деректер мен Таурат тәпсірлерінде де кездеседі, онда да су жаратылыстың негізі ретінде сипатталады (Mirfakhrai, 1366: 194). Зороастризм дәстүрінде су Ахура Мазда тарапынан аспан тасынан жаратылған қасиетті элемент ретінде түсіндіріліп, табиғаттағы ең маңызды құбылыстардың бірі ретінде ерекше орын алады (Bahar, 2008: 45).

Бундахишн мәтінінің 19-бөлімінде құрғақтық пен ылғалдық күштері арасындағы күрес баяндалады. Құрғақтық үстемдік еткен кезеңде жаңбыр құдайы Тиштар бұлттарды жинап, желдің күшімен аспанға көтеріп, жаңбыр жаудырады. Эльбурс тауларынан аққан осы жаңбыр сулары нәтижесінде жер бетінде көптеген көлдер, өзендер мен арналары пайда болып, сонымен қатар Фарахкерт (Ваурукаш) атты ұлы мұхит қалыптасады. Бұл сулар жер бетімен айналып ағып келіп, осы мұхитқа құйылып отырады. Мұхиттың ортасында өсіп тұрған екі ағаштың біріне мифтік Симург (Самұрық, Феникс) құсы ұя салады (Dadegi, 2011: 101).

Аңыздық дәстүрлерде Даххак (аждаһа бейнесіндегі патша) пен Әхриман және Афрасияб сияқты зұлым күштер «Хварна» немесе «Фарр» деп аталатын құт-берекені Фарахкерт теңізінен іздейді. Алайда бұл қасиетті күш олардан қашып, аралдардың біріне тығылады. Кейбір зерттеушілер осы аңыздық аралды қазіргі Арал өңірімен байланыстырады (Bondaheh-e Irani, 2005: 352). Орта парсы тіліндегі (пехлеви) мәтіндерде кездесетін бұл деректер Каспий (Фарахкерт/Ваурукаш) теңізінің зороастризм дүниетанымында қасиетті, сакралды кеңістік ретінде қарастырылғанын көрсетеді.

Сонымен қатар зерттеушілер арасында Фарахкерт (Ваурукаш) мұхитының нақты географиялық сәйкестігі жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Бір топ ғалымдар оны Каспий немесе Арал теңізімен байланыстырады, ал екінші бір топ оның Үнді мұхиты болуы мүмкін деген болжамды алға тартады (Najjari, Mahjub, 2016: 200).

Зерттеу нәтижелері

Бір елдің тарихын зерттеу кезінде географиялық елді мекендердің де анықталып, сипатталуы маңызды. Топонимдер тек бір атау, сөз немесе сөз тіркесі емес. Олар бір елдің, өркениеттің, аймақтың наным сенімдері, әлеуметтік, саяси, табиғи құбылыстары мен бастан

кешкен тәжірибелері туралы ақпараттарды қамтитын, номинативті қызмет атқаратын күрделі лингвистикалық құрылымдар. Сондықтан Қазақстан тарихын, аймақтары мен жер-су атаулары тек тілшілердің немесе тарихшылардың зерттеу нысаны емес географ, этнограф, филология, тарих, тарихи география, фольклор, әдебиет, философия мен дінтану мамандарының де зерттеу нысаны бола алады. Каспий теңізі мен аймағына қатысты орта ғасыр араб, парсы деректерінде кездесетін ақпараттардан басқа Орта парсы (пахлеви) тіліндегі Әвеста сияқты діни деректердегі аңыздарда, әнгімелерде де Каспий теңізіне қатысты ақпраттардың: әсіресе ежелгі парсылардың діни наным-сенімдері бойынша бұл теңіздің қасиетті, сакралды маңызға ие болғаны анықталды.

Каспий теңізіне қатысты тарихтың әр кезеңінде әр түрлі атаулар берілгенін байқадық. Бұл атаулардың кейбірі Каспий жағалауында, маңайында өмір сүрген Хазар, Каспий, Тапар, Деилем тайпаларының этникалық ерекшеліктері негізінде берілген болса, кейбірі де Каспий маңайындағы елді мекендердің географиялық аймақтардың, қалалардың мысалы: Хорезм, Мазандаран, Сияхкух, Амол, Дарбанд, Баб ал-Әбваб секілді атаулары негізінде берілген, кейбірі табиғи-географиялық ерекшелігі негізінде қалыптасқан Акфуде дария (көк теңіз), Дария-е шомал (солтүстік теңізі) секілді, ежелгі рим, грек деректерінде Гиркан (Гирканус), Арқания атауларының парсы тілінде Горган болып ауысқанын, Парсы аңыз-әпсаналарында да құтты қасиетті теңіз саналатын Фарахкерт (Ва′урукеш), Кемруд атауларымен сипатталғанын анықтадық. Жалпы Каспий теңізіне қатысты парсы, араб, түркі, грек тілдерінде 40-ға жуық атауы бар екенін байқадық.

Ирандық зерттеушілер соңғы жүз жылда Каспий теңізінің геосаяси, стратегиялық маңыздылығына назар аудара отырып, оның атауына қатысты да жасаған жан-жақты жұмыстарын байқауға болады. Мысалы: Халықаралық Каспий жағалауындағы мемлекеттердің университеттер бірлігінің құрылуы, тұрақты және белсенді түрде Каспий атауына қатысты конференциялар үйымдастырылып, ғылыми-зерттеу жұмыстарының жариялануы, ішкі іс-қағаз жүргізуде дария-е Мазандаран атауын қолдануға, халықаралық іс-қағаз жүргізуде Каспий атауын қолдануға мән берілуі Ирандықтар үшін Каспийдің қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді.

Қорытынды

Қаралған деректер негізінде Ирандық зерттеушілер өз зерттеулерінде Каспий теңізі тұрғындарын ежелгі парсы тайпалары болған деп дәлелдейді. Олар Табаристан, Мазандаран, Дейлам, Кас және Каси тайпаларын иран текті болған деп түсіндіріп кетеді. Алайда қазіргі күнде «Хазар» мен «Каспий/Каспийен» атауларының халықаралық қатынастарда бірдей қолданылып жатқанын да айтады. Бір кездері Каспий теңізінің солтүстік және солтүстік батыс жағалауында империя құрған түркілер яғни Хазар тайпалары туралы парсы деректерінде кеңінен мәлімет кездестірмедік. көшпенді түркі тайпаларының бірі Хазарлар VII-ғасырларда Орта Азиядан Каспий теңізі жағалауына қоныс аударып империя құрған. Көршілес елдерге үрей салып шабуылдар, жорықтар жасап отырған. «Каспий» атауы кеңінен таралып әлем жұртшылығы тарапынан қабылданып кетсе де, Түркия, Әзірбайжан елдері секілді Орта Азия түркі мемлекеттері де Хазар теңізі атауын қолданысқа неге кіргізбеске деген ой келеді. Ол үшін Каспий жағалауын мекендеген түркі тайпаларын жанжақты зерттеу шеңберінде Батыс Қазақстан мен Маңғыстау аймағы да басқа жағынан зерттеліп, ашылмай қалған тарихи-географиялық мәселелер назарға ілігер деп үміттенеміз.

Бұл ақпараттар бізге Орта Азия, әсіресе, Қазақстан топонимдерін зерттеуде Орта ғасыр араб парсы деректерінен басқа Пахлеви, ежелгі және орта парсы тіліндегі (Авеста, Бондихаш) мәтіндердің де дереккөзі бола алатындығын дәлелдейді. Сондықтын, олардың мәліметтері отандық ізденуші, ғалымдардың назарынан тыс қалмауы керек деп ойлаймыз.

Әдебиеттер:

Abru, 1995 – *Abru Kh.* Zubdat al-Tavarikh. Vol. II. Tehran: Vezarat-e farhang va ershad-e eslami, 1374/1995. (пар.т.)

Ajam, 2003 – *Ajam M.* Kodam nam dorosttar ast? // Majalle-i Payam-e dariya. 1381/2003. № 129. (пар.т.)

Ajam, 2005 – *Ajam M.* Khazar ya Mazandaran ya Kaspi? // Majalle-i Payam-e dariya. 1383/2005. № 131–133. URL: https://www.parssea.org/?p=2104 (пар.т.)

Bahar, 2008 – *Bahar M.* Pazhouheshi dar asatir-e Iran. Pareh-ye nakhost va pareh-ye dovvom. Tehran: Agah, 1386/2008. (пар.т.)

Barimani, 1957 – *Barimani A.* Darya-ye Mazandaran. Tehran: Entesharat-e Daneshgah-e Tehran, 1335/1957. (пар.т.)

Bondaheh-e Irani, 2005 – *Bondaheh-e Irani* / Tarjame az Fazlallah Pakzad. Tehran: The Center of Great Encyclopedia of Islam, 1384/2005. (пар.т.)

Dadegi, 2011 – *Dadegi F.* Bondahesh / Tahqiq: M. Bahar. Tehran: Tous, 1390/2011.

Dehkhoda Dictionary – Dehkhoda Dictionary [Электронды ресурс]. URL: https://dehkhoda.ut.ac.ir/fa/dictionary (қаралды: 25.05.2026)

Gholizadeh, 2013 – *Gholizadeh, K.*. Persian mythology based on Pahlavi texts. Tehran, 1391/2013 (ағыл.т.)

Ibn Hawqal, 1987 – *Ibn Hawqal.* Safarnama: Iran dar “Surat al-Arz” / Tarjame az J. Shuar. Tehran: Amir Kabir, 1366/1987. P. 128–139, 191–248. (пар.т.).

Marquart, 1994 – *Marquart J.* Iranshahr bar mabna-ye jografiya-ye Musa Khuvarni. Tehran: Entesharat-e Ettelaat, 1373/1994. (пар.т.)

Mir-Fakhrai, 1987 – *Mir-Fakhrai M.* Afarinesh dar adyan. Tehran: Mo’asseseh-ye Motale’at Tahghighat-e Farhangi, 1366/1987.

Najjari, Mahjub 2016 – *Najjari H., Mahjub Z.* 1395/2016. “An Etymological Study of Mythological Rivers in the Iranian Bundahišn” // Faslname Adabiyat-e Erfani va Ostureshenasi. Vol. 44. 191–214 pp.

Zujaji, 2008 – *Zujaji H.* Humayunname. Vol. II. Tehran: Farhangestan-e zaban va adabiyat-e farsi, 1386.

Воронков, 2010 – *Воронков А.А*. Единый семантический комплекс древних названий Каспийского моря // Челябинский Гуманитарий. 2010. №2(11). 86–96 с.

Шадкам, Амантай, 2025 – *Шадкам З., Амантай М.* Шығыс деректеріндегі антропотопонимдердің тарихи ономастикалық мәні: «Бабырнама» негізінде // Қазақстан шығыстануы. 2025. Т. 15. № 3. Б. 183–193. DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.3.183

References:

Abru, 1995 – *Abru Kh.* 1374/1995. *Zubdat al-Tavarikh* [The Cream of Histories]. Vol. II. Tehran: Vezarat-e Farhang va Ershad-e Eslami. (in Pers)

Ajam, 2003 – *Ajam M.* 1381/2003. *Kodam nam dorosttar ast*? [Which name is correct?] // Majalle-i Payam-e Darya. No. 129. (in Pers)

Ajam, 2005 – *Ajjam M.* 1383/2005. *Khazar ya Mazandaran ya Kaspi?* [Khazar or Mazandaran or Caspian?] // Majalle-i Payam-e Darya. No. 131–133. URL: https://www.parssea.org/?p=2104 (in Pers)

Bahar, 2008 – *Bahar M.* Pazhouheshi dar asatir-e Iran. Pareh-ye nakhost va pareh-ye dovvom [A Study of Iranian Myths]. Part One and Two]. Tehran: Agah, 1386/2008. (in Pers)

Barimani, 1957 – *Barimani A. Darya-ye Mazandaran* [The Sea of Mazandaran]. Tehran: Entesharat-e Daneshgah-e Tehran, 1335/1957. (in Pers)

Bondaheh-e Irani, 2005 – *Bondaheh-e Irani* [Iranian Bundahishn] / Ed. and trans. by Fazlallah Pakzad. Tehran: The Center of Great Encyclopedia of Islam, 1884/2005. (in Pers)

Dadegi, 2011 – *Dadegi F.* 1390/ 2011. Bondahesh [Bundahishn] / Reported by M. Bahar. Tehran: Tous. (in Pers)

Dehkhoda Dictionary – Dehkhoda Dictionary [Electronic resource]. URL: https://dehkhoda.ut.ac.ir/fa/dictionary (accessed: 25.05.2026) (in Pers)

Gholizadeh, 2013 – *Gholizadeh K. Persian mythology based on Pahlavi texts*. Tehran, 2013

Ibn Hawqal, 1987 – *Ibn Hawqal*. 1366/1987. *Safarnama: Iran dar "Surat al-Arz*" [Travel Book: Iran in "The Image of the Earth"] / Trans. by J. Shuar. Tehran: Amir Kabir, P. 128–139, 191–248. (in Pers)

Marquart, 1994 – *Marquart J.* 1373/1994/ Iranshahr bar mabna-ye jografiya-ye Musa Khurasani [Iranshahr based on the geography of Musa Khurasani]. Tehran: Entesharat-e Ettelaat,. (in Pers)

Mir-Fakhrai, 1987 – *Mir-Fakhrai M.* 1987. Afarinesh dar adyan [Creation in religions]. Tehran: Mo'asseseh-ye Motale'at o Tahghighat-e Farhangi. (in Pers)

Najjari, Mahjub – *Najjari H., Mahjub Z.* 1395/2016. "An Etymological Study of Mythological Rivers in the Iranian Bundahišn" (Barrasi-ye risheshnākhthi-ye daryāhā-ye asāṭīrī dar Bundahišn-e Irānī.) In *Faslname Adabiyat-e Erfani va Ostureshenasi*, Vol. 44. 191-214 pp. (in Pers)

Shadkam, Amantai, 2025 – *Shadkam Z., Amantai M.* 2025. Shygys derekterindegi antropotoponimderdin tarikhi onomastikalyk mani: "Baburnama" negizinde [Historical and onomastic significance of anthropotoponyms in Eastern sources: Based on the "Baburnama"] // Kazakhstan Shygystanuy. Vol.15. No.3. P. 183–193. DOI: https://doi.org/10.63051/kos.2025.3.183 (in Kaz)

Voronkov 2010 – *Voronkov A.A.* Edinyy semanticheskiy kompleks drevnikh nazvaniy Kaspiyskogo morya [Unified Semantic Complex of Ancient Names of the Caspian Se]. In Chelyabinskiy Gumanitariy [Chelyabinsk Humanitarian Journal]. 2010. No. 2(11). pp. 86–96. (in Rus)

Zujaji, 2008 – *Zujaji H.* 1386/2008. *Humayun-name* [The Book of Humayun]. Vol. II. Tehran: Farhangestan-e Zaban va Adabiyat-e Farsi. (in Pers)

[1]Шадкам З., [2]Туякбаев О.

[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

[2]Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Национальная библиотека РК, Алматы, Казахстан

E-mail: zubaida.68@gmail.com, omirabuali@gmail.com

ИСТОРИЧЕСКАЯ РЕТРОСПЕКТИВА НАЗВАНИЙ КАСПИЙСКОГО МОРЯ В ВОСТОЧНЫХ ИСТОЧНИКАХ

Аннотация. Каспийское море является крупнейшим в мире замкнутым водоёмом. Несмотря на то, что с географической точки зрения оно относится к озёрам, благодаря своим размерам и природным особенностям в восточных письменных источниках оно описывается как море. Считается, что Каспий представляет собой реликт древнего океана Тетис. Благоприятные природные условия Каспийского региона с древнейших времён способствовали расселению различных племён и народов, здесь происходили важные исторические события, в результате чего сформировалось множество легенд и мифологических сюжетов. Наиболее ранние сведения о Каспийском море встречаются в текстах «Авесты», сохранившихся на древнеперсидском (пехлевийском) языке. В статье на основе восточных источников, прежде всего письменных памятников на персидском языке,

рассматриваются названия Каспийского моря и исторические сведения о племенах, населявших его побережье. Научная новизна исследования заключается в переводе на казахский язык, научном анализе и введении в научный оборот сведений и наименований, связанных с Каспийским морем, содержащихся в древних и современных персидских источниках. Основной задачей исследования является изучение топонимов, связанных с Каспийским морем как одним из важнейших географических объектов Казахстана, на основе восточных источников, в особенности персидских письменных памятников. В качестве основных источников использованы тексты «Авесты», пехлевийская литература и труды иранских исследователей. Посредством перевода, сравнительного анализа и описательного метода рассматриваются различные названия Каспийского моря, а также легенды и мифологические сюжеты, сохранившиеся в письменных источниках, связанных с ним. Кроме того, предлагаются новые направления для дальнейших исследований. При подготовке статьи использовались методы сбора, систематизации, перевода и анализа исторических источников и научных исследований на восточных языках. В результате исследования установлено, что в арабских и персидских источниках Каспийское море имело более тридцати наименований и обладало не только историко-географическим, но и религиозно-мифологическим значением.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках научного проекта «Древнетюркские топонимы в источниках Китая и других стран Востока как одна из основ современной тюркской интеграции: историко-этимологический и лингвистический аспект», реализуемого при финансовой поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (регистрационный номер BR24993043).

Ключевые слова: восточные источники, Каспийское море, Хазарское море, Казвинское море, Авеста, мифы Бундахишна, Фарахкерт, историческая география, топонимика.

[1] Shadkam Z., [2]Tuyakbayev O.
[1]Al-Farabi Kazakh national university, Almaty, Kazakhstan
[2]Abai Kazakh National Pedagogical University, National Library of the Republic of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan
E-mail: zubaida.68@gmail.com, omirabuali@gmail.com

HISTORICAL RETROSPECTIVE OF THE NAMES OF THE CASPIAN SEA IN EASTERN SOURCES

Abstract. The Caspian Sea is the largest enclosed body of water in the world. Although it is geographically classified as a lake, it is described as a sea in Eastern written sources due to its immense size and distinctive natural characteristics. The Caspian Sea is generally regarded as a remnant of the ancient Tethys Ocean. Since antiquity, its resource-rich coastal region has been inhabited by various tribes and peoples and has witnessed significant historical events, resulting in the emergence of numerous legends and mythological narratives. The earliest references to the Caspian Sea are found in the texts of the Avesta preserved in the ancient Persian (Pahlavi) language. This article examines the historical names of the Caspian Sea and provides information on the tribes that inhabited its surrounding regions based on Eastern sources, particularly Persian written records. The scientific novelty of the study lies in translating into Kazakh, analyzing, and introducing into scholarly circulation the names and information related to the Caspian Sea found in ancient and modern Persian sources. The main objective is to investigate the toponyms associated with the Caspian Sea, one of Kazakhstan's most important geographical features, through the analysis of Eastern sources, especially Persian written monuments. The study is based on the texts of the Avesta, Pahlavi literature, and the works of Iranian scholars. Through translation, comparative analysis, and descriptive methods, the article examines various names of the Caspian

Sea as well as legends and mythological narratives preserved in written sources. It also proposes new directions for future research. The research employed methods of collecting, classifying, translating, and analyzing historical sources and scholarly studies written in Eastern languages. The findings demonstrate that more than thirty names for the Caspian Sea were recorded in Arabic and Persian sources and that the sea possessed not only historical and geographical significance but also considerable religious and mythological importance.

Acknowledgement. This article was prepared within the framework of the research project "Ancient Turkic Toponyms in Chinese and Other Eastern Sources as One of the Foundations of Modern Turkic Integration: Historical-Etymological and Linguistic Perspectives," funded by the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Project Registration No. BR24993043).

Keywords: Eastern sources, Caspian Sea, Khazar Sea, Qazvin Sea, Avesta, Bundahishn myths, Farahkart, historical geography, toponymy.

Авторлар туралы мәлімет:

Шадкам Зубейда – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Тұяқбаев Өмір Оразұлы – философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті "Шығыс қолжазбалар мұрасы" ғылыми-зерттеу орталығының және ҚР Ұлттық кітапханасының Бас ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Information about authors:

Shadkam Zubaida – Candidate of Philological Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Tuyakbayev Omir Orazovich, PhD, Chief Researcher of the Research Center "Heritage of Eastern Manuscripts" at Abai Kazakh National Pedagogical University and the National Library of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Шадкам Зубайда – кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Туякбаев Омир Оразович – доктор философии (PhD), главный научный сотрудник Научно-исследовательского центра «Наследие восточных рукописей» Казахского национального педагогического университета имени Абая и Национальной библиотеки Республики Казахстан, Алматы, Казахстан.

Келіп түсті 10 ақпан 2026 жыл
Қабылданды 20 мамыр 2026 жыл

МРНТИ 03.81.37 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.163

[*1] Тулибаева Ж.М. **[2]Тулибаев Т.Е.**
[1,2] SDU University, Каскелен, Казахстан
E-mail : [1] tulibay@gmail.com, [2] t.e.tulibay@gmail.com

ЗНАЧЕНИЕ СОЧИНЕНИЯ МУХАММАД-САЛИХ-ХОДЖИ ТАШКАНДИ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ КАЗАХОВ И КАЗАХСТАНА В НОВОЕ ВРЕМЯ

Аннотация. В статье исследуется рукописный труд «Новая история Ташкента», созданный в Ташкенте на персидском языке во второй половине XIX века. Новизной является сообщения историографа о Чингизидах из Дешт-и Кипчака, которые принимали активное участие в военных походах правителей Ташкента и в политической жизни Кокандского ханства. В сочинении содержатся сведения о продвижении военных сил Российской империи по территории Южного Казахстана в середине XIX века. Автор сообщает о сборе войска и военных приготовлениях Худайар-хана для защиты крепостей Ак-Мечети и Туркестана, о сражениях и поражении войск Коканда и Ташкента. Задачей исследования является выявить и проанализировать сообщения ташкентского историографа о политической ситуации и административно-территориальных изменениях, происходивших в присырдарьинском регионе в первом десятилетии XIX века, а также о правлении и деятельности Чингизидов и ставленников Коканда на юге Казахстана. Цель настоящего исследования – выявить и ввести в научный оборот наиболее важные сведения, содержащиеся в этом источнике. В статье использованы методы критического отбора, анализа и синтеза. Применение в данном исследовании указанных методов позволили выявить интересные сведения по истории казахов. Результаты, изложенные в статье, позволяют сделать вывод, что до настоящего времени большая часть ценных сведений двухтомного сочинения Мухаммад-Салих-ходжи по истории казахов, об их взаимоотношениях с соседними народами региона, малоизвестны и остаются недоступными для широкого круга исследователей. Сочинение представляет исключительную ценность как оригинальный источник для изучения различных аспектов истории казахов и Казахстана в Новое время.

Благодарность: Статья подготовлена в рамках научного проекта, финансируемого Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP26101025).

Ключевые слова: Историографы Коканда и Ташкента, Чингизиды, Садык-тора, Туркестан, военные походы, Ташканди, Дешт-и Кипчак

Введение

В первом десятилетии XIX века южная часть территории Казахстана входила в состав Кокандского ханства. Описание данного события нашло своё отражение в локальных арабографических исторических трудах Нового времени. В сочинениях центральноазиатских историографов сообщаются многочисленные сведения о внутриполитической ситуации, возникшей в приисырдарьинском регионе в результате деятельности чиновников и ставленников Коканда (Mulla Muhammad Yunus Djan, 2003; Тулибаева, 2023). В исторических произведениях представлены данные по истории многосторонних связей народов Центральноазиатского региона, о взаимоотношениях Коканда с Чингизидами соседних владений, казахскими правителями, представителями высшего духовенства и родоплеменной элитой. В хрониках содержатся рассказы об Абылай-хане, Нийаз-беке, сыне

Толе-бия, Адил-торе, сыне Абылай-хана, Токай-торе, Тентек-торе, Кенесары-хане, Садык-торе, Казакбай-бие, Рустам-беке и других.

Сведения кокандских историографов по истории Кокандского ханства, их оценка происходившим событиям на юге Казахстана, всё еще редко привлекается казахстанскими исследователями (Бейсембиев, 2009: 78-102). Хотя материалы этих письменных источников могут дополнить и пояснить отдельные пробелы в описании истории Казахстана Нового времени, а также пересмотреть некоторые прежние устоявшиеся представления о взаимоотношениях казахов с соседними народами и государствами. Однако только малая часть данных по истории Казахстана из кокандских арабографических источников была введена в научный оборот (Тулибаева, 2023; Тулибаева, 2026).

Одним из ценных источников для изучения истории казахов присырдарьинского региона является исторический труд Мухаммад-Салих-ходжа Ташканди «Новая история Ташкента». Рукописное сочинение также известно исследователям под названием «История Ташкентской области» /Тарих-и вилайет-и Ташканд/. В сочинении автор перечисляет большое количество произведений центральноазиатских историографов, использованные им при написании своего труда (Мухаммад-Салих-ходжа Ташканди, 1888: 334а-б). В хронике содержится богатый фактический материал по истории казахов Ташкентской области Узбекистана и Туркестанской области Казахстана. Однако до настоящего времени большая часть ценных сведений данного сочинения по истории юга Казахстана недостаточно изучены.

Материалы и методы исследования

Одан басқа да археологиялық нысандарға назар аударды. Мәселен, Соғды мен Оңтүстік Арал маңында катакомбалардан бөлек, жанама қабір шұңқыры және адам басын оңтүстікке қаратып жерлеу дәстүріне назар аударды. Бұл дәстүрдегі археологиялық ескерткіштер Орталық Азия аумағында б.д.д. IV ғасырда пайда болғандығын атап өтті. Автор Оңтүстік Орал маңы прохоров мәдениеті мен Орталық Азия дахтарының жерлеу ғұрыптары мен материалдық мәдениеттері ұқсас екендігін өзара тарихи-салыстырмалы талдаулар нәтижесінде нақты көрсетті. Осындай ұқсастықтардың болуын тілге тиек ете отырып, Оңтүстік Орал аумағындағы прохоровтықтар оңтүстікке қарай жылжып Орталық Азияға көшіп барған деген қорытынды жасады. Бұл көші-қон процессі б.д.д. IV ғасырда орын алуы

мүмкін деп тұжырымдады (Балахванцев, 2005: 64-67). Өйткені зерттелінген археологиялық нысандар материалдары осы мерзімге сәйкес болған-ды.

Кейінгі зерттеулерінде А.С. Балахванцев осы мәселелерді қарқынды түрде қарастыра түседі. Зерттеуші дахтардың Орталық Азияда тарихындағы ерекше орын алғандығын атап өтеді де, олардың орналасуына байланысты бірнеше тұжырымдар жасайды. Автор бұрынғы ойларын толықтырып ендігі кезекте дахтардың Хорезмнің солүстік аумағында, Бұхара мен Самарқандық Соғды мен Атрек өзендері аумағында б.д.д. IV-II ғғ. орналасқанын нақтыфлап кетті. Олардың жерлеу ғұрыпында жекелеген обаларда катакомбалы, жанама немесе топырақты щұңқырда жерленіп, басы оңтүстікке қаратылуына ерекше мән берді. Қабір шұңқырынан алынатын қару-жарақтар, қола айналар мен ғұрыптық заттарды негізгі маркер есебінде көрсетіп, заттық мәдениетін жіктеп шықты. Жалпылама түде оның ойын былай қорытындылауға болады: дахтардың алғашқы миграциясы Оңтүстік Оралдағы Оркс өзенінен бастау алып (Ново-Кумакский қорымы негізінде), оңтүстікке қарай жылжып отырған, олардың қоныс аударуы стратегиялық маңызға ие болған және де Хорезм мен Соғды жерлеріне орналасуы келешектегі саяси маңызды аумақты иемденуге деген талпынысын көрсетеді (Балахванцев 2016: 15-16). Сайып келгенде, саяси гегемонияға деген ұмтылыс дах мәдениетінің Орталық Азия аудандарына кеңінен таралуына жол ашты деуге болады.

Шығыстанушы И.В. Пьянков Орталық Азияның этникалық тарихы бойынша жазбаша деректермен жұмыс жасаған белгілі мамандардың бірі болып саналады. Ол антикалық авторлардың еңбектері негізінде Орталық Азия аумағында тіршілік еткен бірнеше халықтардың мекендеген аймақтарын зерделеп, сүбелі қорытындылар жасаған ғалым болып табылады. Дайлардың (дах) орналасуы бойынша қызықты пайымдар жасаған шығыстанушы Меотиданы (Азов теңізі) Арал теңізі деп те таныды да, дайлардың бір тобы оңтүстікке қарай жылжып, кейінірек Парфияның негізін қалағанын атап кетті. Бұл миграциялық үдеріс б.д.д. III ғ. ортасында Парфияның негізін қалаған Аршакидттер әулетімен байланыстырылды. Шығыстанушы пікірінше дайлардың екінші тобы б.д.д. II ғ. ортасында батысқа қарай жылжып Каспий теңізінен Төменгі Танаис (Дон) өзені аралығына дейін жетеді. И.В. Пьянков оларды аорстардың тобы деп атаған. Зерттеушің айтуынша ол жанама және катакомбалы жерлеу мен адам қаңқасы басы оңтүстікке бағытталуымен байланыстырған. Ол қытай жазбалары мен Птолемейдің мәліметі негізінде б.д.д. III-II ғғ. аралығында аорстар Батыс Арал маңынан бастап Орал (Жайық) өзеніне дейінгі аумақта мекендеді деген қорытындыға келді. Сонымен қатар, И.В. Пьянков айтуынша аорстар мен дахтар бір орталықтан шыққан, бірақ кейін жан-жаққа көшкен тайпалар деп болжам жасады (Пьянков, 2004: 214-217). Бірнеше деректемелерді тереңінен талдап, қисынды пайымдаулар жасаған шығыстанушы И.В. Пьянков ойлары өзінің нақтылығымен, фактологиялық дәлелдемелерінің қуаттылығымен сипатталынады.

Археолог В.П. Шилов та антикалық авторлар мен археологиялық мәліметтерді ұштастыра білген мамандардың бірі болып табылады. Ол көптеген тарихи сауалдарға қатысты археологиялық және жазбаша деректер негізінде салыстырмалы талдаулар жүргізген мамандардың бірі саналады. Әсіресе ол Төменгі Волга маңы мен Оңтүстік Орал маңына ерекше мән берді. Оның пайымдауынша: аталған екі аумақта иран тілді туысқан тайпалар тіршілік еткенімен олар екі түрлі саяси одақта өмір сүрген. Волга-Дон даласында Геродот айтқан савроматтар тайпасы тіршілік еткен, олардың арасында жоғарғы аорс, жоғарғы сирак пен қарапайым аорс және сирак сармат тайпалары бар. Ал Оңтүстік Орал маңында исседондар ұрпақтары мекендеген. Сонымен қатар, зерттеуші бұл аумақта аорс пен сиpактар өмір сүрмеген деген қорытындыға келді (Шилов, 1975: 135). Екі аумақтың жерлеу ғұрыптарының ұқсастығын ғалым исседондардың кішігірім тобы Волга-Дон даласына келіп жергілікті түрғындармен араласуымен байланыстырды. Яғни, ерте темір дәуіріндегі миграциялық үдерістер аталған өңірлердегі тайпалардың тағдырында елеулі орын алған деуге болады.

Тарихшы әрі археолог Н.Е. Берлизов сарматтар мен Орталық Азияның байланысы жайында өзіндік пікірін ұсынды. Ең ерте уақыттардағы ескерткіштер Ағыншы, Қасқажол және де жерлеу-ғұрыптық Бәйте ескерткіштері деп қарастырды. Автордың пайымдауынша: ерте сармат мәдениеті Хорезмнің сол жағалауы мен Арал маңында б.д.д. IV ғ. бастап кездеседі. Зерттеуші Кіші Кир мен Артаксеркс II арасындағы б.д.д. V-IV ғғ. әскери қақтығыста сарматтар жалдамалы әскер қатарында болғандығы жайында пікір айтты, олардың заттық кешендеріне Орал маңы археологиялық ескерткіштеріндегі табылған бұйымдарды жатқызып, оны негізгі дәлел ретінде ұсынды. Сонымен қатар, б.д.д. III ғ. Азияның далалық аумағында демографиялық өсім болуына байланысты аталған этностың бір тобы оңтүстікке қарай жылжығандығын айтты. Ол дай-апарн тайпасы Арсактың бастауымен Парфияны жаулап алып, жаңа династия құрған деген қорытындыны қолдады. Солтүстік Бактрияда б.д.д. II-I ғғ. кейінгі прохоровтық кезеңге жататын қанжарлар, айналар мен тоғалар анықталды. Антикалық авторлардың мәліметтеріне сүйене отырып аталған аумақта аси сарматтары мекендегендігін, ал тохарлардың (юэчжи) мұнда тіршілік етуі неғыбайыл екендігін дәйектеді (Берлизов, 2014: 37-38). Зерттеушінің пайымдамалары археологиялық және жазбаша дереккөздерімен толықтай қабысады деуге болады.

Соңғы жылдары шыққан кейбір зерттеулерде де біршама тың ойлар айтылып келеді. Мысалы, Р.Х. Сулейманов дахтар мен сарматтардың көші-қон жолдарына талдау жүргізіп, бұрын айтылған ой-пікірлерді бір ізге түсірді. Зерттеушінің айтуы бойынша миграциялық үдерістер кезінде бірнеше мәдени өзгерістер орын алып отырған. Ғалым тарапынан айтылған қызықты мысалдардың бірі – дахтардың мәдениетінде орталық орынды алатын «Аждара» айдаһары. Және де ол аталған бейнеге қатысты мифология Арал-Каспий аумағынан Қара теңіз маңының батыс аумағына дейінгі аралықта таралған деген пікірді айтады. Орталық Азия мен Оңтүстік Орал маңында үлкен дахтар мен сарматтардың мәдениеті орнығып, олардан қалған архитектура, нумизматика және мифология сынды тарихи-мәдени мұралар мұнда үлкен мәдениет ошағы болғандығын айғақтайды деп қорытындылайды (Сулейманов, 2021: 73).

Сайып келгенде, антикалық жазбаша ескерткіштер мен археологиялық мәліметтерді өзара байланыстырған ғылыми тұрғыдағы зерделеу жұмыстары өзінің оң нәтижесін берді деуге болады. Екі қомақты деректемелік қор бірін-бірі толықтырды, бұрын белгісіз болып келген бірқатар жайттарды нақтылады және келешекте зерттелінуі тиіс ғылыми көкжиектерді де айқындап отыр. Келешектегі ізденістерде пәнаралық зерттеу жұмыстарына ерекше мән беріліп, бірқатар ғылым салаларының (генетика, палеоантропология, т.б.) мәліметтерін де ғылыми айналымға тартқан абзал деген ойдамыз.

Зерттеу нәтижелері

Антикалық кезең авторларының ерте темір дәуіріндегі (бүгінгі Батыс Қазақстан аймағындағы) тұрғындарына байланысты деректемелері үзік-жарық немесе көбіне үзінді түріндегі қысқаша ақпараттар легінен тұрады. Алайда әртүрлі кезеңде өмір сүрген авторлар өз шығармаларында қазіргі Қазақстанның батыс өңірін жайлаған сарматтар дәуірі немесе сармат кезеңі бойынша бірнеше құнды мәліметтер қалдырғандығы әлемдік және отандық тарихнамада айтылып келеді. Сарматтар туралы өз шығармаларында мәлімет қалдырған авторлар қатарына Геродот, Страбон, Птолемей, Тацит, Марцеллин және т.б. антикалық ғұламаларды жатқызуға болады. Осы орайда олардың еңбектеріне шолу жасай отырып, негізгі келтірген мәліметтеріне азды-кемді тоқталып кеткен ләзім.

Мәселен, географиялық Сарматия атауы ертеректе б.д.д. IV-III ғғ. немесе III ғ. басында жазылған Теофрасттың еңбегінде кездеседі. Оның мәліметтерінің негізінде Сарматия Скифиямен көршілес жатқан. Екеуі бір деңгейлес аумақ ретіндегі мәлімет ретінде қолданылған. Бірақ та нақты Сарматияның орналасу жері жайында мәлімет қалдырмаған

(Скрипкин, 2017: 172). Оның шығармасы кейіннен басқа авторлар еңбектерінде біртіндеп толға түскенін де байқаймыз.

Мысалы, алғашқылардың бірі болып Геродот сарматтардың орналасуына байланысты мәлімдеме жасады. Оның «Тарих» атты еңбегінің Төртінші кітабында Скифияның шығыс шекарасына жақын аумақтарды мекен еткен деген біршама нақтырақ дерек келтіреді. Танаис (Дон) өзені арғы жағында Скифия аяқталған соң, сарматтардың жері басталатынын атап өтті. Олардың аумағы он бес күнге солтүстікке созылып, ешқандай ағаш өспейді деп сипаттама келтірді (Геродот, 1972: 192). Геродот еңбегіндегі ағаш өспейді деген мағынаның шөлейтті аймақты аудандарды, далалық өңірлерді меңзейтіндігі анық.

Мұны Страбон да жанама түрде қолдайды. Оның шығармасында Танаис өзені арғы жағындағы жерлер суық және шөлейтті болғандықтан толық белгілі емес деп көрсетіледі (Страбон, 1972: 96).

Сонымен қатар Геродот өз кезегінде Солтүстік Қара теңіз аумағынан исседондар жеріне дейінгі сауда жолын сипаттай отырып, олардың көршілес халықтармен шекарасын айқындады. Геродоттың мәліметі бойынша исседондар батысқа қарай биік таулардың етегінде орналасып, скифтердің сауда жолының соңғы аймағы деп көрсетіледі. Исседондарды скифтерше киінетін, ерекше тілде сөйлейтін скиф әлемінің бөлігі ретінде қарастырған. Орналасқан аумағына қарай қазіргі зерттеушілер Орал тауларына іргелес жатқан далалық аймақтарда мекендеген деген тұжырымды айтты (Геродот, 1972: 193). Исседондықтардың географиялық орналасуына қатысты пікірде Геродот тағы бір маңызды мәлімет келтіреді. Массагеттер Аракс (Әмудария) өзені бойында исседондарға қарама-қарсы, шығысқа қарай күннің шығыс бағытында өмір сүреді деп көрсеткен.

Атақты географ Страбонның тағы бір мәліметінде дайлар жайлы егжей-тегжейлі сипаттама келтіріледі. Ол солтүстік Азияны екі бөлікке бөліп қарастырып, біріншісін Танаис өзені (Дон) мен Каспий (Гиркан) теңізі аралығы деп көрсетеді. Бұл аралықтарда Страбонның айтуынша скифтер немесе сарматтар мекендеген. Ол Азияның екінші бөлігінде көшпелі дай-парндар орналасқанын да атап өтті. Дайлар мен Гиркан аумағы арасында үлкен шөлді аумақ жатқанын айтады. Дайлардың бір бөлігі Парфияға шабуылы кезінде үлкен шөлді аумақты кесіп өткен деген мағлұматты да айтып кеткен (Страбон, 1964: 474).

Дайларды Страбон жалпылама шығыс скифтер тобына жатқызады. Олардың сан жағынан көптігін атап өтіп, Каспий теңізінен бастап дайлардың мекені басталады деген қорытынды жасады. Сонымен қатар, олардың шығыс жағында массагеттер мен сақтар мекендегенін айтты.

Әлемдік тарихта дай-парнның құрамынан Парфияда билік етуші әулеттің негізін салған Арсак шыққан деген болжам жасады. Дай-парндар Парфияны жаулап алған кезде Страбон оларды Меотида маңында тұратын ксанфийлер немесе парийлер деп аталатын дайлардан шыққан қоныс аударушылар деп сипаттайды. Алайда, бұл пікірдің көпшілікке танымал емес екендігін де атап өткен (Страбон, 1964: 371).

Осы аумақ жайында Страбоннан кейін Птолемейдің еңбектерінен кездестіреміз. Сарматтардың Азиялық бөлігі бойынша мәліметтерді ол саударгерлердің жол жазбасынан алған деген пікір бар. Волга өзенінен бөлек, Птолемей солтүстік Каспий маңындағы бірнеше өзендер жайлы мәліметтер береді. Әсіресе Орал (Даиск) өзені мен оның жанында орналасқан кіші өзендер жайлы айтып өтеді (Гаркавец, 2005: 340).

Антикалық авторларды қызықтырған тағы да бір мәселелердің бірі мұндағы халықтардың ғұмыры мен күнедікті қаракеті болды. Қазіргі Батыс Қазақстан аумағында ерте темір дәуірінде тіршілік еткен көптеген халықтар олардың назарына ілігіп отырды. Мысалы жоғарыда есімі аталған географ Страбон роксолан және басқа сармат көшпелі тайпалары киізбен қапталған өгіздер сүйрейтін арбада тұрып, ет пен сүт беретін ірі қара малдың табындарын ұстады деген мәлімет келтіреді. Сонымен қатар автор олар көбіне етпен қоректеніп, жылқы еті мен қышқыл немесе балғын жылқы сүтін пайдаланған деп көрсетеді

де, олардың жайылымдағы табындардың соңынан еріп, жаңа жайылым жерлерге қоныс аударып отырғандығын баяндайды. Страбон сарматтардың мезгілдік миграциясына ерекше назар аудара білді. Ол сарматтар қыста Азов теңізіне, ал жазда далалық жазық аудандарға көшіп отырады деген мәлімет келтіреді (Страбон, 1964: 373). Яғни, антикалық автор сарматтар отырықшы өмір салтын құптамай көшпелі өмір салтына машықтанғанын атап өтті. Көшпеліліктегі мезгілдік миграцияны зерттеу ісінде Страбонның қалдырған мәліметтері өте құнды деп бағалауға болады.

Сармат және өзге де халықтардың тыныс-тіршілігі басқа авторлардың шығармаларында кездеседі. Алайда көпшілігі олардың көшіп-қонып жүргендігімен ғана шектеледі.

Антикалық және одан кейінгі дәуірдегі авторларды шекаралық аймақтар, көне халықтар орналасқан ендіктер, белгілі бір географиялық нысандар мен түрлі этностардың жай-күйі, т.б. мәселелер де қызықтырды. Мысалы, атақты Птолемей Азия бөлігінде орналасқан сарматтардың шекарасын шығысында Каспий теңізі батыс жағалауы мен Еділ өзенімен өтетінін атап өтті. Азиялық Сарматияның шығыс бөлігін сипаттауда ол 85-45 градус ендіктегі иінге дейін созылып, одан әрі меридиан сызығымен солтүстікке белгісіз жаққа дейін жалғасқан деген пікір айтады. Дегенмен, Птолемейдің жазбаларына сүйенсек, Азия Сарматиясының шығыс шекарасы толығымен Еділді бойлап өткен: алдымен өзеннің төменгі ағысымен, содан кейін өзеннен белгілі бір қашықтықта меридиан бойымен солтүстікке қарай созылып жатыр. Ал Жайық (Даик) өзені азиялық сарматтар аумағына кірмеген. Птолемей Азия Сарматиясының шығыс шекарасынан әрі қарай Скифияны орналастырған. Страбон да Азияның екінші бөлігінде, яғни бұғаз бен Каспий теңізінен шығысқа қарай «шығыс скифтері» өмір сүрген деп есептеген. Оның айтуынша, бұл көшпелі халықтардың иелігі Шығыс теңізі мен Үндістанға дейін созылып жатқан (Гаркавец, 2005: 342). Бұл пікір қазіргі уақытта айтылып жүрген скиф әлемі туралы тұжырымдарға сәйкес келеді. Көпшілік мамандар Еуразияның далалы аумақтарында, Дала өркениетінің негізінде скиф-сақ мәдениеті жатқандығын тілге тиек етіп, қазақ сахарасы мен онымен іргелес өңірлердің негізгі тұрғындары скифтектес (скифоидные – *авт.*) халықтар болғандығын құптайды.

Ал Рим тарихшысы Аммиан Марцеллин бұрыңғы массагеттер немесе ертедегі массагеттер деген атаумен сармат тайпасы құрамындағы аландарды атаған. Олардың барлығы ұзын бойлы және келбетті келген деп сипаттама келтіреді. Сондай-ақ, олардың көзқарастары қарсыластарына қорқыныш сезімін ұялатып, соғыс пен қауіп-қатерлерден рахат алады деп келтіреді. Қоғамдық құрылысы жайында римдік тарихшы аландарда құлдар болмаған, және де олар текті жерден шыққан деген көзқарас келтіреді. Сонымен қатар А.Марцеллин аландар өздерінің көршілес жатқан халықтарды бағындырып, парсылар секілді өздерінің атын сол аумаққа таратқан деп те көрсетеді. Ол аландардың кең-байтақ аумақты иеленіп, саны көп ірі халықтармен қатар тұрғандығын атап өткен. Сондай-ақ тарихшы ғұндардың келуін сипаттап оларды қозғалмалы және ешкімге басын имейтін, тонауға құныққан халық деп атайды. Олар жорықтарын тонаумен жалғастырып ұзақ уақыттан кейін аландардың жеріне оралатындығын атап өтті (Марцеллин, 1994). Римдік тарихшы келтірген қомақты деректемелік қорға қарағанда, аландар мекендеген аумақтың біраз бөлігін ғұндар иемденіп, оларды өздерінің құрамына кіріктіре бастағандығын да аңғаруға болады.

Қазіргі Батыс Қазақстан өңірінде ерте темір дәуірінде орын алған бірқатар әскери жорықтар да антикалық авторлардың назарынан шет қалмағандығы байқалады. Әскери жорықтар жайлы бірқатар мәліметтерді Тациттің еңбектерінен көреміз. Ол сарматтар жекпе-жек соғыстарда аса қатты батылдық танытпайды, олардың жаяу әскері нашар соғысады деп көрсетеді. Автор сонымен қатар олардың қаруланған атты әскеріне қарсы тұру өте қиын екенін де атап өтті. Мұз бен сулы жерлерде сармат жауынгерлерінің ұзын найзалары мен қылыштары қауқарсыз болып, астындағы аттары ауыр сауыттар мен жердің тайғақтығы негізінде құлап отырды деп айтады Тацит өзінің шығармасында (Тацит, 1969). Әсіресе

сарматтардың құрамындағы роксоландар жайында Тацит көп мәліметтер келтіреді. Мысалыға, оның мәліметінше: б.з. 69 ж. роксоландар Мезияға екінші жорығын жасайды, олар бір жыл бұрын жорықтары сәтті аяқталып, осы жылы тоғыз мыңдық атты әскерімен тонаушылық жорығын жүргізген. Тацит айтуынша, римдіктерге ауа-райы қолайлы болып, осы жорықта ұйымдасқан түрде роксоландарға қарсы тұра білген. Ерте көктемнің келуі мен роксаландардың аттары жұмсақ қарға батып, нәтижесінде роксоландар ауыр жеңіліске ұшырайды (Тацит, 1969: 300). Мұны автор сипаттап жазып, сарматтық тайпалар жайында тағы да бірқатар мәліметтерді атайды. Оның жазбаларынан сарматиялықтардың әскери өнері ғана емес, басқа да жайттар (саяси, халықаралық қатынас, т.б.) кездестіруге болады.

Сайып келгенде, антикалық авторлар қазіргі батысқазақстандық өңірдегі ерте темір дәуірінде тіршілік еткен халықтар мен тайпаларды сипаттаған кезде бірінші кезекте қолдағы мәліметтерге сүйенді, кейде олардың еңбектерінен толықтай тексерілмеген мағлұматтар да кездеседі, мәлімет мардымсыздығынан кейбір авторларда өзге этностарға шынайы баға бере алмай жату да байқалады. Мұндай бір-біріне керағар мағлұматтардың орын алуы заңды құбылыс: біріншіден, жер шалғайлығы; екіншіден, негізгі ақпараттарды берген тұлғалардың мәліметтеріне дәйекті талдаулардың жасалмауы; үшіншіден, жекелеген антикалық авторлардың этностар тілін, мәдениетін, т.б. хабарсыз болу, т.б.

Қорытынды

Ертедегі антикалық авторлардың жазбалары мен бүгінгі археологиялық зерттеулерді кешенді талдау Батыс Қазақстан ерте көшпелілер тарихын жаңғыртуға толық мүмкіндік береді. Ерте уақытта Батыс Қазақстан аумағы бір ғана тайпаның мекені болмаған. Әрбір кезеңде осы аумақта сармат тайпаларымен қоса исседондар, дайлар және т.б. тайпалармен байланысы нәтижесінде көптеген этностар мекендеген. Антика дәуірі авторлары олардың географиялық орналасу жерлерін Еділ, Жайық өзендері және Каспий мен Арал теңіздерінде жалпылама көрсетсе де, бұл тарихи шындыққа негізделіп айтылған.

Негізгі мәліметтерді қалдырған Геродот пен Страбонның жазбаларын К.Ф. Смирнов, Д.А. Мачинский, А.С. Скрипкин және тағы басқа ғалымдар саралай келе, археологиялық зерттеу нәтижелерімен байланыстыра білді. Осының негізінде Оңтүстік Орал, яғни Батыс Қазақстан аумағы ерте темір дәуірі кезеңінде ерте мәдени ошақтардың қалыптасу аумағы болғандығы нақты дәлелденіп отыр. Сонымен қатар А.С.Балахванцев, И.В.Пьянков сынды ғалымдардың тұжырымдамаларына сүйенсек Батыс Қазақстан даласы ірі көші-қон үдерістерінің негізгі дәлізі қызметінде болған деуге келеді. Осы аумақтан шыққан тайпалар оңтүстіккке және батысқа қарай жылжып Еуразия даласы тарихына тікелей ықпал жасаған. Оның саяси, мәдени және экономикалық үдерістеріне өзіндік ықпалын тигізген. Ғылыми жұртшылық тарапынан сармат және савромат этнонимдерінің қолданылу аясы, мән-мағынасы, семантикасы түрлі пікірталастар тудырып та келеді. Алайда бұл мәселе арнайы қарастыруды, жеке сауал ретінде көтеруді қажет етеді.

Көтерілген тақырып бойынша жазылған негізгі ғылыми әдебиеттер б.д.д. IV-III ғ. Еділ-Жайық далаларында ірі сармат тайпалық одағының толық құрылғанын дәлелдейді. Алайда бүгінгі күнгі тарихнамалық ізденістерге сүйенер болсақ олардың қалыптасуы мен мерзімдеме мәселесі толыққанды шешімін таппай отыр, мұндай жайттарды тарихи талдаудан өткізу қажеттілігі де байқалады, сонымен қатар көтерілген сауалдар легінің болашақтағы зерттеулерге мұрындық болары да сөссіз. Сондай-ақ ерте темір дәуіріндегі халықтардың одан кейінгі түркі кезеңімен байланысы, өзара тарихи-генетикалық кірігу үдерістері, ерте орта ғасырлар кезеңіндегі ерекшеліктер, т.б. мәселелер де келешекте қарастырылғандығы абзал. Әсіресе Ватикан, Қытай, Батыс Еуропа елдеріндегі түркі кезеңіне қатысты шығармаларды тауып, ғылыми айналымға енгізген жөн. Сонда ғана толыққанды әрі бірегей ғылыми туындыларды қалыптастыруға мүмкіндік арта түседі деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

Балахванцев, 2005 – *Балахванцев А.С.* Среднеазиатские дахи в IV–II вв. до н.э.: происхождение, хронология и локализация // Центральная Азия от Ахеменидов до Тимуридов: археология, история, этнология, культура: Материалы Междунар. науч. конф., посвящ. 100-летию со дня рождения А.М. Беленицкого (Санкт-Петербург, 2–5 ноября 2004 г.). / Отв. ред. В.П. Никоноров. СПб., 2005. С. 64–67.

Балахванцев, 2016 – *Балахванцев А.С.* Среднеазиатские дахи в IV–II вв. до н.э. // Российская археология. 2016. № 1. С. 11–24.

Берлизов, 2014 – *Берлизов Н.Е.* Сарматы и Средняя Азия // Сарматы и внешний мир: Материалы VIII Всероссийской (с международным участием) науч. конф. «Проблемы сарматской археологии и истории», Уфа, ИИЯЛ УНЦ РАН, 12–15 мая 2014 г. / Отв. ред. Л.Т. Яблонский, Н.С. Савельев (УАВ. Вып. 14). Уфа, 2014. С. 30–39.

Гаркавец, 2005 – *Гаркавец А.Н.* Великая Степь в античных и византийских источниках: Сборник материалов / Сост. и ред. А.Н. Гаркавца. Алматы: Баур, 2005. 1304 с.

Геродот, 1972 – *Геродот.* История в девяти книгах / Перевод и примечания Г.А. Стратановского. Отв. ред. С.Л. Утченко. Л.: Наука, 1972. 600 с.

Граков, 1947 – *Граков Б.Н.* Пережитки матриархата у сарматов // Вестник древней истории. М.: АН СССР, 1947. № 3. С. 100–121.

Гуцалов, 2004 – *Гуцалов С.Ю.* Древние кочевники Южного Приуралья VII–I вв. до н.э. Уральск: Полиграфсервис, 2004. 136 с.

Кадырбаев, 1984 – *Кадырбаев М.К.* Курганные некрополи верховьев р. Илек // Древности Евразии в скифо-сарматское время. М.: Наука, 1984. С. 84–93.

Кадырбаев, Курманкулов, 1976 – *Кадырбаев М.К., Курманкулов Ж.К.* Захоронения савроматского воина на левобережье р. Илек // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата, 1976. С. 137–156.

Кушаев, 1993 – *Кушаев Г.А.* Этюды древней истории Степного Приуралья. Уральск: Диалог, 1993. 171 с.

Латышев, 1993 – *Латышев В.В.* Известия древних писателей о Скифии и Кавказе. Т. 2. СПб.: Фарн, 1993. 291 с.

Марцеллин, 1994 – *Марцеллин А.* Римская история. СПб.: Алетейя, 1994. 567 с.

Мачинский, 1971 – *Мачинский Д.А.* О времени первого активного выступления сарматов в Поднепровье по данным античных письменных источников // АСГЭ. 1971. Вып. 13. С. 30–54.

Мачинский, 1974 – *Мачинский Д.А.* Некоторые проблемы этногеографии восточно-европейских степей во II в. до н. э. – I в. н. э. // АСГЭ. 1974. № 16. С. 122–125.

Пьянков, 2004 – *Пьянков И.В.* Некоторые спорные вопросы «Этногеография Турана» – полемика археолога с филологом? // Вестник древней истории. 2004. № 4. С. 213–224.

Ростовцев, 1925 – *Ростовцев М.И.* Скифия и Боспор. М.: Российская Академия истории материальной культуры, 1925. 621 с.

Скрипкин, 2017 – *Скрипкин А.С.* Сарматы. Волгоград: Изд-во ВолГУ, 2017. 293 с.

Скрипкин, 2021 – *Скрипкин А.С.* К определению содержания этнонимов «савроматы» и «сарматы» // Нижневолжский археологический вестник. 2021. Т. 20. № 1. С. 82–102.

Смирнов, 1964 – *Смирнов К.Ф.* Савроматы. Ранняя история и культура сарматов. М.: Наука, 1964. 381 с.

Смирнов, 1977 – *Смирнов К.Ф.* Савроматы и сарматы // Проблемы археологии Евразии и Северной Америки. М.: Наука, 1977. С. 129–139.

Смирнов, 1984 – *Смирнов К.Ф.* Сарматы и утверждение их политического господства в Скифии. М.: Наука, 1984. 184 с.

Страбон, 1964 – *Страбон*. География в 17 книгах / Перевод, статья и комментарии Г.А. Стратановского. М.: Наука, 1964. 940 с.

Сулейманов, 2021 – *Сулейманов Р.Х*. Следы дахо-сарматского культурного наследия в Древнем Туране и Древней Руси // Археология, этнография и антропология Евразии. 2021. Т. 49. № 3. С. 60–74.

Таиров, 2013 – *Таиров А.Д.* Властители степей: сарматы (кочевники Южного Урала в I тыс. до н. э.) // Звезды истории ЮУрГУ: публичные лекции профессоров ЮУрГУ / отв. ред. Н.П. Парфентьева. Челябинск: Издат. центр ЮУрГУ, 2013. С. 133–144.

Тацит, 1969 –*Тацит К.* Сочинения. В 2 томах / Отв. ред. С.Л. Утченко. Л.: Наука, 1969. 370 с.

Тұрмахан, Байгунаков, 2024 – *Тұрмахан Н., Байгунаков Д.* Батыс Қазақстан ерте сармат мәдениеті қалыптасуының кейбір // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. 2024. Т. 11629. № 4. С. 211–219.

Шилов, 1975 – *Шилов В.П.* Очерки по истории древних племён Нижнего Поволжья. Л.: Наука, 1975. 208 с.

References:

Balakhvantsev, 2005 – *Balakhvantsev A.S.* Sredneaziatskiye dakhi v IV–II vv. do n.e.: proiskhozhdeniye, khronologiya i lokalizatsiya [Central Asian Dahae in the 4th–2nd centuries BC: origin, chronology and localization] // Tsentral'naya Aziya ot Akhemenidov do Timuridov: arkheologiya, istoriya, etnologiya, kul'tura: Materialy Mezhdunar. nauch. konf., posvyashch. 100-letiyu so dnya rozhdeniya A.M. Belenitskogo (Sankt-Peterburg, 2–5 noyabrya 2004 g.) / Otv. red. V.P. Nikonorov. SPb., 2005. P. 64–67. (in Rus).

Balakhvantsev, 2016 – *Balakhvantsev A.S.* Sredneaziatskiye dakhi v IV–II vv. do n.e. [Central Asian Dahae in the 4th–2nd centuries BC] // Rossiyskaya arkheologiya. 2016. № 1. P. 11–24. (in Rus).

Berlizov, 2014 – *Berlizov N.Ye*. Sarmaty i Srednyaya Aziya [Sarmatians and Central Asia] // Sarmaty i vneshniy mir: Materialy VIII Vserossiyskoy (s mezhdunarodnym uchastiyem) nauch. konf. «Problemy sarmatskoy arkheologii i istorii», Ufa, IIYaL UNTs RAN, 12–15 maya 2014 g. / Otv. red. L.T. Yablonskiy, N.S. Savel'yev (UAV. Vyp. 14). Ufa, 2014. P. 30–39. (in Rus).

Garkavets, 2005 – *Garkavets A.N*. Velikaya Step' v antichnykh i vizantiyskikh istochnikakh: Sbornik materialov [The Great Steppe in ancient and Byzantine sources: Collection of materials] / Sost. i red. A.N. Garkavtsa. Almaty: Baur, 2005. 1304 p. (in Rus).

Gerodot, 1972 – *Gerodot.* Istoriya v devyati knigakh [History in nine books] / Perevod i primechaniya G.A. Stratanovskogo. Otv. red. S.L. Utchenko. L.: Nauka, 1972. 600 p. (in Rus).

Grakov, 1947 – *Grakov B.N.* Perezhitki matriarkhata u sarmatov [Survival of matriarchy among the Sarmatians] // Vestnik drevney istorii. M.: AN SSSR, 1947. № 3. P. 100–121. (in Rus).

Gutsalov, 2004 – *Gutsalov S.Yu.* Drevniye kochevniki Yuzhnogo Priural'ya VII–I vv. do n.e. [Ancient nomads of the Southern Urals in the 7th–1st centuries BC]. Ural'sk: Poligrafservis, 2004. 136 p. (in Rus).

Kadyrbayev, 1984 – *Kadyrbayev M.K*. Kurgannyye nekropoli verkhov'yev r. Ilek [Kurgan necropolises of the upper reaches of the Ilek river] // Drevnosti Yevrazii v skifo-sarmatskoye vremya. M.: Nauka, 1984. P. 84–93. (in Rus).

Kadyrbayev, Kurmankulov, 1976 – *Kadyrbayev M.K., Kurmankulov Zh.K.* Zakhoroneniya savromatskogo voina na levoberzh'ye r. Ilek [Burials of a Sauromatian warrior on the left bank of the Ilek river] // Proshloye Kazakhstana po arkheologicheskim istochnikam. Alma-Ata, 1976. P. 137–156. (in Rus).

Kushayev, 1993 – *Kushayev G.A*. Etyudy drevney istorii Stepnogo Priural'ya [Sketches of the ancient history of the Steppe Urals]. Ural'sk: Dialog, 1993. 171 p. (in Rus).

Latyshev, 1993 – *Latyshev V.V.* Izvestiya drevnikh pisateley o Skifii i Kavkaze. T. 2 [News of ancient writers about Scythia and the Caucasus. Vol. 2]. SPb.: Farn, 1993. 291 p. (in Rus).

Martsellin, 1994 – *Martsellin A.* Rimskaya istoriya [Roman History]. SPb.: Aleteyya, 1994. 567 p. (in Rus).

Machinskiy, 1971 – *Machinskiy D.A.* O vremeni pervogo aktivnogo vystupleniya sarmatov v Podneprov'ye po dannym antichnykh pis'mennykh istochnikov [On the time of the first active appearance of the Sarmatians in the Dnieper region according to ancient written sources] // ASGE. 1971. Vyp. 13. P. 30–54. (in Rus).

Machinskiy, 1974 – *Machinskiy D.A.* Nekotoryye problemy etnogeografii vostochno-yevropeyskikh stepey vo II v. do n. e. – I v. n. e. [Some problems of ethnogeography of the Eastern European steppes in the 2nd century BC – 1st century AD] // ASGE. 1974. № 16. P. 122–125. (in Rus).

P'yankov, 2004 – *P'yankov I.V.* Nekotoryye spornyye voprosy «Etnogeografiya Turana» – polemika arkheologa s filologom? [Some controversial issues "Ethnogeography of Turan" - a polemic between an archaeologist and a philologist?] // Vestnik drevney istorii. 2004. № 4. P. 213–224. (in Rus).

Rostovtsev, 1925 – *Rostovtsev M.I.* Skifiya i Bospor [Scythia and Bosporus]. M.: Rossiyskaya Akademiya istorii material'noy kul'tury, 1925. 621 p. (in Rus).

Shilov, 1975 – *Shilov V.P.* Ocherki po istorii drevnikh plemyon Nizhnego Povolzh'ya [Essays on the history of ancient tribes of the Lower Volga region]. L.: Nauka, 1975. 208 p. (in Rus).

Skripkin, 2017 – *Skripkin A.S.* Sarmaty [Sarmatians]. Volgograd: Izd-vo VolGU, 2017. 293 p. (in Rus).

Skripkin, 2021 – *Skripkin A.S.* K opredeleniyu soderzhaniya etnonimov «savromaty» i «sarmaty» [On determining the content of the ethnonyms "Sauromatians" and "Sarmatians"] // Nizhnevolzhskiy arkheologicheskiy vestnik. 2021. T. 20. № 1. P. 82–102. (in Rus).

Smirnov, 1964 – *Smirnov K.F.* Savromaty. Rannyaya istoriya i kul'tura sarmatov [Sauromatians. Early history and culture of the Sarmatians]. M.: Nauka, 1964. 381 p. (in Rus).

Smirnov, 1977 – *Smirnov K.F.* Savromaty i sarmaty [Sauromatians and Sarmatians] // Problemy arkheologii Yevrazii i Severnoy Ameriki. M.: Nauka, 1977. P. 129–139. (in Rus).

Smirnov, 1984 – *Smirnov K.F.* Sarmaty i utverzhdeniye ikh politicheskogo gospodstva v Skifii [Sarmatians and the establishment of their political dominance in Scythia]. M.: Nauka, 1984. 184 p. (in Rus).

Strabon, 1964 – *Strabon.* Geografiya v 17 knigakh [Geography in 17 books] / Perevod, stat'ya i kommentarii G.A. Stratanovskogo. M.: Nauka, 1964. 940 p. (in Rus).

Suleymanov, 2021 – *Suleymanov R.Kh.* Sledy dakho-sarmatskogo kul'turnogo naslediya v Drevnem Turane i Drevney Rusi [Traces of Dahae-Sarmatian cultural heritage in Ancient Turan and Ancient Rus] // Arkheologiya, etnografiya i antropologiya Yevrazii. 2021. T. 49. № 3. P. 60–74. (in Rus).

Tairov, 2013 – *Tairov A.D.* Vlastiteli stepey: sarmaty (kochevniki Yuzhnogo Urala v I tys. do n. e.) [Rulers of the steppes: Sarmatians (nomads of the Southern Urals in the 1st millennium BC)] // Zvezdy istorii YuUrGU: publichnyye lektsii professorov YuUrGU / otv. red. N.P. Parfent'yeva. Chelyabinsk: Izdat. tsentr YuUrGU, 2013. P. 133–144. (in Rus).

Tatsit, 1969 – *Tatsit K.* Sochineniya. V 2 tomakh [Works. In 2 volumes] / Otv. red. S.L. Utchenko. L.: Nauka, 1969. 370 p. (in Rus).

Turmakhan, Baygunakov, 2024 – *Turmakhan N., Baygunakov D.* Batys Kazakstan erte sarmat madenieti kalyptasuynyn keybir [Some of the formation of the early Sarmatian culture of Western Kazakhstan] // Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriya. Filosofiya. 2024. T. 11629. № 4. P. 211–219. (in Kaz).

[1]Турмахан Н.Ж.,[2] Байгунаков Д.С.
[1,2] Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
E-mail: [1] nurdau_99_99@mail.ru, [2] dosbol_bs@mail.ru

ТРУДЫ АНТИЧНЫХ АВТОРОВ НА СТЫКЕ ИСТОРИЧЕСКИХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИЗЫСКАНИЙ (ПО МАТЕРИАЛАМ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА)

Аннотация. В эпоху раннего железа Западный Казахстан был крупным очагом кочевой культуры и важным миграционным коридором. Исследование истории древних обитателей этого региона на основе письменных источников и археологических данных является актуальной проблемой. Главная цель статьи – анализ эпохи раннего железного века Западного Казахстана по письменным источникам, а также обобщение и систематизация путем сопоставления с археологическими данными. Методы исследования – методы традиционной археологии, историографии и источниковедения, основанные на исторических принципах. Научная новизна исследования заключается в проведении сравнительного анализа сведений античных авторов (Геродот, Страбон, Птолемей, Тацит, Марцеллин) и археологических, историографических исследований (К.Ф. Смирнов, Д.А. Мачинский, А.С. Скрипкин, А.С. Балахванцев, М.К. Кадырбаев, Г.А. Кушаев и др.). Кроме того, по-новому рассмотрены ареал расселения и условия миграции ранних кочевых племен на территории Западного Казахстана. В задачи статьи входит определение территории расселения савроматов и исседонов, рассмотрение миграционных процессов дахов и аорсов, а также уточнение процесса формирования сарматского племенного союза. Результаты исследования с помощью письменных, исторических и археологических источников доказывают, что в эпоху раннего железа степи Западного Казахстана были не просто местом обитания одного племени, но и являлись ключевой территорией крупных миграционных процессов, направленных на юг и запад.

Благодарность: Статья выполнена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Ранняя и средневековая история, культура Тюркского мира по новым уникальным материалам Ватикана и стран Западной Европы» (индивидуальный регистрационный номер: BR24993132-OT-24).

Ключевые слова: Западный Казахстан, ранний железный век, сарматы, дахи, письменные источники, античные авторы, историография.

[1]Turmakhan N.Zh., [2]Baigunakov D.S.
[1,2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
E-mail: [1] nurdau_99_99@mail.ru, [2] dosbol_bs@mail.ru

WORKS OF ANCIENT AUTHORS AT THE CROSSROADS OF HISTORICAL AND ARCHAEOLOGICAL RESEARCH (BASED ON THE MATERIALS OF WESTERN KAZAKHSTAN)

Abstract. In the Early Iron Age, Western Kazakhstan was a major center of nomadic culture and an important migration corridor. Studying the history of the early inhabitants of this region based on written sources and archaeological data is a highly relevant issue. The main purpose of the article is to analyze the Early Iron Age of Western Kazakhstan based on written sources, as well as to generalize and systematize the information by comparing it with archaeological data. Research methods include traditional archaeology, historiography, and source study methods based on historical principles. The scientific novelty of the research lies in conducting a comparative analysis

of the data left by ancient authors (Herodotus, Strabo, Ptolemy, Tacitus, Marcellinus) and archaeological, historiographical studies (K.F. Smirnov, D.A. Machinsky, A.S. Skripkin, A.S. Balakhvantsev, M.K. Kadyrbaev, G.A. Kushaev, etc.). In addition, the settlement areas and migration conditions of the early nomadic tribes in the territory of Western Kazakhstan were reviewed from a new perspective. The tasks of the article include determining the settlement territory of the Sauromatians and Issedones, examining the migration processes of the Dahae and Aorsi, and clarifying the formation of the Sarmatian tribal union. The research results, utilizing written, historical and archaeological sources, demonstrate that in the Early Iron Age, the steppes of Western Kazakhstan were not merely the habitat of a single tribe, but also served as a key territory for major migration processes directed to the south and west.

Acknowledgments: The article was carried out within the framework of the project of program-targeted financing of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic «Early and medieval history and culture of the Turkic world based on new unique materials from the Vatican and Western European countries» (individual registration number: BR24993132-OT-24).

Keywords: Western Kazakhstan, Early Iron Age, Sarmatians, Dahae, written sources, ancient authors, historiography.

Сведения об авторах:

Турмахан Нурдаулет – докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Байгунаков Досбол – д.и.н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Авторлар туралы мәлімет:

Тұрмахан Нұрдәулет – PhD студент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Байгунаков Досбол – т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

Information about authors:

Turmakhan Nurdaulet – PhD student, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;

Baigunakov Dosbol – Doctor of historical sciences, Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 28 наурыз 2026 жыл
Қабылданды 12 мамыр 2026 жыл

МРНТИ 03.81.00 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.215

[1] Абишева А.С [2] Шаймердинова Н.Г.
[1,2] Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева Астана, Казахстан
E-mail: [1] abisheva-92@mail.ru, [2]nurila1607@mail.ru

«ДЖАМИ АД-ДУВАЛЬ» КАК ИСТОЧНИК ПО ТЮРКСКОЙ ОНОМАСТИКЕ

Аннотация. Данная статья посвящена комплексному обзору средневековой арабской исторической энциклопедии османского придворного историка – астролога Ахмеда ибн Лютфуллах Мунаджем – баши «Джами ад-Дуваль» (XVII), как источник по тюркской ономастике. Этот письменный памятник представляет собой систематизированный сборник исторических событий разных государств, начиная с создания человечества и заканчивая периодом жизни самого автора. Исторические события, описываемые в тексте, сопровождаются географией земель с указанием координат, с подробным описанием разных видов топонимов, имеются также описания генеалогий правителей разных государств и их потомков, и описания различных племен и народов. В статье приводится опыт предыдущих исследований в направлении исторической тюркской ономастики, анализируются методологические подходы по выявлению, интерпретации и семантическому анализу тюркских онимов, с целью их оценки и возможности применения в данном исследовании. Был проведен анализ по степени изученности источника и его место в научной традиции, с результатом, что труд привлекался в основном как исторический, однако ономастический потенциал ранее никогда не был исследован. Для подтверждения ономастического потенциала письменного памятника, даны примеры тюркских топонимов, этнонимов, и антропонимов, извлеченных из текста «Джами ад-Дуваль» с описанием применения арабской традиции номинации. В результате исследования было выявлено, что средневековый письменный памятник «Джами ад-Дуваль» Ахмеда ибн Лютфуллах Мунаджем - баши недостаточно изучен, как источник по ономастики центральноазиатских тюркских государств, так и истории этого ареала в целом. Результаты исследования подтверждают значимость «Джами ад-Дуваль» для реконструкции ономастической системы и культурно- языковых процессов тюркских государствах Центральной Азии.

Ключевые слова: Ахмед Мунаджем-баши, Джами ад-Дуваль, ономастика, тюркские ономастиконы, средневековый источник, арабографический памятник, тюркские государства, история, лингво-культурология, историческая география

Введение

Арабские источники средневекового периода представляют собой ценный ресурс сведений о тюркских государствах, их правителях, племенах и территориях. Контакты арабов с тюрками в Центральной Азии начались с VII века в результате завоевательных процессов и распространения ислама. Любые исторические процессы подвергались фиксации хроник, как путешественниками, так и историками, которым было поручено создание историко-географической литературы для дальнейшего использований в политических целях. Таким заказным источником является и исследуемый арабографический памятник Ахмеда ибн Лютфуллах Мунаджем- баши «Джами ад-Дуваль». Автор занимал особое место в интеллектуальной среде Османской империи в начале XVII века. Почти 21 год он служил придворным историком и астрологом при дворе султана Османской империи Мехмеда IV. Ему было поручено создать уникальный сборник истории всех государств, который будет служить универсальным источником, включающий политические, правовые, географические, культурные, традиционные данные разных

регионов мира. При написании «Джами ад-Дуваль» Ахмед Мунаджем - баши использовал множество нарративных, документальных, картографических источников. Памятник создавался в период рассвета Османской Империи, в то время, когда она считалась одной из ведущих держав, завоевания которой охватывали Азию, Европу и Африку. Ахмед Мунаджем-баши, работая при дворе, имел огромные возможности для сбора исторических данных, в его руках были: доступ ко всем архивам империи, дипломатическим корреспонденциям, а также свидетельствам ученных, действовавших в пределах османского влияния (Хатич, 216: 135–164).

В процессе создания исторических хроник в средневековых источниках детально описываются географическое названия мест, путей, личные, родовые и племенные имена. Упоминание таких данных позволяют изучить территории и культуру социумов для дальнейших политических стратегий и взаимодействий с разными народами.

Изучением имен собственных, занимается раздел языкознания – ономастика. Ономастические данные позволяют исследователям воссоздать социально-политическую и культурную структуру средневековых тюркских обществ.

В современных исследованиях к именам собственным в подобных исторических источниках, относятся как к объектам исторической или географической значимости, где ономастические методы применяются поверхностно и в результате вне поля зрения остаются данные о языковых контактах, несущие в себе глубокую семантическую связь, в процессе исследования которой можно проследить культурные процессы общества, а также изучить внешние традиции номинации.

Изучение тюркской ономастики в арабских источниках имеет несколько важных аспектов. Первое, через топонимы можно проследить географические распространения тюркских племен, государств и изменения в политическом строе. Второе, оно раскрывает историко-политическую организацию – структуру власти, иерархию титулов и родовую принадлежность правителей. Третье, ономастиконы отражают культурные и лингвистические взаимодействия, показывая влияния арабской, тюркской и персидской традиции на записи имен собственных (Телғожа, 2006: 166).

Актуальность данного исследования обосновывается тем, что средневековый арабографический памятник «Джами ад- Дуваль» содержит ценный ономастический пласт, зафиксированный в истории тюркских государств на территории Центральной Азии. Изучение ономастикона в этом письменном памятнике ранее никогда не был исследован отечественными и зарубежными учеными, что усиливает актуальность данного исследования. Данная работа позволяет восполнить пробелы в исторической ономастике центральноазиатских тюркских государств, а также предложить междисциплинарный подход, включающий источниковедческий, лингво-культурологический и исторический анализ, позволяющий открыть новые возможности для дальнейших междисциплинарных исследований.

Целью настоящего исследования является выявление потенциала письменного памятника «Джами ад-Дуваль» Ахмеда Мунаджем- баши, как источника по тюркской ономастики центральноазиатских тюркских государств с фиксацией тюркского ономастического материала (топонимы, антропонимы, этнонимы), с обоснованием исторической и лингво-культурологической значимости источника и применением его в дальнейших лексикографических исследованиях.

Материалы и методы исследования

Основным источником исследования является критический текст средневекового письменного памятника Ахмеда Мунаджем- баши «Джами ад-Дуваль». Вторичным источником являются оригиналы рукописей «Джами ад-Дуваль», написанные в начале XVII века. Рукописи сегодня хранятся в библиотеках:

– Нуросмания в Стамбуле (№ 3171 и №3172), представляет собой двухтомную рукопись и является оригиналом, поскольку написана почерком самого автора;

– Библиотека Эсад Эфенди в Стамбуле, рукопись из трех томов (№2101, №2102, №2103);

– Государственная библиотеке Баязида (№ 5019, № 5020), рукопись сохранена в двух томах. Данная рукопись является воспроизведением оригинала Нуросмания. Переписчик не известен.

– Библиотека Ахмеда III (№ 1/2954, №2/2954), также двухтомная;

– Библиотека Рашида в Кайсери, в двух томах №:913/12;

– Библиотеки Селима в Эдирне в четырех томах (№ 1495, №1496, №1497, №1498) (Мунаджем-баши, Харб, 2023: 30).

Рукописные материалы важны для сравнения с современным критическим текстом для подтверждения подлинности написания ономастических данных, в случае нахождения несоответствия. Также для сравнительного лексикографического анализа будут рассмотрены труды более ранних периодов, такие как: «Дивани люгат ат-Турк» – энциклопедический словарь тюркских диалектов Махмуда Кашгари (XI); «Муаджам аль- Бульдан» – историко-географическая энциклопедия средневекового арабского историка- географа Якута аль-Хамауи (XII).

В современной научной традиции до настоящего времени, в отечественной науке исследованию ономастического материала в арабских средневековых источниках было уделено незначительное внимание, так-как изучение источников развивалось в основном в русле историко-культурного анализа. В центре анализа, как правило, становились исторические вопросы государств и социальных взаимодействий, однако лингвистический аспект, в частности лексикографический анализ ономастического материала оставался в основном второстепенным.

Отсутствие системного лексикографического и лингво-культурологического анализа единиц привело к разновидности их описания в исследованиях: расхождениям в передачи, написании и интерпретации топонимов, антропонимов и этнонимов, в том числе и их фонологические реконструкции.

Так-как исследование находится на пересечении нескольких наук, то можно применить целый комплекс методов. Основными методами данного исследования являются источниковедческий – применяется при анализе извлеченных онимов из памятника для оценки достоверных сведений, а также для выявления, какими источниками автор пользовался при фиксации ономастиконов в своем тексте; ономастический метод направлен на классификацию и систематизацию онимов, извлеченных в памятнике. Подобный анализ определяет семантику и функцию имен собственных в историко-географическом описании; сравнительно-исторический метод – применяется при сопоставлении «Джами ад-Дуваль» с другими средневековыми арабскими и тюркскими источниками, что позволит определению точных форм названий и их исторической интерпретации. Для сравнения вариантов ономастического материала будет применим тюркский письменный памятник «Дивани-и люгат ат-Турк» и арабская географическая энциклопедия «Муаджам аль-бульдан». Оба памятника созданы на 5-6 веков ранее исследуемого «Джами ад-Дуваль».

Так как сам источник составлен в хронологической последовательности от ранних этапов человечества до века, существования самого автора, исследование будет отталкиваться от синхронического и диахронического метода. Эти методы позволят отметить анализ онимов в определенный исторический период, и зафиксировать их трансформацию в процессе исторического развития.

Обсуждение

Всесторонние лингвистические исследования тюркских языков достигли значительных научных успехов. Однако по сей день некоторые разделы все еще требуют тщательного изучения, проводимые на основе междисциплинарных подходов. Одним из таких разделов является историческая ономастика. В последние годы ономастика приобрела актуальность в результате резкой заинтересованности топонимами, антропонимами, которым стали посвящать диссертации, конференции и журналы, и даже появились ономасты – специалисты-филологи изучающие имена собственные (Тащицкий, 1961: 3-11).

Интерес к ономастике наблюдается с древних времен. Средневековые ученые выходцы из тюркских родов такие как Махмуд Кашгари, Абу Райхан Беруни, математик- астролог Аль-Хорезми в своих трудах отмечали свою заинтересованность в происхождении географических, родовых и племенных названиях. Махмуд Кашгари в своем колоссальном труде «Дивани люгат ат-турк» (XI), которое на сегодня является наследием всех тюрков дает подробное лингвистическое сравнение тюркских диалектов, в которых имеется описание разных тюркских племен (этнонимов) Абу Райхан Беруни в своих трудах отметил арабизацию, пришедшую вместе с религией ислам, в процессе которой происходило изменение тюркских топонимов, при переводе и транслитерации которых были искажения тюркских онимов. Он также предположил, что тюркские топонимы имеют более древнее происхождение, и в качестве примера привел гидроним греческого названия «Яксарат» является видоизмененной формой от «Хасарат» (Сырдария), или происхождение названия «Оксус» для реки Амударья от древнетюркских слов «окуз», «огуз» (Крачковский, 1957: 268). Махмуд Хорезми (IX) отметил, что древние тюркские географические названия, существовавшие на ровне с мусульманскими, постепенно начали исчезать. Подобные искажения были порицаемы некоторыми арабскими учеными, например Якут ал-Хамауи арабский путешественник из Багдада в своем большом географическом словаре «Муаджам аль-Бульдан» (XII) подробно описывал онимы (имена собственные) с побуквенной фиксацией, в которых также дает информацию о фонетических особенностях. Он призывал учить географические названия и их точное произношение, чтобы не быть невеждой среди образованных людей (Мурзаев, 1996: 7).

Әлемнің шар тәрізді немесе шеңбер пішіндес болып бейнеленуі – дүниежүзі халықтарының мифологиялық дүниетанымына ортақ құбылыс. Ежелгі қытайлық түсінік бойынша, осы домалақ пішіндегі қапақ ортасынан қақ жарылып, нәтижесінде жер мен көк екіге ажыраған. Бұл үдеріс қытайдың философиялық-мифологиялық жүйесінде Инь (阴) мен Яңның (阳) бөлінуімен түсіндіріледі. Инь – қараңғылықты, түнді, айды, әйел бастауын және әйелдік табиғатты білдірсе, Яң – оған қарама-қарсы ұғым ретінде жарықты, күнді, еркектік бастау мен белсенді күшті білдіреді (Yin Falu, 1989).

Осыған ұқсас космогониялық түсініктер түркі тектес халықтардың мифологиясында да кездеседі. Мәселен, көне мифтік сюжеттерде: «Баяғыда көк те, жер де болмаған, тек шетсіз-шексіз мұхит қана болған. Бір күні мұхиттың ортасынан ақ жарық пайда болып, одан нұр шашқан алтын жұмыртқа шыққан. Сол жұмыртқадан күллі әлемнің болашақ түп атасы – Тәңір жаралған», – деп баяндалады (Жанайдаров, 2006: 8). Тәңір алдымен Адам атаны жаратқан, кейін оның қабырғасынан екінші сыңары – Хауа ананы дүниеге әкелген. Инь мен Яңның біртұтас болмыстан екіге бөлінуі, Қытай мифтеріндегі қапақ пен түркі тілдес халықтардың мифтеріндегі алтын жұмыртқа – пішіндік әрі мағыналық тұрғыдан өзара ұқсас символдық жүйелерді құрайды.

Кейінгі кезеңдерде діни танымдардың ықпалымен әлем бейнесін бейнелейтін заттық образдар да өзгеріп, түрлене түсті. Мифологиялық әдебиеттерде әлем кейде Нұқ пайғамбардың кемесіне теңелсе, кейде халық тұрмысында жиі қолданылатын қауын-қарбыз, ұлу қабығы, қапақ, жұмыртқа сияқты домалақ пішіндегі заттарға ұқсатылып сипатталады (Қамзай, 1999: 69). Қандай образбен бейнеленсе де, дүниежүзі халықтарының танымында

[10] Пань-гу – (盘古, Pangu) Қытай мифологиясындағы аңызға негізделген алғашқы адам немесе әлемнің алғашқы тіршілік иесі. Пань-гу туралы аңыз бойынша, ол әлемді жаратқан және алғашқы тіршілік ретінде белгілі.

[11] Фуси (伏羲,Fuxi) – Қытай мифологиясындағы ең көне мәдени кейіпкерлердің бірі, адамзатқа өркениет негіздерін үйреткен данагөй билеуші ретінде құрметтеледі. Ол көбінесе жаратушы кейіпкер және алғашқы императорлардың бірі деп саналады.

[12] Нұйуа (女娲, Nǚwā) – қытай мифологиясындағы ең көне әрі аса маңызды аналық құдай-тәңір, әлемнің жаратылысы мен адамзаттың пайда болуымен тікелей байланысты киелі бейне.

әлем төртбұрыш немесе өзге пішінде емес, шар тәрізді тұтас құрылым ретінде қабылданғаны байқалады.

Бұл түсінік Египет, Грек, Қытай мифологияларында ғана емес, түп-төркіні Ежелгі Шумер мен Вавилон мифтеріне барып тірелетін «Тәурат» мәтіндерінде де көрініс табады. Аталған деректерде айрықша назар аударарлық жайт – әлемнің жарық нұрдан жаралуы туралы мифтердің кең таралуы. Мәселен, түркі мифологиясында әуелде қаптаған қара түнекті жарық нұр жарып, содан кейін тәңір жаратылғаны айтылады. «Тәуратта» да «Тәңір алдымен нұрды жаратты» деген тұжырым кездеседі (Тәурат, 2008). Ал Құранда «Алла он сегіз мың ғаламды жаратқанда әуелі жарық нұр иелері – күн мен айды жаратты» деп баяндалады (Мұхамет, 2003).

Бұл космогониялық сюжет қазақ фольклорында: «Бір Алла әуелінде нұр жаратқан, нұр дарияның түбінде мың жыл жатқан» деген поэтикалық жолдар арқылы көркем бейнеге айналған (Ыбыраев, 2009). Қытай дүниетанымында ер адамды алғашқы тәңір, жарық иесі ретінде қабылдауынан да осы терең мифтік идеялардың ізі аңғарылады.

Қытай мифологиясында әлем бейнесі кейде қапақ (асқабақ) образынан Пань-гу, Фуси, Нүйуа секілді антропоморфтық бейнелерге ауысып отырады. Аңыздық деректерге сүйене отырып тұжырым жасасақ, қапақ (немесе асқабақ) бастапқыда аталған еркек кейіпкерлердің емес, аналық бастау – Хауа ананың символдық образы ретінде қалыптасқан. Хауа ананың шын есімі «Хаууах» деп аталады. Қазақ тіліндегі «қауын», «кәуа», «қапақ», «қабық» сөздерінің түп-төркіні де осы атаумен сабақтас деп қарастыруға негіз бар.

Қытай дәстүріндегі Хауа анаға сәйкес келетін бейне – Нүйуа. Ал Мияо (Мяо) халықтары Нүйуаны «Ку-ех» деп атайды (Қамзай, 2007: 129). Бұл атау «Хаууах» сөзінің дыбыстық түрленген нұсқасы болуы ықтимал. Өйткені қытай мифологиялық жүйесінде Адам ата бейнесі көбінесе Фусимен алмастырыла айтылады. Асқабақтың (қапақтың) ерте кезеңдерде Африкадағы Нигер өзенінің бойында және Оңтүстік Үндістан аумағында кең таралғаны белгілі. Осыған байланысты әлем бейнесін қапақпен байланыстыратын мифологиялық сюжеттер дәл осы өңірлерде молынан кездеседі. Аталған аймақ халықтары қапақты әйел жатырының символы ретінде қабылдаған. Бұл түсінік қытай жазуындағы Инь (阴) ұғымының мәнімен де өзара сәйкес келеді.

Көне түркі тілінде «Қапақ» сөзі арулар бойындағы асыл қасиеттің баламасы ретінде қолданылған. Осыдан келіп қапақ Хауа ана образының орнына жүретін символдық атау ретінде орныққан деп айтуға болады. Демек, қапақ – аналық жынысқа, аналық қауымға табынудың көрінісі. Сондықтан да фольклорлық дәстүрде Адам атадан бұрын Хауа ананың ауызға алынуы заңды құбылыс болып табылады.

Қытай мифтерінде адамзаттың ең көне арғы тегі саналатын мифтік кейіпкер ретінде Хуа Шүйшы (华胥氏) аталады. Оның да символдық баламасы – қапақ. Аңыздарда Хуа Шүйшы Нүйуа мен Фусидің анасы ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, ол аналық бастау мен аналық үстемдікті білдіретін архетиптік тұлға болып есептеледі.

Дүниенің жаратылудан бұрынғы бастапқы қалпын Орта Жазық елінің[13] мифологиялық дәстүрінде «Хундун» деп, ал Гректер бұл бастапқы күйді «Хаос», Египеттіктер «Ну» деп атаған (Garry J. Shaw, 2019). Түркі тіліндегі «Күн» мен «Түн» сөздерінің біріккен мағынасы ретінде қарастырылатын «Хаос» ұғымы да «Хаууах» (қапақ, қауақ, қауыз, қабық) атауының варианттанған нұсқасы ретінде түсіндірілуі мүмкін. Бұл атаулардың барлығы жер мен көктің, жарық пен түнектің, күн мен түннің әлі ажырамаған, тұтас әрі бей-берекет қалпын білдіреді.

Египеттік мифологиядағы «Ну» – жер әлемді түгелдей қоршаған алғашқы су стихиясы. Қазақ тіліндегі «Жарық», «Сәуле» мағынасындағы «Нұр» сөзі, сондай-ақ моңғол тіліндегі

[13] Орта Жазық – ежелден қытайлардың негізгі қонысы болған аймақ. Бұл өңірде көне замандарда түркі халықтарын құраған көптеген тайпалар өмір сүріп, кейін біртіндеп қытай этносына сіңісіп кеткен.

«Көл» мағынасында қолданылатын «Нур» атауы да осы түсінікпен төркіндес. «Қытайдың ерте заманындағы сырлы символдар» атты еңбекте Даосистердің кейін «Дао» (道), ал тағылымшыл философиялық мектептердің «Тайцзи» (太极) деп атаған ұғымдары да дүниенің жаратылудан бұрынғы осы буалдыр, дүдәмал қалпын білдіретіні айтылады.

Египет мифологиясында күн тәңірі Ра су тәңірі Нумен қатар туып, шексіз-шетсіз судың бетінде айналасына жарық нұр шашып қалқып жүрген алтын жұмыртқа бейнесінде дүниеге келеді. Күн тәңірінің[14] таңғы алакеуімдегі күйінде – Кепера, күндізгі бейнесінде – Ра, ал кешкі қалпында – Там деп аталады. Оның бастапқы, нұр тәңірі ретіндегі есімі Атум болған. «Ра» – оның күн тәңірі ретіндегі, ал «Там» – ай тәңірі ретіндегі атауы. «Ра» ұғымының графикалық таңбасы – «ʘ», яғни Қытай тіліндегі күн мағынасын білдіретін « 日 » иероглифінің бастапқы формасына сәйкес келеді.

Негізінде ай тәңірі мен күн тәңірінің қызметін қатар атқарып, әлемге жарық сыйлаған «Алтын жұмыртқа» бейнесінде дүниеге келген бұл тәңірді жай ғана Ра деп емес, Атум деп аталған кезеңіндегі символдық бейнесі « ○[15] болуға тиіс (Ye Shuxian, Tian Daxian, 2018: 18-20). Бұл да әлемнің алғашқы бейнесін домалақ, тұтас құрылым ретінде қабылдаған көне дүниетанымдардың ортақ белгісін айқын көрсетеді.

« ○ » символы адамзаттың ең көне семиотикалық белгілерінің бірі ретінде пиктографиялық жазулар дәуірінен бастап қолданысқа енген. Бұл символ Эскимостар мен Наши халықтарының пиктографиялық жазу жүйелерінде де кеңінен кездеседі. Алайда Эскимос жазуындағы шеңбер таңбасының нақты қандай ұғымды білдіретіні немесе белгілі бір нысанның бейнесі екені әлі күнге дейін толық айқындалмаған. Ал Наши халқының пиктографиялық жазуында « ○ » белгісі Еежелгі Египеттіктердегі түсінікпен сабақтасып, Нұр тәңірін білдіретін жұмыртқа образының символдық көрінісі ретінде танылған.

Мифологиялық дүниетанымға сәйкес, ең алғашқы нұр тәңірі – Эфир болып саналады. Грек мифологиясында Эфир Хаос пен Эребтің (түнек, қараңғылық) немесе Эреб пен Никстің (түн) егіз ұрпағының бірі ретінде сипатталады. Қазіргі ғылыми ұғымда Эфир көбіне әуе кеңістігімен теңестірілгенімен, көне дәуірлерде бұл түсінік көк күмбезді, яғни қазіргі астрономиялық терминологиямен айтқанда аспан сферасының ең сыртқы қабатын білдірген.

Ежелгі Қытай дүниетанымында да бұл қабат ерекше мәнге ие болған. Даосистік ілім өкілдері аспан кеңістігінің ең жоғарғы бөлігін «Жоғары тұнық қабат», «Мөлдір қабат» және «Айрықша нұр шашқан қабат» деп үш деңгейге жіктеп қарастырған (Ғабитов, Кенжетай, 2005: 147). Бұл жіктеу аспанның тек физикалық кеңістік емес, сонымен қатар сакралды, нұрмен астасқан болмыс ретінде ұғынылғанын аңғартады.

Мифологиялық таным бойынша, жұлдызды аспан мәңгілік өзгермейтін хрусталь сфера іспетті деп қабылданып, оның сыртқы қабатын құдайлар мекендейді деген түсінік орныққан. Осылайша « ○ » символы – аспанның тұтастығын, мәңгілігін және жарықпен сабақтасқан ғарыштық тәртіпті бейнелейтін әмбебап мифтік белгі ретінде түрлі мәдениеттер дүниетанымында көрініс тапқан.

1.1. Піл тісі сүйегінен жасалған тарақ бетіне бедерленген әлем бейнесі

Қытайдың көне тарихи деректерінде сақталған бірегей артефакт – піл сүйегінен жасалған тарақтың бетіне ойылып түсірілген сурет ерекше назар аудартады. Тарақ бетіне бедерленген бұл өрнектер әлем бейнесін пиктографиялық жазу арқылы бейнелейтін күрделі символдық жүйе болып табылады. Қытай зерттеушілері аталған бейнені төмендегідей түсіндіреді.

[14] Нұр тәңірі деп те аталады, өйткені бұл кезде ол күн мен айдың қызметін тең атқарып әлемге жарық беретін бірден-бір тәңір еді.

[15] Бұны шеңбер немесе жұмыртқа пішіндес образ ретінде қарастыруға да болады.



1-сурет. Піл тісі сүйегінен жасалған тарақ. Неолит дәуіріне жататын археологиялық қазба мұра. Бұл сүйек тарақ 1959 жыл Қытайдың Шандұң өлкесі Таянь қаласындағы Да Вэнькоу қазба алабынан табылған.
Қазір Пекин қаласындағы мемлекеттік мұражайында сақтаулы

Тарақтың ортаңғы бөлігінде «S» формасын қалыптастырып тұрған қытайдің «三» иероглифіне (таңбасына) ұқсас көлденең сызықтар орналасқан. Бұл сызықтардың жалпы саны – он бес. Олардың ішінде өзгелеріне қарағанда қысқалау орналасқан екі сызық «三三» формасында айқын көрінеді[16]. «S» таңбасының жоғарғы және төменгі шеңберлерінің ішіне жеке-жеке «⊤» және «⊥» белгілері ойылып салынған. Сонымен қатар тарақтың жоғарғы жиегіне қатарынан үш «○» таңбасы бедерленген. « S » формасының сол және оң жақ қапталдарында үш-үштен тік сызық – « | » бейнеленген.

Суреттегі «⊥» және « ⊤» белгілері Қытай жазуындағы «上» және «下» иероглифтеріне ұқсас. «上» – жоғары, аспан; «下» – төмен, жер деген мағыналарды білдіреді. Осыған сәйкес аталған белгілер аспан мен жердің, яғни Инь мен Яңның өзара ауысуы мен қозғалысын бейнелейді. Ал тік сызық « | » аспан мен жердің арасындағы жалғастықты, байланысты меңзейді. Дөңгелек пішіндегі « ○ » таңбасы күнді, айды және жұлдыздарды білдіретін космогониялық символ ретінде түсіндіріледі.

Суреттегі «S» формалы таңба шамандық наным бойынша үш қабат әлемнің – жоғарғы (аспан әлемі), орта (адамзат әлемі) және төменгі (жер асты әлемі) дүниенің символы болып саналады. « ⊥», « ┬» таңбалардың «S» тың жоғарғы және төменгі шеңберінің аралығына орналастырылуында үлкен мән жатыр. Үстіңгі шеңберде «三»[17] таңбасынан жиы алты, төменгі шеңберде жиы жеті «三» таңбасы орналасқан. Мұндағы үстіңгі шеңбердегі алты « 三» таңбасы алты қабат аспанды, төменгі шеңбердегі жеті «三» таңбасы жеті қабат жерді көрсетеді (Feng zhengao 1995: 210). Қазақ тілінде жиы айтылатын «Алты қабат аспанның арғы жағы», «Жеті қабат жердің асты» дейтін фразеологизмнің шығу төркіні де дәл осы шамандық дүниетанымнан келгені анық. Түркі тілдес халықтардың фольклорлық әдебиетінде кездесетін «Алты бейіш», «Жеті тамұқ» дейтін мифологиялық ұғымдар төркіні де осымен жалғасып жатқандай. Әрі олар бейіш – биік аспан, нұрлы ғаламда да, ал тамұқ – қараңғылықта, жер астында деп түсінген.

Тарақтың жоғарғы жиегіне салынған үш «○» көк күмбездің (кішкене шеңбердің) яғни аспан сферасының сыртындағы «Үш тұнықты» (жоғарыда айтылған) меңзейді. «S» тың екі жанынан үш-үштен орналасқан тік сызықтар « | » мифологиялық таным бойынша айтқанда аспан, адам және жердің символы болуы мүмкін. Бұл арада аспан мен жерге теңесер бірден-бір алып – Адам. Ежелгі Египет иероглиф жазуының демотик үлгісінде бұл таңба Ра (күн

[16] Меніңше, қатар келген «三三» формасындағы бұл сызықтардың өзгелерінен қысқа болуы пәлендей бір мән жасырмаған сияқты. Мүмкін сыимдылық үшін қысқа сызылған да болар.

[17] Қытай тіліндегі үш деген иероглифінің жазылуына ұқсайтын көлденең тартылған сызықтар.

тәңірі) ұлының дүниеге келуінің символы болып табылатын «Р» иероглифінің орнына қолданылған. Ал осы «Ра» белгісін Еуропалықтар « ○ » көз таңбасының арифметикалық бейнесіне қолданылған. « ○ » финика жазуында «Айн» деп оқылып, «Көз» мағынасын білдіреді (Сүлейменов, 1975). «Айн» – Ежелгі шумер тілінде «Аспан», «Жұлдыз» мағынасында, түркі тілінде «Ай» мағынасында қолданылған, яғни бұ арада «Ан» буынның диалектілік нұсқасы.

Оның «Көз» мағынасын білдіруіне келсек, ол Египеттің күн тәңірі Раның ай тәңірі Хорды өзінің көзінен жаратқандығына байланысты. Қытай тілінде «Ай» мағынасында қолданылатын «月» иероглифінің алғашқы нұсқалары () Шумерлердің иероглифтік жазуларында көз ұғымын білдіретін «G» иероглифіне негізінен ұқсайды. Қытайда көз мағынасында қолданылатын «目» иероглифінің алғашқы нұсқалары «  » Ежелгі Египет жазуындағы «Ай» ұғымын білдіретін «  » иероглифі мен «көру» мағынасындағы « » иероглифінен онша парықталмайды. Финика жазуы Египеттің иероглифтік жазуынан төркін алады. Нақтылап келгенде финика жазуындағы « » ның арғы төркіні Египеттің « » иероглифі болуы мүмкін. Күн тәңірі Раның ай тәңірі Хорды өзінің көзінен жаратқанына орай иероглифті түнгі аспан аясындағы ай деп те, көз деп те тануға болады. Демек, бұл халықтарда айдың, жұлдыздың атауы «Түнгі аспан» ұғымына да қолданылған. Египеттіктердің «Ра» деп оқыған «Ө» иероглифін «Ре» деп оқыған Орта Жазық халқы « ○ иероглифін Ежелгі Шумерлер мен Түркілер де (қытайша «暗» деп жазылып «an» деп оқылады) «Ан» деп оқыған. Мифологиялық ұғым бойынша ай дегеніміз жалыны сөнген күн. Ал «暗» иероглифі Қытай тілінде күннің нұрсызданауы деген ұғым береді.

1.2. Қастасы жармағының бетіне бедерленген әлем бейнесі

Көне Түркі мифологиясында алғашқы адам үңгірден шыққан дейтін аңыз айтылады. Бұл аңызды қазақ фольклористтері С. Қасқабасов, С. Қондыбаев қатарлылар жазды. Осы ойға байланысты мынадай зерттеу деректер арқылы пікірімізді ары қарай талдап таратып айтамыз. «Мен» есімдігінің Көне Шумерлік нұсқасы «Ме», Түркілік нұсқасы «Мен» (бен, бин, ман, бан). Бір сөздің екі тілде осындай аздап парықты қолданылуы жөнінде Олжас Сүлейменов «Аз и Я» кітабында: «Көптеген түркі сөздері шумер сөздерінен мұрын дыбысты журнақтарымен ерекшеленеді. Кейбір Алтай тілдерінде «Н» дыбысы есімдіктерге жалғанып үлгірмегені байқалады» деген пікір ұсынады (Сүлейменов, 1975: 282). Бұған Моңғолдардың «Мен» сөзін «Би» деп айтатынын мысал қылып көрсетеді.



2-сурет. Шығыс Хань дәуіріне жататын археологиялық құны аса жоғары Қастасы (玉璧) бұйымы. 1986 жылы Шандұң өлкесі Шиңжу қаласы Таньфаң қалашығы Мажияжұңдегі қабырыстаннан табылған. Қазір Шиңжу қалалық мұражайында сақтаулы.

Олжас Сүлейменовтің жорамалы бойынша «Мен» сөзі көне шумер тілінде ғана емес, одан да ертеректе көне түркі тілінде де «Ме» (бе, би, ма, ба) түрінде қолданылған. «Ме» (ма) буындары көне түркі және түркі тілдес халықтардың тілдеріндегі аналық жыныс атауының кері айналдырылып айтылуы болып табылады. Ал «Ба» буынының кері айтылуы «Аб» көне

шумер тілінде «Есік» мағынасында, көне түркі тілінде «Үй» мағынасында қолданылған. «Аб» сөзінің иероглифімен таңбаланатын «Еш» буыны дәл мұның керісінше көне шумер тілінде «Үй» мағынасында, және осы «Еш» түбірінен жасалған «Ешік» сөзі көне түркі тілінде «Есік» мағынасында қолданылған.

Түптеп келгенде, «Есік» сөзінің мағынасы «Аналық жыныс» ұғымына тығыз байланысты екенін байқаймыз, өйткені мифологиялық аңыз бойынша айтқанда адамдар тесіктен (үңгірден) шыққан деген таным да осыған келіңкірейді. Қытай ғалымы Жау Гохуаның қарауынша алғашқы адамдар аналық жынысқа табынудың үш кезеңін бастан кешті. Бірінші кезеңде олар бар ықыласын жаңа тірлік дүниеге келетін «Есікке» ғана аударды. Әйелдердің жыныс мүшесіне ұқсатып жасалған қыш сақина, тас сақина сияқтыларға мінәжат етті (Robert van Gulik 1990). Мысалы, ақ түсті қас тасынан жасалған мына жармақты (суреттегідей) осындай мінәжат бұйымдарының бірегейі дер едік.

Қас тасы сақинасының ортасындағы тесігі – жаңа тірлік дүниеге келетін есіктің символы. Лао Цзының (б.з.д. 571 - 470 ж.ж. өмір сүрген) әлемнің түпкі тегіне, әлемдегінің бәрінің туған анасына балай отырып, түпсіз тұңғиық шыңыраудың есігі (бұл сөз қытайша нұпнұсқасында 玄牝之门 деп жазылады) деп атағаны да осы тесік. Бұдан шығар түйін мынау: Әлем жаратылысның негізі есік, одан шыққан туынды мен (яғни тіршілік иесі). Теңдеу арқылы көрсетсек: Есік = Мен.

Лао Цзы «Түпсіз тұңғиық шыңыраудың есігі» деп сол «Киелі Шеңбердің»[18] сентір көзін (ноқат, ішкі шеңбер немесе сызық, тілік) айтқан еді. Сондағы «Түпсіз тұңғиық шыңырау» мағынасында қолданылған «玄牝» сөзінің «牝» бөлегі біріншіден аң-құстардың ұрғашысы. Екіншіден, құлыптың серіппесі, есіктің тиек ағашы сұғынып тұратын қуыс дегенді білдіреді. Осы тектес қуысына, ұңғысына өс, білік, тиек бекітілген есіктің ұршығы, диірменнің тасы, арбаның доңғалағы сияқты тұрмыстық бұйымдар мен өндіріс құралдары, О. Сүлейменовтың сөзімен айтқанда «Кәдеге асқан символдар» рухани әлемде Аспан ата мен Жер ананың, Нұр ана мен Нұр атаның қауышуының, іс жүзінде өмірде ер мен әйелдің ортасындағы жыныстық қосылыстың нышаны етілген. Айталық, жер мен көкті Жаратушы Тәңір жасағанда жердің үлкен, аспанның кішкене болып қалғанын байқайды да, екеуі біріне-бірі дәл беттесетін болсын деп жердің бүйірінен қысқанда жер бетінде тау-адырлар пайда болады-мыс. Фуши мен Нүйуа, Ян мен Гу сияқты ағалы-сіңілілер некелену алдында екеуі екі таудың басына шығып, біріне-бірі қарсы домалатқан диірмен тастары дәл беттесіп түскен соң барып некеленеді (Yu Peilin 2017).

1.3. Әлем бейнесінің ерте заман жыныс мәдениетімен байланыстара зерттелуі


Қауымдық дәуірде адамдар ұрпақ сүйіп, көбеюін тәңірлердің шапағаты арқылы болады деп сенген. Суретте қалқан мен найза пішінінде ер мен әйелдің жыныс мүшелері бейнеленген. Сиқыршы-бақсылар ер мен әйелдің жыныс мүшелерінің моделін жасап, сиқырлау, дуалау арқылы тәңірдің сыйына ие болады деп есептеген. Адамның жаратылыс тегін әйел жынысына байланыстырып ойлау ежелгі халықтардың барлығына тән. Бұл жерде әйел жыныс мүшесі бүкіл тіршіліктің бастау көзі, шығу есігі ретінде қарастырылады.

Жынысқа, әсіресе жыныстық қосылысқа табыну тұрғысынан алғанда, садақ пен жебе немесе жебемен атылатын нысана жалпылық сипат алатын символдар деуге болады.

Гректердің махаббат тәңірі Еростың алтын жебесі тәңір болуына яки адам болуына қарамай, кімді көздеп атса да, соған дәл тиеді. Және олардың махаббат сезімін оятады. Сондай-ақ оларда мемлекет істерін басқарудағы парасаттылықпен, жауға қарсы қаһармандықпен қатар, жыныстық тұрмыстағы қабілеттілік мемлекет билігін жүргізуге толымдылықтың маңызды шартына айналған. Египет перғауындары өздерінің туған күнін

[18] «Киелі Шеңбер» деген бұл балама терминды түңғыш рет мен айтып отырмын. Ал Лао Цзының «Түпсіз тұңғиық шыңырау» деп отырғаны да осыған жақын баламалы (яғни сөз-смивол) сөз.

атап өту салтында, біріншіден, өзінің данышпан патша, екіншіден, жаудан қайтпаған батыр, үшіншіден, ұрпақ қалдыруға керемет қабілетті еркек екеніне өз уәзірлерін сендіруге тиіс болған.



3-сурет. Бұл Жапонядағы «жыныстық табыну» (фаллізм) мен ежелгі діни наным-сенімдерді көсететін қарапайым сурет. Бұл сурет Жапониялық ғалым Сасама Ёсихиконың (笹间良彦) 2019 жылы Қытай Сычуань халық баспасынан жарық көрген «Жапонның тарихи салт-дәстүрлерінің суреттері» (日本历史风俗图录) атты кітаптан алынды.

Дүниенің де, адамзаттың да арғы тегінің заттық образы – қапақ немесе күн формалы шеңбер. Біздің көңіл аударатынымыз сыртқы шеңбер емес, оның шкі мәнін білдіретін ноқат. Мифологиялық дүниетаным бойынша дүние алғаш жаралғанда үш бөлектен құралған, яғни «Жоғарыда аспан, төменде қара жер пайда болған шақта екеуінің арасында адам баласы жаралған» (Жолдасбеков, 2001: 28). Сол заманның адамы осы үшеуін әлемдегінің бәрінен зоры (алыбы) деп санағандықтан тағылымшылдар «Тайжи» деп, ал дауистер «Дау» деп атаған күн жолының символы болып табылатын тұйық шеңбер адам бейнесінде келтірілген, яғни « ☯ таңбасы «大» иероглифіне айналған.

Әсілі, «太» иероглифі «大» иероглифінен кейін қолданысқа кірген. «太» иероглифінің арғы төркіні «大» иероглифі, ал «大» иероглифінің төркіні ортасында ноқаны бар тұйық шеңбер. «太» иероглифінің бәлкім Лао Цзы философиясымен замандас болуы мүмкін. Оның символдық мәні « Ө » ның символдық мәнімен бірдей. Шеңбер ортасындағы ноқатты (тесікті) Шумерлер «Шап» дейді. Сол ноқатты шеңбер екі түрлі сипатқа ие. Бірі жоққа (无), бірі барға (有) тәуелді. Әйел жыныс мүшесі жоққа (нөлге) ұқсайды. Ол келесі бөлегімен ғана толық мәнге айналады. Мұны Лао Цзының философиясымен түсіндірсек: «Әлемдегінің бәрі бардан өрбиді, бар жоқтан өрбиді». Оның «Жоқ» дегені – белгісіздік, «Бар» дегені – Белгілілік. «Даудың» (道) белгісіз қалпы – Хұндұн (混沌) яғни буалдыр болмыс. Белгілі қалпы «бір» (一)[19]. Сондықтан бұлар дүниенің түп тамыры ретінде бірін екіншісі толықтап, жұптасып өркен жаяды (Ye shuxian, tian daxian 2018: 229).



4-сурет. Неолит дәуіріне (шамамен б.з.б.

[19] Бұл көлденең сызық Қытай тіліндегі бір иероглифін көрсетеді. «一» деп жазылады, «уі» деп оқылады.

10000 – 2000 жж.) жататын археологиялық қазба мұра. Бұл сурет Қытайдың белгілі антрополог ғыалымы Е Шыусянь (葉舒憲) мырзаның 2008 жылы Үннэнь оқу-ағарту баспасынан жарық көрген «Хыши дәлізі: Батыс өңір мифтері мен Қытай өркениетінің бастаулары»《河西走廊：西部神话与华夏源流》атты кітаптан алынды.

Ақ түсті қас тасынан жасалған жармақты Иүешілер[20] (月氏) ақша орнында істеткен. Бұл асыл жармақ әуелде олардың ана аруағына сиынудың, аналық жынысқа табынудың символы ретінде тағып жүретін бойтұмары немесе Иүешілердің ұлттық гербі болған. Бұл – қолдан жасалған қапақ символының, яғни ноқаты (тесігі) бар шеңбердің дәл өзі. Қапақтың ішкі қуысы жармақтың ортасындағы тесігі. Ал тесікті қоршап тұрған айналасындағы жалпақшалау сыртқы шеңбері. Орта Жазық елі оның ортаңғы тесігін «好» деп, жалпақша (немесе сопақша) сақинасын «肉» деп атаған. Қапақтың ішкі қуысы – «Даудың» екі жақтылы сипатының бірі болып табылатын жоқтың (无), ал оның айналасындағы еті – бардың (有) символы. Сонымен қатар, қыз (女) бен жігіт (子) символдары мінгестіріліп жасалған «好» иероглифі қапақтың ішкі қуысының Инь мен Яңның қызметін тең атқаратынын, әрі «Бар» қабілетіне де ие екендігін білдіреді (Иуан Хы 2015). Қапақтың ұрығының оның ішкі қуысында пайда болуын «Бардың» яғни Инь мен Яңның өзара әсерінің жемісі деп білген дұрыс.

Орта Жазық елі «好» деп атаған тесіктің орнын, яғни суретте көрсетілген асыл жармақтың дәл ортасын Шумерлер «Шап» немесе «Шәг» деп атаған екен. Түркі халықтары бұл сөздерді етістік орнында, яғни дәл ортадан «қақ жару» мағынасында қолданыпты. Бұл сөздер сөз жоқ «Дүниенің жаралу барысын, жер мен көктің жігінің ажырауы, Инь мен Яңның бөлінуі дегенге меңзес, қапақтың дәл ортасынан қақ айырылуы түрінде суреттелетін» мифологиялық әдебиеттің тілінен келген (Ли Иұнфу 2010). Мифологиялық әдебиетте адам баласының өсіп-өну, ұрпақ қалдыру барысы да дүниенің жаралуы сияқты «қапақ жару», «қауын тілу» деген секілді образды тіл арқылы бейнеленеді. Жапониялық ғалым Жи Тян мырза қапақты арулардың бойындағы асылына балаудың себебін ер мен әйелдің қосылу әрекетін әйел тәнінің қапақ жарғандай тілкімденуіне ұқсатудан деп қарайды (У Шұңу 1992: 68).

2. Әлем бейнесінің заттық образдардағы көрінісі

Олжас Сүлейменов «Таңбалар тілі» кітабында: «тілу», «тілік», «сызық» сөздерінің көне шумер тілінде де, түркі тілінде де «аш» сөзімен мағыналық бірлігі бар екенін айтады. Мұның өзі жапон ғалымы Жи Тянь мырзаның айтқанындай аналық жынысты жер мен көктің «Бірден екі» болып «Жігі ашылар» сызығы іспетті көкжиектен көрінетін қызыл арай таңғы шапақ пен кешкі шапақтың немесе өз бойына біткен жік сызықтарын бойлата жарылатын, тілінетін асқабаққа, қауын-қарбызға (символға айналғандықты) балағандықты түсіндіреді.

Олжас Сүлейменов аталған еңбегінде: *«Тым ертеде, адамзаттың таң шапағы жаңадан атып келе жатқан дәуірлерде, көптеген тілдер сөздік қорын енді ғана бастаған тұста, сөз бір символдың емес, дараланбаған, жалпы дерексіз симовлдың атауы ретінде туды да, жазба бейнені ұғындыру арқасында жергілікті әрі жаңа мағынаға ие болу қалыптасады. Кейіннен иероглиф (идиограмма) жоғарылады. Бірақ иероглиф атауынан туған оның ізі сөзге орныгады. Әрбір киелі иероглиф дінімен бірге сейіл құрып тарай отырып, жергілікті жазу абыздарының символды поэтикалық тұрғыдан оқуы арқасында жүздеген жаңа ұғым яғни сөздер туғызады»* (Сүлейменов, 2014: 228).

«○» симовлын дәл сондай дараланбаған, жалпы дерексіз символдың бірі деуге болады.

20 Ежелде Орта Жазық елі жағынан Иүеші деп аталған қас тайпаларының кейінгі ұрпағы. Қытай деректерінде Иүеші тайпалары көбіне екіге бөлініп аталады: 大月氏 (Dà Yuèzhī) — Ұлы Иүеші, 小月氏 (Xiǎo Yuèzhī) — Кіші Иүеші.

Ол «күн», «ыстық», «жарық» және «құдай» деген мағынаны білдірген. Бұл мағыналардың бәрі де «күн» ұғымынан туғандай болып көрінуі мүмкін. Шынтуайтқа келгенде, мұның бәрі де «құдай» ұғымынан туындаған. Өйткені бұл символ бәрінен бұрын бойына ерекше бір құдіретті күш жасырынған – Ий алатын эфирдың яғни мына әлемнің жер мен көкке, ай мен күнге, күндіз бен түнге жіктелуден бұрынғы бір бүтіндігінің символы.

Әлемнің «Жоқтан бар» немесе «Даудан бір» болып жаралуына орай ең алдымен тұйық шеңбердің («Ө») ортасында бір ноқат пайда болды. «Шеңбер ішндегі ноқатты Күн ұлының яки тайпаның арғы атасының символы деп санау жөніндегі пайым Ра-бен – Ра-ұл атауына бекіді» (Robert Graves, 2022). Ал біз бұл атауды Грек мифологиясында «Нақтылы образы әлемнің жалпыға бірдейлігі мен бір бүтіндігінің абстрактілі бейнесіне айналған» (Robert Graves, 2022) Пан (番) мен Қытай мифологиясында жер мен көктің жігін тұңғыш рет ашып дүниеге келген Пангушы (番古氏) есімнің Семиттік нұсқасы деп білеміз. Ноқаттың символдық мәнін түрліше халықтардың түрліше түсінуіне байланысты Түркі халықтарының тілінде жіктеу есімдігінің бірінші жағын білдіретін «Мен» мен Қытай тіліндегі «Есік» ұғымын білдіретін «𓉔» Ежелгі Семит тілінде «Бен» формасын алды да, «Ұл» мағынасына ауысты. Бұл жайындағы О. Сүлейменовтың пайымына назар аударсақ: Семиттер «Ра-ұл» таңбасының мәнін толық түсініп болған соң осы ұғымды баянды ету ниетімен қасиетті символды бұзуға бел байлады. Раның ұлы ішінен шығады. Сөйтіп жаңа иероглиф шеңбердің төменгі жағынан бір сызық тартылады[21]. Атауы бұрынғыша... Ра шаранадан шыға атау тіленеді. Құбылысты атаусыз қалдыруға болмайды. Семит абыздары баланың есеюіне мұрындық болады. Өйткені жаңаша ол есім: «Ра-иш» яки шеңберден шығатын сызық «Ра-еркек» болып табылады (Сүлейменов, 1975: 226).

Ө. Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабында «Құдай табы» деген атпан берілген мына сөздерге назар аударайық: (Сүлейменов, 2014: 228).

1-кесте. Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабынан алынды.

Құдай табы		
5	АШ сызық, бір (единица)	АШ (ЕШ, ЕС, ИШ) кес, тілгіле. Жасанды түрлері: КЕШ (КАС, КЕС, КИС) кес, сыз.
6	ИШИ тозаң, шаң, құм Аккад тілінен ауысқаны: ИШ кішкентай, мүлде кішкентай, атом.	ПЕШ (ПАС, ПИШ, ПИС) кес, сыз. ИШ (ЕШ) мүлде кішкентай, атом (жалпы түркі). КИШИ (КИЧИ) кішкентай (жалпы түркі). ПИШИ (БИЧИ), БИШИ кішкентай (диалект).
7	ДИЛИ сызық, бір (единица).	ТИЛИК (ТИЛИ, ДИЛИК, ДИЛИ), сызық, тілік (жалпы түркі). ТИЛЬ (ДИЛЬ) тырна, тілгіле сөзінен түзілген.
8	ДЕШ нүкте, бір (единица).	ТЕШИК (ДЕШИК, ТЕСИК) нүкте, тесік (жалпы түркі). ТЕШ (ДЕШ) «тес», «нүкте жаса» деген сөздерден түзілген.

«Құдай табынан» біз Шеңбердің ортасындағы ноқатты Ежелгі Шумерліктердің «Деш» деп, Түркі халықтарының есімдік орнында «Тешиік» (дешик, тесік), етістік орнында «Теш» (деш, тес) деп атағанын көреміз. Ортасында ноқаты бар шеңбер дегеніміз ортасы тесік яғни көнсентрлі шеңбер дегендік болып табылады. Қасиетті символды бұзудың нәтижесінде шеңбердің ортасындағы ноқат шеңберден яғни ішкі шеңбер сыртқы шеңберден шығарылып, Шеңбердің төменгі жағынан бір тік сызық тартылады да, ноқат яғни ноқаттың орнындағы

[21] Шығыс жазу әлпбинде Р, Батыс Грек әлпбинде екі сәулелі. Латын әлпбинде де осыған ұқсас Ра-исусқа қарай алғашқы қадамын жасады.

кішкентай шеңбер (○ тік сызықпен (|) ауыстырылады.

Ежелгі Еврей, Грек жазуларында және Кирилицияда әріп ретінде «И» деп оқылатын осы « | » таңбасының сандық мәні де он. Қытайдың қазіргі жазуында « 十 » (яғни 10 сифрының жазбашасы) иероглифінің алғашқы нұсқасы да осындай жалғыз тік сызық. «Ра» атауы бұрынғыша қала береді. « » дың « | » мен ауыстырылуына сәйкес «Беннің» орнына «Иш» келеді. Сонымен «Ра-бен – Ра-ұл» енді «Рра-иш – Ра-еркек» болып аталады. Мына әлемнің жоқтан бар немесе «Даудан бір» болып жаралуына орай тұйық шеңбердің ортасында пайда болған жалғыз ноқатты яғни көнсентрлі шеңбердің ішкі шеңберін немесе оның шеңберді жарып шығуының символы болып табылатын жалғыз сызықты символ еткен әлемдегінің бәрінің бір ғана арғы тегі, затында, гүлдің тозаңы, адамның, хайуанаттың ұрығы, тұқымы, дақылдардың дәні сияқты өсіп-өну, өрбу қабілетіне немесе клетка, атом сияқты бөліну, ыдырау қасиетіне ие өте кішкентай бөлшек болуға тиіс.

Құдай символы – «○» иероглифінен туған осы кішкентай бөлшек атауының орныққан тианағы Ежелгі Шумерлердің «Иши», Аккадтықтар мен Түркі халықтарының «Иш» сөзі екенін де «Құдай табы» анық көрсетіп тұр. Бір ғана арғы тек деп танылған, сол үшін де әлемдегінің бәрін, соның ішінде адам баласын да бір өзінен өрбітуге қабілетті болған бұл кішкентай бөлшек Даудың өзі сияқты екі жақтылы сипат алады. Инь мен Яңның бірлігінен тұрады деп білген қытайлық Дауистер мен Тағылымшылдар оның символы ретіндегі жалғыз ноқатты яғни көнсентрлі шеңбердің ішкі шеңберін «Инь Яң Иү» (阴阳鱼) деп аталатын мына ала бүйрек шеңбермен (суреттегідей) ауыстырады.



5-сурет. Бұл Багуа (八卦图) шеңбері, яғни сегіз өрнекті әлемдік үйлесім белгісі. Қытай өркениетіндегі аса маңызды рәміздердің бірі. Ежелгі Даосизм фолософиясында жатады. 八卦图-дың ең ертедегі нұсқасы «凌家滩遗址» 1985 жылы археологиялық зерттеу кезінде Аньхуй өлкесінің Ханьшань ауданынан табылған. 八卦图-дың нақты жасалған уақыты туралы тарихи дерек жоқ. Алайда аңыздар мен археологиялық айғақтарға сүйенсек, оның пайда болуы неолит дәуіріне, шамамен бұдан 5000–6000 жыл бұрынғы кезеңге жатады. Дәстүрлі түсінік бойынша 八卦图-ды 伏羲 (Фуси) жасаған. Фуси — аңыздағы мәдениет бастаушысы, ол аспан мен жердегі құбылыстарды бақылап, Инь мен Яң өзгерістерінің заңдылығын түйіндеп, сегіз триграмманы қалыптастырған. 八卦图 мәдени рәміз ретінде нақты бір ғана жерде сақталмайды. Ол әртүрлі мәдени мекемелерде, мұражайларда және жеке жинақтарда кездеседі. Мысалы, 凌家滩遗址-тан табылған нефрит тақта Аньхуй өлкесінің археология және мәдени мұраларды зерттеу институтында сақтаулы. Сондай-ақ 八卦图 формасында көптеген қалалар жобаланып салынған. Мысалы, Лиаулиң өлкесі Хуаньжэнь Манчжур

автономиялы ауданы, Шаньши Сюньянь Тайжи қаласы, Іле Қазақ автономиялы обылысы Текес ауданы.

Бұл күн мен түнге, ай мен күнге жіктелу алдындағы иіп тұрған эфирдың яғни өз тамырынан өніп шыққан немесе өзінен туған Даудың дәл өзі емес пе? (Инь мен Яңның бірлігін Дау деп атайды). Күн ұлының (Ра-ұл – Ра-иш) дүниеге келуінің символы ретінде Египет иероглиф жазуының демотик үлгісінде «Р» дың орнында қолданылған « | » таңбасы Қытай иероглифтерінің қорында да бар бұл таңба «Гүн» (gun) деп оқылады. Орта Жазық елі күн тәңірі деп таныған Гау Яңшы Жун Шүйұлының яғни ең алғашы Шия мемлекетінің іргесін қалаушы Дайүннің әкесінің аты да «Гүн» (鯀). Демек, Күн ұлының дүниеге келуінің символы болып табылатын « | » иероглифінің дыбыстық мәні күн ұлының атына қолданылған «鯀» иероглифіне ауысқан.

« | » (Әліп) ның әліпбидегі бірінші орнына байланысты Түркі тілінде «Алып» ұғымы шыққаны сияқты, «鯀» (gun) иероглифі Қытай тілінде «鲲» (kun) Күнмен яғни балықтың алыбы «Киіт» дегенмен ұқсас мағынада қолданылады, әрі оны қара балық (玄鱼) деп те атайды. «鲲» (kun) төтем ретінде «鲲鹏» деп аталды. «鲲» – аңыздарда айтылатын балықтың алыбы болса, «鹏» – құстың алыбы. Балық – аналық жыныстың, құс – аталық жыныстың символы. Ал «鲲» ның тағы бір аты – «白马» (ақ ат). «鲲鹏» төтемінің орнын ең соңында «龙凤» төтемі басты, «鲲» ның орнына «龙» келді. «Ақ» – Египеттіктердің ай тәңірінің аты. Орта Жазық елі Жун Шүйді қара патша деп те атаған. Олай болса «鲲» мен «白马» ны әлгі ала бүйрек шеңбер түрінде бірбүтін тұлғаға айналған ақ балық пен қара балық символының «бірден екі» болып екіге жіктелуі деп немесе «鲲» (қара балықды) күн тәңірінің, «龙» (айдағарды) ай тәңірінің нышаны деп білуімізге болады. Бұл ретте, «鲲» немесе «龙» – адам баласының ең алғашқы анасының яғни бірінші әйелдің, ал «鹏» мен «凤» – адам баласының ең алғашқы атасының яғни бірінші еркектің символы.

Жоғарыдағы деректі талдауларымызда біз адам баласының ең арғы атасының, яғни бірінші еркектің екі түрлі аталуымен таныстық. Оның бірі – «адам» (ақтам, ахтум, атум). Енді бірі – «Ра-бен» немесе «Ра-иш» («Ра-ұл» немесе «Ра-еркек»). Мұның алдыңғысы ай тәңірін немесе оның жер бетіндегі елшісін, соңғысы күн тәңірін немесе оның жер бетіндегі елшісін адам баласының ең арғы атасы деп танығандықты көрсетеді. Алайда мифологиялық әдебиеттерде ай тәңірлері көбінесе адам баласының ең арғы анасы, күн тәңірлері көбінесе адам баласының ең арғы атасы болып көрсетіледі. Зерделеп үңілер болсақ, бұл мифологиялық шытырманның тасасында ай тәңірін де, күн тәңірін де адам баласының ең арғы атасы деп танудан бұрын, яғни сонау аналық рулық қауым заманында ол екеуін де адам баласының ең арғы анасы деп танығандық. Ал күн тәңірін адам баласының ең арғы атасы, ай тәңірін адам баласының ең арғы анасы деп таныған деп танығанға дейін адам баласының бір ғана арғы тегін о баста ана образындағы ай тәңірі деп, онан соң ата образындағы күн тәңірі деп танығандық жатқандығын байқауға болады.



6-сурет. Әділет құдайының мүсіні. Ең алғашқы прототипі – грек мифологиясындағы Themis (б.з.д. VIII–VII ғғ.). Кейін римдік дәстүрде ол Justitia бейнесіне айналды (б.з.д. I ғасыр

шамасы). Мүсін ұзын шапан киген, қолында таразы мен қылыш ұстаған әйел ретінде бейнеленген, бұл заңның бейтараптығын, теңдігін білдіреді. Әділет құдайының бейнесі өнер тарихы, құқық символикасы және мифология туралы көптеген еңбектерде жиы кездеседі.

Қалай дегенмен де адам баласының арғы тегі ең әуелде біреу-ақ, не ай тәңірі, не күн тәңірі, не ақ балық, не қара балық. Жеке-жеке алғанда, бұл екеуінің қай-қайсысы да нұр тәңірінің екі жақты қызметін бір өзі атқаруға қабілетті. Ақ балықтың өзін ай тәңірінің нышаны десек, оың көзі – күн тәңірінің, ал қара балықтың өзін күн тәңірінің нышаны десек, оың көзі – ай тәңірінің нышаны. Соған орай, ол екеуінің қайсысы алдымен адам кейпіне келтірілсе, оған қос жыныстылық сипат телінді. Мәселен, Нұйуаны «әйел Фуши» деп атауға да болады. Егер адам баласының ең арғы тегі ана образындағы ай тәңірі болса, онан ата образындағы күн тәңірі өрбуге тиіс болды. Мәселен, Адам атаны Хауа ана балшықтан илеп жасап алды. Ал мұның керісінше, ол ата образындағы күн тәңірі болса, онан ана образындағы ай тәңірі өрбуге тиіс болды. Осыған меңзес Хауа ана Адам атаның бір қабырғасынан жаралды. Демек, мұның өзі адам баласының бір ғана арғы тегі ана образындағы Хауа ана (Нұйуа) болса, оны ата образындағы адам (Фуши) деп тануға да, мұның керісінше, ол ата образындағы адам (Фуши) болса, оны ана образындағы Хауа (Нұйуа) деп тануға да болатын қос жыныстыбірбүтін тұлға деп айтуға болады.

Хауа (ана) мен Адам (ата) есімдерін адам баласының бір ғана арғы тегі ретіндегі қос жыныстытұлғаның заттық образы болып табылатын қапақты адам кейпіне келтіру барысының дәл өзінен туып, сол барыстың өзімен біте қайнасып кеткен деуге болады. «Хауа» деп отырғанымыз іші қуыс бітеу шар тәрізді бүп-бүтін қалпындағы кауа, қауын, қапақ. «Қапақ» сөзінің аналық жыныс, дәлірек айтқанда, арулардың бойындағы ең асылының атауына айналып қалуы бұл заттық образдың, ең алдымен ай тәңірі ретіндегі ана образына, онан соң ай тәңірі ретіндегі ата образына ауысқанын түсіндіреді. Онсызда Ежелгі Түркі тілінің кейбір диалектілерінде «И» дың «Д» мен ауыстырылып айтылатынын ескере отырып, «Адам» атауының басқы буыны «Ад» ты қайтадан «ай» мен ауыстырып айтуымызға да болар еді. «Әйел» атауы да осы «Ай» түбірінен жасалған. Дегенмен бұған бола «Адам» атауы бірден ана образындағы қос жыныстытұлғаның атауы ретінде «Ад» (Ай) пен онан кейінгі буыннан құрала қалған деу қиын.

«Хауа» ның толығы – «Хаууах». Мұының қосар буыны «Уах» алдыңғы «хау» буынның кері айтылуы. Атаудың бұлай жасалуы адам баласының бір ғана арғы тегінің қос жыныстылық сипатына тіккелей қатысты. Ендеше, «Хаууах» тың ата образының атауына ауысқанынан кейінгі төл баламасы «Адам» (Аям) емес, «Адда» (Айя) болуға тиіс. Әкені Ежелгі Шумерлер «Ада» деп, Түркі халықтары «Ата» деп атаған. Бұл екеуі «Ад-да» «Ат-та» қосар буындарының біріккен түрлері. «Адда» ның екінші сыңары «да» (大) Қытай тілінде «Әке» ұғымында қолданылады.

«大» ның төркіні – ортасында ноқаты бар немесе консентірлі шеңбердің күн ұлының символы ретіндегі ноқаты яғни ішкі шеңбері. Бұл ұйғыршада қос қабатталып «Дада» формасына ие болған. «Да», «Та» буындары әсілі «Дам», «Там» буындарының тілдің ұзақ заманғы дамуы барысында мұжылып кіріккен түрлері сияқтанады. «Дам» мен «Там» Еуропа тілдерінде қазірдің өзінде «Ана» ұғымында қолданылатын «Мад» бен «Мат» тың кері төңкерілген формалары. Олай болса, «Адам» атауын реконструкциялап «Маддам» (Маттам) формасына келтіруге болады.

Дүниенің және оған қоса адам баласының жаралуы жөніндегі мифологиялық дүниетанымның түпқазығы саналатын қапақ немесе жұмыртқа сияқты бір ғана символ негізінде өрбіген фантазиялық образдар әрйне осылармен шектелмейді. Египет мифтерінде көптеген тәңірлердің бәрі бір ғана Радан, яғни жалғыз Жұмыртқадан өрбігені сияқты Фуши, Янь Ди, Хуаң Ди қатарлы үш әулетке бөлініп кеткен тәңірлердің бәрінің де тамыры бір. Жалпы алғанда, Қытай мифтерінде Янь Ди мен Хуаң Ди Қытайдің арғы аталары саналса,

Фуши мен Нүйуа бүкіл адамзаттың арғы тегіне баланады. Сол үшін де Янь Ди мен Хуаң Ди образының ұлттық бояуы өте қанық. Сонысына қарамай олар әрдайым бір желінің бойынан, Үш ағзам, бес патшаның шоғырынан көрінеді. Мысалы, Үш ағзам деп бірде Фуши, Нүйуа, Дихан ата үшеуін атаса, бірде Фуши, Дихан ата, Журұң үшеуін, енді бірде Фуши, Дихан ата, Хуаң Ди үшеуін атайды. Мұның ешбір ғажаптанарлығы жоқ, мұндайдың мысалын әр елдің мифологиялық әдебиеттерінен көп ұшыратамыз. Мәселен, Гректердің Зевсі Рим мифологиясына Юпитер деген атпен, Аресі Марыс деген атпен, Герсі Ютo деген атпен көшірілген. Күн анасы Исиданың прообразы болып табылатын Иштхор бір бойына алдыңғы Азияның ең алғашқы әйел тәңірлерінің, соның ішінде Шумерлердің әйел тәңірі Ин ананың да бар қасиетін түгел бойына жиған (суретке қараңыз). Семит тайпаларының кейін оны алдыңғы Азияның түрліше аймақтарында Астарт, Аштарта деген аттармен малданғаны мәлім. Исиданың образы ең соңында Гректердің ай тәңірі Ионның образымен бірлік табады. Оны былай қойғанда мифтік кейіпкерлердің бұл екі түйдегінің яғни Орта Жазық жерінің мифтік кейіпкерлері мен сонау қиыр батыстағы Египет, алдыңғы Азия және Гретция мен Рим жерінің мифтік кейіпкерлерінің бойынан да оқшаулықтан гөрі ортақтықтың белгілері көбірек табылады.

Фуши күн тәңірі ретінде «太昊» деп аталды. «昊» дың ең алғашқы нұсқасы – « 𣅀 ». Мұның үстіңгі бөлегі – күн, яғни «日» ның алғашқы нұсқасы. Астыңғы бөлегі – «天» мен «大 » ның бірі. Бұл бейнесінде Фуши «Төбесіне күн табағын көтеріп алған» Египеттік еркек Раға ұқсайды. Алайда «Ортаға бейімделу» оларды бірінен-бірін бөгделендіріп, азды-көпті өзіндік ерекшеліктерге ие еткенін де жоққа шығаруға болмайды. Мәселен, Ра тұңғиық гүлінің қауашағын жарып шықса, Фуши Хуашүиден (асқабақтың гүлінен) туылады. Египеттің қошқар басты еркек Расы Орта Жазық жерінде сиыр басты, айдағар денелі Фушиға, Египетте сегіз ұл-қызымен қоса «Күн қаласындағы тоғыз тәңір» деп аталған Ра Орта Жазық жерінде жылан денелі тоғыз басты адам кейпіндегі Фушиға айналған (Хы Гуаңё 1992).

Нүйуа – Исиданың Орта Жазық жерінде алғаш қолданған аты. Нүйуа сары топырақтан илеп адам жасаған соң оның қасында Фуши атты бір еркек пайда болады да оны өзіне аға қылып алады. Египет жерінде Исида ағасы Осириспен үйленеді. Орта Жазық жерінде Нүйуа ағасы Фушимен үйленеді. Исиданың алдыңғы Азия, Египет, Гретция жерлерінде әр дәуірде әр алуан аттармен аталғаны сияқты Нүйуа да Орта Жазық жерінде Чаң-и, Чаңши, Шихы, Чаң-ы, Шуаңму деген секілді аттармен бой көрсетеді. Исида күн анасы, Шихы да күн анасы. Екеуінің бар айырмашылығы Исидадан бір ғана күн перзенті Хор туылса, Шихыдан он бірдей күн туылады. Исида ол жақта күн кемесін жүргізсе, Шихы бұл жақта күн арабасын айдайды. Ол жақта өзіне және отбасына қолынан келген қастандық пен жаманшылықтың бәрін істеген Сәтті Исиданың ұлы Хор өлтірсе, бұл жақта Шихыдан қатарынан туған он бірдей күн «女丑» (Nǚ Chǒu – Сәт, сиықсыз)[22] ді қақтап өлтіріп көзін жойды. Қытай мифтерінде Янь Ди мен Чы Ёудың образы да Нүйуа мен Фушидың образымен бір типке жатады. Айталық, Янь Ди сиыр басты, адам денелі. Чы Ёу адам денелі, сиыр тұяқты, басында мүйізі бар. Және Чы Ёу да өзін Янь Ди деп атаған.

Зерттеу нәтижелері

Әлем бейнесі мен адам баласының жаралуы туралы арғы заман мифтерін тек бір халыққа тәуелдеу тарихқа қианат. Әр өңірде әр түрлі атпен аталып жерлік сипат алғанымен Орта Жазық жерінде, яғни бүгінгі Қытай территориясында сақталып келген мифологиялық символдардан осыны көре аламыз. Бұл арада біз мифтік кейіпкер ретінде талдап отырған Нүйуа, Фуши, Пань-гу, Янь Ди, Хуаң Ди қатарлылар Қытай жерінде туған мифтік образдар болғанымен, оның басқаша аттармен аталып жүрген бейнесін дүниежүзі халықтарының мифтерінен дерлік кездестіре аламыз. Қатай ғалымдары кейде бұл мифтік кейіпкерлердің

[22] Қытайдың көне мифологиясындағы жұмбақ әйел кейіпкер.

соңғы екеуін тарихи кейіпкер ретінде қарастырады. Мәселен, Қытай ғалымы Чуи Чын (曲辰) «Шуанюан Хуаң Ди тарихының сырлары» (轩辕黄帝史迹之谜) атты кітабында Хуаң Диды Хуаңхы өзені алқабында өмір сүрген тарихи тұлға деп қарап, оның тегін Қытай көне иероглифіндегі жазылуы бойынша талдау жасайды. Хуаң Дидің атының алдыңғы бөлегі «Хуаң» қабыршақ жазуында «» түрінде жазылып, «» және «» екі таңбадан құралған. Бұл таңбаның бірінің түрегеліп тұрған адам екенінде дау жақ. Ал екінші бөлегі «» ойландырады (Чуи Чын 1992).

Бұл иероглиф Қытай тілінде «Егістік» және «топырақтың түсі» деген мағынада қолданылады. «Хуаң» иероглифі дыбыстық жағына Қытай тіліндегі «Сары» деген сөзбен ұқсас. Кітап авторы Хуаңхы өзені (Сары өзен) алқабының топырағы сары түсті болған. Сондықтан оның атының мәніне қарағанда ол Хуаңхы алқабында алағаш егіншілікпен шұғылданған адам деп қарайды. Әрйне бұл Қытай ғалымының ғалыми қисынға жыға отырып айтқан жеке пікірі. Дегенмен жаңағы екі таңбаның бірі – «» таңбасы жазудың ең алғашқы түрлері болып табылатын Ежелгі Египет жазуында, Финики жазуында, Крит жазуында кезігеді. Соның ішінде Ежелгі Египет жазуында ол «Қала» деген мағына береді. қаланы біз «Шар» деп те атаймыз. Дөңгелек түйық шеңберді де, домаланған бітеу нәрсені де «Шар» дейміз. Парсыларда «Шар» сөзі «Қала» дегеннен басқа «Мемлекет» мағынасында да қолданады. Түркі тілдерінде «Ш» дыбысы мен «С» дыбысы кейде ауысып қолданыла беретінін ескерсек, «Шар» сөзін «Сар» деп те оқуымызға болады. «Сар» сөзі Парыс тілінде ертеде «Бас», «Басшы» деген де мағыналар берген. Ежелгі Бабилон, Рим, Персия патшаларының «Сар» деп аталуы содан болса керек. Кейінгі кезде Росия мен Болғария патшалары да «Цар» деп аталды. Ендеше осы «» таңбаның өзі ең алғаш елді мекенді қоныс еткен «Рулық қауым» деген ұғымды білдірсе керек. Сонан барып «Қала», «Мемлекет» мағыналарына ауысқан.

Қорытынды

Қытай ғалымдарының көпшілігі Хуаң Диді мифтік кейіпкер ретінде қарастырады. Қытайдың ертедегі патшалары – Чин Шыхуаң мен Хан Уди – өздерінің өлмей, ұзақ өмір сүруіне жар болуын тілеп, құдайға, аруаққа құлшылық етуге көбірек бой ұрған. Сөйтіп, Нюйуа, Фуси, Пань-гу сияқты көптеген мифтік кейіпкерлерді тудырған.

Ф. Энгельс мифологияны мәдениеттілік заманына варварлық заманынан қалған мол мұраның бірі ретінде атап өтеді (Энгельс, 1957). Біз арнайы тақырып ретінде зерттеп отырған әлем бейнесі мен адам баласының жаратылуына қатысты туған мифтік кейіпкерлер де сол заманнан қалған бағалы мұралар екені даусыз.

Бұларды реттеп, жинақтап, өңдеп, кітап бетіне түсіру – мәдениеттілік заманына қадам басқаннан кейін, құл иеленушілік мемлекеттер мен феодалдық патшалықтар тұсында атқарылған жұмыс. Әр ел өзіне тән бертінгі замандарда қалыптасқан тіліне, дініне, салт-санасына, дәстүріне, географиялық орналасуына және т.б. жағдайларына бейімдеп қабылдағаны болмаса, бұл мифтік кейіпкерлердің түп-төркіні ортақ. Мысалы, қытай мифологиясында: «Пань-гу – мифтерде айтылатын аспан мен жердің жігін жарып шыққан кейіпкер. Ол жер мен көктің аласапыран болып араласып жатқан күйінен туған. Аспан мен жердің жігі ажыраған кейін, аспан күніне бір кез жоғарылап, жер күніне бір кез қалыңдап, Пань-гудың бойы да күніне бір кез өсіп отырған. Сөйтіп, ол 18 мың жасқа келгенде аспан биіктеу шегіне, жер төмендеу шегіне жетіп тоқтаған. Аспандағы ай мен күн, жұлдыздардан бастап, жердегі ағаш, шөп, тастарға дейінгі әлемдегі барлық заттар Пань-гу өлген соң оның дене мүшелерінен пайда болған»[23] делінеді. Библиялық мәтіндердегі әлемнің жаратылуы

[23] Қытай ғалымы Хэ Гуанъю (何光岳) «Янь ди мен Хуаң Ди дәуірінен кейінгі тарих» (炎帝、黄帝以来的历史) еңбегінде де әлемнің жаралуы туарлы мифтерді кетлтіреді.

жөніндегі тарауда да, қытай және түркі тілдес халықтардың мифтерінде де сақталған азды-көпті айырмашылықтарды есепке алмағанда, әлем бейнесі туралы мифтерде ұқсастықтар көп.

Әдебиеттер:

Richard, 2002 – *Richard E.* Strassberg. University of California, P. 313.

Sima Qian, 1993 – *Sima Qian.* Records of the Grand Historian. Translated by Burton Watson. Columbia University, P. 224.

Liu An, 2012 – *Liu An.* Huainanzi. Columbia University, P. 320.

叶舒宪, 田大先, 2018 – 叶舒宪, 田大先. 国早期文明的神秘数字. 江西大学出版社，425 页.

Ғабитов, Кенжетай, 2005 – *Габитов Т., Кенжетай Д.* Ежелгі көшпелілер дүниетанымы. 1 том. Астана: аударма баспасы, 496 б.

金芭塔丝, 2016 – 马丽加·金芭塔丝. 女神的语言 // 西方文明早期象征符号解读. 社会科学文献出版社. 436 页.

殷发录, 1989 – 殷发录. 中国早期文化史. 北京大学出版社，400 页.

Жанайдаров, 2006 –*Жанайдаров О.* Ежелгі Қазақстан мифтері. Алматы: Аруна баспасы, 182 б.

普鸣, 2020 – 普鸣. 成神: 早期中国的宇宙论、祭祀与自我神化. 译者: 张常煊. 北京大学出版社，512 页.

蒲慕州, 2023 – 蒲慕州. 早期中国的鬼. 译者: 黄咨玄. 新星出版社. 252 页.

ЫБыраев, 2009 – *ЫБыраев Ш.* Бастау. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер. Алматы: баспалар үйі, 320 б.

Қамзай, 2007 – *Қамзай Ә.* Нұрилаһ. Үрімші: Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 230 б.

波沙曼提尔, 莱曼, 2011 – 阿尔弗雷德·波沙曼提尔, 英格玛·莱曼. 世界最神秘的数. 吉林出版集团. 259 页.

关银凤, 2005 – 关银凤. 神秘的文明. 中国社会出版社. 264 页.

Қамзай, 1999 – *Қамзай Ә.* Әлмисақтан. Үрімші: Шынжаң жастар-өрендер баспасы, 325 б.

赛妮亚, 2008 – 赛妮亚. 塔木德. 重庆出版社. 268 页.

穆罕莫德, 2003 – 穆罕莫德. 古兰经. 译者: 马坚. 中国社会科学出版社, 484 页.

Garry J. Shaw, 2014 – *Garry J.* Shaw. The Egyptian Myths: A Guide to the Ancient Gods and Legends. Thames and Hudson. P. 224.

逄振镐, 1995 – 逄振镐. 东夷文化史. 中国社会科学出版社, 520 页.

Сүлейменов, 1975 – *Сүлейменов О.* Аз и Я. Алматы: Жазушы баспасы, 304 б.

Robert, 1990 – *Robert van Gulik.* 中国古代房内考：中国古代的性与社会. 译者: 李零, 郭晓惠. 上海人民出版社, 558 页.

林语堂, 2016 – 林语堂. 老子的智慧. 湖南文艺出版社, 320 页.

Жолдасбеков, 2001 – *Жолдасбеков М.* Орхон ескерткіштері. Астана: Фолиант баспасы, 174 б.

袁珂, 2015 –袁珂. 中国神话大词典. 华夏出版社, 616 页.

李运富, 2010 – 李运富. 古汉语字词典. 中国青年出版社, 1673 页.

伍雄武, 1992 – 伍雄武. 中国少数民族哲学史. 安徽人民出版社, 1078 页.

Сүлейменов, 2014 – *Сүлейменов О.* Таңбалар тілі. Алматы: “Олжас кітапханасы” баспа үйі, 382 б.

格雷夫斯, 2022 – 罗伯特 · 格雷夫斯. 希腊神话. 湖南文艺出版社, 1528 页.

神马卡通, 2012 – 神马卡通. 黄帝炎帝-图说经典神话. 贵州人民出版社, 154 页.
Енгелс, 1957 – *Енгелс Ф.* Дюриңге қарсы. Қазақ мемлекет баспасы, 270 б.
曲辰, 1992 – *曲辰.* 轩辕黄帝史迹之谜. 中国社会科学出版社, 353 页.

References:

Alfred Posamentier, Ingmar Lehmann, 2011 – *Alfred Posamentier, Ingmar Lehmann,* Shìjiè zuì shénmì de shù [The world's most mysterious number]. Jílín Chūbǎn Jítuán. 259 p. (in Chin).

Engels, 1957 – *Engels F.* Dyuringge qarsy [Against to Dyuring]. Qazaq memleket baspasy. 270 p. (in Kaz).

Ghabitov, Kenzhetai, 2005 – *Ghabitov T., Kenzhetai D.* Ezhelgi köshpeliler dünietanımı [Worldview of Ancient Nomads]. 1-Vol. Astana: Audarma baspasy. 496 p. (in Kaz).

Garry J. Shaw, 2014 – *Garry J. Shaw.* The Egyptian Myths: A Guide to the Ancient Gods and Legends. Thames and Hudson. 224 p. (in Chin).

Guan Yinfeng, 2005 – *Guan Yinfeng*. Shénmì de wénmíng [Mysterious Civilization]. Zhōngguó Shèhuì Chūbǎnshè. 264 p. (in Chin).

Liu An, 2012 – *Liu An.* Huainanzi. Columbia University. 320 p. (in Eng).

Li Yunfu, 2010 – *Li Yunfu.* Gǔ Hànyǔ Zì Cídiǎn [Dictionary of Classical Chinese Characters]. Zhōngguó Qīngnián Chūbǎnshè. 1673 p. (in Chin).

Lin Yutang, 2016 – *Lin Yutang.* Lǎozi de zhìhu [The Wisdom of Lao Tzu]. Húnán Wényì Chūbǎnshè. 320 p. (in Chin).

Michael Puett, 2020 – *Michael Puett.* Chéng shén: Zǎoqī Zhōngguó de yǔzhòu lùn, jìsì yǔ zìwǒ shénhuà [Deification: Cosmology, Sacrifice, and Self-Deification in Early China]. Awdargan: Zhang Changxuan. Peking University Press, p. 512.

Kumekov, 2010 – *Kumekov B.E.* Gosudarstvo kypchakov i Zolotaya Orda [The Kipchak State and the Golden Horde]. Almaty, 2010. 320 p. (in Rus).

Kushkumbayev, 2010 – *Kushkumbayev A.K.* Istoriya voennogo dela kochevnikov Zolotoy Ordy XIII–XV vv. [History of Military Affairs of the Nomads of the Golden Horde in the Thirteenth–Fifteenth Centuries]. Abstract of Doctoral Dissertation. Almaty, 2010. 48 p. (in Rus).

Markov, 1896 – *Markov A.K.* Inventarnyy katalog musul'manskikh monet Imperatorskogo Ermitazha [Inventory Catalogue of Muslim Coins of the Imperial Hermitage]. St. Petersburg, 1896. 928 p. (in Rus).

Patkanov, 1871 – *Patkanov K.P.* Istoriya mongolov po armyanskim istochnikam [History of the Mongols According to Armenian Sources]. St. Petersburg, 1871. 180 p. (in Rus).

Pilipchuk, 2021 – *Pilipchuk Ya.V.* Nogai and the International Relations of Eastern Europe in the Late Thirteenth Century // Golden Horde Review. 2021. Vol. 9. No. 2. P. 312–329.

PSRL, 1962 – Polnoye sobraniye russkikh letopisey [Complete Collection of Russian Chronicles]. Vol. II. Moscow–Leningrad: Academy of Sciences of the USSR, 1962. 938 p. (in Rus).

Rashid al-Din, 1960 – *Rashid al-Din.* Sbornik letopisey [Compendium of Chronicles]. Vol. I. Moscow–Leningrad: Academy of Sciences of the USSR, 1960. 499 p. (in Rus).

Sabitov, Kushkumbayev, 2013 – *Sabitov Zh.M., Kushkumbayev A.K.* Ulusnaya sistema Zolotoy Ordy v XIII–XIV vekakh: k voprosu o lokalizatsii Ak-Ordy i Kok-Ordy [The Ulus System of the Golden Horde in the Thirteenth–Fourteenth Centuries: On the Localization of Aq Orda and Kök Orda] // Zolotoordynskoe obozrenie. 2013. No. 2. P. 60–72. (in Rus).

Sabitov, Kushkumbayev, 2015 – *Sabitov Zh.M., Kushkumbayev A.K.* Terminy Ak-Orda i Kok-Orda v pis'mennykh i ustnykh istochnikakh (k voprosu o semantike terminov) [The Terms Aq Orda and Kök Orda in Written and Oral Sources (On the Semantics of the Terms)] // Nauchnyi Tatarstan. 2015. No. 3. P. 33–42. (in Rus).

Safargaliev, 1960 – *Safargaliev M.G.* Raspad Zolotoy Ordy [The Disintegration of the Golden Horde]. Saransk: Mordovian Book Publishing House, 1960. 276 p. (in Rus).

Spuler, 1965 – Spuler B. Die Goldene Horde. Wiesbaden: Otto Harrassowitz, 1965. 483 p. (in Ger).

Thackston, 1998–1999 – *Thackston W.M.* (trans.). Rashiduddin Fazlullah's Jāmiʿ al-Tawārīkh. Vols. I–III. Cambridge, MA: Harvard University, Department of Near Eastern Languages and Civilizations, 1998–1999.

Trepavlov, 2002 – *Trepavlov V.V.* Istoriya Nogayskoy Ordy [History of the Nogai Horde]. Moscow: Vostochnaya literatura, 2002. 752 p. (in Rus).

Uzelac, 2015 – Uzelac A. Europe and the Mongols. Belgrade: Institute of History, 2015. 328 p.

Vásáry, 2005 – *Vásáry I.* Cumans and Tatars: Oriental Military in the Pre-Ottoman Balkans, 1185–1365. Cambridge: Cambridge University Press, 2005. 230 p.

[1] А.А. Жумабаева, [2] К.Ж. Қыдырбаев
[1,2] Жошы Ұлысын зерттеу институты, Астана, Қазақстан
E-mail: [1] zhaygerm@gmail.com, [2] 6660677@gmail.com

НОҒАЙДЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РӨЛІ

Аңдатпа. Бұл мақала XIII ғасырдың соңында Алтын Орда құрылымы шеңберінде Ноғайдың саяси және халықаралық қызметтерін талдауға арналған. Зерттеудің негізгі мақсаты – Ноғайдың тек әскери қолбасшы ретінде ғана емес, сонымен қатар Жошы ұлысының сыртқы және ішкі саясатына елеулі ықпал еткен саяси тұлға ретіндегі орнын түсіндіру. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды: Ноғайдың Алтын Ордадағы саяси мәртебесін анықтау; оның Алтын Орда мен Илхан мемлекеті арасындағы қақтығыстардағы рөлін талдау; Кавказ бен Қара теңіз өңіріндегі қызметін қарастыру; Византия империясы және Мысыр мәмлүк сұлтанатымен дипломатиялық байланыстарын зерттеу; сондай-ақ оның дала аймағы мен Шығыс Еуропа мемлекеттері арасындағы делдалдық қызметін айқындау. Зерттеу жұмысының негізін парсы, араб және византиялық авторлар жазған ортағасырлық баяндаушы дереккөздерді, сондай-ақ заманауи тарихнаманы кешенді талдау құрайды. Зерттеу барысында деректанулық, салыстырмалы-тарихи және саяси антропология әдістері қолданылды. Жұмыстың ғылыми жаңалығы Ноғайды Ұлы ханға тәуелді тұлға ретінде емес, салыстырмалы түрде дербес әрекет еткен саяси қайраткер ретінде қайта қарастыруда көрінеді. Сонымен қатар, оның қызметі Алтын Ордадағы орталықсыздану үдерістерімен байланысты қарастырылып, түрлі дереккөз дәстүрлерін біріктіру арқылы Ноғайдың тарихи бейнесін қайта құру ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде Ноғайдың Алтын Орданың батыс бөлігінде белгілі бір дәрежеде дербес саяси кеңістік қалыптастырып, мемлекеттің сыртқы саясатын қалыптастыруда белсенді рөл атқарғаны анықталды. Оның саяси дербестігі мен дипломатиялық қызметі Еуразиядағы көпдеңгейлі халықаралық қатынастар жүйесінің қалыптасуына ықпал етті. Зерттеу нәтижелері Алтын Орданың саяси құрылымы туралы білімді тереңдетеді.

Алғыс: Зерттеу AP23490261 «Ноғайдың тарихи тұлғасы және оның Жошы ұлысының мемлекеттік құрылымындағы рөлі» ғылыми жобасы аясында жүзеге асырылды.

Кілт сөздер: Ноғай, Алтын Орда, Жошы ұлысы, сыртқы саясат, Византия, Ильхан мемлекеті, көшпелі империялар, саяси билік.

[1]А.А. Жумабаева, [2]К.Ж. Кыдырбаев
[1,2] Институт изучения Улуса Джучи, Астана, Казахстан
E-mail: [1]zhaygerm@gmail.com, [2] 6660677@gmail.com

ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА И МЕЖДУНАРОДНАЯ РОЛЬ НОГАЯ

Аннотация. Данная статья посвящена анализу политических и международных функций Ногая в рамках структуры Золотой Орды в конце XIII века. Основной целью исследования является интерпретация положения Ногая не только как военного лидера, но и как политического деятеля, оказавшего значительное влияние на внешнюю и внутреннюю политику Улуса Джучи. Для достижения поставленной цели были сформулированы следующие задачи: определить политический статус Ногая в Золотой Орде; проанализировать его роль в конфликтах между Золотой Ордой и Ильханатом; рассмотреть его деятельность в Кавказском и Причерноморском регионах; исследовать его дипломатические связи с Византийской империей и Мамлюкским султанатом; а также интерпретировать его функцию посредника между степным миром и государствами Восточной Европы. В основу исследования положен комплексный анализ средневековых нарративных источников – персидских, арабских и византийских, а также современной историографии. В работе применяются методы источниковедческого анализа, сравнительно-исторического исследования и политической антропологии. Научная новизна работы заключается в переосмыслении роли Ногая как относительно автономного политического деятеля, а не исключительно зависимого от верховной власти хана, а также в рассмотрении его деятельности в контексте процессов децентрализации в Золотой Орде. Кроме того, предложен интегративный подход, основанный на объединении различных традиций источников для реконструкции исторического образа Ногая. В результате исследования установлено, что Ногай обладал значительным контролем над западными территориями Золотой Орды и играл важную роль в формировании её внешней политики. Его политическая автономия и дипломатическая активность способствовали формированию многоуровневой системы международных отношений в Евразии. Полученные результаты углубляют понимание политической структуры Золотой Орды.

Благодарность: Исследование выполнено в рамках научного проекта AP23490261 «Историческая биография Ногая и его роль в истории государственности Улуса Джучи».

Ключевые слова: Ногай, Золотая Орда, Улус Джучи, внешняя политика, Византия, Ильханат, кочевые империи, политическая власть.

Information about authors:

Zhumabayeva Aigerm Amyrbekovna (corresponding author), PhD, Leading Research Fellow, Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan

Kydyrbayev Kuanish Zheksembayuly, Junior Research Fellow, Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Astana, Kazakhstan

Авторлар туралы мәлімет:

Жұмабаева Айгерм Амырбекқызы (хат-хабар алмасуға жауапты автор), PhD, Жошы Ұлысын зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан

Қыдырбаев Қуаныш Жексембайұлы, Жошы Ұлысын зерттеу институтының кіші ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан

Сведения об авторах:

Жумабаева Айгерм Амырбековна (корреспондентный автор), PhD, ведущий научный сотрудник Института изучения Улуса Джучи, г. Астана, Казахстан

Кыдырбаев Куаныш Жексембайулы, младший научный сотрудник Института изучения Улуса Джучи, г. Астана, Казахстан

Келіп түсті 26 ақпан 2026 жыл
Қабылданды 11 мамыр 2026 жыл

ҒТАМР 03.23.25 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.347

Жеңіс Ж.
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Алматы, Қазақстан Республикасы
E-mail: zhozhengis@gmail.com

АУҒАНСТАН ҚАЗАҚТАРЫ ЖАДЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ (1931–1933 ЖЖ.) ЕСТЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада 1931–1933 жылдары Қазақстандағы ашаршылық кезінде Ауғанстанға ауа көшкен қазақтардың ұрпақтарының жадында сақталған, атадан балаға жеткен ашаршылық естеліктері қарастырылады. Соңғы зерттеулердің нәтижелері бойынша, Ауған жеріне қоныс аударған қазақтар үш-төрт тарихи толқынмен қоныс аударған. Әсіресе, кеңес билігі кезінде саяси қуғын-сүргін, ашаршылық кезеңдерінде қазақ қоғамындағы наразы топ Өзбекстан, Тәжікстан жерлері арқылы ауған жеріне қоныс аударды. Зерттеудің мақсаты - 1931-1933 жылдары Қазақстандағы ашаршылық кезінде Ауғанстанға ауа көшкен қазақтардың ұрпақтарының жадында сақталған естеліктер арқылы ашаршылық ауқымын көрсету. Мақалада қолданылған негізгі әдістемелік әдістер: Ауызша тарих әдісі - сұхбаттар арқылы алынған естеліктерді жинау және жариялау, баяндауды талдау: Ашаршылық сияқты тарихи оқиғаларды естеліктер арқылы дәлелдеу, зерттеу және салыстырмалы тарихи әдіс (тексеру): алынған сұхбаттарды жазбаша мәліметтермен салыстыра отырып талдау. Мақалада келтірілген нәтижелер – Ауғанстанды мекендейтін қазақтардың ішінде бұрынғы Кеңес Одағындағы саяси қуғын-сүргіннен, ашаршылықтан бас сауғалап қашқан қазақтардың ұрпақтарының естеліктерін алғаш рет олардан тікелей сұхбат алу арқылы алған материалдарды талдауда жатыр. Автор осы аймаққа тікелей ғылыми сапарға шығып, ашаршылық куәгерлерінің ұрпақтарымен тілдесіп, жазба, аудио және видео материалдар жинақтап, нақты дәлелдер арқылы 1931-1933 жылдары Қазақстандағы ашаршылықтың ауқымы туралы зерттеу жүргізді.

Алғыс: Бұл мақала ИРН BR24993018 «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің топтамасын дайындау және басып шығару» жобасы бойынша дайындалды.

Кілт сөздер: Ауғанстан, қазақтар, диаспора, ашаршылық, қуғын-сүргін, байлар, ұжымдастыру, кеңестік саясат.

Кіріспе

2022 жылдың қаңтарында «20–50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары. XX ғасыр» сериясы және 2024-2026 жылдарға арналған «Қазақстандағы 1931–1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің топтамасын дайындау және басып шығару» жобасы бойынша жарық көрген мұрағат құжаттарының алғашқы жинақтарындағы Қазақстаннан жер ауып, әлемнің түкпір-түкпіріне шашырап кеткен қазақтардың ұрпақтарынан естелік материалдарды жинақтауды мақсат еттік.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ жеріндегі кеңестік солақай саясаттың кесірінен малдарынан айырылып, ашаршылық пен қудалау қаупінен үріккен ел ар жағы Қытай мен Ауғанстан, бер жағы Тәжікстан мен Өзбекстанға бас сауғалап қаша бастады. Жол жөнекей жол азабы мен ауру-сырқаудан арып-ашқан босқын елдің ол жақтағы жағдайы да оңып тұрмады. Біразы сол жақта КСРО ыдырап, Қазақстан тәуелсіздігін алғанша қалып

қойса, аман қалған бір бөлігі елге оралды. Аштықтан босып оралған жұртты бұл жақта қылышынан қан тамған НКВД күтіп отырды.

Осы орайда, жазықсыз жандарды қудалау, қуғын-сүргінге ұшырату, мәжбүрлі түрде елден жырақтату және қазақ халқын ашаршылыққа ұшырату сияқты тарихымыздың көлеңкелі тұстарын куәгерлерінің және олардың ұрпақтарының естеліктері арқылы зерделеу қажеттілігі туындап отыр.

Әртүрлі тарихи кезеңдерде, белгілі себептермен әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашылған қазақ халқының бір бөлігі Ауғанстанды да паналағандығы белгілі. XX ғ. 90-шы жылдары олардың негізгі бөлігі тарихи отан – Қазақстанға қоныс аударып, тағы бір бөлігі көшке ілесе алмай, сол елде қалып қойды. Назарларыңызға ұсынып отырған мақалада да осы қазақтардың ұрпақтарының ата-бабаларынан жеткен ашаршылық пен қуғын-сүргін туралы естеліктері талданады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Назарларыңызға ұсынылып отырған мақалада қолданылған негізгі әдістемелік тәсіл естеліктерге қатысты әдістемелер. Естеліктер (естеліктер, сұхбаттар, ауызша тарих) негізінде жазылған мақаланың әдіснамасы ерекше тәсілді қажет етеді, себебі, естеліктер субъективті және көбінесе бұрмаланған дереккөз болып табылады. Мақаланың негізгі мақсаты өткенді жазу ғана емес, сонымен қатар эмоция мен уақыттың естелікке әсерін ескере отырып, оны шынайы талдау. Жалпы алғанда, қолданылған негізгі әдіснамалық тәсілдер - ауызша тарих әдісі: сұхбаттар арқылы алынған естеліктерді жинау және түсіндіру. Баяндауды талдау: Сұхбаттың құрылымын, сюжетін және оқиғалардың қалай сипатталатынын зерттеу. Салыстырмалы тарихи әдіс (тексеру): Жеке естеліктерді қолдағы дереккөздермен (мұрағат материалдары, баспасөз материалдары, фотосуреттер) салыстыру, есте сақтаудан туындаған бұрмалануларды азайту.

Сұхбаттар жүргізу, күнделіктер, хаттар және фотосуреттерді есте сақтаудың негізгі материалдары ретінде пайдалану, естеліктерді қайта қарау және транскрипциялау, талдау кезінде мәліметтерді түзету әдістері кеңінен пайдаланылды.

Талқылау

XX ғасырдың 1931-33-шы жылдары тоталитарлық кезеңдегі ел тарихында орын алған ақтаңдақтардың себеп-салдарларын зерделеп, оған жаңаша көзқарас негізінде тарихи баға беру қажет екені баршаға белгілі. Сол бір аласапыран жылдардағы мәселелерді зерттеп, зерделеу Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласынан кейін қайта қолға алынып жүйелі жұмыстар атқарыла бастады. Мемлекет басшысының осы мақаласында қазақ тарихындағы аштық қасіретіне тоқталып: «....Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді. Тарихымыздың осы ақтандақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер мен оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды жинап, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек» , – деп (Тоқаев, 2021:1), мәселеге үлкен жауапкершілікпен мән беруі осы мақаланы жазуға мұрындық болды.

Бәрімізге белгілі, әр дәуірдегі тарихи оқиғалар халық жадында өзінің ерекше ізін қалдырады. Жад – бұл өткеннің бейнесі, ол туралы білім бүгінде де бар. Жад – бұл адам өмірінің қанық көрінісі. Жадсыз әлеуметтік өмір адамның өзіне тән сипатын көрсете алмайды. Сондықтан да, ауызша тарихты жинақтап, халық жадындағы халықтың өткенін зерделеу тарихшы ғалымдардың маңызды міндеттерінің бірі.

Ауызша тарих – XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды дамып келе жатқан ғылыми сала. Айтылған тарихта тұлғалар мен өткен оқиғаларды зерттеуде сол оқиғалардың

куәгерлері мен олардың ұрпақтарынан сұхбат алып, жинақталған материалдарды жазбаша мәліметтермен салыстыра отырып зерделеу тарихи оқиғаларды қалпына келтіруде маңызды орын алады.

Ең алғаш рет ғылыми түрде осы әдісті қолданған АҚШ-тың Колумбия университетінің тарих профессоры Алан Невинс болды. Ол алғаш рет өткенді қалпына келтіру үшін естеліктерді жинау идеясын 1932 жылы «Гровер Кливленд: Батылдықты зерттеу» (Nevins, 1932:29) кітабының кіріспесінде көрсетіп кетті .

Қазіргі кезде ауызша тарих халықтың тарихи жадында сақталған өткен туралы мәліметтерді жинау, оларды тарихи деректемелік қорға енгізу, жүйелеу, осылайша, ұлттық деректер қоры кешенін орнықтыру аса маңызды бағыттардың қатарында. Архив құжаттарымен қатар өткен күн тарихын түсінуде жеке деректердің, олардың ішінде белгілі-бір тарихи оқиғаларға қатысушылардың, оқиға куәгерлерінің немесе олардың ұрпақтарының естеліктері маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Естеліктер – бұл өткен күн көрінісі, олардың түп негізінде тұлғаның ішкі ой-сезімімен астасқан сыр мен сын, мойындау мен пайымдау жатыр. Естеліктерде субъективті көзқарас орын алғанымен, олардың тарихи дерек ретінде мән-мағынасын жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, естеліктер адам баяндайтын дәуірдің «рухын» сездіртіп, қоғамдағы көңіл-күй мен баяндаушының жеке қатынасын жеткізеді.

Отандық тарих ғылымында қазақ жеріндегі ашаршылық тақырыбын алғаш зерттеуді бастаған ғалымдар – М.Қ. Қозыбаев, Қ.С. Алдажұманов, Ж.Б. Абылхожин, М.Б. Тәтімов, Т. Омарбеков, С. Смағұлова, Қ. Атабаев, т.б. ғалымдар.

1931–1932 жылдардағы қазақ халқының ашаршылық тақырыбы шетелдік ғалымдар Н. Пьянчиола, R. Conquest, М. Олкотт, С. Камерон, С. Уиткрофт еңбектерінде де көрініс тапқан. Американдық тарихшы Сара Камеронның «1930–1932 жылдардағы қазақ ашаршылығы – кеңестік тарихты түсіну үшін ғана емес, жаппай зорлық-зомбылықты зерттеу мен ашаршылықтың басқа мысалдарымен салыстырмалы талдау жүргізу тұрғысынан да маңызды» деген пікір айтады (Cameron, 2010:102) .

Сонымен қатар, XX ғасырдың 30-шы жылдарындағы тарихи үдерістер мен кеңестік науқаншылдық саясатының салдарына қатысты естеліктер мен ел арасында сақталған ауызша деректерді жинастырып, көпшілік назарына ұсыну мақсатында аталған бірегей жоба республика бойынша қолға алынды. Еліміз тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылдан бастап, ұлттық тарихқа, әсіресе, XX ғасырдың кеңестік саясатына қатысты тың зерттеулер мен оқиғаның көзі тірі куәгерлерінің естеліктері сол жылдардағы мерзімді басылым беттерінде молынан жарияланды. Алайда, кеңестік Қазақстандағы ұжымдастыру саясаты, осы науқаншылдық саясаттың салдарынан туындаған тәркілеу және ашаршылыққа қатысты ел арасында, әсіресе, шет елдерде жасап жатқан қазақ диаспорасы арасында сақталған ауызша деректер толықтай ашылған жоқ.

Осы олқылықтың орынын толтыру мақсатында, 2023 жылдың желтоқсан айында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор З.Е. Қабылдиновтың қолдауымен (Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері Елдос Сауырқанмен), 2024 жылдың ақпан айларында (Нұр-Мүбарак университетінің аға оқытушысы Мұқан Исаханмен) және 2026 жылдың ақпан айларында (Қожа Ахмет Яссауи университетінің профессоры Х. Тұрсынмен) Ауғанстан еліне үш мәрте ғылыми сапар жасаудың сәті түсті (1 сурет).

Осы сапарлар барысында мыңдаған шақырым жол жүріліп, жүзден аса кісілермен сұқбат жүргізілді. Ауған жеріне әртүрлі кезеңдерде, әртүрлі себептермен келген қазақтың қыпшақ, қаңлы, алшын, тама, найман, керей, қоңырат, арғын, алғи, божбан, кете, сарғасқа, маңғытай, оймауыт, шөмекей, саңғыл, қатаған, т.б. руларының өкілдерін кездестірдім. Ауған қазақтарының тарихы, мәдениеті, ауыз әдебиеті, шежіресіне қатысты материалдар

жинақтадым. Сапарлар нәтижесі бойынша қазақ бауырларымызға қатысты бұдан әрі не істеу керектігі жайлы нақты жұмыс бағдарламасы жасалды.



1 сурет. Бір топ ауған қазақтары (Ауғанстан, Мазари-шариф). 2023 жыл

Осы жолғы этнографиялық зерттеулер барысында Ауған елінде қазақтардың бар екендігі, «Ауғанстанда қазақ қалған жоқ» деген қорытынды асығыс жасалғандығы тағы дәлелденді. Бейтаныс бір елге кез келген сапардың оңай болмасы анық. Әсіресе, Ауғанстан сияқты экономикалық, саяси-әскери жағдайы тұрақсыз мемлекетке барудың өз қиыншылықтары бар. Біз барған кезде су тапшылығы, ауыз су сапасынан туындаған эпидемологиялық жағдай да өршіп тұрды.

Зерттеу нәтижелері бойынша ауған қазақтарын 3 топқа: бірінші топқа XV–XVI ғ.ғ. Дешті Қыпшақтан Ауған жеріне келген, Қазақ хандығының құрылу кезеңінде қалыптасқан, этно-мәдени тұрғыда қазақтық сипаты басым руларын (1 млн.); екінші топқа қазақ жеріндегі XVIII-XIX ғ.ғ. түрлі саяси оқиғаларға байланысты Ауғанстанға қоныс аударып, өзбек тілінің қыпшақ диалектісінде сөйлеп, отырықшы дәстүрінің ықпалына түсіп үлгерген қазақ тайпаларын (35000-45000); ал үшінші топқа ауған жеріне XX ғ. 20-30-шы жылдары Қазақстандағы кеңестік жүйенің қуғын-сүргіні, ашаршылық пен кәмпескелеу кезінде қоныс аударғандарды (5000-6000 адам) бөліп қарастыруға болады.

Журналист Қадырәлі Сарыпбек өзі қызмет ететін интернет-басылымында ауған қазақтарының қазіргі жағдайы туралы өзінің журналистік зерттеулерінің біршамасын арнап, ауған қазақтарынан (20-дан аса) сұхбат алған. «Азаттық» радиосының редакторы Қуанышбек Қари да кеңестік қуғын-сүргін құрбаны болған ауған отбасыларының тарихы туралы біршама материалдар жариялады.

Бұдан өзге, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінінің қолдауымен «XX ғ. 20-50 жж. Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және ақтау үдерістері: бірыңғай деректер базасын құру» бағдарламасын іске асыру аясында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты даярлаған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т. 34. Түркістан өңірінен ауа көшкендердің тағдыры. Архивтік құжаттар мен естеліктер жинағындағы» материалдар (Саяси, 2023) да кеңінен пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері

1979 жылдан бері қарай Ауғанстанда толыққанды ресми санақ жүргізілмеуі себебінен ондағы қазақтардың санын да нақты білу қиын. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі қазір Ауғанстанда қазақ жоқтың қасы екенін айтады. Қазақ дипломаттары аталған елде 15 отбасы немесе 200-ге жуық қазақ бар екенін алға тартады. Түркиялық тарихшы Әбдуақаб Қара 2012 жылы Ауғанстанда небәрі 300 отбасы қалғанын жазған еді.

Дегенмен, XX ғасырдың соңғы жылдарында елде 30 мыңға жуық болғанын атап өткен. «Олар елге КСРО әскері кірген соң Иран, Түркия тәрізді елдерге көшіп кеткенін айтқан еді», – дейді ғалым (Жеңіс, 2024:12).

Алайда, Жансая Бекмырзаева өзінің Стамбұл университетінде 2018 жылы жарық көрген «Шетелдегі қазақтарды Қазақстанға қайта қоныс аударту саясаты және оның қазақ ұлтшылдығындағы рөлі» атты ғылыми мақаласында Ауғанстанда 45 мың қазақ қалғаны жайлы дерек келтірді (Жеңіс, 2024:13).

Ауғанстанға сапар барысында осы елді мекендеп жатқан көптеген қазақтардың бар екендігіне көз жеткіздім. Ешқандай риясыз, бөтен пиғылсыз өздерін «қазақпыз» деп есептейтін қандастырымызды кездестірдім.

Ауған қазақтары негізінен осы елдің солтүстігін, Әмудария өзінін бойлай қоныстанған. Көбісі Құндыз, Тахар, Мазари-Шәріп, Саманған, Ташқорған, Мойынқара, Ларджан, Бағлан қалалары мен тау шатқалдары мен кең далалардағы ауылдарда мекендейді.

Ауғанстанда қазіргі қазақ халқының құрамындағы ру-тайпаларының барлығы дерлік кездеседі. Жалпы ауған жұртында ноғай, қаңлы, қыпшақ, қоңырат, оймауыт т.б. рулар мекендейді және олар үлкен қалалар мен ауылдарда топтасып, қауымдасып өмір сүреді. Мысалы, мұнда қыпшақтардың жеті-сегіз ауылы бар. Қазақтардың көбісі құжаттарына «өзбек» деп жазғызып қойған.

Ана тілдерін ұмытқан ағайындар көп. Оның себебі – тәжік, өзбек басқа да ауған халықтарымен қыз алысып, қыз бергеннен екен. Әсіресе, қалада тұратын қазақтар ана тілдерін ұмыта бастаған. Ауылда тұратындар әлі де өз тілдерін жоғалтпаған. Қалалық қазақтар ауылда жазғы үйлер салып, киіз үй тігіп, ұлттық дәстүрлерді сақтап қалуға барынша тырысып жатыр 2 сурет).

Осы кезге дейін қазақтардың осы елдегі санына байланысты нақты дерек болмады. Әркім тарапынан әртүрлі пікірлер айтылды. Мысалы, «Отандастар қоры» КЕАҚ жанынан құрылған Қандастарды ақпараттық қолдау орталығы 1200-ге жуық Ауғанстанда тұратын этникалық қазақтардың тізімін әзірлеген болатын. Ал, «Атажұрт» ұйымының жетекшісі Қыдырәлі Оразұлы, «1916 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кездерінде ғана қазақтар қоныс аударды деу үлкен қате. Сол себепті де «тарыдай шашылған қазақ» деп бекер айтпаса керек. Ертеден-ақ, ата-бабаларымыз жан-жаққа шашырап кетті. Тіпті атам заманнан сол жерлерді мекен еткендері де болған. Осыған қарағанда біздің елшілік дұрыс статистикалық жұмыстарды жүргізбеген. Тек қана Кабулдың айналасында тұратын қазақтарды ғана санаған болуы керек. Шын мәнінде, сол жылдардан бастап есептесе, онда Ауғанстандағы қазіргі қазақтардың саны бір миллионнан да асып кетеді. Ашаршылық немесе ұлт-азаттық көтеріліс кездерінде барғандар болса да, олар онда қазақтар болғаны үшін ғана барған» деп қорытындылайды (Жеңіс, 2024:23).

Ауғанстандық қазақ Бабур Шah Акбардың пікірінше ауған халқының нақты санағының дерегі жоқ: «Сол сияқты қазақтарымыздың да нақты санын айту қиын. 2019 жылдан бастап қана құжаттарымызға қазақ деп жазуды бастадық. Жалпылама деректерді табу қиын. Ауызша айтатын болсақ миллионға жуықтап қалады» [9] .

Біздің зерттеулеріміз бойынша қазіргі Ауғанстандағы қазақтардың саны 1 миллионға жуық және оларды үш топқа бөліп қарастыру керек:

1. Алтын Орда (Жошы Ұлысы) кезеңінде келген қазақтар (1 млн.);
2. Қазақ хандығы тұсында келген қазақтар (35-45 мың);
3. Орыс отаршылдығы мен кеңес дәуірінде келген қазақтар (5000-6000).

Осы үш топтағы қазақтардың ішінде тек үшінші топтағы қазақтар ғана ауған еліне Қазақстан жерінен қай кезде келгендіктері, не себептен қоныс аударғандығы және жеті атасын тарихи жадында жақсы сақтаған. Ал, бірінші және екінші топтағылар өздерін тек қазақ деумен ғана шектеліп, қай кезде, не себепті келгендіктерін ұмытқан.

Ауған елінде қазақ тілінің қаймағы бұзылмай тұрғанда, ана тілінде жыр жазатын бірнеше ақын болған екен. Солардың бірі ертеректе Ауғанстанға қызыл үкіметтің озбыр саясатынан қашып келген Мақаш ақын (1881-1949) 1881 жылы Аралдың Мергенсай ауылды мекенде туылған. Әкесінің аты Сүлеймен. Сүлеймен (1860-1928) 8-9 жастарда болған баласы Махамбет Әліні (Мақаш ақын) 1890 жылдары діни сауат алып, білімді адам болсын деп Бұхарадағы Көкілдаш атындағы медресеге жібереді. Мақаш ақын сол медреседе шамамен 10 жылдай оқып діни білім алып туған жері Аралға қайтады...

Аралға келген соң Жылыбұлақ маңайында мешіт, медресе салып, имам болып, діни сабақ бере бастайды. Кейін шамамен 1915 жылдары Қазалыға жақын жерде орналасқан Ақмешіт мешіт медреседе муфти сыпатымен халыққа қызмет еткен. Өте жетік арап тілі және парсы тілдерін білетін Мақаш ақын көптеген діни кітаптарды зерттейді. Имам Бұхари хазреттерінің жазып кеткен Бұхари хадис кітабы, Дарулмұхтар хадис кітабы, Фықых кітаптары, Құран тәфсир кітаптары, Шархулуақая кітабы, Тәфсири Қазиұлбейзауи кітабы, Мектубат Раббани кітабы, Хуласаи кейдани, тарихи кітаптар, психология туралы кітаптар, математика, т.б. көптеген кітаптарды зерттеп білімін арттырған.

Оқыған кітаптарынан діни мәселелер туралы жинақ кітап жазған. Бұл кітап араб және парсы тілдерінде, 550 беттен тұрады. Мақаш ақын кітапты өз қолжазбасымен жазған. 1928 жылы большевиктер Қазақ жеріне кіріп ел билігін қолға алады. Екіге бөлінген Қазақ елі дағдарысға ұшырап, үлкен қан төгіс болады. Үлкен әскери дайындығы болған Қызыл Армияға қарсы тұра алмаған қазақтардың бір бөлігі жат елдерге көшуге мәжбүр болады. Осы күндерде Мақаш ақын мен көптеген қазақтар Аралдан қудаланып, Ауғанстанға қоныс аударады.

1930 жылы қуғын-сүргін саясатының құрбаны болған Мақаш ақынның өз қолымен жазған өлеңі (өлең өзгеріссіз беріліп отыр):

Қысылғаннан біз аудық,
Ата-ана өткен қоныстан,
Қысым көріп жан қорқып,
Көрген соң жабыр орыстан.

90-шы жылдары, Мақаш ахунд (Махамбет Әли ахунд) баласы, Бұхарада атақты ғалымдардан тәлім-тәртіп пен дәріс алған Хусаметтин ахунд Қазақстанға оралып, Қаскелен қаласының муфтиі (1992-2000 жылдары) болды.

Ауғанстанның Ларджан қаласынада тұратын, бұрын қалалық әкімшілікте істеген, қазір жеке кәсіппен айналысатын Хамит есімді азаматтың атасы діни сауатты кісі болған. Алты жасынан ислам жаухарларына қанығып өскен ол Құран аяттары мен хадистерді көркем жазумен жазып, көшірумен айналысқан екен.



2 сурет. Мазари-шариф қаласының тұрғыны Қаландар Рақымның ауласындағы киіз үй.

Ауғанға ауған қазақ және кеңестік құғын-сүргін мен ашаршылық

Ауған қазақтарының біршамасында, ата-бабалары мен әке-шешесінен жеткен тарихи жадында өзінің тегі, отбасы тарихы, зұлмат заманнан қалған естеліктер сақталған. Сөз жоқ, олардың кеңестің шеңгеліне ілінген қазақ жеріндегі саяси қуғын-сүргін, ашаршылықтан бас сауғалап Ауған жеріне келгендігі белгілі.

Бұл туралы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын (XX ғасырдың соң 20-50 жылдары) толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның» жұмысының нәтижесінде жарық көрген материалдар жинағында анық көрсетілген (Саяси, 2023).

Осы жинақтағы 1933 жылы тамыз айында Оңтүстік Қазақстан ОГПУ облыстық бөлімшесінің Ерекше Бөлімінің тергеу ісінің «кіналау қорытындысында» діни сенімі үшін қуғын көрген бір топ қазақ діни қызметкерлері мен Кеңес билігінің саясатына наразы бір топ азаматтарға қатысты мәлімет берілген.

Бұл «кіналау қорытындысында» (қысқартылып беріліп отыр) былай деп баяндалған: «Оңтүстік облыстар, Оңтүстік Қазақстан облысы, әсіресе Орта Азиямен шектес жатқан облыстар революцияға дейінгі дәуірде халықтың бір жақтағы артта қалуының арқасында консервативтік дінбасы-ишандар жұмысының қаймағы мен негізі болды. Бір жағынан халықтың діни фанатизмі, екінші жағынан, ишандар мен мүридтердің (ишандар шәкірттерінің) желісін жандандыру үшін халық арасында жанкешті жұмыстар жүргізді. Сол кездегі консервативтік дін басыларының орталықтары бірқатар діни оқу орындары бар Бұхара және Самарқанд қалалары болды. Ишандардың өзара байланысы негізінен Қазақстаннан Орта Азияға, одан әрі Ауғанстан мен Арабияға дейін созылып жатты.

Сол кездегі беделді және ықпалды ишандардың бірі Ауғанстанда өмір сүрген және Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда өзінің мурид-ишандарының үлкен желісі бар ислам шейх Шейт болды. Ал осы шейх Шейт Самарқанд қаласынан 40 шақырым жерде орналасқан Жұма-Базар ауданында тұратын ишан Әбутұрапов арқылы байланыста болды. Олар Орта Азиядағы пікірлес ишандарымен жиі кездесулер өткізіп тұрды.

Осы жиналыстарда рубасылары Ибадуллаев Сарвар мен Алдабергенев Серкұлдың ұсынысымен келісіп, өз кезегінде Ауғанстанға эмиграцияны дайындау қажеттігі туралы шешім қабылдайды. Ол үшін 1930 жылдың қысында эмиграция мәселесінде Ибадуллаев Сарвар мен Алдабергенев Серкұлға Ауғанстанға өтудің барлық жолдарын зерделеу тапсырылды.

Бұдан өзге, «Ақ-ишан» Ауғанстандағы да, Арабстандағы да өмірді мадақтаған хаттарында өзінің беделді муридтеріне Ауғанстанға қоныс аударуын ұйымдастыруды ұсынады.

«Ақ-ишан» мүрид Тоқберген ахунмен үнемі байланыста болды. Хаттарының бірінде Ақ-ишан Ауғанстан билігімен жақсы байланыста болғанын, соның нәтижесінде Ақ-ишан муридтерінің Ауғанстанға эмиграцияланған жағдайда, кейін Арабияға жету ниеті бар екенін жазған. Содан кейін Ауғанстанда олар (эммигранттар) оған Арабияға баруға ниетті екендігі туралы хабарлауы керек және Ауғанстан билігі олардың Арабияға одан әрі сапарына көмектесетін болады (Саяси қуғын-сүргін, 2022:209).

Архив деректерін XX ғасырдың 20–30-шы жылдары Ауған жеріне бас сауғалап кеткен қазақтардың бүгінгі ұрпақтарының ата-бабаларынан жеткен, есте қалған естеліктері де растайды...

Мысалы, Түркиядан Қазақстанға оралған Абдулазиз Пайызбамбетұлының естелігінде былай деп жазылады: Мен Ауғанстанда туылғанмын. Әкем осы Қызылорданың Жаңақорғанынан 1932 жылдары кеткен. Қиыншылықты көріп көшкен, орыстың заманы болды, байлары қашып, әжем айтатын, жерді қазып балаларын жасырып қоятын, соғысы бар, басқасы бар сол қиындықтан кеткен ғой. Өзбекстаннан барып Пархарда біраз тұрақтаған. Одан әрі Тәжікстанға біздің киікшілерден 7-8 ағайынды біраз үй болып өткен. Менің

Әбдірейім молда деген немере ағам 1932 жылғы еді. Вахшты кешіп, Ауғанға өткенде емізулі бала екен. Көшті бастаушылар, баланы жылатпаңдар, жыласа суға атып жіберіңдер, шегарашыларға ұсталып қаламыз дейді екен. Сонда анамыз емшегін аузына салып, қысып құшақтап отырған екен дейтін. Құндыз деген жерге барып, үйленетіндері үйленген, өмір сүріп кеткен ғой. Ауғанстанда ыстық жел болып, содан ауырып өлген көбісі. Әкеміз адам көмуден қолымыз тимейтін еді дейтін.

Ауғанстанда соғыс болды, тәліптер адамдарды ұстады, қинады. Құраннан, шариғаттан сұрайды, жауап берсең мұсылман екенсің ғой деп жібереді. Қазақстаннан орыстар көп баратын, оларды ұстап алса, тілін мұсылманға келтіріп, сүндетке отырғызып жібереді, енді мұсылман болдың деп. Ауған адамдарында ондайлары көп. Арбап Төлебай деген кісі бәрін жинап, жер беріп өткен, жерді алғандар алды, алмай кеткендерде бар, өзіміздің әкелеріміз жерді ешкімге берген жоқ. Жерге арпа, бидай, зығыр, жүгері, мақта еккен. Жері жақсы, сулы еді, бәрі бола береді (27 сәуір 2022 жыл. Түркістан облысы Сауран ауданы Ынтымақ ауылы. Сұхбат жүргізген Хазретәлі Маханұлы) (Саяси қуғын-сүргін, 2022:210).

Ауғанстаннан оралған Абдулла Абдулхалимұлының естелігінде, «Абдулла деген кісі боламын, 1935 жылы Ауғанстанда Мазари-Шарифте туылғанмын. Сол жақтан 96-да тіке Түркістанға көшіп келдім. Руым Әлім, Ішекті деген ел. Әке-шешем Тәжікстанда туылған. Әкемнің әкесі Аралда туылған, 5 ағайынды болған. Аралдан бес ағайынды болып көшкен. Әкемнің аты Абдулхалим, шешемнің аты Фатима. Өздерін Сібірге айдаған, кәмпеске қылған, малдарын барлығына бөліп берген. Төрт жыл Сібірде түрмеде жатқан, содан бала-шаға қашқан. Мен жеті атамды білген соң, ағайын туыстарымды тауып алдым, Аралда Шөмішке, Қамбаш, Қызылжар дейді сол жерден аталарым, одан бұрын Қаратаудың бауырында отырған. Одан үлкен атамыз Оралдың Жайық деген жерінде тұрған. Біз Ауғанстанда Мазари Шариф кейіннен Құндыз облысында тұрғанбыз. Бабыр билеген уақытта жан-жақтан ауып барғандар тәжік, өзбек, түркімен тағы басқалары көп болған соң, Ауған елі деп атаған. Мен он сегіз атама дейін жатқа білемін. Қазақта жеті атасын білмеген жетесіз дейді ғой. Қазіргі кезде білмейтіндер де бар. Ауғанстанда соғыс болып жатқанда, үлкен баламды әкетпекші болғанда шегараға ақша беріп, 1995-те осы Қазақстанға өткізіп жібердім. Өзім 1996-да келдім. Туыстарым Ауғанда соғыс болғанда, Иранға қашып өткен еді (Жеңіс, 2024:123).

Ираннан оралған Өтембай Кәрібайұлының естелігінде: Қай себептен көшкенін білмеймін, қуғын-сүргін болған, ашаршылық болған, баласын тастап қашқан, аман қалғаны барған. Шешеміз Қазақстанның Сыр бойында туылған. Содан Өзбекстанға көшіп барып амалдап, Ауғанстанға өткен. Біразы қырылған, біразы суға ағып кеткен. Сол кездерде қазақ бір-бірін ұстап бере берген ғой. Байлар алты қанат үйлері, керегелерінде жібек ілініп тұрған, сол күйінше түтін жағып қашқан, ішінде адам бар екен десін деп. Ауғанстанда Мазари-шарифте тұрғанбыз, Ауғанстанда есейдік, орыстың әскері барған уақытта, әскерлікке ұстап кететін, қарамайды үкімет, содан Иранға қаштық қой. (Сұхбаттасқан: Шайзулла Аружан, Елтай Жаңылгүл) (Жеңіс, 2024:124).

Алынған естеліктерді талдау барысында, Ауғанстанға қоныс аударған қазақтардың осы елге екі бағыт бойынша жеткендігін байқаймыз. Бірінші бағыт, Қазақстанның Қызыл орда және Түркістан облыстары арқылы Өзбекстанға, одан әрі Ауғанстанға өткен. Екінші бағыт бойынша, Өзбекстан арқылы Тәжікстанға өтіп, одан Қызылсу (Шерхан бандар) арқылы Ауғанстанға өткен.

Ауғанстанның Тахар қаласының тұрғыны, 78 жастағы доктор Қадыр Ахадидың айтуынша: «Қазақстандағы аштық кезінде Тәжікстанға, одан бері Ауғанстанға Алашбай, Ережепбай, Сайыпназар, Балуан, бай, Дауылбай атты қазақтар келді. Мен олармен дос-жаран болып, жақсы араластым. «Кәпірлерден» қуғын көріп қашып келген деп оларға Тахар провинциясының Бағар атты қыстаудан жерден орын берді. Олар көбісі мәсі киетін. Кәсіппен айналысты. Аяқ киім, шапан тігетін. Ауғанстанға келгенде олар ешқандай қиналған жоқ. Олардан бұрын келген жергілікті қазақтар көмектесті. Таң қаларлығым, осы қазақтар

бір-біріне бірден бауыр басып, қолдау көрсетіп, ағайын болып кетті. Меніңше, бұған қазақтардың рулық-тайпалық жүйелерін сақтап қалуы да әсер еткен болар. Базары жақсы болған соң Мазари Шариф қаласына көшті. Кейін олар Пәкістанға, Түркияға, одан ары Қазақстанға оралды. Қазіргі кезде олармен байланыс жоқ. Ауған жеріне қайта оралмады».

Ауған қазағы, 89 жастағы Әбдісаттар Қожамсаттар қажының айтуынша, «Қазақ жерінен менің ата-бабаларым осыдан екі-үш ғасыр бұрын қоныс аударған. Жалпы, 1916 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық кездерінде ғана қазақтар Ауған жеріне қоныс аударды деу үлкен қате. Сол себепті де «тарыдай шашылған қазақ» деп бекер айтпаса керек. Ертеден-ақ, ата-бабаларымыз жан-жаққа шашырап кетті. Тіпті атам заманнан сол жерлерді мекен еткендері де болған. Шын мәнінде, сол жылдардан бастап есептесе, онда Ауғанстандағы қазіргі қазақтардың саны бір миллионнан да асып кетеді.

Қазақ жерінен қазақтардың Ауғанстанға ең соңғы рет қоныс аударулары осыдан 80-90 жыл бұрын болды. Ең алдымен, байлар қашып келді коммунистерден. Олардың артын ала аштықтан босқан қазақтар келді. Ертерек келген біз сияқты қазақтар оларға қамқор болдық. Олар алғашқы келген кезде әйелдері бала көтермеді. Қазақтар ұрпақсыз қалудан қорқып, жергілікті қазақтардың, өзбектер мен тәжіктердің қыздарын алды әйелдікке. Түркияда қазір Ашыққазы деген қазақ бауырым тұрады. 7 қызы, бір ұлы бар еді. Баласы Әбділәзіз. Жаңа айтып кеттім ғой, Қазақстаннан келген қазақтар жергілікті халықпен мидай араласып, құда-жегжат болып кетті. Қазір Ашыққазының отбасы Сауд арабиясына кеткен. Ауғанстанда көп ұлттар тұрады. Пуштундар мен тәжіктер қазақтарға аса жаны ашымады. Осындай кезде қазақтар бір-біріне қатты көмектесті.

Мазари-шариф қаласындағы Қазақ мәдени Орталығының жетекшісі 51 жастағы Асадолла Оймауыттың баяндауынша, «Қазақтар Ауған жеріне тек қуғын-сүргін, немесе ашаршылық кезінде ғана келмеді. Қазақтар Ауғанстанға екі-үш толқынмен келген. 1917 жылы келген қазақтардың көбісі атамекенге қайтадан оралған. Екіншісі 200 жыл бұрын келген екен. Ауғанстанда түркі халықтарының көптеген ұлттары шоғырланған. Біз ортақ мерекеде жиналғанда бір-біріміздің ұлттарымызды бөліп айтамыз. Бізде «Қазақ» атауымен ауылдар, мектептер, ауруханалар да бар.

Ашаршылық кезінде Ауғанстанға қазақтар Тәжікстан арқылы келді. Әртүрлі кәсіппен айналысты. Жағдайы барлар өздерінің алып келген түйелерімен кірешілікпен айналысты. Ауғанстанға екі өркешті түйенің тұқымын алып келген осы қазақтар» деп тұжырымдайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Ауғанстан мемлекетінде жасап жатқан қазақтардың саны нақты белгісіз. Мақала авторы осы елге ғылыми экспедициялар барысында, жергілікті билікпен келіссөздер жүргізіп, Мазари-шариф қаласында Қазақ мәдени Орталығын ашуға қол жеткізді. Ж. Жеңістің ұйымдастыруымен Мәдени орталық Ауғанстанның барлық аймақтарын аралап, қазақтардың нақты санын анықтауға кірісіп кетті.

Зерттеу көрсеткендей, қазіргі Ауғанстандағы қазақтарды үш топқа бөліп қарастыру керек:

1. Ортағасырларда және Алтын Орда (Жошы Ұлысы) кезеңінде келген қазақтар;
2. Қазақ хандығы тұсында келген қазақтар;
3. Ресей отаршылдығы езеңі мен кеңес дәуірінде келген қазақтар.

Осы үш топтағы қазақтардың ішінде тек үшінші топтағы қазақтар ғана ауған еліне Қазақстан жерінен қай кезде келгендіктері, не себептен қоныс аударғандығы және жеті атасына дейінгі деректерді тарихи жадында жақсы сақтаған. Осы қазақтардың жадында, ауызша тарихында XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ жеріндегі саяси аласапырандар мен қуғын-сүргіндер жайлы естеліктер атадан балаға жеткен.

2022 жылдың қаңтарында жарық көрген «20-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның материалдары. XX ғасыр» сериясы және 2024-2026 жылдарға арналған «Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы жаппай ашаршылықтың куәгерлері мен олардың ұрпақтары естеліктерінің топтамасын дайындау және басып шығару» жобаларын орындау барысында Ауғанстанға жасалған ғылыми экспедициялар барысында көптеген тарихи-этнографиялық материалдар жинақталды. Назарларыңызға ұсынылып отырған мақалада осы материалдардың ішінде Қазақ жеріндегі ашаршылық кезінде Ауған жеріне ауа көшкен қазақтардың естеліктері талданып, халықымыздың басына түскен нәубеттің ауқымы, зардаптары куәгерлер мен олардың ұрпақтарының естеліктері арқылы нақты көрсетілді.

Әдебиеттер:

Саяси, 2022 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың соң 20-50 жылдары). Т.33. –Астана, 2022. -392 б (209-217 бб)

Nevins, 1932 – *Nevins, A.* Grover Cleveland: A Study in Courage / A. Nevins. – New York: Dodd, Mead & Company, 1932. – 832 p.

1931–1933 жылдардағы ашаршылық, 2025 – 1931–1933 жылдардағы ашаршылық: Түркістан облысы бойынша нәубет куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері (сұхбат материалдарының жинағы). Т. V. / Құрастырушылар: Ж.Ж. Жеңіс, С. Әлібек, Н.А. Досымбетов, А.А. Оралова. Алматы: «Радуга», 2025. – 344 б.

Тоқаев, 2026 – *Тоқаев Ж.К.* Тәуелсіздік бәрінен қымбат. [Электронный ресурс] URL: https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinenqymbat (Дата обращения: 30.04.2026).

Cameron, 2010 – *Cameron S.* The Hungry Steppe: Soviet Kazakhstan and the Kazakh Famine, 1921–1934. New Haven, 2010. -321 p.

Жеңіс, 2024 – *Жеңіс Ж.Ж.* Әмудария қазақтары / тарихи-этнографиялық зерттеу. – Алматы: Нұрлы әлем баспасы, 2024. – 250 б.

Саяси қуғын-сүргін, 2023 – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) = Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т. 34. Түркістан өңірінен ауакөшкендердің тағдыры. Архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. Құрастырушылар: Х. Тұрсұн (жауап. ред.), А. Сандыбаева, З. Адилбекова, А. Қабыл, Н.Оразхан. / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. – Астана, 2023. – 405 б.

References:

Sayasi, 2022 – Sayasi quhın-surgin qurbandarın tolıq aqtaw jonindegi Memlekettik komissiyanın materialdarı (XX gasırdın son 20-50 jıldarı [Materials of the State Commission for the Full Compensation of Victims of Political Repression (20-50s of the 20th Century). T.33]. -Astana, 2022. -392 p. (209-217 pp.)

Nevins, 1932 – *Nevins, A.* Grover Cleveland: A Study in Courage / A. Nevins. – New York: Dodd, Mead & Company, 1932. 832 p.

Famine of 1931–1933, 2025 – 1931–1933 jıldardagı asharshılıq: Türkistan oblısı boyınsha nawbet kwagerleri men urpaqtarının estelikteri (suhbat materialdarının jinagı). T. V. [Famine of 1931–1933: Memories of witnesses and descendants of the famine in the Turkestan region (collection of interview materials). T. V.] / Compiled by: Zh. Zh. Zhenis, S. Alibek, N. A. Dosymbetov, A. A. Oralova. – Almaty: “Raduga”, 2025. 344 p.

Tokayev, 2026 – *Tokayev Zh.K.* Tawelsizdik barinen qımbat [Independence is more valuable than anything else]. [Electronic resource] URL: https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinenqymbat (Access date: 30.04.2026).

Cameron, 2010 – *Cameron S.* The Hungry Steppe: Soviet Kazakhstan and the Kazakh Famine, 1921–1934. New Haven, 2010. 321 p.

Zhengis, 2024 – *Zhengis Zh.Zh.* Amwdariya qazaqtarı [Amu Darya Kazakhs / historical and ethnographic research]. – Almaty: Nurly Alem Publishing House, 2024. 250 p.

Political repression, 2023 – Sayasi qwgın-surgin qurbandarın tolıq aqtaw jonindegi Memlekettik komissiïyanın materialdarı (XX gasırdın 20-50 jıldarı) [Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the XX century) Materials of the State Commission for the full rehabilitation of victims of political repression (20-50 years of the XX century). T. 34. The fate of those who emigrated from the Turkestan region. Collection of archival documents and memoirs]. Compiled by: H. Tursun (responsible editor), A. Sandybayeva, Z. Adilbekova, A. Kabyl, N. Orazkhan. / General editor E.T. Karin. Astana, 2023. 405 p.

Женис Ж.Ж.
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова
КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.
E-mail: zhozhengis@gmail.com

ВОСПОМИНАНИЯ АФГАНСКИХ КАЗАХОВ О ГОЛОДЕ В КАЗАХСТАНЕ (1931–1933)

Аннотация. В данной статье рассматриваются воспоминания о голоде, передаваемые от отца к сыну, сохранившиеся в памяти потомков казахов, мигрировавших в Афганистан во время голода в Казахстане в 1931-1933 годах. Согласно результатам недавних исследований, миграция казахов в Афганистан происходила в несколько исторических волны. В частности, в периоды политических репрессий и голода при советском режиме недовольные группы в казахском обществе мигрировали в Афганистан через Узбекистан и Таджикистан. Цель исследования – показать масштабы голода через воспоминания, сохранившиеся в памяти потомков казахов, мигрировавших в Афганистан во время голода в Казахстане в 1931-1933 годах. Основные методологические методы, использованные в статье: метод устной истории — сбор и публикация воспоминаний, полученных в ходе интервью; нарративный анализ: доказательство исторических событий, таких как голод, посредством воспоминаний; исследовательский метод; сравнительно-исторический метод (верификация): анализ полученных интервью путем сравнения их с письменной информацией. Результаты, представленные в статье, — впервые проанализированы воспоминания потомков казахов, проживавших в Афганистане и бежавших от политических репрессий и голода в бывшем Советском Союзе, посредством прямых интервью с ними. Автор совершил непосредственную научную поездку в этот регион, беседовал с потомками очевидцев голода, собирал письменные, аудио- и видеоматериалы и проводил исследование масштабов голода в Казахстане в 1931-1933 годах с использованием воспоминании свидетелей и их потомков.

Благодарность: Данная статья подготовлена в рамках проекта IRN BR24993018 «Подготовка и публикация сборника воспоминаний очевидцев массового голода в Казахстане в 1931–1933 годах и их потомков».

Ключевые слова: Афганистан, казахи, диаспора, голод, репрессии, бай-кулаки, коллективизация, советская политика.

Zhengis Zh.Zh.
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: zhozhengis@gmail.com

MEMORIES OF AFGHAN KAZAKHS OF THE FAMINE IN KAZAKHSTAN (1931–1933)

Abstract. This article examines memories of the famine, passed down from father to son, preserved in the memories of the descendants of Kazakhs who migrated to Afghanistan during the famine in Kazakhstan in 1931-1933. According to recent research, the migration of Kazakhs to Afghanistan occurred in three or four historical waves. In particular, during periods of political repression and famine under the Soviet regime, dissatisfied groups in Kazakh society migrated to Afghanistan via Uzbekistan and Tajikistan. The aim of this study is to illustrate the scale of the famine through memories preserved in the memories of the descendants of Kazakhs who migrated to Afghanistan during the famine in Kazakhstan in 1931-1933. The main methodological approaches used in this article include: oral history – collecting and publishing memories obtained through interviews; Narrative analysis: evidence of historical events such as famines through memories; research method; comparative historical method (verification): analysis of interviews by comparing them with written information. The results presented in this article are the first to analyze the memories of descendants of Kazakhs who lived in Afghanistan and fled political repression and famine in the former Soviet Union through direct interviews. The author conducted a first-hand research trip to the region, interviewed descendants of eyewitnesses, collected written, audio, and video materials, and conducted research on the scale of the famine in Kazakhstan in 1931-1933 using specific testimonies.

Acknowledgments: This article was prepared as part of the IRN project BR24993018 “Preparation and publication of a collection of memoirs of eyewitnesses to the mass famine in Kazakhstan in 1931-1933 and their descendants.”

Keywords: Afghanistan, Kazakhs, diaspora, famine, repression, the bay-kulaks, collectivization, Soviet policy.

Автор туралы мәлімет:
Жеңіс Жомарт Жеңісұлы – тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.

Информация об авторе:
Женис Жомарт Женисулы – доктор исторических наук, Институт истории и этнологии имени Ч.Ч.Валиханова КН МНВО РК, Алматы, Казахстан.

Information about author:
Zhengis Zhomart Zhengisuly – Doctor of historical Scince, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology of Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.

Келіп түсті 28 ақпан 2026 жыл
Қабылданды 6 мамыр 2026 жыл

IRSTI 16.21.27 https://doi.org/ 10.63051/kos.2026.2.359

***[1] Rymbekova A.D.** **[2]Suleimenova Zh. A.** **[3]Issayev A.U.**
[1,2,3]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
E-mail: [1] nurseitova08@mail.ru, [2] suleimenova_zha@enu.kz, [3]abilkhan.kz@mail.ru

IMPACT OF BILINGUALISM ON THE LANGUAGE ADAPTATION PROCESS OF REPATRIATES FROM CHINA

